



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943

# «QAZAQTAHY»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

3(11) 09/2021



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ  
БИБЛИОТЕКА  
**LIBRARY.RU**

30.01.2019 ж. тіркелген  
Куәлік №17493-Ж  
ISSN 2708-0897  
Жазылу индексі 76112

.ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА  
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

# «QAZAQTAŃY»

республикалық ғылыми журнал  
республиканский научный журнал  
republican scientific journal

3 (11) 09 / 2021

ШЫМКЕНТ, 2021  
SHYMKENT, 2021

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 30.01.2019 ж., №39-нқ бұйрығы бойынша «QAZAQTANÝ» республикалық деңгейдегі ғылыми журналы ресми ғылыми мерзімді баспасөз ретінде университеттен жылына 4 рет, әр тоқсанда: наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айларының соңында шығарылады.

Ғылыми журналға Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп «Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агентігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы» 30.01.2019 ж., №17493-Ж. куәлігі берілген.

Жазылу индексі – 76112.

Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РФДИ) базасына тіркелген (05.05.2019ж. №260 келісім-шарт).

Ғылыми журналды дайындап, жарыққа шығарушы жауапты құрылым - М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі.

Ғылыми журнал гуманитарлық, педагогика, филология және шығармашылық салалардағы маңызды теориялық, әдістемелік, қолданбалы және сараптамалық сипаттардағы зерттеулердің нәтижесін жариялау үшін құрылды. Гуманитарлық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, Қазақстан тарихы; дүниежүзі тарихы; археология; этнология; түркітану; архив ісі; музей ісі; кітапхана ісі; саясаттану; философия; мәдениеттану; заңтану; халықаралық қатынастар; экономика; әлеуметтану; өлкетану және тұлғатану; педагогика ғылымдары бағытындағы тақырыптық рубрикалары: педагогика және оқыту әдістемесі; психология және инклюзивтік білім беру; филологиялық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: тіл білімі және әдебиет; когнитивті аспектідегі тілді үйрену-мәдениаралық қарым-қатынастың негізі; шығармашылық бағытындағы тақырыптық рубрикалар: өнер (музыка; хореография, театр); бейнелеу өнері және дизайн (кәсіптік білім).

На основании приказа №39-нқ от 30.01.2019 г. ректора Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, Министерства образования и науки Республики Казахстан республиканский научный журнал «QAZAQTANÝ» университетом как официальное рецензируемое периодическое печатное издание выпускается 4 раза в год, ежеквартально: в конце месяцев март, июнь, сентябрь, декабрь.

Научный журнал зарегистрирован Комитетом информации, Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан. Получено свидетельство №17493-Ж от 30.01.2019 г. «О постановке на учет, переучет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания».

Подписной индекс – 76112.

Зарегистрирован в базе Российской индексации научного цитирования (РИНЦ) (договор №260 от 05.05.2019 г.).

Ответственное подразделение по подготовке и выпуску журнала - проектный офис «Рухани жаңғыру» ЮКУ им.М.Ауэзова.

Научный журнал публикует результаты научных исследований в области гуманитарных, педагогики, филологии и творческих направлений, содержащие важные результаты исследований теоретического, методического, прикладного и экспериментального характера. Направление гуманитарных наук тематические рубрики: реабилитация жертв политических репрессий, история Казахстана; всеобщая история; археология; этнология; тюркология; архивное дело; музейное дело; библиотечное дело; политология; философия; культурология; юриспруденция; международные отношения; экономика; социология; краеведение; направление педагогических наук, тематические рубрики: педагогика и методика преподавания; психология и инклюзивное образование. Направление филологических наук, тематические рубрики: языковедение и литература; изучение языка в когнитивном аспекте – основа межкультурной коммуникации; творческое направление тематические рубрики: искусство (музыка; хореография, театр); изобразительное искусство и дизайн (профессиональное обучение).

On the basis of order №39-n from 30.01.2019 G. rector of South Kazakhstan University named M. Auevov, Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Republican scientific journal "QAZAQTANÝ" University as the official periodical printed publication produced 4 times a year, quarterly at the end of months March, June, September, December. The scientific journal is registered by the information Committee of the Ministry of information and communications of the Republic of Kazakhstan. Received certificate No. 17493-ж Of 30.01.2019. "On registration and re-registration of a periodical, news Agency, and online publication".

The subscription index is 76112.

Registered in the database of the Russian science citation index (RSCI) (agreement No. 260 of 05.05.2019).

The responsible Department for the preparation and publication of the magazine is the project office of rukhani zhangyru of the Auevov SKU.

The scientific journal the publication of the results of scientific research in the field of humanitarian, pedagogi, philology and creative directions, containing important research results of a theoretical, methodological, applied and experimental nature. Direction of the humanitarian sciences subject headings: rehabilitation of victims of political repression, history of Kazakhstan; the world history; archeology; ethnology; turkology; archival business; museum work; librarianship political science; philosophy; cultural studies; jurisprudence; international wearing; economy; sociology; local history and cognition of personality; direction of pedagogical sciences subject headings: pedagogy and teaching methods; psychology and inclusive education; direction of philological sciences subject headings linguistics and literature; language learning in cognitive aspect – basis of intercultural communication; creative directions subject headings art (music; choreography, theater); visual arts and design (vocational training).

**Меншік иесі:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Тауке-хан даңғылы, 5  
**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**Бас редактор:**

**Қожамжарова Д.П.** - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі.

**Жауапты редакторлар:**

**Боранбаев С.Р.** - филология ғылымдарының докторы, профессор. М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры;

**Торғаутова Ш.А.** - «Әлем тарихы» мамандығының магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Тарих және этнология» ғылыми орталығының басшысы

**Техникалық редактор:**

**Джунисбаев С.М.** – тарих ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері

**Редакциялық алқа мүшелерінің құрамы:** Нұрманбетов Қ.Ә. - з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың бірінші проректоры; Бейсенбаев С.Қ. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Қоғаммен байланыс және мәдениет» жөніндегі проректоры; Исакова А.Т. - п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Стратегиялық даму және интернационализация» жөніндегі проректоры; Мәжинбеков С.А. - философ.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Әлеуметтік және тәрбие жұмысы» жөніндегі проректоры; Функ Д.А. - т.ғ.д., профессор, РҒА «Антропология және этнология» институтының директоры. М.Ломоносов атындағы ММУ-дың «Этнология» кафедрасының меңгерушісі. «Сибирские исторические исследования» (Scopus, Ресей ЖАК) журналының бас редакторы; Аманжолова Д.А. - т.ғ.д., профессор, РҒА «Ресей тарихы» институтының жетекші ғылыми қызметкері; Раджабов К.К. - т.ғ.д., профессор. ӨзБҒА «Тарих» институтының қызметкері; Мырзахметов М.М. - филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры; Мәжитов С.Ф. - т.ғ.д., профессор. ҚР ҰҒА академигі, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-дың директоры; Қойгелдиев М.Қ. - т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақстан тарихшылар ассоциациясының» төрағасы; Тұрғаров Б.Т. - з.ғ.д., профессор, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры; Қабылдинов З.Е. - т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының директоры; Байтанаев Б.А. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі. Ә.Х.Марғұлан атындағы «Археология» институтының бас директоры; Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д., Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Археология және этнология» кафедрасының профессоры; Кәрібаев Б.Б. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі; Тұрсын Х.М. - т.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың «Тарих» кафедрасының профессоры; Қожа М. - т.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың «Тарих» кафедрасының профессоры; Қалыш А.Б. - т.ғ.д., профессор. әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Археология, этнология және музеология» кафедрасының меңгерушісі; Қапалбекұлы Н. - академик, профессор, Алматы облысының Құрметті азаматы, ЮНЕСКО «Мәдениеттерді жақындастыру» орталығының бас ғылыми қызметкері; Ақыш Н.Б. - филолог.ғ.д. ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы институтының «Әдебиет және өнер» институтының бас ғылыми қызметкері; Есіркепова А.М. - э.ғ.д., ҚР Президентінің жанындағы МБА-ның профессоры; Мыңбаев Н. - филолог.ғ.д., профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Түркітану» ғылыми орталығының директоры; Қалыбекова А.А. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры; Тлеубердиев Б.М. - филолог.ғ.д., «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының профессоры; Қабылбекова З.Б. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы психология» кафедрасының профессоры; Лекерова Г.Ж. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Психология және дефектология» кафедрасының меңгерушісі; Жолдасбекова С.А. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Кәсіптік оқыту» кафедрасының профессоры; Әлібек С.Н. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың колледж директоры. «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры; Алметов Н.Ш. - п.ғ.д., профессор. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры; Султанов С.А. - саяси.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Философия және мәдениет» кафедрасының профессоры; Қартаева Т.Е. - т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың қауым-н профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Жаршысы» тарих сериясы бойынша жауапты хатшысы; Рысбаева С.Ж. – саяси ғ.к., ҚР Президентінің жанындағы МБА-дың доценті; Нұржанов А.Ә. - т.ғ.к., доцент Ә.Х.Марғұлан атындағы «Археология» институтының жетекші ғылыми қызметкері; Уразбаев К.М. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Тарих және педагогика» факультетінің деканы; Сейдахметов М.Қ. - э.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің деканы; Қоныратбаев О.М. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми орталығының жетекші қызметкері; Кәрібаев С.Ө. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; Отарбаева Г.К. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі; Жанысбекова Г.А. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, Нуртазин Е.К. - з.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мемлекет және құқығы теориясы» кафедрасының меңгерушісі; Карбозова Г.К. – филолог.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Ағылшын тілі білімі» кафедрасының меңгерушісі; Авизова А.Қ. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті; Сулейменов Т.А. - философ.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Философия және мәдениет» кафедрасының доценті; Айдарова А.Б. - э.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Экономика» кафедрасының қауым-н профессоры; Қалшабек А.Б. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері; Әзімхан Ы.О. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Филология» факультетінің деканы; Жолдасбекова Қ.Ә. - п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының доценті; Айнабеков Н.Б. - «Аударма ісі» мамандығы, гуманитарлық ғылымдар магистрі. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Академиялық ғылым департаментінің», «Ғылыми талдамалы ақпарат» орталығының басшысы, аудармашы, журналдың ағылшын тіліндегі материалдарының редакторы.

/М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің «QAZAQSTAN» республикалық ғылыми журналын «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығынан «Ғылыми және инновациялар» құрылымының «Тарих және этнология» ғылыми орталығына өткізу туралы. 09.09.2021ж., №104-Ө өкімнің көшірмесі/.

**Учредитель:** Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент к., проспект Тауке-хана, 5  
**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Главный редактор:**

**Кожамжарова Д.П.** – Председатель правления - ректор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК.

**Ответственные редакторы:**

**Боранбаев С.Р.** – доктор филологических наук, профессор. Директор научно-исследовательского института «Социально-гуманитарные науки» ЮКУ имени М.Ауэзова

**Торгаутова Ш.А.** - магистр по специальности «Всеобщая история», руководитель научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова.

**Технический редактор:**

**Джунисбаев С.М.** – кандидат исторических наук, заведующий кафедрой «История Казахстана», старший научный сотрудник научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова

**Состав членов редакционной коллегии:** Нурманбетов К.Э. - первый проректор ЮКУ им.М.Ауэзова, к.ю.н., доцент; Бейсенбаев С.К. - проректор по «Общественным связям и культуре» ЮКУ им.М.Ауэзова, д.п.н., профессор; Искакова А.Т. - к.п.н. проректор по «Стратегическому развитию и интернационализации» ЮКУ им.М.Ауэзова; Мажинбеков С.А. - к.филолог.н., доцент, проректор по «Социальной и воспитательной работе» ЮКУ им.М.Ауэзова; Функ Д.М. - д.и.н. профессор, директор института «Антропология и этнология» РАН, зав.кафедрой «Этнология» МГУ им.М.Ломоносова, главный редактор журнала «Сибирские исторические исследования» (Scopus, ВАК РФ); Аманжолова Д.А. - д.и.н., профессор, ведущий научный сотрудник института «История России» РАН; Раджабов К.К. - д.и.н., профессор, сотрудник института «История» РАН РУзб-н; Мырзахметов М.М. - д.филолог.н., профессор, директор научно-исследовательского центра «Мухтартану» им.ЮКУ М.Ауэзова; Мажитов С.Ф. - д.и.н., профессор, академик НАН РК директор республиканского государственного учреждения «Қоғамдық келісім» (Общественное согласие) при Президенте РК. Койгелдиев М.К. - д.и.н., профессор Каз.НПУ им.Абая, академик НАН РК, Председатель Ассоциации историков Казахстана; Тургараев Б.Т. - д.ю.н., профессор, директор международного общественного благотворительного фонда «Жеті жарғы және Қожаберген жырау»; Кабылдинов З.К. – д.и.н., профессор, директор института «История и этнология» им. Ш.Ш.Уалиханова; Байтанаев Б.А. – д.и.н., профессор академик НАН РК, руководитель НЦ «Археологические исследования» ЮКУ им.М.Ауэзова; Артыкбаев Ж.О. - д.и.н., профессор кафедры «Археология и этнология» ЕНУ им. Л.Гумилева; Карибаев Б.Б. - д.и.н., профессор, член-корр. НАН, зав.кафедры «История Казахстана» КазНУ им.аль-Фараби; Турсын Х.М. - д.и.н., профессор кафедры «История» МКТУ им. Х.А.Ясауи; Кожа М. - д.и.н., профессор кафедры «История» МКТУ им. Х.А.Ясауи; Калыш А.Б. - д.и.н., профессор, зав.кафедры «Археология, этнология и музейное дело» КазНУ им.аль-Фараби; Нағашыбек К. - академик, профессор, почетный гражданин Алматинской области, ведущий научный сотрудник центра «Сближение культур» ЮНЕСКО, профессор ЮКУ им.М.Ауэзова; Акыш Н.Б. - д.филолог.н., ведущий научный сотрудник института «Литературы и искусства» им. М.Ауэзова Комитета науки РК; Есиркепова А.М. - д.э.н., профессор Академии государственного управления при Президенте РК; Мынбаев Н. – д.филолог.н., профессор, директор НЦ «Тюркология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Калыбекова А.А. - д.п.н., профессор кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование» ЮКУ им. М.Ауэзова; Тлеубердиев Б.М. – д.филолог.н., профессор кафедры «Казахский язык и литература», ЮКУ им.М.Ауэзова; Кабылбекова З.Б. – д.п.н., профессор кафедры «Общая психология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Лекерова Г.Ж. - д.п.н., зав.кафедры «Психология и дефектология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жолдасбекова С.А. - д.п.н., профессор кафедры «Профессиональное образование» ЮКУ им.М.Ауэзова; Алибек С.Н. - д.и.н., профессор кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова, директор колледжа ЮКУ им.М.Ауэзова; Алметов Н.Ш. - д.п.н., профессор кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование» ЮКУ им. М.Ауэзова; Султанов С.С. - д.полит.н., профессор кафедры «Философия и культурология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Картаева Т.Е. - к.и.н., асоц.профессор, ответственный секретарь серии история «Вестника» КазНУ им. аль-Фараби; Рысбаева С.Ж. - к.полит.н., доцент Шымкентского филиала Академии государственного управления при Президенте РК; Нуржанов А.А. – к.и.н., доцент, научный сотрудник института «Археология» им. А.Х.Маргулана; Уразбаев К.М. – к.филолог.н., доцент, декан факультета «История и педагогика» ЮКУ им.М.Ауэзова; Сейдахметов М.К. - к.э.н., доцент кафедры «Маркетинг и менеджмент», декан Высшей школы «Управление и бизнес» ЮКУ им.М.Ауэзова; Конаратбаев О.М. - к.и.н., доцент, ведущий научный сотрудник научного центра «Мухтартану» ЮКУ им. М.Ауэзова; Карибаев С.У. - к.и.н., доцент, кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова; Отарбаева Г.К. - к.и.н., доцент, зав.кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жанысбекова Г.А. - к.и.н., доцент, начальник центра «Рухани жаңғыру и Ассамблеи народа Казахстана» ЮКУ им. М.Ауэзова, Нуртазин Е.К. - к.ю.н., доцент, зав.кафедры «Теория государства и права» ЮКУ им. М.Ауэзова; Карбозова Г.К. – к.филолог.н., доцент зав.кафедры «Английское языкознание» ЮКУ им.М.Ауэзова; Авилова А.К. - к.и.н., доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им.М.Ауэзова; Сулейменов Т.А. - к.филолог.н., доцент кафедры «Философия и культурология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Айдарова А.Б. - к.э.н., доцент, асоц.профессор кафедры «Экономика» ЮКУ им.М.Ауэзова; Калшабек А.Б. - к.филолог.н., ведущий научный сотрудник научно-исследовательского центра «Мухтартану». ЮКУ им.М.Ауэзова; Азимхан Ы.О. - к.филолог.н., доцент, декан факультета «Филология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жолдасбекова К.А. - к.п.н., доцент кафедры «Изобразительное искусство и дизайн» ЮКУ им.М.Ауэзова; Торгаутова Ш.А. - магистр по специальности «Всеобщая история», главный менеджер проектного офиса «Рухани жаңғыру», технический редактор журнала, корректор журнала ЮКУ им.М.Ауэзова; Айнабеков Н.Б. - магистр гуманитарных наук по специальности «Переводческое дело», начальник центра «Научно-аналитической информации» Научно-академического департамента ЮКУ им. М.Ауэзова, переводчик, редактор материалов английского языка.

/Выписка из распоряжения №104-Ө, от 09.09.2021г. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің «QAZAQTANÝ» respublikaalyq ғылыми журналын «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығынан «Ғылыми және инновациялар» құрылымының «Тарих және этнология» ғылыми орталығына өткізу туралы/.

**ISSN 2708-0897**

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2021

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ  
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК  
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА  
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ  
РЕАБИЛИТАЦИЯ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ  
REHABILITATION OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION**

ӘОЖ: 92.18

**Әлібек С.Н.**

тарих ғылымдарының докторы, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры.

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ТАРИХИ БАҒАСЫН АЛУҒА ЛАЙЫҚТЫ ТҮЛҒА**

**Түйін:** Мақалада саяси құғын сүргінге ұшыраған және «халық жауы» ретінде қалып, рухани мұралары жарыққа шықпай, елге есімдері жеткізілмей, тиісінше насихатталмай келе жатқандарын анықтау бойынша зерттеулер ұсынылды. Бүгінгі күнге дейін өзінің лайықты тарихи бағасын ала алмай келе жатқан ірі тұлғаның бірі – Сұлтанбек Бекұлы Садықбеков (1904-1938). С.Садықбековтың өмір жолы, қоғамдық мемлекеттік қызметтері сол Қазақстандағы орын алған қоғамдық-саяси үдерістермен тығыз байланысты болды. Алғашқыда байдың баласы, қоғамға жат элемент. «Алашордашылармен байланыста болып, оларды идеялық жағынан қолдау көрсеткен деген айыптауларға» ұшырады. 1937 жылы сталиндік «қанды құйын» шамадан тыс өршіп, өзінің ең сорақы шарықтау шегіне жетіп, Сұлтанбек Садықбековтей ірі азаматты да қанды құрығына іліп әкетті, 1937 жылы 25 маусымда тұтқынға алынып, 1938 жылы 25 ақпанда Алматы қаласында атылды. Сұлтанбек Садықбековтің аз жасаған ғұмырында (бар-жоғы 34 жас) өз өлкесінде атқарған қызметі ұшан-теңіз, елімізді түлетуге келгенде де еш аянып қалмаған, Шымкенттің шамшырағын жағып, өңірді дамытуға өз үлесін қосқан қайраткердің өнегеге толы өмір жолын бүгінгі ұрпақтың да білгені парыз.

**Кілт сөздер:** Сұлтанбек Садықбеков, қоғам қайраткері, саяси құғын-сүргін, ақтау

**Кіріспе.** Соңғы жылдары еліміздің тарихында ең бір өткір тұрған мәселенің бірі өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы саяси құғын-сүргінді шындық тұрғысынан, архив құжаттарының негізінде зерттеу болып табылады. Расында да тоталитарлық жүйенің негізсіз саяси жазалауларының құрбанына айналған жазықсыз жандардың, ұлт тұлғаларының талайлы тағдырлары әлі де кеңінен қарастыруды қажет етеді. Солардың ішінде жылдар бойы «халық жауы» ретінде атаусыз қалып, рухани мұралары жарыққа шықпай, елге есімдері жеткізілмей, тиісінше насихатталмай келе жатқандарын анықтау тарих ғылымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі екені даусыз. Кешегі шерлі тарихымыздың шежіресіне зер сала қарай отырып, әсіресе, тасада қалған тұлғаларды танып білуде, мұрағат қорларындағы оларға қатысты «құпия құжаттарды» жарыққа шығаруда жаңа бір оң бетбұрыс, тың серпін байқалғаны да анық.

Ал осы Оңтүстік өңірінде туып-өсіп, басқа аймақтарда да қызмет істеп құғын-сүргінге ұшырағандардың бірқатары әлі де болса белгісіз күй кешуде. Солардың ішінде күні бүгінге дейін өзінің лайықты тарихи бағасын ала алмай келе жатқан ірі тұлғаның бірі – Сұлтанбек Бекұлы Садықбеков. (Сұлтанбек Садықбековті көпшілік көрнекті комсомол қайраткері, еліміздің бірқатар облыстарын 1937 жылдың қараша айына дейін, яғни «халық жауы» деген жалған жаламен ұсталып кеткенше басқарған Қызылорда облысының тумасы Садықбек Сапарбековпен шатастырып жатады).

**Негізгі бөлім.** Сұлтанбек Садықбеков 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, сол кездегі

Шәуілдір ауданы, «Сырдария» елді мекенінде дүниеге келген. Алты жасынан он жасқа дейін ескі ауылдың дала мектебінде білім алған. Сол аралықта қой да бағып әкесінің шаруашылығына да қолғабысын тигізген. Алғаш сауатын ашқан табанды баланың білімге деген құштарлығын арттыру үшін әкесі Бек 11 жастағы Сұлтанбекті 1915 жылы Шымкенттегі екі кластық қазақ-орыс мектебіне оқуға береді. Ол жерде бір жылдан астам уақыт ғана оқып, Қазан төңкерісі орын алуына байланысты мектебі жабылып, ол үйіне қайтуына мәжбүр болады. Дегенмен сол сабақ берген ұстаздарының арқасында зерделі шәкірт ретінде орыс тілін жақсы меңгеріп шығады. С.Садықбеков Сырдария губерниясында қызметте жүргенде 1925 жылы өз өмірбаяны жөнінде былай деп жазады:

«Әкемнің басқа да балалары болғандықтан, маған оқуымды жалғастыруға немесе басқа жаққа қызметке тұруға толық мүмкіндік болды. 1918 жылы Арыс қалалық жұмысшы-шаруа депутаттарының кеңесінде күзетші-таратушы (сторож-рассыльный) болып үш ай көлемінде жұмыс істедім. Содан тағы бір ай көлемінде мұсылмандар азық-түлік комитетінде қызмет атқардым. Сол жылы күз айында Ташкент қаласына барып, педагогикалық мұғалімдік курсқа түсіп, оны 1919 жылы көктемде бітіріп шықтым. Одан соң, Шымкентке келіп, уезд мұғалімі болып жарты жыл және де Арыста бір жыл жұмыс істедім» [1].

Ал ардагер Боранбек Шүкірбеков текті әулеті турасындағы «Мен жүрген жол» кітабында:

«...Әкемнің әкесі Әліпбек атам, Садықбек байдың баласы. Мыңға жақын қой, түйе, жылқы біткен бес ағайынды болыпты. Ескіше оқыған, оразасы мен намазы үзілмеген дінге берік атамыз 1904-1905 жылдары 40 жасында қасына 20 шақты адам ертіп, Меккеге қажылыққа барып келген.

Әліпбек әжі атанып, ел арасында өте сыйлы кісі болған атамыздан бес ұл, төрт қыз туған. Бес ұлынан өрбіген ұрпақтары бүгінде жүз шаңырақатан әлдеқашан асып кетті. Мен – осы Әліпбек-әжінің немересімін.

Әліпбек әжінің ағасы Бек дәулетті бай болған. Патша үкіметі тұсында екі баласын орыс оқуына берген. Садықбеков Сұлтанбек деген ұлы Қазақстандағы алғашқы оқу орындарының бірі Шымкент педагогикалық оқу орнының директоры, Сырдария губерниясында ГУБОУНО бастығы, Қарағанды облысы кеңес атқару комитетінің хатшысы, Кеңестік Қазақстан білім беру министірлігінде жауапты қызметтерін атқарған. Сәкен Сейфуллинмен дос болып, отбасымен араласқан ағамыз – өзі ақын, әрі рең-басы келісті, көрген кісі қызығып қарайтындай айырықша келбетті жан болған» [2], - деп Сұлтанбектей дара тұлғаның шыққан тегі, өскен ортасы жайлы бірқатар мәлімет бере кетіпті.

Сол жылдары білім жолында жүрген жас азамат айналасындағы аумалы-төкпелі заманды өз көзімен көреді. Халқының ауыр жағдайы, елінің тағдыры оны қатты ойға қалдырып, толғандырады. 1920 жылы Шымкентте өңірлік 3 айлық мұғалімдік курсына түсіп, оны жақсы аяқтап, сол жерде 2-3 ай мұғалім болып қызмет атқарады. Осылайша білімін көтере жүріп, жаңа өмір жолына түсе бастайды. Сол жылдың күз айының аяғында жас алғыр жігіттің қабілетін байқаған Түркістан Халық ағарту Комиссариаты Сұлтанбекті Самарқанд қаласына аттандырып, сонда қазақ мектептерін ашу үшін ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді тапсырады. Ол жұмыстарды ойдағыдай атқарып, қазақ мектебін ашып, 1920-1921оқу жылының аяғына дейін сонда қызмет атқарады.

Садықбеков өмірінің осы кезеңдері жайлы мәліметтерді Кеңестік Қазақстандағы ең беделді басылым санатындағы «Ақ жол» газетінен де кездестірдік. Жалпы Сұлтанбектің шығармашылығы туралы сөз қозғағанда оның осы газеттің белді тілшісі болғанын да айта кеткен дұрыс. Себебі біздіңше «Ақ жолдың» ұлттық мүддеден айнымай, жұрт жоқшысына, шындық шырақшысына айналуына оның да қосқан үлесін байқауға болады. Бұған қайраткердің «Ақ жол» беттеріндегі маңызы әлі де жоғалмаған мақалаларын бір сүзіп шыққансын-ақ көз жеткізіп отырмыз. Әсілі қиырдағы Самарқанда жүріп-ақ, ел хабарын бұрмаламай, бұлтаққа салмай шынайы жеткізе білу Садықбековке тән бе дейміз. Өйткені стилі бөлек, мақамы ерекше. Кейде тауып, бәзбірде қауып айтатын қаламгердің көбінде мәселенің тігісін жатқыза жұқалап жеткізіп отырғанын оқығанда ризашылдық сезімде боласыз. Қалам құдыреті деген осы болса керек. Көлемі шағын мақаласымен-ақ көлдей бетте көсілуге болатын мәселені шашауын шығармай жұп-жұмыр күйінде оқырманға ұсына қояды. Ащы сарказмының, өткір әжуасының астарынан жергілікті биліктің қара халықтан қатты алшақтап кеткенін аңғару да ойлы оқырманға қиынға соқпайды.

Қараңыз. «Самарқандта қазақ мектебі» мақаласында ол Самарқанд облысындағы Достонов деген станцияда облыстық халық ағарту бөлімі қазақ, орыс балалары үшін жүз балалық

ортақшылдық мектебін ашқанын қуана құптай отырып, орыс балалары бұзықтық қылып, білім ордасынан басы бүтін шығарылғасын 50-ге тарта қазақ балалары қалған таза қазақ мектебінің жай-күйін ашық айтып, он сайманынан бір сайманы жоқ, әрі қызметшілері де аз, оқу құралдары дегенді атымен көрмеген мектептің болашағына алаңдайды.

«11 майда Самарқаннан халық ағарту бөлімінің бастығы Рахманбердиев шықты. Бұлар мектепті көргеннен кейін «онда сарт пен қазақтың баласын қосып оқытуы керек» деді. Біз «қосып оқытуға болмайды, өйткені арада тіл айырмасы бар» дедік. Ақырында айтқанымызды тыңдамай тілінің арасында айырма жоқ деп өзі білмей, білгеннің тілін алмай, мектептеріңді Самарханд қаласының ішіне апарып өзбек мектебіне қосамыз яки осы жерге өзбек баласын әкеп қосамыз хәм мектептерінің қызметшілері аз екен. Мынау оқушыларыңның ішінде ересек балалар бар екен. Бұлар үлкейіп кетіпті. Енді бұлар оқушылықтан шығады. Мектепке жұмыскер болады деді. Сөйтіп 16-ға жетер жетпес баланы жазып алып кетті» [3], - деп Самарханд үйезінің халық ағарту бөліміне елдің наласын қаз-қалпында жеткізіп, қазаққа рахымы жоқ Рахманбердиев секілділердің көппен кенеспей, өзімбілермендікке салынуының салдары ауыр болатындығын ескертумен бірге, мұндай жергілікті халықтың жағдайынан бейхабар басшының халықты ағартпақ түгіл қарайтып жіберуі де мүмкін екендігін алға тарта отырып, тиісті шара қолдануды талап етеді. Сонымен қатар бұлтарпас фактілерді де жайып салады. Шындығында сол кезде Самарханд облысында бірнеше болыс қазақ тіршілік кеше тұра бір қазақ мектебі ашылмаған болатын. «Қазақ мұғалімдері жоқ» деген жалтарма жауапқа да өз уәжін дәлелді түрде жеткізген қайраткер ат төбеліндей жалғыз қазақ мектебін көп көріп, өзбек мектебіне қосып, аралас мектепке айналдыруға шама-шарқынша қарсы шығады. Халық ағарту мекемелерінің мәселені басты назарда ұстауын сұрайды. Жалпы қашанда жұрт қамын ойлап, ел тұрмысын түзеуде туралығынан танып көрмеген Сұлтанбектің Самарханд халқының «жанайқайын» жоғары органдарға «төртінші биліктің» атынан еш боямасыз жеткізе білуі де оның беделді басылымның белді тілшісіне айналуына септігін тигізген басты фактор деуге болатын сияқты.

Ал кейіннен Шымкент қаласына қайта оралып, Сырдария губерниялық педагогикалық техникумында тәрбиеші болып бір жыл қызмет істейді. 1923 жылы «Ахмет» атындағы (қазіргі Қ.Сыпатаев мектебі) мектепті ұйымдастыру жұмысына атсалысып, сол мектепте оқытушы болады. Өзіне тапсырылған жауапты жұмыстарды тиянақты орындай жүріп 1924-1925 жылдары Шымкент уездік білім беру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарса, 1925 жылы Сырдария губерниялық оқу бөлімін басқарады. 1925 жылы маусым айынан жоғарыда аталған «Ахмет» атындағы мектепте мұғалімдік қызметпен бірге Сырдария губкомының педагогикалық қайталау курстарының меңгерушісі болады. Осы жылдарда оның жолы Оңтүстіктің белгілі тұлғалары қатарында білім саласын өрге сүйреуде өлшеусіз үлес қосқан Сейілбек Үсеновпен, Тәңірберген Отарбаевпен, Жүсіпбек Аймауытовпен, Мұса Мылтықбеумен түйісті әрі рухани байланыста болды деп нық сеніммен айта аламыз.

Тарқата айтсақ, жиырмасыншы жылдардың орта шенінде С.Садықбековтың ұйымдастырушылық, басшылық қабілеті танылып, қызмет сатысымен бірте-бірте жоғарылай бастайды. 1926 жылы Шымкент педтехникумын басқара отырып, әдебиетіміздің алыптарының бірі Ж.Аймауытовпен қызметтес болады. Қазақстандық бірқатар ғалымдар Жүсіпбек Аймауытов Шымкент педтехникумын сол жылдары басқарған дейді.

Бір айта кетерлігі, ұстаздық міндетін мінсіз атқарған Жүсіпбек Сейілбек және Сұлтанбек сияқты «Ақ жол» басылымының редколлегия мүшелігіне де еніп, қаламгерлігін де қатар ала жүріп, көптеген конференцияларда баяндама жасап отырған. Ал қызмет бабымен Шымкент қаласына ауыстырылғанда да ең алдымен Аймауытовтың кәсібилілігі мен тәжірибесі, ұйымдастырушылық қабілеті мен аса зор қаламгерлік қуатты қатты ескерілгенге ұқсайды. Өйткенмен ол, біздің пайымдауымызша, 1926 жылы Шымкент педтехникумын басқармаған. Бұлай деуімізге Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатынан табылған тың дерек-дәйектер негіз болып отыр. Өйткені осы педтехникумдағы Жүсіпбектің қызметкер ретіндегі жеке іс парағында оның мұғалім болғандығы анық көрсетілсе, осы педтехникум директоры С.Садықбековтың қолы қойылған ұжымның жалпы тізімінде Руснак, Жиенбаев, Байдоқ, Исаев, Афанасьев. Абрамов секілді 14 педагогтың ішінде педагогика пәнінің мұғалімі ретінде Жүсіпбектің де аты аталады [4]. Олай болса әдепкіде Аймауытов пән мұғалімі болып қызмет істеп, іскерлігінің арқасында бір-екі жылдың бедерінде басшылық қызметке қол жеткізген деген пікірдің жаны бар сияқты. Өйткені осы мұрағаттан алынған 1926 жылдың шілдесі көрсетілген тағы бір құжатта педтехникум директоры ретінде Сейілбек Үсеновтің қолы тұр.



Осы жылы С.Үсенов Шымкент қаласындағы Ахмет атындағы жеті жылдық мектептің (қазіргі Қ.Спатаев атындағы мектеп) директоры болып ауысып кеткеннен кейін педтехникумды Сұлтанбек Садықбеков басқарған көрінеді. 1926 жылдың 26 қазанында толтырылған мұрағаттық деректе Ж.Аймауытов тағы да мұғалім ретінде көрсетілген. Алайда Сырдария губерниясының халыққа білім беру бөлімі 1927 жылдың қыркүйегінде С.Садықбековты ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды өз бақылауында ұстай алмағандығы және бюджет қаржысын тиімді жұмсауда елеулі кемшіліктерге жол беріп алғаны үшін қызметіне лайықсыз деп табады. Оның орынбасары Шеменовтің де қызметтік лауазымы қатардағы мұғалімдік деңгейіне төмендетіледі.

Өз әріптестерімен тығыз қарым-қатынас орната алмаған Шеменов губерниялық халық ағарту бөлімінен сан мәрте ескерту алып, нәтижесінде қызметінен шеттетіледі. Ол тіпті кезінде осы халық ағарту бөлімінде жұмыс жүргізген жылдарында да оқытушылар арасындағы кикілжіндерге жиі араласып, методист қызметімен де хош айтысқан болатын. Осы кезеңде Шемелевтің сойылын соғушылардың бірі болды деп келінген Байдюк бұл жалған ақпараттың негізсіздігі дәлелденген соң өз жұмыс орнында қалса, Жиёмбетов педтехникумнан өз өтініші бойынша қол үзеді. Алайда бұл құжатта Ж.Аймауытов жайында тек дұрыс пікірлер айтылып, оның ұстаздық қызметіне оң бағалар беріліпті [5].

Осы дерекке қарап отырып-ақ Ж.Аймауытовтың С. Садықбековпен де, С. Үсеновпен де әріптестік тығыз қарым-қатынаста болғанын, шығармашылық байланысын да үзбегенін аңғару қиын емес.

Ал 1927 жылы 23 жасар қайратты да жігерлі азамат бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының мүшесі болып қабылданады да, одан кейінгі қызметтері бірінғай партиялық - кеңестік қызметтер жүйесімен тікелей байланысты болады. Яғни 1928-1929 жылдары Сырдария облыстық партия комитетінің техникалық хатшысы, 1930 жылы Шуда Мойынқұм аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1931-1932 жылдары сол кездегі Қарағанды облысы Еңбекшілдер аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1933 жылы Шучьеде «ҚазАлтын» трестінің басқарушысының көмекшісі, 1934-1935 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің хатшысы, ал 1936 жылдың наурыз айынан 1937 жылдың маусым айына дейін ҚазАССР Оқу-ағарту Халық комиссариатында үлкендерге арналған мектеп басқармасының басшысы қызметінде болады. Оқу-ағарту саласымен жақсы таныс С.Садықбеков жағдайды өз көзімен көріп, үлкендерге арналған мектеп жүйесін дамыту, оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз ету, мұғалімдердің білімін жетілдіру мәселелеріне үлкен көңіл бөледі. Жоғарыда айтылған»Ақ жолда» бірқатар мақалалар жариялады.

Солардың бірі - «Ақ жолдың» 1925 жылғы 18 наурызда жарық көрген «Халық ағарту ісі туралы» мақаласы. Осы елеулі еңбегінде ол сала маманы ретінде ұзын саны 23-сауалға жауап қатып, біріншіден, отырықшылыққа бейімделмеген елдің ынғайына жығылып уақытша болса да жұртпен бірге көшіп қонып жүре беретін көшпелі мектеп ашуды; сол мектептерде тәжірибелі білікті мұғалімдер жоқтықтан, әзірше комплекті оқытуды қоя тұруды; ел арасынан ашылған әрбір мектепті мәдениет ордасына айналдыруды; қолда бар институт, педагогика техникумдары жанынан жылдық тез мұғалім даярлайтын өзгеше курс ашуды; қазақ университетін құруды ұсына отырып, оқытушы атаулының тұрмысы оңалмай отырғанын тілге тиек етіп, өз ойын былайша түйіндейді:

«...Оқытушылар қызмет ақысы былай еткенде оңалады: Хүкіметтің де һәм жергілікті бюджеттің де түсімінен пайдалану керек. Жыл басында хүкіметтен берілетін ақша санын біліп, бірсыпыра мектепті соған шақтап қаратып оны жергілікті бюджеттен бүтіндей шығарып қою керек.

Бір жылға есептеп бөлгенде бұл екі бюджеттен де сыбаға тимей, ақша жетпей қалатын мектептерді жыл басынан қамданып ел мойнына арнап болса да өлтірмес әрекетін істеп қою керек.

Қаржысыз оқытушы ілгері баспайды. Бұған дәлел керексіз. Мектеп үйлерін осы күндері жерге орналастыру жұмысы бітіп, қыстақ болуға бет берген ел жиі жерлерден салу керек.

Ел күшімен болмаса әзір хүкімет күшімен мектеп салуғаүміт жоқ-ау[6].

Былайша айтқанда, ол тұрмысқа қажеттінің бәрі қат болып, оқудың да екінің бірінің маңдайына жазылмай, табысынан гөрі шығысы, жетістігінен гөрі жеңілісі көп болып тұрған саланың басына есті басшы келмей саланың сауықпайтынын ұқтырып, білім саласына бейсауат жандарды жақындатпау керектігін де астарлап айта келе оқытушылар жағдайын жақсартпай зерделі ұрпақ тәрбиелеп шығарудың қиынға соғатынын айтады.

Одан бөлек жас тілші «Жылыбұлақ болысында партияшылық ісінің күшеюі», «Азық жиюшылардың қиянаты», «Баспасөз ісіне өзгеше зер салу керек», «Складшының қиянаты»,

«Шолақ арық» мақалаларында да өзекті мәселелерді көтеріп, қоғам талқысына салады.

Анығы сол, Садықбеков те сол кеңестік солақай саясаттың қырына ілініп, саяси қуғын-сүргін құрбанына айналды. Бүгінде, осы уақытқа дейін жарыққа шықпай, белгісіз жатқан құжаттар мен архив деректерін пайдалану арқылы сонау 30-жылдардың ащы шындығына барынша көз жеткізе түскендей боламыз.

1937-1938 жылдардағы Үлкен террор тек Кеңес одағын ғана шарпыған жоқ, бүкіл қазақ халқына жасалған нағыз қасірет болды. Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тілеу Көлбаев осы зобалаң жөнінде былай дейді: «Басында 1935 жылы партия мүшелерінің есебін дұрыстау, сонымен партияны жат элементтерден тазарту мақсатымен басталған жұмыс қыза-қыза келе 1936-1938 жылдары қып-қызыл қырғынға айналды. Жаппай ату, репрессиялау 1938 жылы ақпанның ортасынан наурыздың ортасына дейінгі бір ай ішінде жүрді. Он күннің ішінде бүтіндей Қазақстанның үкіметін атып тастады, сол кезде Жоғары Кеңестің төрағасы болып сайланған Ұ.Құлымбетовті, Орталық партия комитетінің бес хатшысын, төрт меңгерушісін, бюро мүшелері түгел, Жоғары Кеңес төрағасының орынбасарларын, Госпланның төрағасын, бірқатар министрлерді атып тастап, олардың 19-ының ғана аты-жөнін жариялады» [7].

1938 жылы 25 ақпанда Қазақ Республикасының белді қайраткерлері Т.Жүргенов, Ж.Садуақасов, С.Мендешов, С.Есқараев, Қ.Жұбанов, І.Құрамысов, Қ.Сарымолдаев, С.Сейфуллин, Ғ.Тоғжанов, Қ.Таштитов бар, барлығы 39 қайраткер атылған болатын. Солардың ішінде Сұлтанбек Садықбеков те бар еді. Сол кезеңнің шынайы шындығын, бет-бейнесіне архив деректері арқылы тағы бір шолып шығатын болсақ, Сұлтанбек Садықбековтің тағдыр-талайы аласапыран кезеңнің жазықсыз құрбанына айналған басқа да ұлы зиялыларының тағдырымен ұқсас болғанына, тіпті өзара байланысып жатқанына көз жеткізу қиын емес. Сол баяғы «Контрреволюциялық қызметтері үшін», «Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасаушылар» т.б. айыптаулар.

Жалпы С.Садықбековтың өмір жолы, қоғамдық мемлекеттік қызметтері сол Қазақстандағы орын алған қоғамдық-саяси үдерістермен тығыз байланысты болды. Алғашқыда байдың баласы, қоғамға жат элемент, партия қатарына қабылданғанда шығу тегін жасырды. «Алашордашылармен байланыста болып, оларды идеялық жағынан қолдау көрсеткен деген айыптауларға» ұшырады. Мәселен, 1935 жылы қараша айында Петропавл қалалық партия комитетіне әулетінің шығу тегі жөніндегі берген түсініктемесінде былай дейді:

«Менің әкемнің әкесі Садықбек, естуімше 1880 жылға дейін ірі байлардың қатарында болған. Оның 1000 жуық ұсақ малдары және 200 бас ірі қара малы болған. Әкем Бек 1916 жылға дейін ауқатты болғаны рас, бір жалдамалы жұмыскері (оның өзі туысы болған және бірге тұрған), 4 отбасынан барлығы 24 жан болған. Олардың 600-ге дейін ұсақ малы (қой, ешкі) және де 30 бас ірі қара (жылқы, түйе) болған. 1916 жылы «жұт» кезінде барлық малынан айырылып, бірден кедейге айналып, 20 шақты бас ұсақ мал және бір түйе, бір аты ғана қалды. Сол кезден бастап біздің отбасымыздағы жұмысқа жарамды мүшелері: ағайынды Әлтай, Пазылбек, Омарбек, Зиябек, Байжан, Асанбек, Қойбағар - барлығы әйелдерімен жұмысқа жегілген болатын. Олар жазда уақытша астық жинаумен, қыс айларында Қызылқұмда сексеуіл дайындаумен айналысып жан бақты. Әкемнің жасы 85-ге болғандықтан, жұмысқа жарамсыз болды, ортаншы ағам Зиябек шаңырақ иесі болып қалды. Менің анам бұрыннан кедей қызы еді. Ата-анам және бауырларымының ешқайсысы сайлау құқығынан айырылған емес, еңбекші шаруа қатарында болды.

1931 жылы асыра сілтеу кезінде рушылдықтың кесірінен, жеке бас араздық орын алып, колхозда бір-бірімен есеп айырысудан кейін ағам Пазылбек және әкем Бек колхоздан заңсыз шығарылған болатын. Артынша бай-қулақ деп жер аударылды. Біршама уақыттан соң ҚазАСР ОАК-тың арнайы келген тексеруінен кейін бұл әрекеттер дұрыс емес деп табылып, Пазылбек және Бек Садықбековтердің құқықтары қалпына келтіріліп, қайта колхоз мүшелігіне қабылданды. 1933 жылы өмірбаянымды толтыру кезінде қателікке жол бергенім рас, әкемді орташа шаруа деп жазғанымды мойындаймын. Бірақ шындықты әдейі жасырайын деген ой менде мүлде болған жоқ. Жалпы мен шыққан тегімді жасырған емеспін. Партия қатарына өтер кезде де, тексеру кезінде де шындық жағында болдым. Ол жөнінде жауапты қызметтерде жүрген кезімде Крайкомды да, Қаз ОАК-ті де ескертіп отырдым» [8].

Дегенмен 1937 жылы сталиндік «қанды құйын» шамадан тыс өршіп, өзінің ең сорақы шарықтау шегіне жетіп, Сұлтанбек Садықбековтей ірі азаматты да қанды құрығына іліп әкетті. 1937 жылы 25 маусымда ол тұтқынға алынып, 1938 жылы 25 ақпанда Алматы қаласында атылды. Оған «1925 жылдан бастап Қазақстанда әрекет еткен буржуазияшыл -ұлтшыл, террористік және

контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесі болды, ұйым басшылары С.Қожановпен, Т.Рысқұловпен, Н.Нұрмақовпен, С.Есқараевпен, Т.Жүргеновпен және И.Тоқтыбаевпен бірігіп, байланыс жасай отырып, кеңес билігін құлатып, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алуды көздеді және буржуазиялық қазақ мемлекетін құруға әрекет жасады» деген айыптар қойылды. Сонымен бірге «1929-1930 жылдары Сарысу, Созақ, Қызылқұм, Шу аудандарында орын алған көтерілістерді тікелей ұйымдастыруға атсалысты» деген де айып тағылды.

Тек 1958 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының шешімімен қылмыстық іс тоқтатылып, С.Садықбековтің біржолата ақталғаны жөнінде мәлімет берілген.

**Қорытынды.** Сұлтанбек Садықбековтің аз жасаған ғұмырында (бар-жоғы 34 жас) өз өлкесінде атқарған қызметі ұшан-теңіз, елімізді түлетуге келгенде де еш аянып қалмаған, Шымкенттің шамшырағын жағып, өңірді дамытуға өз үлесін қосқан қайраткердің өнегеге толы өмір жолын бүгінгі ұрпақтың да білгені парыз. Себебі әлі күнге дейін оның есімі мүлдем аталмай келеді. Оның өмірі мен елі үшін атқарған қызметі тіптен ескерусіз қалған. Біздің мақсатымыз – ұмыт бола бастаған осындай тұлғаларымызды дәріптеп, кейінгі жастарға жеткізу. Оның Алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынасын зерттеу болашақтағы мәселелердің бірі болар деген ойдамыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Алматы қаласы ішкі істер департаментінің арнайы мемлекеттік архиві; №11020 тергеу ісі, 72-78пп.
- 2 Шүкірбеков Б. Мен жүрген жол. Алматы. «Қасиет». 2010.23-24 бб.
- 3 «Ақжол», №71, сенбі, 25 июнь, 1921 жыл.
- 4 Оңтүстік Қазақстан Орталық мемлекеттік мұрағаты (ОҚММ) 147-қор, 1-тізбе. 8-іс, 83 п.
- 5 ОҚММ 147-қор, 3-тізбе. 44-іс, 135 п.
- 6 «Ақжол», №550, жексенбі, 18 март, 1925 жыл
- 7 Көлбаев Т. Ана тілі, 2011 жыл, 20-21 қазан.
- 8 Алматы ішкі істер департаментінің арнайы мемлекеттік архиві, №11020 тергеу ісі, 86-87пп.

**Аннотация:** В статье были предложены исследования по выявлению политических репрессированных и остававшихся «врагами народа», имена которых не были доведены до страны и соответственно не пропагандировались. Одна из крупнейших личностей, которая до сих пор не получает достойной исторической оценки - Садықбеков Султанбек (1904-1938). Жизненный путь С. Садықбекова - общественные государственные службы были тесно связаны с общественно-политическими процессами, происходившими в Казахстане. Сначала он сын богатого, асоциальный элемент. Он подвергся обвинениям в том, что: «поддерживал связь с алашординцами и поддерживал их идейно». В 1937 году сталинский террор разгорелся, достиг своего апогея, Султанбек Садықбеков арестован 25 июня 1937 года и расстрелян 25 февраля 1938 года в Алматы.

**Ключевые слова:** Султанбек Садықбеков, общественно-политический деятель, реабилитация

**Abstract:** In the article, studies were presented to determine whether political rights are repressed and remain "enemies of the people", their spiritual heritage is not revealed, their names are not brought to the country, and they are not properly promoted. Sultanbekbek Sadykbekov (1904-1938) is one of the largest figures who has not yet received a worthy historical assessment. S. Sadykbekov's life path and public public services were closely connected with the socio-political processes that took place in Kazakhstan. At first, the child of the rich, an anti-social element. He was subjected to "accusations that he was in contact with the alashordists and supported them ideologically." In 1937, the Stalinist "blood vortex" escalated excessively, reaching its most terrible climax, and Sultanbek Sadykbekov was hanged in a bloodbath, arrested on June 25, 1937, and shot on February 25, 1938 in Almaty.

**Keywords:** Sultanbek Sadykbekov, public and political figure, rehabilitation

ӘОЖ: 92.18

**Әлібек С.Н.**

тарих ғылымдарының докторы, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры.

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**«ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫНДА» БОЛҒАН**

**ОҢТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР ТАҒДЫРЫ**

**Түйін:** Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен оңтүстікқазақстандықтардың сұмдық қорлық пен азапты бастан кешкендігін архив деректері айғақтай түсуде. Кеңестік идеология тұсында «Түркістан легионының» құрылуы М. Шоқайдың атымен байланыстырылып баяндалатын еді[3]. Бұл пікір бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Алайда бұл легионның 1942 жылы шілде айында құрылғанын ескеретін болсақ, онда ондай пікірдің тарихи шындыққа сәйкес келмейтіндігіне көз жеткіземіз. Түркістандық тұтқындарға көмек қолын созып, олардың тірі қалуы үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың терең гуманистік қадамын әр саққа жүгіртуге ешбір негіз жоқ.

«Түркістан легионы» мүшелерінің тағдыры әртүрлі, бір бөлігі Қызыл Армия жағына өтер кезінде фашистермен қақтығыста өлім құшты. Келесі бөлігі Қызыл Армия құрамына кірді[4]. Соғыс аяқталған соң әскери тұтқындардың басым бөлігі елге қайтып оралды. Кеңестік билік оларға кешірім берілетініне уәде берді. Бірақ бұл уәде жалған болып шықты. «Түркістан легионы» мүшелері жазаға тартылып, сталиндік лагерьлерге тоғытылды. Ендігі жерде ХХ ғасырдың жазықсыз жапа шеккен саяси тұтқындарын ақтайтын мезгіл жетті. Өйткені, бүгінгі ұрпақ, Отан үшін от кешкен жауынгерлердің туған-туыстары, жақындары мен бауырлары олардың тағдыр-тарихы туралы танып-білуі тиіс.

**Кілт сөздер:** «Түркістан легионы», оңтүстікқазақстандық әскери тұтқындар, екінші дүниежүзілік соғыс, сталиндік лагерьлер, ақтау жұмыстары

Адамзат тарихындағы ең үлкен қасірет әкелген екінші дүние жүзілік жойқын соғыс қазақ халқының тағдырына да үлкен әсерін тигізді.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ майданға елімізден көп адам алынып, бір миллион екі жүз мың ұл мен қыз ұрыс даласына аттанды. Миллиондаған қазақстандықтар тылда жұмыс істеп, майдан үшін барын аямады.

Осы соғыстан 600 мыңнан аса жерлестеріміз өз еліне қайтпады, олардың біразы тұтқынға түссе, көпшілігі майдан даласында қаза тапты [1].

Соғыстың қасіретті беттерінің бірі - тұтқындар мәселесі. Неміс зерттеушілерінің мәліметтерінде Кеңес әскерлері қатарынан 5 млн. 270 мың адам тұтқынға түскені айтылады.

Тек 1942 жылдың ақпанына дейін немістерге тұтқынға түскен Кеңес әскерлерінің саны 3.9 млн. адамға жетті, солардың 2.8 млны қырылып қалды.

Бірақ Кеңес өкіметінің тарапынан ұстанған қағида бойынша, яғни «Бізде әскери тұтқындар жоқ, сатқындар бар» деген ұстаным миллиондаған тұтқындардың тағдырына ауыр зардабын тигізді[2].

Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен оңтүстікқазақстандықтардың сұмдық қорлық пен азапты бастан кешкендігін архив деректері айғақтай түсуде.

Кеңестік идеология тұсында «Түркістан легионының» құрылуы М. Шоқайдың атымен байланыстырылып баяндалатын еді[3]. Бұл пікір бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Алайда бұл легионның 1942 жылы шілде айында құрылғанын ескеретін болсақ, онда ондай пікірдің тарихи шындыққа сәйкес келмейтіндігіне көз жеткіземіз. Түркістандық тұтқындарға көмек қолын созып, олардың тірі қалуы үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың терең гуманистік қадамын әр саққа жүгіртуге ешбір негіз жоқ.

«Түркістан легионы» мүшелерінің тағдыры әртүрлі, бір бөлігі Қызыл Армия жағына өтер кезінде фашистермен қақтығыста өлім құшты. Келесі бөлігі Қызыл Армия құрамына кірді[4]. Соғыс аяқталған соң әскери тұтқындардың басым бөлігі елге қайтып оралды. Кеңестік билік оларға кешірім берілетініне уәде берді. Бірақ бұл уәде жалған болып шықты. «Түркістан легионы» мүшелері жазаға тартылып, сталиндік лагерьлерге тоғытылды. Ендігі жерде ХХ ғасырдың жазықсыз жапа шеккен саяси тұтқындарын ақтайтын мезгіл жетті. Өйткені, бүгінгі ұрпақ, Отан үшін от кешкен жауынгерлердің туған-туыстары, жақындары мен бауырлары олардың тағдыр-

тарихы туралы танып-білуі тиіс.

Өткен жылғы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлыққа қол қойды. Бұл бағыттағы сең бұзылып, жазықсыз жапа шеккен отандастарды толық ақтау үшін еліміздің әр өңірінде комиссиялар құрылды. Оңтүстік өңіріндегі жұмысшы топ мүшесі ретінде біз де мұрағат қорларында елеусіз қалып қойған «Түркістан легионы» қатарында болған оңтүстікқазақстандықтардың аянышты тағдырына қатысты құнды құжаттарды мұқият зерделей отырып, шындықтың шырағы сөнбейтініне көз жеткізгендей болдық.

Бүгінгі күні Шымкент қаласы полиция департаментінің арнайы мемлекеттік мұрағатында Түркістан облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты істердің жалпы саны 17 мың 231 сақтау бірлігін құрап отыр екен. Солардың ішінде «ақталмаған азаматтардың мұрағаттық қылмыстық істері» қорының жалпы саны – 563. Оның көпшілігі әскери тұтқындар[5]. Солардың ішінде «Түркістан легионында» болған оңтүстікқазақстандықтар да баршылық екені анықталуда. Ендеше сол жат жерде жау қолында қалып, қапастан құтылса да қасірет шеккен қандастардың бірқатарының талайлы тағдырына тереңірек үңіліп көрейік.

Сондай соғыс тұтқынының бірі – 1917 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданы «Қызыл Түркістан» ұжымшарына қарасты №24 ауылда туған Рысбеков Дәурен болатын. Ұлты қазақ, аяқталмаған жоғары білімі бар азамат[6].

1942 жылдың қаңтарында Қызыл Әскер қатарынан алынып, сол жылдың шілдесінде жау қолына түседі. Бір жылдай өлім лагерьлеріндегі азапты айларын артқа тастап, амалсыз 1943 жылы сәуірде «Түркістан легионы» қатарына қосылады. 2-батареяның жауынгері бола жүріп, кіші командирлер дайындайтын мектепке жіберілгенімен, денсаулығы сыр беріп, дәрісін аяқтай алмапты. Ал осы №2839 іс бойынша түзілген айыптау қорытындысында 25 жылға сотты болған жауынгердің 1949 жылы 15 қазанда өз ауылындағы орта мектепте мұғалім болып жүрген жерінде тұтқынға алынғандығы жазылады. Тағылған айып - 1943 жылы 162 дивизия құрамында Италияда, кейіннен 2-батареямен бірге Югославиядағы партизан отрядтарын жоюға қатысқандығы, Одақтастарға қарсы ұрыс жүргізгендігі т.б. Тіпті табан астында Рысбеков Дәуреннің суретін жазбай танитын, онымен бірге Порт-сайда бірге болған белгісіз куәгер де табыла кетіп, тергеу хаттамасында «бұлтартпас шындықтың» бәрі айтылыпты. Яғни оқ пен оттың, үміт пен үрейдің ортасында жүріп, немістің қанды қасабын көзімен көрген, американдықтардың абақтысында да келер күннен қуаныш күткен Рысбеков кеңестік «қырағы көздердің» назарынан тыс қалмай, қуғынға ұшырайды.

Сондай-ақ 1919 жылы Жамбыл облысы Талас ауданында дүниеге келіп, ТүркВО-ның әскери трибуналы 1948 жылы 28 маусымда 25 жылға жаза кескен Арғымбай Құттыжолов та орта ғана білімі бар жан болыпты. Әскер қатарына да ертерек, 1939 жылдары алынған[7].

Тек КСРО Бас прокуратурасының қарсылығынан соң 1955 жылы 30 қарашада А.Құттыжоловқа қатысты қылмыстық істі қайта қараған КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы оның американдық барлау қызметіне жұмыс жасағандағы нақтылы айғақтардың жоқтығынан дәлелденбегендігін қаперге алып, жаза мерзімін 10 жылға дейін қысқартады да, көп ұзамай рақымшылыққа ілініп, елге оралады.

Дегенмен Арғынбайдың толық ақталсам деген арманы орындалмады. Сот оның 1941 жылы қыркүйекте әскери тұтқындар лагерінде аудармашы әрі батальон командирінің орынбасары қызметін атқарғандығын, 1942 жылы диверсиялық-барлау мектебінен өтіп, «Бранденбург – 800» атты арнайы полк құрамында Кеңес әскеріне қарсы Моздок қаласы маңындағы ұрыстарға қатысқан тұста жаралы болғанын да бұлтартпас құжаттармен қаттап көрсетіп, сан мәрте жолдаған өтінішін қабылдамай, «ақтауға жатпайды» деген шешімге тоқтайды.

Ал 1943 жылы «Түркістан легионы» қатарын толықтырған сарбаз негізінен құрылыс жұмыстарын жүргізетін жұмысшы батальоны құрамында болады.

Біздіңше әр құжаттың, әр тергеу хаттамасының артында сарсаңға түскен сарбаз тағдыры тұр. А.Құттыжолов та қу соғыс құтын қашырып, тағдыры қайда айдаса, қаңбақтай сонда дөңгелеген алапат соғыстың көп құрбанының бірі. Тіпті әділет генерал-майоры Е.Варскойдың қолы қойылған бір құжатта оның кескілескен шайқастарға көп қатыспағандығы, бір жылдай жау жағында тек қара жұмысқа жегілгендігі, «американдық барлау қызметінен байланысы бар» деген қауесеттің де шындыққа жанаспайтындығы күн өткен сайын көзге ұрып, қайта жауынгердің өз атамекенінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүргендігі анық жазылыпты.

А.Құттыжоловтың қылаудай да кінәсі жоқ дей алмаспыз, дегенмен оның өз қолымен жазылған өтінішіне, тергеу сұрақ-жауаптарына жігі үңілгеніміз жөн болады.

Айталық «Отаны үшін отқа түскен сарбаз соңғы оқты өзіне сақтайды. Сіз неге олай етпедіңіз?» деген сұраққа: «Қиян-кескі ұрыста оғым бітіп қалды. Оның үстіне ауыр жараландым. Тіпті соңғы оқты сақтаған күннің өзінде, біреу де болса азая берсін деп оны өзіме емес, жауға атар едім», - деп ызалана жауап қатыпты. «Ал онда «Түркістан легионы» қатарына кіруге неліктен келісім бердіңіз?» деген құйтырқы сауалға да салмақпен: «Легионға кіресің бе, кірмейсің бе?» деп фашистер бізден сұрап жатпады. Топ-тобымызбен дүркірете қуып, легионға тықты да жіберді. Қарсыласқанның қанын төкті, жауап қайтарғанның желкесін үзді. Сондықтан легионға кіруге ешкім де қарсы болған жоқ, ешкім де келісім берген жоқ. Бәрін де бір-ақ үміт әлдиледі, бір-ақ үміт алға жетеледі. Мен ғана емес, бәріміздің де басты мақсатымыз - бостандыққа ұмтылу, бақытты сәтті сабырмен тосып, майдан шебіне жақындағанда өзімізге өту, ол болмаса ебін тауып партизан отрядтарына қосылу болды.

Мен 1939 жылдан Қызыл Әскер қатарындамын. Сұрапыл соғыс басталған күні біздің рота Румыния шекарасында, Прут өзенінің жағасында еді.

1941 жылы 23 маусымда ұрысқа кірдік. Бізге қарсы неміс әскерінен бөлек, румын цыгиндары (әскерлері) да шайқасты. Алайда күші басым болса да олар біздің 12-армияның тасқамал бекінісін бұзып-жарып өте алмады. Шамада маусымның орта шенінде бізге шегінуге бұйрық берілді. Сонда ғана біз майданның алдыңғы шебінен тым шалғай қалғанымызды түсіндік. Шегініп бара жатып та шеккен азабымыз аз болмады, адам шығыны да көп. Осылайша ұрыс сала жүріп, түгі қалмай қираған Каменецподольск қаласына табан тіредік. Взвод командирі – өзім. Мен басқарған әскери бөлімде айқай-шу шығарып үрейге берілгендер, үрке қашқандар болған емес. Бұйрықты бұлжытпай орындадық. Өз борышымызды адалдықпен атқардық. Бұл сөзімнің растығына аға лейтенант Верешак пен старшина Викерин кепіл бола алады. Шекараға жақын тұста тағы да көп жауынгерден айырылды. Топырақтары торқа болсын! Ашығын айтсам, Батыс Украина тұрғындарының біразы бізге қарсы күресіп, немістерге болысты. Оқ-дәріміз таусылса да итшілеп отырып Хотин селосына аяқ іліктіріп, Днестр жағалауына жеттік.

Жау ұшақтары өзеннен өтер көпірді күл-талқан етсе де жанқиярлықпен күрестік. Бораған оқтың астынан пулеметімді алып шыға бергенде қарсы алдымнан ақбоз атпен шоқыта шыға келген Верешактың: «...Қанды көйлек жолдасым Құттыжолов! Егер сарбаздың бәрі де сен секілді ұрыс жүргізе алса, фашистер бері қарай бір адым да аттай алмас еді», - деген сөзін мақтанышпен жеткізейін деген де ойым жоқ. Шеңгеліне алғандар шындыққа көз жеткізсін деп айтып отырмын. Верешак та жан алмай арпалысты. Ымырт үйіріле жау селоны түп-түгел қоршауға алып, бізді ығыстыра бастады. Осы Хотин селосында аяғымнан жараланып, тұтқынға түстім. 1941-1942 жылдары мені Румыниядағы «Будешт» лагерінде, содан соң Австриядағы Унтервальдерсдорф лагерьлерінде ұстады. 1944 жылы «Түркістан легионына» қосты. Бізді көзден таса қылмай, Батыс Германияның Ульме тауы маңайына орналастырды.

Негізінен біз жайлы айтылған алыпқашпа сөздің бәрі өтірік. Командирлеріміз де неміс унтерофицерлері мен фельдфебельдері болатын. Американдық әскерлердің төбесі көрінгесін немістер бізді тастап тып-тырақай қашты.

Құдай тілеуімізді берді. Одақтастармен көрісіп, қала ішін емін-еркін аралауға рұқсат алдық. Американдықтар да обалы не керек, бізге қиянат жасамады. Бәрімізді кеңес азаматтарына арналған лагерьлерге орналастырды. Бұл лагерьлердің немістің «тозақ» лагерінен қандай айырмашылығы барлығын өзіңіз де бағамдап отырған боларсыз. Содан Отанына оралғысы келгендер кері қайтып, қалғысы келгендер қалды. Елге табан тірегесін де мен Қызыл Армия сабында 1945-1947 жылдары Бреслау қаласында қалтқысыз қызмет еттім. Бреслау қаласындағы авторемонт зауытында жұмыс істеп, 1947 жылы Түлкібастағы асырап алған ата-анамның қолына келдім.

Басымнан өткен бақытсыздықтың бәрін бүге-шігесінде дейін ақтарыла айтқаныммен, тергеу барысында ешкім де менің зарыма құлақ түрген жоқ. Тергеуші де шекесінен қарап, шындықты тануға талпынбады. Оларға ақ адал адамды тыңдағаннан гөрі оны қисынсыз сұрақтармен тұйыққа тіреу, болмаған күнәға белшесінен батыру, сағын сындыру оңайырақ болған сияқты.

Тағы да қайталап айтайын, мен Отан алдындағы борышымды өтеуде арыма қылдай да дақ түсірген емеспін. Ия, 1955 жылы мені соттан босатты. Бірақ қапастан шыққанмен, жаным әлі

жарадан да, жаладан да арылған жоқ. Сондықтан, Отанымнан, мемлекетімнен мені ақтауын өтініп сұраймын. «Аққа Құдай жақ» деуші еді ғой. Осы жетпістен асып, қаусаған шағымда қиянат атаулыдан арылып, ары таза адам болып арғы дүниеге аттанғанымды артымдағы ұрпақтарым көрсе деймін. Біздің отбасынан 5 солдат майданға аттанды, бәріміз де ешкімнің ала жібін аттаған жоқпыз», - деп ақиқатын айтады.

Өле-өлгенше ақтығын алға тартып, жоғарыға арыз жолдаудан талмаған қария КСРО КП Бас хатшысы М.С.Горбачевқа жолдаған хатында да өз ісін қайта қарауды сұрап, былай дейді: «...Мені 1947 жылы Шымкент қаласында тұтқындады. Ісімді жүргізген тергеуші Касианов шындықты бұрмалап, қалай жазғысы келсе, солай жазды. Ойдан шығарылған жаланың бәрін бейкүнә басыма үйіп төкті. Бұрын да жазғанмын, 1942 жылы бізді Австрия астанасы Вена маңындағы Унтервальдерсдорф селосына жеткізіп, бүкіл түркітілдес халықтар өкілдерінен тараған солдаттарды моншаға апарды да Түркістан жұмысшы батальонын жасақтады. Біздің келісімімізді ешкім сұраған жоқ. Бас тартқаның басы кететіні белгілі болатын. Сол себепті көппен бірге мен де бұл тағдырдың жазуына үнсіз көндім. Бірақ тергеуші Касианов қисынға келмейтін айыптауларды қарша боратып: «...Сіз барлау-диверсиялық мектебінен өткен жасырын жансызсыз. Немістерге аудармашы болып қызмет еткеніңіз аздай, Америка мүддесі үшін де шпиондық жасадыңыз» деп ұрып соғып, күні-түні азаптап, қорқытып-үркітіп, хаттамаға қол қойдырып алды. Куәгерлермен көзбе-көз беттестіруді сұрағаныммен, рұқсат берілмеді. Құдай үшін ашығын айтайын, барлау мектебінде білім алған емеспін. Ондай опасыздыққа бару үш ұйықтасам түсіме де кірген емес. «Аудармашы болды» дегендері де ақылға сыймайды, бір ауыз немісше білмейтін ауыл баласы қалай аудармашы болады?! Ағылшын, американ барлау органдарымен де еш қатысым жоқ. Сондықтан Касиановтың қолдан түзген ісін түгелдей теріске шығаруларыңызды талап етемін.

Ия, 1942 жылы Түркістан жұмысшы батальонында болғанымды жоққа шығармаймын. Концлагерьде азапты өлімге душар болмау үшін осы жолды таңдағанымды айыптымын. Бұл сөзімді менімен бірге болған жолдастардың бәрі растай алады. Көбінің атын ұмыттым. Дегенмен, көкшетаулық Бижан есімді бауырым, фамилиясын ұмытып тұрмын, қостанайлық Бегімов Қаби, қарақалпақстандық Сәрсенбек бәріміз бірге болғанбыз. Сотта мен Түркістан жұмысшы батальонында болғанымды мойындағаныммен, басқалар жалған куәлік беріп, мені жазықсыз күйдірді. Сот менің ақтық сөзімді құлағына да ілмей, Касиановтың ақиқаттан ада, әділдіктен шет шешіміне жүгінді. Мен секілді қанша жанның мұндай сергелдеңге түскенін білмеймін. Білетінім, сол соттан бері 39 жыл өтсе де «сатқын» деген суық сөзден құтыла алмадым. Қайда барсам да «қоғамға қауіпті адам» ретінде шетқақпай көріп келемін.

Алайда өзбіреулер сияқты сағым сынып, қайратым кеміп, жасып қалған жоқпын. Қайта 30 жыл Никольский қаласындағы автобазада адал жұмыс істеп, көптеген Құрмет грамоталарын алдым, «Қаз КСР-ның үздік шофері» деген де атағым бар, еңбек ардагерімін. Қарапайым ғана кедей отбасынан шығып, 6 ұл-қызды асырап бағып, қайда жүрсем де Отанымға еңбек етсем деген ойда ғана болдым. Сондықтан Кеңес елінің басшысы ретінде көмек қолын созуыңызды сұраймын. Егер мені ақтауға болмайтын болса, тым құрыса мойныма ілінген жалған айыптау материалдарын жоққа шығарсаңыз екен».

Ал 1989 жылы 28 қарашада ол Түркістан соғыс комиссариаты прокуратурасына қайта арызданып, М.С.Горбачевтан келген «Сіздің Жоғарғы сотқа жазған арызыңызды біз Түркістан соғыс комиссариатына жібердік. Жауабын күтіңіз» деген тілдей қағазын да қоса тігіп, әділеттіліктен үміт үзбейді. Отан алдын ары таза екенін талай жылдан бері талмай айтумен келген ардагер өзі сияқты нақақтан-нақақ сотталғандардың да аз болмағанын айтады. Осынау хаттың соңында да ол Касианов сияқтылардың соғыс өртінен әуірімдеп аман шыққан жауынгерлерге жасаған қиянатын «1945-1947 жылдардағы репрессиялық әрекет» деп тануды талап етіп, жауап күтумен болады.

Сондықтан біз де «Түркістан легионы» туралы сөз еткенде негізінен айыпталушының хаттарына байыппен үңіліп, кеш те болса басы бұғаудан босамаған бауырларымызды ақтап алсақ, тарихымыздың бұл «ақтаңдағы» ашыла түсер еді. Әділет салтанат құрып, шерлі жылдардың шындығына көз жеткізер едік деп ойлаймыз.

Жалпы американдықтар арқылы Отанына оралып, көп ұзамай жазалауға ұшыраған жауынгерлер біздің өңірде де аз емес екен. Мәселен, РСФСР қылмыстық кодексінің 58 – 1-бабы «8»-тармағы бойынша «Отанына опасыздық жасады» деп Нұралы Қасымбеков, Қалшабек Құлбеков, Тұрсын Базарқұлов және Жанысбек Айдарбеков тұтқындалып, қылмыстық жазаға

тартылады[8]. Тағылған айып - сол баяғы соғыс жылдарында майданда жүріп, немістерге тұтқынға түсіп, әскери тұтқындар лагерінде болғандығы. Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ:

1. Нұралы Қасымбеков, 1923 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Куйбышев атындағы колхоздың тумасы. Қазақ, білімі 7 кластық, 1943 жылдан 1945 жылға дейін тұтқында болған, тұтқындалғанға дейін аталған колхозда бухгалтер (есепші) болып істеген.

2. Қалшабек Құлбеков, 1919 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратас ауданы, Сембі ауылсоветіндегі «9 январь» колхозының тұрғыны. Қазақ, бастауыш мектептік қана білімі бар. 1941 жылдан 1945 жылға дейін жау қолында тұтқында болған.

3. Тұрсын Базарқұлов, 1920 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданының Домалақ ауылсоветінің тумасы, қазақ, білімі орта, 1943 жылдан 1945 жылға дейін тұтқында болған.

4. Жанысбек Айдарбеков, 1922 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Еңбек ауылсоветінің, «Қызылту» колхозының тумасы, қазақ, білімі орта, 1943 жылдан 1945 жылға дейін фашистерде тұтқында болған. Тұтқындалғанға дейін Шолаққорғанда тұрып, аға агроном ретінде қызмет атқарған.

Төртеуіне де РСФСР ҚК 58-1 бабының «б» тармағымен (1934 ж.ред.) және 51 баппен (1930 ж. редакция), үкім шығарылып, Н.Қасымбеков пен Т.Базарқұлов 15 жылға, Қ.Құлбеков пен Ж.Айдарбеков 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберіліп, бас бостандығынан айырылады.

1955 жылы 18 қыркүйекте КСРО Жоғары Кеңесі соғыс кезінде немістерге жәрдемдескендерге амнистия жариялаған болатын. Соған байланысты жоғарыда аталған төртеуі де өздерін босату жөнінде Бас әскери прокуратураға бірнеше рет өтініш жазады. Бірақ олардың өтініштері қанағаттандырылмаған. Тергеу материалдарында олардың тұтқында бола жүріп, 1943 жылдан неміс әскеріне қызмет атқарғандығы атап көрсетілген. Мәселен Н.Қасымбеков 1943 жылдың қазан-желтоқсан айларында Люкенвальд (Германияда) барлау-диверсиялық мектебінде оқыған. Сонан соң немістер жасақтаған «Алаш» жазалаушы отрядының сапында болған. Осы құрамада жүріп итальян партизандарына қарсы шайқастарға қатысқан. 1945 жылы жараланып, неміс әскери ауруханасынан ем қабылдап шыққан соң, «Түркістан легионының» бір бөлімінде әскери міндетін атқарады. Соғыс бітісімен, оны американдықтар тұтқынға алады.

Қалшабек Құлбеков 1943 жылдың басында Франция жерінде «Түркістан легионында» болады. Сол жылдың желтоқсан айында ол да Люкенвальд барлау-диверсиялық мектебіне келіп, 1944 жылдың сәуір айына дейін сол жерде болады. Содан соң, «Алаш» отрядында қызмет атқарып, соғыстың аяғын Миландағы неміс комендатурасында қарсы алады.

1943 жылдың қыркүйек айында Т.Базарқұлов пен Ж.Айдарбеков те жоғарыда аталған барлау-диверсиялық мектебіне келіп жетеді. Оны бітірісімен олар да «Алаш» құрамасының сапына қосылады. Ол жерде соғыстың аяғына дейін болады. Ал, Ж.Айдарбеков «Алаш» құрамасында жүріп тәртіп бұзғаны үшін отрядтан шығарылып, соғыс аяқталғанша әскери тұтқындар лагерінде күнін өткізеді. Н.Қасымбеков тергеуде және кейіннен сотта берген жауабында алғашқыда барлау мектебінде, содан соң «Алаш» құрамасында өзімен бірге Базарқұловтың, Айдарбековтың т.б. болғанын айтады. «Түркістан легионында» жүріп, Регенеберг қаласынан 1945 жылдың сәуір айында бірнеше «легионерлермен» бірігіп, Мюнхен қаласына қашып барады. Себебі ол жерді американдықтардың әскері жаулап алған болатын. Сол жерде неміс әскерінің формасын шешіп тастап, американдықтардың орыс солдаттарына арнап құрған лагеріне барып паналайды.

Сол сияқты Ж.Айдарбеков өзінің 1947 жылы 6 сәуірде тергеуде берген жауабында: «1942 жылы 1 қаңтарда Кеңес әскер қатарына әскери міндетімді атқару үшін шақырылдым. Сол жылы сәуір айында 102-атқыштар дивизиясының сапында майданға аттандым», - дейді. Ал 1943 жылы сәуір айында жараланып, немістердің қолына тұтқынға түседі. Бір ай Харьков қаласында емделіп шыққан соң, Полтава қаласының маңындағы әскери тұтқындар лагеріне жіберіледі. Тағы бір аптадан соң, 100 шақты білімі бар, (7кластан төмен емес) қазақтар мен өзбектерді Люкенвальд қаласындағы «Офлаг-3» деген лагерьге ауыстырады. Ол жерде әскери киім беріліп, алғашқы әскери дайындықтан өтеді. Неміс офицерлерінен сабақ алып, айына 10-12 марка көлемінде ақшалай сыйлық та алып отырыпты. 1944 жылы Италияның Торино қаласында орналасқан жоғарыда айтылған «Алаш» ұлттық отрядының қатарына алынады. Сол жерде өзінің бұрынғы таныстары Қасымбековты, Базарқұловты кездестіреді. Бірақ 1944 жылы шілде айында тәртіп



бұзғаны үшін «Алаш» құрамынан шеттетіліп, соғыстың аяғына дейін тұтқындар лагерінде болады.

«Түркістан легионында» болған тағы бір сарбаздың бірі, Оңтүстік Қазақстан облысы Сұлтан-Рабат ауылының тумасы, ұлты өзбек Балта Төлеметовтің жеке іс парағында оның 9 сыныптық қана білімі барлығы, бұрын сотты болмағандығы айқын жазылыпты[9]. 1942 жылғы Ворошиловград бағытындағы ұрыстардың бірінде жау қолына түсіп, 1949 жылы 1 сәуірде тұтқынға алынған. Яғни «Түркістан легионының» сарбазы ретінде бейбіт күнде абақтыға жабылған Б.Төлеметов РФСФР Қылмыстық кодексінің 58-1 – бабының «б» тармақшасына сай дүние-мүлкі тәркіленіп, 25 жылға бас бостандығынан айырылып түзеу лагеріне жіберіледі.

Бұл жерде, әрине, еріксіз түрде «Түркістан легионы» сабында «соғысқан» Төлеметовті судан таза, сүттен ақ деуге келмес. Тек осы секілді азаматтардың істерімен танысқанда біз ең алдымен мүсәпір кейіптегі тұтқынның үрей мен қорқыныш құшағында еніп, алдында тек өмір мен өлім таңдауы күтіп тұрғанда лажсыздан легион қатарын толықтырғанын да жадымызда ұстауымыз керек.

Өйткені, біздің білуімізше неміс армиясы Түркістан легионына толық сенім артпаған. Оны тек басып алған аумақтағы партизандармен шайқасқа ғана шығарып, қатаң бақылауда ұстаған. Бір жағынан саяси тұтқындар істерін ақтара отырып түйгеніміз: «Түркістандықтардың» дені ұрыс барысында кеңес әскері жағына амалын тауып қашуға әрекеттенгенге ұқсайды. Осындай тағдырдың тезіне көніп, жүрек түкпірінде Отанға деген тазалығын сақтаған, адалдығын кірлетпеген көнбіс солдатты «сатқын» деп біржақты айыптау да жөн емес деп ойлаймыз.

Ең қызығы, Төлеметовті сотқа тарту кезінде оның ақтық сөзі ретінде айтқан: «... Мен кінәмді толық мойындаймын. Ия, біздің 303-полк югославиялық және италиялық партизандарға қарсы ұрыстарға қатысты. Бірақ мен тікелей атысқа араласқан жоқпын. Нақақтан-нақақ кісі қанын төккен емеспін. Полктің шаруашылық бөлімін басқарып, сарбаздарға ас-су дайындап берумен болдым.

Отан алдында да опасыздық ету ойымда болған емес. Тіпті 1944 жылдың ақпанында легион қатарынан қашып шығып, партизандарға қосылуға да әрекеттеніп көрдім. Алайда, тағдырдың жазуына амал бар ма, Холм станциясы маңында неміс жандармериясы тұтқындап, тозақ өмірге қайта оралдым. Алдымен дезертир ретінде мені Варшавадағы түрмеге тоғытса, Кеңес әскері келіп құтқарғанға дейін Лемсдорф лагерінде азапты күндерімді өткіздім...» деген жанайқайы да жауапсыз қалған. Тек кейіннен сотталушының 28.Х.1954 жылғы рақымшылық ету жайлы өтінішін негізге алып, әрі оның тұтқынға өз еркімен түспегенін, Кеңес әскеріне қарсы ұрыстарға қатыспағанын, партизандар қатарына қашуға ұмтылғанын ескеріп, жазасын 5 жылға дейін азайтып, КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы қаулысына сүйеніп, абақтыдан босатуға болатынын жазады.

Алайда оны ақтау туралы мәселе мүлдем көтерілмеген де. Осылайша Балта Төлеметов тұтқыннан босап, тұрғылықты жеріне қайта оралғанымен де, көзі жұмылғанша түрткі көріп, қоғамнан шеттеп күн кешкен сияқты. Ия, бұл тағдыр бір Төлеметовтың ғана басындағы тағдыр емес. Тұтқын атанғанның түгелге жуығының кейінгі өмірі де өкінішпен өткенін ескеру керекпіз.

Қорыта келгенде, Оңтүстік өлкесінің әскери тұтқындар мәселесі, жалпы «Түркістан легионында» болғандардың тағдыры жайлы зерттеу, зерделеу жұмыстары одан әрі жалғасын таба беруі керек. Өйткені тұтқында болғандардың бірқатарына рақымшылдық жасалғанымен, оларға соғысқа қатысушы құқы берілмеді. Әділетсіз жазаланғандар мен құрбан болған әскери тұтқындар тарихтан өз бағасын алып, саяси тұрғыдан да ақталуы тиіс деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Боздақтар. Жинақтама том. (кұрастырған П.С.Белан, Н.Едігенов). Алматы:Қазақстан, 1995.480б.
- 2 Көпішев Қ. Қара бұлтты қақ жарған. Алматы: Қазақстан, 1994.
- 3 Абырой мен парыз. Ұжымдық монография: Алматы - 2005. 201-б.
- 4 Бұл да сонда, 206-б
- 5 Шымкент қалалық полиция департаментінің арнайы архиві. Ф-9. Тізбе-8823 НС.
- 6 Бұл да сонда, 21 – іс, 1-60 п.п.
- 7 Сонда, 1 – іс, 1-29 п.п.
- 8 Сонда, 255 – іс, 384 п.п.
- 9 Сонда, 18 – іс, 70 п.

**Аннотация:** Архивные данные свидетельствуют о том, что южноказахстанцы, попавшие в плен во Второй мировой войне, испытали ужасные унижения и страдания. Создание «Туркестанского легиона» при советской идеологии было связано с именем М.Шокая. Это мнение практикуется и по сей день. Однако если учесть, что этот легион был создан в июле 1942 года, то мы убедимся, что такое мнение не соответствует исторической действительности. Мустафа Шокай наоборот боролся за выживание этих заключенных. Участь членов «Туркестанского легиона» разная, часть погибла в столкновении с фашистами. Следующая часть вошла в состав Красной Армии. После окончания войны большая часть военнопленных вернулась в страну. Советская власть обещала им помилование. Но это обещание оказалось ложным. Члены «Туркестанского легиона» были наказаны и помещены в сталинские лагеря. Теперь настала пора оправдать невинно пострадавших политзаключенных XX века. Ведь сегодняшнее поколение, родные, близкие и братья воинов, погибших за Родину, должны знать об их судьбе и истории.

**Ключевые слова:** «Туркестанский легион», южноказахстанские военнопленные, Вторая мировая война, сталинские лагеря, реабилитация

**Abstract:** Archival data indicate that South Kazakhstanis who were captured in World War II experienced terrible humiliation and suffering. The creation of the "Turkestan Legion" under Soviet ideology was associated with the name of M. Shokaya. This opinion is practiced to this day. However, if we consider that this legion was created in July 1942, then we will see that this opinion does not correspond to historical reality. Mustafa Shokai, on the contrary, fought for the survival of these prisoners. The fate of the members of the "Turkestan Legion" is different, some died in a clash with the fascists. The next unit became part of the Red Army. After the end of the war, most of the prisoners of war returned to the country. The Soviet authorities promised them a pardon. But this promise turned out to be false. Members of the "Turkestan Legion" were punished and placed in Stalinist camps. Now it's time to justify the innocent victims of political prisoners of the twentieth century. After all, today's generation, relatives, friends and brothers of soldiers who died for the Motherland, should know about their fate and history

**Keywords:** «Turkestan Legion», South Kazakhstan prisoners of War, World War II, Stalinist camps, rehabilitation

ӘОЖ: 63.3 (5к)

**Тұтқышбай И.А., Нурдилда А.Ш., Орынбаева Б.М**

<sup>1</sup>в.ғ.к., профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан.

<sup>1</sup>магистр оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан.

<sup>1</sup>магистр оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

## **ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЛАҒА ҰШЫРАҒАН ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР МЕН ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН**

**Түйін:** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен жылдың күзінде «Ұлы дала елінің жеті қыры» атты мақала жалғасы болып Рухани жаңғыруға үлкен серпін берді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтары қағидаларына негізделген жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, этносаралық қатынастарды нығайту болып табылады. Саяси қуғын – сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Болашақ үшін естелік» «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» - «Память во имя будущего» халықаралық форум аясында аудандарда, қалаларда, облыстарда өтетін арнайы жұмыс жоспарлар, жыл сайын кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырулар өтуде. Сикымбаев Тұтқышбай өмірі медицина-фельдшер Арыс денсаулық сақтау бөлімінде, оқу-ағарту істерін мешіттерде арабша оқытқан, ауыл шаруашылық салаларында колхозда көптеген қызметтері көпшілік қауымға таныс, имам молда, арабша сауатты болған, оқыған, көзі ашық кісі. Фельдшер дәрігер болып қызмет атқарған жылдары, жаңа туылған нәрестелерге «Қызылша» ауруына екпе жасаған және туберкулезге қарсы алғаш рет «БЦЖ» вакцина екпесін егіп, бірнеше жүздеген жас балаларды аман алып қалған ақ халатты дәрігер, молда.

**Кілт сөздер:** Қызылша, көк жөтел, Саяси қуғын - сүргін, зұлмат, Ұлы Отан соғыс.

**Кіріспе.** Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен жылдың күзінде «Ұлы дала елінің жеті қыры» атты мақала жалғасы болып Рухани жаңғыруға үлкен серпін берді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтары қағидаларына негізделген жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, этносаралық қатынастарды нығайту болып табылады. Саяси қуғын – сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Болашақ үшін естелік» «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» - «Память во имя будущего» халықаралық форум аясында аудандарда, қалаларда, облыстарда өтетін арнайы жұмыс жоспарлар, жыл сайын кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырулар өтуде.

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1997 жылғы 5 сәуірдегі Жарлығымен (2011 жылғы толықтыруларымен) 30-шы жылдардағы жаппай ашаршылық құрбандарын және халықтардың Қазақстанға жер аударылуын еске алу мақсатында 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп белгіленді.

Сикымбаев Тұтқышбай 1878 ж. бұрынғы Арыс (кейінгі Бөген, Ордабасы) ауданы Ұялыжар колхозы №3 ауылында дүниеге келген. Бұрынғы Арыс аудандық денсаулық сақтау бөлімінде медицина фельдшер қызметін атқарған, арабша дәріс оқыған.

Атамыз 1930-1938 жылдары аралығында Ұялыжар колхозы №3 ауыл имамы молда болып, жас балаларға арабша дәріс оқып имандылыққа баулыған, Қызылша ауруының өршіп тұрған кезінде ауыл балаларына ем-дем жасаған. Сикымбаев Тұтқышбай өмірі медицина-фельдшер Арыс денсаулық сақтау бөлімінде, оқу-ағарту істерін мешіттерде арабша оқытқан, ауыл шаруашылық салаларында колхозда көптеген қызметтері көпшілік қауымға таныс, имам молда, арабша сауатты болған, оқыған, көзі ашық кісі.

Фельдшер дәрігер болып қызмет атқарған жылдары, жаңа туылған нәрестелерге «Қызылша» ауруына екпе жасаған және туберкулезге қарсы алғаш рет «БЦЖ» вакцина екпесін егіп, бірнеше жүздеген жас балаларды аман алып қалған ақ халатты дәрігер, молда. Кеңес Одағы кезінде туберкулездің алдын алу үшін БЦЖ вакцинасын қолданған, ол кісінің емдері – «БЦЖ»BCG (көк жөтел - туберкулезге қарсы М.Tuberculosis коздырғышы ) дәрісін жасөспірімдерге қолданған. 1938 жылғы қуғын-сүргін, Репрессияға ұшыраған жылдары, түрлі ұлт өкілдерінің басынан кешірген қиындықтары, зұлмат жылдары жасалған қиянаттары, 1938 жылдың қақаған 25 қаңтарында тұтқынға алынып, жазықсыз қамалған, күнәсіз 9 ақпан 1938 жылы атылып кеткен зиялы

азаматтардың бірі де бірегейі Сихымбаев Тұтқышбай.

Сихымбаев Тұтқышбай бабамыздан тараған 4 қыз, 2 ұл болған. 1. Абдуллақызы Күлия әжемiз (бабамыздың әйелi - жары) 1900 жылғы.

2. Тұтқышбаева Жұмакүл үлкен қызы 1920 жылы туылған.

3. Тұтқышбаев Құлан үлкен ұлы 1923 жылы туылған.

4. Тұтқышбаева Сарикент (Сырлықүл) ортаншы қызы 1924 жылғы.

5. Тұтқышбаева Шарбан (Шерзат) ортаншы қызы 1926 жылғы.

6. Тұтқышбаев Қызыл Әскер (Әскер менің әкем) кіші ұлы 1934 жылғы.

7. Тұтқышбаева Ерзана кіші қызы 1937 жылғы, (барлығы дүниеден озғандар).

Қыздарын жастайынан тұрмысқа беріп, үлкен ұлы Тұтқышбаев Құлан 1923- жылы туылған. Ұялыжар колхозы, Арыс ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы, ҚССР. Ұлы Отан соғысына 1941- жылы небәрі 18 жасында яғни 28.05.1941 жылы Арыс аудандық военкоматтан аттанып кетті ҰОС, 21.07.1943 жылы Ресейдің Орлов облысы, Болховский ауданы, Болхов қала маңында қайтыс болған. Брянский фронтында қатысқан, бірнеше медаль, орден алған, оралмайды, қара қағаз келген. «Фашистермен ұрыста Ерлікпен қаза тапты» - деген қара қағаз келген екен (Подольск қ.), бірақ қай жерде қайтыс болғаны жазылмаған. Әкем Әскер Тұтқышбайұлы (Сихымбаев Тұтқышбай бабамыз атылған жылы) 4 жасында жетім, (Тұтқышбай Құлан ағасы ҰОС қайтыс болғанда) 9 жасында қалған. Жас кезінде «халық жауының» ұрпағы болғаны үшін көп қиындық көргенін айтып отыратын.

Есін жиып, ер жеткен соң, атамның (бабамыздың) не үшін «Халық жауы» болғанын анықтау үшін түрлі мекемелерге хаттар жолдап іздене бастаған. Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Ресейдегі Мәскеу мұрағаттарына сұрау хаттардың бірнешеуін жіберген, талмай іздену өз нәтижесін берді. Сихымбаев Тұтқышбайдың жазықсыз атылғаны, енді ақталғаны туралы соттың шешімімен 1970 жылы алған Әскер әкемнің көңілі орнына келді. Сол кісі яғни Тұтқышбаев Аскер жалғыз тұяқтан өсіп өнген 6 қыз, 3 ұл, 29 немере, 15 шөбере біздер боламыз. Сондай ақтаңдақ беттердің 1937-1938 жылдарындағы саяси қуғын сүргін құрбандарының тарихы осындай біртуар ұлт жанды, қазақ, Ұялыжар халқының бетке ұстар азаматы 1878 жылы туылған Сихымбаев Тұтқышбай өмірі мен қызметі туралы тың деректер Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы «Саяси қуғын сүргін құрбандары» мұражайында таптырмас сарғайған құжаттар табылды.

Сихымбаев Тұтқышбай өмірі шаруа отбасында тәрбиеленген, өмірінің алғашқы жылдарында Бұхара, Түркістанда оқып білім алып, арабша сауатын ашып, ауыл молдасы болып мешіт ұстаған. 1920-1925 жылдары Шымкентте медицина фельдшері мамандығы бойынша білім алып Арыс аудандық денсаулық бөлімінде мед.фельдшер қызметінде, оқу ағарту істерін мешіттерде арабша дәріс берген көзі ашық кісі болған. Ол кісінің емдерінің бірі «БЦЖ - ВСГ» дәрісін жас өспірімдерге қолданған, ол дәрі бүгінгі таңға дейін медицина дәрігерлері «БЦЖ - ВСГ» вакцинасын қолданады, әлі күнге дейін орны бар дейді ел қариялары Қаржауов А., Махамбетов Ж., Ысқақов А., Алпысбаев У., Абулдаева С., Өтегенов Ж.Т., т.б. (Бекмурзаев Е.Е., Егізбаев А.Е., Айнақұлов Ж.Ә. жиендер) естелік сөздерімен баяндама, дін өкілдері дұға тілектерімен бата берді, Сихымбаев Т. жазықсыз жала Голощекин репрессиясына (НКВД) ұшыраған.

Тарихымызды қастерлей білетін Оңтүстік өңірінде еліміздің 10 жылдығына орай 2001 жылы 2 ші қарашасында Облыстық Саяси қуғын сүргін құрбандарының Музейі ашылды. Осы іс шараға үздік еңбек ардагері, бірнеше орден, медальдардың иегері Тұтқышбаев Әскер яғни әкеме сый құрмет көрсетілді Шымкент қаласында. Келер жылдары Даңқ Мемориалында Тұтқышбаев Құлан (әкеміздің ағасына) атамыздың аты алтын әріппен (ҰОС аттанған Ордабасылықтар) қағарында жазылған, Сихымбаев Тұтқышбай бабамыздың туып өскен Уялыжар (Бөржар а\о) көшесінің біріне «Сихымбаев Тұтқышбай» атындағы көше есімі салтанатты түрде ашып Облыстық, аудандық Ономастика басшылары, ауыл тұрғындардың қолдауымен берлігеннің куәсіміз. Оңтүстік Қазақстан, Айғақ, Ордабасы оттары т.б. газет журналдарда түрлі деңгейлерде БАҚ өкілдерімен (Сихымбаев Т., Тұтқышбаев Қ., Тұтқышбаев А. туралы тарихи деректер) мақалалар жазылып жарыққа шыққан. Соңғы өткен уақыттарға көз жүгіртетін болсақ, Ұялыжар ауылының тұрғыны Сихымбаев Тұтқышбай әлі күнге дейін ел қариялары, өз заманының қазақ зиялылары мен қарапайым тұлғаларының бірі ретінде ел-халқының жадында мәңгілік сақталатынына мәңгілік сенеміз.



Сурет – 1,2 Ата - Баба құрметіне «Сихымбаев Тұтқышбай» есімі, Бөржар ауыл округі көшесіне берілу, ашылу рәсімі, елдің ұрпақтарының қуанышысы мен халық жиылысынан көрініс.



Сурет-3. Бөржар а\о Ұялыжар ауылында «Сихымбаев Тұтқышбай» көшенің ашылу салтанатында ҚР Өн ұранынан және Мәдениет үйіндегі мерекелік жиналыстан көрініс ұлағатты ұстаз Ысқақов А, тыл және үздік еңбек ардагері Тұтқышбаев А, ұлағатты ұстаз Алпысбаев У, Бөржар ауыл округ әкімі Жолболды С. және ұлағатты ұстаз Абулдаева С.

Өткен тарихымыздың куәсі болған ата-бабаларымызды еске түсіріп қана қоймай, аялап жазықсыз жазаланған Зұлмат 30-ші жылдары ашаршылық және Қазақстанда «Саяси қуғын – сүргін құрбандарын» еске алу, боздақтарымызды ардақтап, есімдерін ел жұртқа таныта білсек, бабалар алдындағы парызымыздың аз да болса бір өтеуі болар еді деп «Алаш ардақтарына, Алаш арыстарына, Ата бабаларымның рухына» бас иіп тағзым етемін...Мақалалар «Елін сүйген азаматты ұмытпайық» Өткен күнде белгі бар.(С.Тұтқышбай Саяси қуғын сүргін құрбаны, тыл және еңбек ардагері А.Тұтқышбаев туралы) Ордабасы оттары қоғ.саяси апта.газет 6.02.2010.№6,7(6998-99),Ұлы Отан соғысының боздақ ардагері (ҰОС қайтыс болған Тұтқышбаев Құлан) атамыз.Тыл және ауыл шаруашылығы саласының үздік еңбек ардагері Тұтқышбаев Әскер әкеміздің әлі күнге дейін ел қариялары, өз заманының тұлғалардың бірі ретінде, «**Ерліктеріңізге мәңгілік тағзым етеміз**» бірге қызметтес болған ардагерлер ел-халқының жадында мәңгілік сақталатынына, мәңгілік сенеміз де жаңғырып сақталады – ұмытпайды. Бізде тарих көп ақ, ал Егеменді елімізге танылмаған тарихи қазақ зиялылары мен қарапайым халықтан құралған тұлғалы ата бабаларымыз одан да көп ақ...

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «**Президенттің әлеуметтік бес бастамасы**» барлық Қазақстандықтарға яғни көркейген Егеменді елімізге тамаша тарту болды. Соның ішінде 3-ші бастамада: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып,

студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» делінген болатын. Әсіресе студент-жастарға әлеуметтік жағынан қолдау көрсету мәселесіне ерекше тоқталды, ұдайы қамқорлық таныту мен сапалы білім беріп қана қоймай «Болашақ» кепілі білімді жастарды тәрбиелеу ісінде М.Әуезов ат. ОҚУ-ң алдағы уақытта басшылыққа алатын арнайы жоспарлар құрылған. Бүгінгі күні Тәуелсіз еліміздің көркейген шағында үнемі көп ұлтты халқымыздың игілігін арттырып, еліміздің тұрақты даму жолындағы Ұлы мақсат пен армандардың орындалуына серпінді жобалар жасалуда.

Қазіргі таңда студенттерге, жас жанұялық отбасыларға ұлттық өнегелі құндылықтарымызды жаңғырту, мәдениетімізді таныту, рухани – адамгершілікті нығайту, тарихи сананы қалыптастыру, тәуелсіз елімізді өркендетуде өскелең ұрпақты өз елін құрметтеуде, өзге елге танытуда барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Тәуелсіз Еліміздің халық қалаулылары мен құрметті зиялы азаматтардың іс – әрекеті, көпшіліктің пікірімен үндесіп, үлгі тұтарлықтай жетістіктерімізбен игі іс жасайтындарына, қоғамымыздың дамуына, болашақ ұрпақ үшін тарихымыздың гүлденуіне елеулі үлес қосатынына кәміл сенім білдіреміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Тұтқышбай И.А. «Елін сүйген ер азаматты ұмытпайық» Мәселе. Дөнгеленген дүние Респ.қоғамдық саяси газеті 25.02.2009.№48(168)

2. Тұтқышбай И.А. «Елін сүйген азаматты ұмытпайық» Өткен күнде белгі бар.(С.Тұтқышбай Саяси қуғын сүргін құрбаны, тыл және еңбек ардагері А.Тұтқышбаев туралы) Ордабасы оттары қоғ.саяси апта.газет 6.02.2010. №6,7(6998-99).

3. Тұтқышбай И.А. «Мақтан тұтамыз» Өмір өзен.(Ұлы Отан соғысының тыл және еңбек ардагері А.Тұтқышбаев туралы) Ордабасы оттары қоғамдық саяси апталық газет 19.05.2012.№22(7118).

4. Тұтқышбай И.А. «Соғыс жетімі» Өмір өзен.(С.Тұтқышбай Саяси қуғын сүргін құрбаны, Қ.Тұтқышбаев ҰОС ардагері, тыл және еңбек ардагері А.Тұтқышбаев туралы) Ордабасы оттары қоғ.саяси газет 21.03. 2015. №15 (7265).

5. Лаура Тастанбекова «Отан үшін от кешкендер» Жеңісті жақындатқандар. Жаңғырық.70 жыл ҰОС (Қ.Тұтқышбаев ҰОС ардагері, тыл және еңбек ардагері А.Тұтқышбаев туралы) Оңтүстік Қазақстан облыстық қоғ.саяси газет 15.06.2015.№91-92(19908).

6.Тұтқышбай И.А. «Әулеттің шежірелік анықтамалығы» (ҰОС –72 жыл, Тәуелсіздікке – 25 жыл, Ашаршылық оқиғаларына - 80 жыл, Саяси қуғын-сүргін, репрессияға – 80 жыл). Ордабасы ауд. Көпшілікке арналған кітапша. Шымкент, 2017ж.11 бет.Таралым 70.

**Аннотация:** В рамках программы «Духовное возрождение» прошлой осенью статья «Семь краев Великой степи» дала большой импульс духовному возрождению. Формирование национального исторического сознания, основанное на принципах программы «Духовное возрождение», - это укрепление казахстанской идентичности и единства, межнациональных отношений. Специальные планы работы, ежегодные встречи, круглые столы в районах, городах, регионах в рамках международного форума «Память для будущего» - «Уроки истории - дань уважения прошлому» - «Память во имя будущего» посвященный Дню памяти жертв политических репрессий и голода. Сихымбаев Туткышбай - фельдшер, в Арыском отделении здравоохранения работал, преподавал арабский язык мечетях, в сельском хозяйстве много лет проработал в колхозе. За годы работы фельдшером он был белым воротничком, муллой, который вакцинировал новорожденных от кори и впервые вакцинировал их против туберкулеза вакциной БЦЖ, спасая несколько сотен маленьких детей.

**Ключевые слова:**Корь, коклюш, политические репрессии - репрессии, тьма, Великая Отечественная Война.

**Abstract:** Within the framework of the program “Spiritual Revival” last fall, the article “Seven Lands of the Great Steppe” gave a great impetus to spiritual revival. The formation of national historical consciousness, based on the principles of the "Spiritual Revival" program, is the strengthening of Kazakhstani identity and unity, interethnic relations. Special work plans, annual meetings, round tables in districts, cities, regions within the framework of the international forum "Memory for the Future" - "History Lessons - Tribute to the Past" - "Memory for the Future" dedicated to the Day of Remembrance of the Victims of Political Repression and Hunger. Sikhymbaev Tutkysbay - medical assistant, worked in

the Arys department of health, taught Arabic in mosques, worked in agriculture for many years on a collective farm. Over the years as a paramedic, he was a white-collar mullah who vaccinated newborns against measles and vaccinated them for the first time against tuberculosis with the BCG vaccine, saving several hundred young children.

**Keywords:** Measles, whooping cough, political repression - repression, darkness, the Great Patriotic War.

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА HISTORY OF KAZAKHSTAN**

УДК: 95.18

**Найманбаев Б.Р.**

тарих ғ.д., профессор қызметі міндетін атқарушы.

«Орда» университеті. Шымкент, Қазақстан

### **ЧИСЛЕННОСТЬ И ПРИРОСТ НАСЕЛЕНИЯ ШЫМКЕНТА В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XXI ВЕКА**

**Аннотация.** В статье проводится детальный анализ изменения численности населения Шымкента, начиная с 1897 года, когда была проведена Первая Всеобщая перепись Российской империи, и до настоящего времени. Целью исследования является выявление динамики роста количества горожан, позволившее маленькому провинциальному городку стать одним из самых крупных мегаполисов в Республике Казахстан. Сегодня Шымкент является третьим по численности центром в РК после Алматы и Нур-Султана. Отмечается, что темпы роста численности населения города сегодня наиболее высокие по стране и опережают эти показатели по двум столицам. При этом именно в период независимости произошел особенно значительный рост горожан, что свидетельствует о развитии процесса урбанизации в одном из самых аграрных регионов страны – Южном Казахстане. В этом контексте оценка динамики роста численности населения Шымкента, базирующаяся на анализе данных целого ряда переписей и текущей статистики, представляется не только целесообразной, но и обладающей довольно высокой степенью новизны.

**Ключевые слова:** урбанизация, город, агломерация, мегаполис, городское население, численность населения, динамика роста, переписи населения.

**Введение.** Демографические ресурсы, одной из главных характеристик которых является численность населения, в полной мере определяют успех социально-экономического развития страны. Их роль особенно возрастает в переломные периоды истории, в то время когда государство решает задачи модернизационного прорыва. Прежде всего, это относится к городскому населению, так как именно города должны стать «точками роста» в реализации задач индустриально-инновационного характера в условиях развертывания Четвертой промышленной революции. Исторически Казахстан являлся аграрной страной с подавляющим большинством сельского населения. В процессе советской модернизации, усилившей урбанистические тенденции, произошло превращение в аграрно-индустриальную республику. В настоящее время уровень урбанизации в стране достигает средних показателей, составив 57,6 %. Три города – Алматы, Нур-Султан и Шымкент являются городами-миллионниками, вокруг которых формируются агломерации, активно влияющие на формирование городского типа мышления среди сельских жителей. Расположенный в центре региона с самой высокой численностью населения, Шымкент обладает огромным потенциалом для развития. При этом Туркестанская область имеет самый низкий уровень урбанизации в Казахстане. В связи с этим планы правительства по ускорению темпов урбанизации в слабо урбанизированных регионах должны создать условия для роста численности городского населения в области и способствовать дальнейшему развитию этого тренда в Шымкенте.

**Теоретический анализ.** Историческая демография представляет собой одно из основных

направлений теории народонаселения. Исследования историко-демографического характера включают изучение:

«-исторической динамики изменения численности населения, системы расселения, плотности, состава, естественного и механического движений;  
- исторической эволюции демографических процессов;  
- исторической обусловленности демографического развития региона и вместе с тем роли демографических факторов в истории народонаселения» [1].

В.А. Борисов среди основных демографических процессов ключевую роль отводит динамике изменения численности населения [2].

Историко-демографический анализ претерпел несколько этапов развития – от эмпирических умозаключений и интерпретации отдельных фактов и событий до «подлинно научного исследования проблем народонаселения» [3, с. 20].

Воспроизводство населения и изменение его численности – это важнейшая часть демографического процесса, поскольку любое государство заинтересовано в собственном развитии, в увеличении трудовых ресурсов и человеческого потенциала. Современный уровень развития общества привел к пониманию ценности человеческого капитала, который является источником и целью развития.

В социально-экономическом развитии и росте конкурентоспособности государства важную роль играют города и городское население, наиболее активно участвующее в производственной, инновационной и технологической деятельности. А.Г. Вишневецкий отмечает тесную связь и взаимозависимость процесса урбанизации с пониманием ценности качественных трудовых ресурсов. «Развитие производства привело к возникновению густонаселенных промышленных центров, крупных городов, а быстроеразвитие техники повысило экономическую ценность человека. Если на ранних стадиях развития промышленного капитализма широко использовался труд детей и женщин, то на более поздних его стадиях низкая квалификация работников превратилась вторым тормозом технического прогресса. На смену системе эксплуатации неквалифицированной рабочей силы пришел новый подход к ее качеству, потребовавший затрат на ее воспроизводство и сохранение [4].

В Казахстане историко-демографические исследования получили большое развитие с конца 1980-х годов и сегодня достигли достаточно высокого уровня, охватив весь спектр демографических вопросов. «Стали открываться новые грани в освещении и определении важных вопросов демографической истории Казахстана. Исследователи стали переосмысливать проблемы демографии Казахстана, а многие из них рассматривались впервые» [5]. Среди них важное место занимает изучение проблем градостроения, развития городского населения и изменения его численности на протяжении длительного исторического времени.

**Практическая часть, результаты и обсуждение.** Казахстан исторически представлял аграрный край, в котором преобладало сельское кочевое население. Из более чем четырех миллионного населения только чуть больше 450 тысяч являлись городскими жителями. К концу 19 века на его территории существовало несколько городов, зародившихся еще в глубокой древности и был создан ряд городов, население которых было совсем небольшим. Самым крупным городом был Уральск, в котором проживало 36400 человек, на юге Казахстана наибольшей численностью обладал Верный со 22700 жителями. В Чимкенте насчитывалось всего 11194 жителей, из которых мужчины составляли 6185 чел. и 5009 женщины. [6].

В начале XX века усилился процесс колонизации Южного Казахстана и в процессе Столыпинской реформы в край стали прибывать переселенцы из российских губерний. Это серьезно отразилось на росте численности населения Чимкента, которое выросло до 17 000 в 1908 году и до 19000 в 1913 г. Затем первая мировая война, восстание 1916 года, октябрьская революция и гражданская война привели к сокращению численности горожан. Резкий рост населения в Чимкенте пришелся на период между 1926 и 1939 годом, когда оно увеличилось до 74 тысяч человек.

На рисунке 1 представлена динамика изменения численности горожан в советский период, основанная на данных переписей 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 годов.






Рисунок 1. Динамика изменения численности населения Чимкента по переписям 1939-1989 гг. [7-10]

С 1939 года идет постоянный рост численности населения Чимкента. По данным переписи 1970 года по сравнению с 1959 годом количество горожан увеличилось на 94 000, в 1979 в сравнении с 1970 г. – более чем на семьдесят четыре тысячи. Последняя советская перепись, прошедшая в 1989 г., зафиксировала число жителей города в 392 971 чел., что на 71 436 человек больше чем в 1979 году. В целом количество населения в Чимкенте за время с проведения Первой Всеобщей переписи 1897 года по 1989 год выросло в тридцать с лишним раз. Из поселения, по современным меркам, относящимся к малым городам, он превратился в довольно крупный промышленный и образовательно-культурный центр Казахстана.

Наиболее быстрый рост численности населения города происходит в период независимости РК. Если на протяжении столетия количество горожан достигло 405 500 чел. по данным за 1992 год, то к 2019 году, всего за 28 лет суверенного развития оно перевалило за миллион. В 1992 году была изменена русская транскрипция названия города на казахскую. Теперь город официально носит наименование Шымкент. Проследим динамику развития его населения с момента обретения суверенитета и по настоящее время.

Как видно из рисунка 2, скачок в увеличении численности населения Шымкента наблюдается дважды. Первый произошел в период между 1999 и 2009 годами, второй последовал сразу – между 2009 и 2018 годом. За время между двумя переписями Республики Казахстан рост горожан составил 179 700 чел., а между 2009 и 2018 гг. этот показатель превысил 336 тысяч человек. Увеличение численности городских жителей в Шымкенте произошло в результате принятия в 2006 году Стратегии территориального развития РК до 2015 г. В этом документе было предложено «отказаться от выравнивания условий жизни в городах и сфокусироваться на городах - «полюсах роста» [14]. К числу таких городов, которые должны стать точкой индустриального роста для всего Казахстана и Южного региона, в частности, был отнесен Шымкент.




Рисунок 2. Динамика роста населения Шымкента с 1992 по 2020 год (чел.) [11,12,13]

В июле 2011 года была принята Прогнозная схема территориально-пространственного развития страны до 2020 г., которая развила положения о городах, как точках роста и дала рекомендации по оптимизации концентрации населения в наиболее перспективных регионах. В качестве главных движущих сил и катализаторов прогресса в мировом развитии выступают такие факторы, как рост городов и агломераций. Это актуально не только для развитых государств, но и для развивающихся, особенно проходящих путь к постиндустриальной экономике. В Казахстане, совершающем Третью Модернизацию, такое решение развития страны имеет особую значимость. Более того, как государство с небольшой численностью и низкой плотностью населения, РК должен определить наиболее перспективные с этой точки зрения города и регионы. Наибольшая плотность расселения по стране имеется в южном регионе, но большинство его населения составляют сельские жители. Причинами низкой урбанизации в Казахстане названы следующие факторы:

«1) медленный темп развития промышленного производства (тенденция сокращения объема промышленного производства в натуральном выражении);

2) медленный переход экономики городов на постиндустриальный тип (в связи с отсутствием перспективной работы многие жители малых и средних городов мигрируют в другие более крупные города и регионы страны);

3) неразвитость межрегиональных и внутренних инфраструктур, соединяющих главные города региона с сельскими территориями, также можно отнести низкий уровень инфраструктуры в городах, которые принимают мигрантов;

4) показатель миграционного оттока сельского населения» [15].

Для реализации поставленных задач по построению постиндустриальной экономики планируется сосредоточить в городах до семидесяти процентов населения. Также предполагается формирование нескольких урбанистических центров мирового уровня, одним из которых должен стать Шымкент.

Оптимальная политика территориально-пространственного развития заключается в определении классификации регионов страны. Среди них выделяются города первого уровня. Шымкент в Прогнозной схеме территориально-пространственного развития Казахстана отнесен к этой категории, которая означает его позиционирование как агломерации и хаба. Согласно документу агломерация – это «урбанизированное скопление близко расположенных населенных пунктов вокруг» [15] центрального города. Эти поселения должны быть объединены в общем экономическом и культурном пространстве, стремящемся к полному слиянию. На сегодняшний момент Шымкентская агломерация является второй по размерам и численности населения, втянутого в ее орбиту, после Алматинской.

Кроме того, Шымкент является и хабом не только на региональном, но и на национальном уровне, развиваясь как торгово-логистический и транспортный центр. Перед ним стоит задача занять серьезные позиции в пространстве Казахстана как и финансовое, кадровое и научно-технологическое ядро.

**Кіріспе.** Ірі қара малдардың (сиыр, тана-торпак), уақ малдардың (қойды, ешкі) бруцеллезден, туберкулезден сау шаруашылықтарда сақтандыру кезінде өзіне тән көптеген ветеринарлық санитарлық сақтандыру іс шаралары, диагностикалық ғылыми-зерттеулер(екпе жұмыстары көктемгі, күзгі ветеринарлық шаралар) жұмыстар атқарады.

Ірі қара малын бруцеллезге қарсы антиденені анықтау үшін серологиялық тесттердің (КБР, КҰБР, АР, РБС, СР, ИФТ) сезімталдығы салыстырмалы зерттелді. Нәтижесінде ірі қара бруцеллезін балау үшін Сайдұлдин реакциясының жоғары сезімталды тест екендігі анықталды. Оның нәтижесі АР, КҰБР және РБС қосынды көрсеткіштерінен асқандығы дәлелденді. СР мен ИФТ оң нәтижелері толық сәйкес келді. СР диагностикалық тесттер кешенін (АР, КҰБР, РБС) ауыстыра алады.

Республикамызда малдарды бруцеллез ауруына қарсы тексеру 2004 жылғы ветеринария Департаменті бекіткен әдістемелік нұсқау бойынша серологиялық реакцияларды розбенгал антигенмен пластинкадағы агглютинация реакциясы (ПРА), агглютинация реакциясы (АР), комплементті байланыстыру реакциясы (КБР), комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР), сүтті сақиналы реакциясы (СР), сонымен бірге иммуноферменттік анализ (ИФА) реакцияларын қолдану арқылы жүргізіледі.



Сурет 1. Түрлі ауылшаруашылық жануарларының бруцеллезін анықтауға арналған иммунферментті тест жүйесі.

Иммунологиялық зерттеулермен серологиялық диагноз, қою кездерінде тиісті антигендермен антителаларды анықтау үшін әртүрлі реагенттер қолданылады. Антителалық эритроцитарлық сарып диагностикумдарын дайындау үшін, әртүрлі химиялық байланыстырғыш агенттер қолданылады. Кейбір малдарда сарып ауруы көбінесе жасырын түрде өтеді. Соған байланысты алғашқы кездерде аурудың клиникалық белгілері тұрақсыз, белгісіз және әр малда әртүрлі болып келеді. Төменде сол агенттердің көмегімен күшті, сезімтал әрі өзіндік тән антителалық сарып диагностикум дайындау жолдары көрсетіледі [1].

Арнайы бекітілген нұсқау бойынша, мал туберкулезінің негізгі балау әдістеріне терішілік туберкулин сынамасы, патологоанатомиялық және бактериологиялық зерттеулер (аудандық, облыстық зертханалық орындарда) жатады.

Туберкулезді алдын-алу үшін арнаулы нұсқауда көрсетілген шараларды уақытында жүргізіп, жылына екі рет осы кеселге балау жұмыстарын жүргізу тиімді. Себебі, барлық ауру малдардың сау малдардан ертерек бөлектеп, аурудың одан әрі дамуына мүмкіншілік бермеуге және жекеше малдары бар тұрғындар арасында туберкулезбен залалдануына жол берілмейді.

Біздер 2005ж. «Туберкулезден таза шаруашылықтарда (түрлі шаруа қожалықтарында) ірі қара малдарды кеселден сақтау шараларына арналған» ұсыныстарды даярлағанбыз [2]. Сонда ірі қара туберкулезі бар шаруа қожалықтарында туберкулездің алдын-алу, балау кестесін берген едік.



Сурет 2. Ірі қара малдарға (сиыр, тана-торпақ) қолданылатын сүт коректілерге арналған ППД туберкулині.

Туберкулиннің дозасы сүтқоректі жануарларға 0,2 мл, маймыл мен күзенге және құстарға 0,1 мл. Реакцияны сиырда, буйволда, зебуда, түйеде, маралда, бұғыда 72 сағаттан соң, ал қой, ешкі, ит, маймыл, терісі бағалы аңдарда – 48 сағат, құстарда – 30-36 сағат өткен соң сепке алады.



да, нәтижесін «оң» немесе «теріс» деп бағалайды.

**Теориялық талдау.** Ализарин БС көгілдірін қолдану әдісі. Бұл әдіспен сарып антителалық диагностикумдарын алу үшін алдымен 10 % -тік Вайнбах тәсілімен формалинденген эритроциттерді бір рет 0,85 %-тік хлорлы натр ерітіндісімен жуып алады. Бұл жерде бір ескере алатын жайт ол алдын ала ализарин БС көкшілін суда ерітіп қағаз сүзгіден өткізіп алу қажет.

Содан соң иммунды сарысудың 1:50, ализарин БС көкшілінің 0,15%-тік ерітіндісін және 10%-тік эритроциттерді бірдей көлемде алып тқз араластырады да су моншасында 45С температурада 1сағат уақыт ұстайды.

Эритроциттермен антителалардың байланысын бекіту үшін, қоспаға 1%-тік формалин қосып қосымша сол 45С температурада 30 минут ұстау керек. Эритроциттердің кірпікшелерімен байланыспай қалған антителаларымен ализарин БС көгілдірінің қалдықтарын 8 рет үлкен көлемдегі физиологиялық ерітіндімен 4 мәрте жуып тазартады [3].

**Тәжірибелік бөлім.** Хром хлоридінің көмегімен антителалық диагностикум дайындау.

Формалинденген 30% -тік эритроциттердің 1 көлеміне, 1:40 қатынасында иммунды сарысудың 5 көлемінен араластырып 20 температурада 5-6 минут ұстайды. Эритроциттермен байланыса алмай қалған антителалар мен хром хлоридінің қалдықтарын антазарту үшін 3 рет 1:200 қатынастағы жылқы сарысуы қосылған 0,85%-тік хлорлы натр ерітіндісімен жуады.

Глутар альдегидінің көмегімен антителалық диагностикум дайындау әдісі.

10%-тік формалинденген эритроциттердің 5 көлеміне, соншама көлемінде сарып сарысуын және 1 көлем 2,5% -тік альдегид ерітіндісін қосып, арасластырып, 120-180 минут 45С температурада ұстайды. Содан соң үш рет буферленген 0,85%-тік хлорлы натр ерітіндісімен жуады.

Риванолдың көмегімен эритроциттерге антителелерды отырғызу.

Вайнбах әдісімен формалинденген 2,5%-тік эритроциттердің 2 көлеміне 1 көлем 0,02%-тік риванол ерітіндісін араластырып 45С температурадағы су моншасында 100 минут уақыт ұстайды. Осылайша дайындалған антителелық диагностикумды буферленген құрамында 1:200 қатынаста жылқы немесе қоянның теріс сарысуы бар 0,85%-тік хлорлы натр ерітіндісімен үш-төрт рет жуып шығады. Біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыз осылай жүйелі түрде жүргізілді [4].

Туберкулезге тән емес реакция көбінесе қыс мезгілінде, жаз айларында алғаш жайылымға шыққан немесе жоңышқаны алғашқы көк күйінде азықтандырғаннан кейін кеселге тексергенде байқалады, әсіресе бұл жағдай 4-6 жылдық аналық малдар арасында жиі кездеседі. Оған қоса микобактерияның атипикалық не сапрофиттік түрімен залалданған немесе өкпе мен бауырда берімшек (эхинококкоз) болған жағдайда ағзалардағы әр түрлі іріңшелер, желінсау, некробактериоз болған жағдайда кездеседі. Мұндай малдарда терінің ісінуі онша анық емес, тері қатпарларының қалыңдығы 3-5 мм-ден аспайды, саусаққа әсері қатты болғанмен ауыртпайды. Мұндай малдардың аллергиялық реакциясы 96 сағаттан кейін қайта тексергенде 2-3 мм төмендеп, көбінесе реакциясы теріске түседі [4,5].

Міне осы олқылықтарды толтыру мақсатымен әрі реакциялардың тәнділігін ажырату үшін иегерлердің жұмысына сүйене отырып, көздің кірпік асты сынама әдісін қолдандық.

Туберкулез кеселге 1100 ірі қара малды туберкулезге тексердік. Ол үшін ППД сүт коректілер туберкулинін 5000 ХБ мөлшерінде және Қазақ ҒЗВИ туберкулез бөлімінде даярланған ППД құс туберкулинін қатар егіп зерттедік. Сонда 18 (1,2%) бас сиыр тек құс туберкулиніне әсерленді. Терінің орташа ісінуі  $4,7 \pm 1,1$  мм. Бұл малдарды бөлектеп 17 күн өткен соң астыңғы кірпіктен 1,5-2 см төмен тері ішіне 0,2 мл туберкулинді 10000 ХБ бойынша енгізіп, сынамаладық. Реакцияны 24, 48, 72 сағат аралығында егілмеген көздің кірпігімен салыстыра отырып бақыладық. Егерде егілген көздің ісігі, бақылаудағы көзден кәдімгідей ісінсе, ондай реакцияны оң деп, реакцияны крестпен белгіледік. Егерде ісіктің көлемі «+» не «++» болса мал әсерленбеген, ал «+++» не «++++» болған жағдайда әсерленген деп санаймыз

**Нәтижелер мен талқылау.** Соңынан эритроциттерді 2,5%-тік етіп тағайындап реакцияға қолдана береді. Танинді қолдану арқылы антителелық диагностикум дайындау.

Бұл әдіс екі сатылы. Сондықтанда алғашқы сатысында 5%-тік формалинденген эритроциттердің 1 көлеміне сондай көлемдегі 0,005%-тік танин ерітіндісін қосып 15 минут уақыт 37°С температурада әрекеттестіреді. Содан соң, эритроциттерді екі рет 0,85%-тік хлорлы натр ерітіндісімен жуып, таниннің қалдығынан арылтады. Содан соң, өңделген эритроциттердің концентрациясын физиологиялық ерітіндіні көмегімен 5%-тік жеткізіп алады.

Екінші сатының шарты бойынша 5%-тік эритроциттердің 1 көлеміне, 1:100 немесе 1:150 қатынастағы сарып сарысуының 1 көлемін өсып мұқият араластырып, 50С температурада 60-80 минут ұстайды. Мұндада антитела отырғызылған эритроциттерді үш рет жуғаннан соң реакцияға қолдана беруге болады.[5,6]

Сарып антителелық диагностикумын амидолдың көмегімен алу жолы.

Бұл әдіс, сарып антителалық диагностикумдарын дайындау жолындағы өте сенімді әдістердің бірі болып саналады. Амидол фенол группасының өкілі. Химиялық қасиеті жағынан белоктарды бір бірімен байланыстыра алатын қабілеті бар. Сондықтанда амидолдың көмегімен сарып антителаларын немесе гамма глобулиндерді эритроциттермен байланыстыру әдісімен іске асыруға болады [6,7].

Тері ішілік сынамаға әсерленген 18 малды кірпіктің астына егу әдісіне әсерленбесе де, сойысқа жібердік. Шаруашылықтың сойыс пунктінде, комиссия мүшелерінің қатысуымен, ветеринариялық тәртіппен саралағанда олардың ішкі ағзалары мен бездерінен туберкулезге тән өзгерістер табылмады. Биосынамаларды зертханалық тексергенде небәрі бір ғана туберкулездің құс түрі бөлініп алынды. Сондықтан ауылшаруашылық малдарының ішінен ірі қара малдардың (сиыр, тана-торпақ) кірпіктің астына егудің тиімділігін, нақтылығын көзімізбен көрдік, әрі сол бақылау-тәжірибе жүргізген шаруашылықтың кеселден таза екендігі дәлелденді [7].

**Қорытындылар.** Бруцеллез ауру жоқ шаруақожалықтарында малдардың бұл індетке шалдықпауын қамтамасыз ету үшін ең бастысы малдәрігерлік санитарлық және зоогигиеналық тәртіпті қатаң жүргізу керек. Мәселен, әрбір мал өсіріп сүт өндіретін қожалықтардағы малдар (ірі қара, қой, ешкі) екінші бір қожалық малдармен қосылып кетпес үшін сыртынан шарбақпен қоршалуы тиіс. Фермаға кіріп шығу үшін малдәрігерлік санитарлық өткізгіш пункті жасалынуы керек. Ол үшін фермаға кіретін жерден машина тракторлардың доңғалағын зарарсыздандыратын дарбазаның енімен бірдей, ұзындығы 10 метр тереңдігі 40 см етіп цементтелген дезкедергі шұңқырлары жасалынады. Ондай шұңқырларды, дезинфекциялайтын ерітіндімен (3%формальдегид 3% -тін каустикалық сода және 10-15%-тік астұзы) толтырып отырады. Сол сияқты, фермаларға және де мал қораларына кіретін дәліздерге ұзындығы 1,5тереңдігі 15см етіп дезинфекциялайтын кілемше төселінеді.

Бруцеллез ауруынан сақтандырудың ең басты шарттарының бірі ол отардағы (табындағы) малды жаңадан әкелінген малдармен арнайы нұқсауларды басшылыққа алу болып саналады. Табынды тек ғана сарыптан сау шаруашылықтан алынған малдар мен немесе сол шаруашылықтың өзіндегі сарыптан сау жетілген қозылар немесе бұзауларды қосу арқылы толықтыруға рұқсат етіледі.

Қорыта келгенде, кеселден таза шаруа қожалықтарында бірінші рет тері ішілік сынамаға әсерленген малдарға балауды нақтылау үшін кірпіктің астына туберкулин жіберіп, туберкулезге тән емес реакцияны ажыратуға болатындығы, соның арқасында сау малдарды себепсіз союдан және туберкулезге қарсы шараларды жүргізуге кететін шығындардан сақтайды. Микобактерияның атипикалық, құс және басқа құрт ауруымен зақымданған ірі қара мал бұл сынамаға реакция бермейді. Бұл шешім институттың ғылыми кеңесінде ғалымдармен талқыланып, бекітілгеннен кейін Ауылшаруашылық министрлігінің Ветеринария Комитетіне өндіріске ендіруге ұсынылды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Жұмаш А.С., Тұтқышбай И.А.Үй жануарларын түрлі кеселден сақтайық. Алматы, 2013ж. 33 б.

2 Тұтқышбай И.А., Жұмаш А.С. Туберкулезден таза шаруашылықтарда (түрлі шаруа қожалықтарында) ірі қараны кеселден сақтау шараларына арналған. Әдістемелік ұсыныстар.– Қаз.ҒЗВИ.Алматы,2005, 13 б.

3 Жұмаш А.С. «Малдан және сыртқы ортадан алынған материалдарды зертханада, туберкулез және микобактериозға зерттеу: әдістемелік ұсыныстар/ т.б. Алматы, 2007ж.14б.

4 Жанбырбаев М. Үй жануарларының сарып ауруын жедел балау тәсілдері . Монография, Шымкент 2004ж.. 103б.

5. Сұлтанов А.А., Түргенбаев Қ.А. т.б. Мал туберкулезі мен бруцеллезі кезіндегі ветеринариялық санитариялық іс шаралар жөніндегі ұсыныстар. Алматы 2005ж. 14 бет.

6 Тутқышбай И.А.,Жанбырбаев М.Ж., Тен В.Б., Жұмаш А.С. и др. Методы и средства борьбы с инфекционными и паразитарными болезнями животных.

Рекомендация. Шымкент. 2005ж. 12 б.

7 Туткышбай И.А. Әр түрлі шаруашылықтарда ірі қара малды туберкулезден сақтандыру шаралары. Автореферат, Алматы 2006ж. 30 б.

**Аннотация:** Гораздо проще проводить ветеринарно-санитарные профилактические мероприятия (санация помещений и территорий ферм), чем лечить бруцеллез и туберкулез сельскохозяйственных животных и птиц. Поэтому выгоднее предусмотреть пути не включения возбудителей микобактерий бруцеллеза и туберкулеза в сельские округа, различные хозяйства. Поэтому на каждой животноводческой ферме, фабрике и в сельских округах, населенных пунктах строго соблюдаются правила нераспространения этих заболеваний, все молочно-товарные фермы должны быть документированы (ветеринарные паспорта и т.д.) в соответствии с принятой ветеринарной формой. Вокруг сельскохозяйственных животноводческих ферм, фабрик должно быть сплошное ограждение, при входе должен быть установлен проводник ветеринарных санитарных мероприятий (дезинфекционный барьер, ветеринарный блок), выполняющий функции ветеринарной санитарии для всех прибывших лиц (работников, рабочих) и транспорта. При входе, выходе из данного проводника (ветеринарный блок-пост) специальное место регистрации должно быть обеспечено необходимым оборудованием для хранения, стирки, замены одежды, обуви, душем и санитарной системой. Все работники, непосредственно обслуживающие сельскохозяйственных животных и птиц, благополучных, неблагополучных по бруцеллезу, туберкулезу хозяйствующих субъектов, обязаны выполнять минимум правил личной гигиены, с которым их обязаны ознакомить медицинские и ветеринарные работники.

**Ключевые слова:** бруцеллез, тест, туберкулез, крупный рогатый скот, птица, туберкулин, микобактерия, вакцина.

**Abstract:** It is much easier to carry out veterinary and sanitary preventive measures (sanitation of premises and territories of farms) than to treat brucellosis and tuberculosis of farm animals and birds. Therefore, it is more profitable to provide ways not to include pathogens of mycobacteria brucellosis and tuberculosis in rural districts, various farms. Therefore, at each livestock farm, factory and in rural districts, settlements, the rules of non-proliferation of these diseases are strictly observed, all dairy farms must be documented (veterinary passports, etc.) in accordance with the accepted veterinary form. Around agricultural livestock farms, factories should be a solid fence, at the entrance should be installed a conductor of veterinary sanitary measures (disinfection barrier, veterinary unit), performing the functions of veterinary sanitation for all arriving persons (workers, workers) and transport. At the entrance, exit from this guide (veterinary checkpoint), a special registration place must be provided with the necessary equipment for storing, washing, changing clothes, shoes, a shower and a sanitary system. All employees who directly serve farm animals and birds, well-off, unfavorable for brucellosis, tuberculosis of economic subjects, are required to comply with the minimum rules of personal hygiene, with which they are required to familiarize medical and veterinary workers.

**Keywords:** brucellosis, test, tuberculosis, cattle, poultry, tuberculin, mycobacterium, vaccine.

ӘОЖ: 636.254

**Дауылбай Ә.Д., Айтқұлова Р.Ә., Қудасова Д.Е.**

а/ш.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

х.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **ІШКІ ТҰҚЫМДЫҚ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОСЫНЫҢ ТҮРІНДЕГІ КҮЙІК ҚОЙЛАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК САПАЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ**

**Түйін:** Бұл мақалада ішкітұқымдық Оңтүстік қазақ мериносының түріндегі күйік қойларының өнімділік сапалылығы берілген. Қойлардың сүттілігін және сүтінің химиялық құрамын зерттеп анықтау үшін, екі топтан бір-бірден қозысы бар 5 аналық қой алынды. Сүттілігін, қозыларды туа салысымен, әрбір қозыны еміп болғаннан соң бөліп алып есептеп, анықтадық. Қозыларды енесіне алғашқы бес күнде тәулігіне төрт реттен емізіп алдық, оны әрбір алты сағат сайын қайталап, одан соң үш ретке көшітік. Аналық қойлардың сүттілігін, қозыларды емізуге дейін және одан кейін өлшеу жолымен анықтадық, олардың тірі салмағының айырмашылығын емген сүттің мөлшеріне қарап есептедік. Сондықтанда ел ахуалын арттыру мақсатында негізгі шикізат көзі болып табылатын қойдың сүттілігін алғашқы екі тәуліктегі уыздық кезеңіндегі 2 күнде жүргіздік, және 1,2,3 және 4 айдың соңында есептедік. Қозыларды әрбір емізу кезінде желін арқылы химиялық талдау үшін сынама алынып отырды, бұл жағдайда желінді сығымдап аздаған мөлшерде сүт алынды. Уызды химиялық сынамадан өткізу үшін, қозыларды емізудің алдында алдық. Сүттегі құрғақ заттардың мөлшерін оларды кептіру арқылы анықтадық, май мөлшерін бутирометрикалық әдіспен, жалпы ақуыз мөлшерін Къельдал әдісі бойынша анықтадық. Жүннің өнімділігін және жүннің сапасын, бонитирлеу нәтижесі бойынша және жүнді қырыққан уақыттағы жеке есептеу бойынша анықтадық, оның нақтылығы 0,1 кг-ға дейін болды.

**Кілт сөздер:** өнімділік сапалығы, химиялық құрамы, тәуліктік сүттілігі, Къельдел әдісі, химиялық талдау, уыздылық, жүннің өнімділігі.

**Кіріспе.** «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында ел экономикасын дамытудың бір жолы ауыл шаруашылығын жаңғырту екенін айтқан болатын. Елбасы ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздан келетінін, ал ол үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болатынын атап өтті. Рухани жаңғыру – ұлттық экономиканы дамыту кепілі ретінде қой шаруашылығы - қазақ халқының ежелден келе жатқан тарихи дәстүрлі мал шаруашылығының саласы. Халқымыздың тұрмыс тіршілігі, күнкөріс көзі қой шаруашылығымен тікелей тамырласып жатыр. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген сөздерде терең ұғым бар. Мүшел жыл санауда қой жасы 8-ді құрайды. Қой киелі түліктің бірі. Оның пірі - «Шопан ата» (кейде «Қошқар ата») деп аталады. Сондықтан бабаларымыз Шопан атадан тілеу тілегенде «малды берсең, қойды бер» деп өтінген. «Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - ақжаулық, үшінші байлық - он саулық» деген ұғым қойға қатысты. Он саулықтың басын құрайтын кәсіптің иесі - қойшы (шопан). Әлемдік нарықта меринос қойының жүні үлкен сұранысқа ие, ол жыл сайын әдеттегі жүнмен салыстырғанда 2-3 есеге дейін қымбаттап отырады [1].

Қазақстандағы меринос жүні биязы жүнді қой тұқымынан өндіріледі, оларға қазақтың биязы жүнді қойы, архар-мериностық, Оңтүстік-Қазақстандық және Солтүстік Қазақстандық мериностар жатады, олардағы жүндердің сапасы жөнінен бірқатар кемшіліктері болады. Оларға, жуылған талшықтардың ұзындығының бірдей болмауы және талшықтардың жіңішке болуы, шайырлардың сапасыз болуы, ширатылып тұруының бірдей болмауы, көп жуылып кетуі және штапелдің ластанып қалуы жатады [2-3].



Сурет 1. Күйік тұқымішілік типінің қошқары

Республикадағы биязы жүннің технологиялық сапасын жақсарту мақсатында, биязы жүнді саулықтарды шетелдік қошқарлармен будандастыру жұмыстары басталды.

Түркістан облысы мериносының аналықтары Түркістан облысының таулы, жартылай шөлді, тау етектеріндегі жайылымдарға жақсы бейімделген, оларды Австралиядан әкелінген полварс тұқымының қошқарларымен будандастырдық, олардың жүндері өте сапалы талшықтардан тұрады [4,5].

Жүн көрсеткіштерінің сапасын жақсартуға бағытталған, Түркістан облысының мериносының саулықтарымен жүргізілген секлекциялық жұмыс, таза ұрықтық көбейту жолмен де және оларды австралиялық полварстармен будандастыруды ендіру жолымен де жүргізілді [6,7].

Түркістан облысының жаңа нарықтық жағдайында, бұл алынған будандардың асыл-тұқымдық және шаруашылыққа пайдалы ерекшеліктері зерттелді, бұл жүннің өнімділік жағдайына байланысты болды. Дегенмен, әлі де болса, саулықтардың сүт өнімділігі, олардың еттілігі және еттік сапасы, қозылардың туғаннан бастап біржарым жасқа дейінгі жағдайлары толық зерттеліп болған жоқ. Осыған байланысты ТОМ өнімділігі жоғары, жас және арзан қой етін өндіретін, сапалы меринос жүнін беретін отарларын жасау өзекті жұмыс болып табылады [8,9].

**Зерттеу әдістері.** Жұмыстың тәжірибелік бөлімі Түркістан облысындағы Қазығұрт ауданының «Қарабау» деп аталатын «Элиттік тұқымдық шаруашылығында» ЖШС орындалды, ал зертханалық зерттеулер-қой шаруашылығы өнімдерінің сапасын зерттейтін және стандарттайтын зертханада, «Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» филиалында, «Қазақтың мал шаруашылығы және азықтық өнімдері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, ҚР АШМ, 2020 және 2021 жылдар аралығында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде Түркістан облысының мериносының күйіктік ішкі тұқымдық типтегі саулықтары алынды.

Тәжірибелер, зерттеуге сәйкес типтегі саулықтардың бір отарында жүргізілді (1 класс, 261 бас). Саулықтардың сүттілігін және сүттің химиялық құрамын анықтау үшін, екі топтан, бір – бірден қозысы бар 5 бас саулық бөлініп алынды. Сүттілігін есептеу үшін, қозыларды туа салысымен, әрбір емізгеннен кейін бөліп алып жүргіздік. Қозыларды енесіне тәулігіне төрт реттен жіберіп отырдық, яғни алты сағаттан кейін, одан соң 3 реттен жіберіп отырдық.



Сурет 2. Тәжірибедегі жұптаудан алынған қозылар



Сурет 3. Жайылымда жүрген аналық саулығымен

Саулықтардың бір тәуліктегі сүттілігін, қозыларды емізуге дейін және емізгеннен кейін таразыға тартып отыру жолымен анықтадық, бұл жердегі тірі салмағына қарап, қозының қанша сүт емгенін есептеп отырдық.

Сүттілігін есептеуді уыздық кезеңнің алғашқы екі тәулігінде жүргіздік, және 1,2,3 және 4 айдың соңында есептеп отырдық. Қозыларды емізген сайын химиялық талдауға арналған сынаманы емшек арқылы алып отырдық, желінді сығымдап аздаған сүт алдық. Уыздық химиялық сынаманы қозыларды емізудің алдында алдық.

Сүттегі құрғақ заттардың мөлшерін кептіру жолымен анықтадық, май мөлшерін бутирометрикалық әдіспен, жалпы ақуыз мөлшерін Къельдал әдісі бойынша анықтадық.

Жүннің өнімділігін және сапасын бонитирлеу нәтижесі бойынша және жүнді қырқу кезіндегі жекелеген есеп бойынша нақтылығы 0,1 кг дейін етіп есептедік.

Қозылардың өсуін және дамуын, оларды таразыға тартып зерттедік, туа салысымен және 2,4,6,8,12 айлық және 18 айлық жасында өлшеп анықтадық.

**Зерттеу нәтижелері мен талдау.** «Күйік» асыл тұқымды зауытындағы ұзаққа созылған және мақсатты бағыттағы селекциялық-тұқымдық жұмыстардың нәтижесінде, қазақтың құйрықты қойын жаңа кавказдық тұқымдық қошқарларымен будандастыра отырып, кеңестік меринос, кавказдық, ставропольдық және грознендік тұқымдармен будандастырып қажетті типтегі күрделі буданды алдық, сөйтіп ОҚ мериносының ішкі тұқымдық күйіктік түрі жасалды. Түркістан облысының Қазығұрт ауданындағы «Қарабау», «Элиттік тұқымдық шаруашылығында» ЖШС алынған саулықтар ең алдымен бұрынғы «күйік» асыл тұқымды зауытынан алынды, бұл жер өнімділігі жоғары саулықтарды өсіру жөнінен жетекші сала болып табылады, бұл жерден «күйіктік ішкі тұқымдық типтегі» Түркістан облысының мериносы өсіп шықты.

Бұл шаруашылықта өсірілген саулықтардың өнімділігі келесідей сипатта болды (1 кесте).

Кесте1. «ЭСХ Қарабау» ЖШС күйіктік ішкі тұқымдық типтегі саулықтардың өнімділік көрсеткіштері

Тобы	N	Тірідей салмағы, кг		Жуылған жүнқырқындысы, кг				Жүннің ұзындығы, см		Жүннің сапасы
		Эл.	1 кл.	ласы		жуылғаны		Эл.	1 кл.	
				Эл.	1 кл.	Эл.	1 кл.			
Ересек қойлар	25	98	80	2,6	8,8	6,7	4,5	11	10	60-58
Бір жастағы қойлар	65	55	50	4,6	4,3	2,8	2,6	9,2	9,0	64-60
Ересек аналық	628	60	55	4,3	4,0	2,6	2,4	9,5	9,0	64-60
Бір жастағы қозылар	320	44	40	3,5	3,2	2,2	2,0	8,7	8,5	64-60

Бұл көрсеткіштер, австралиялық мериносты пайдаланып алынған, жаңа ішкі тұқымдық ТОМ «Меркенский» және «Куюкский» типтерімен салыстырғанда, өзінің жоғары талаптарымен

ерекшеленеді, бұлар тек қана жүн деңгейін жоғарылатып қана қоймай, еттілігі де басқалардан басым болып отыр (2,3 кестелер).

Бұл жердегі, тірі салмағының, қырқылған жүннің ұзындығы және сапасы жөніндегі мәліметтер мынаны көрсетіп отыр, бұл саулықтар элиттік жануарлардың талаптарына толығымен жауап беріп отыр деп айтуға болады.

Тәжірибедегі қошқарлардың тірі салмағының және қырқылған жүнінің көрсеткіші (полварс 2 бас, КВТ-2 жас) 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Тәжірибеде пайдаланылған өндіруші қойлардың килограмм түріндегі өнімділік көрсеткіштері

Өнімділігі	Топтар	
	I	II
Тірі салмағы	98,0	99,0
	101,0	95,0
Орташа	99,5	97,5
Қырқылған жүн	12,9	9,0
	10,8	10,5
Орташа	11,9	9,8
Жуылған түрде	7,30	4,73
	7,0	5,76
Орташа	6,81	5,24

Біздер, сонымен қатар, тәжірибеде пайдаланылған күйіктің ішкі тұқымдық ТОМ -типінің саулық бас қойларының өнімділік көрсеткіштерін де анықтадық (тірі салмағын, жүнін) (3 кесте).

Кесте 3. Ішкі тұқымдық ТОМ түріндегі күйік қойларының өнімділік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Топтар	
		I	II
		143	118
Тірі салмағы	Кг	54,5±0,17	53,7±0,28
Қырқылған жүн	Кг	4,28±0,16	4,15±0,07
Жуылған түрде	Кг	2,44±0,03	2,32±0,04
Жүн ұзындығы	См	9,49±0,06	9,48±0,05

Биязы жүнді қой басының жүні жасап шығарған қошқарларға ұқсайды, олар да саулықтығы секілді көздің сызығына дейін жетеді, аяқтары секіруге және білектік буынға дейін жетеді.

Жасап шығарушы қошқарлардың тірідей салмағы 101,6-80,4; саулықтардың салмақтары 608-47,5; төлдейтін қойлардың салмақтары 61,4-48,7; төлдейтін ұрғашы тоқтылардың салмағы 46,3-33,1 кг аралығында болады. Жасап шығарушы қошқарлардың қырқылған жүнінің салмағы 12,6-8,8кг; жуылған жүннің шығуы 60-58%; саулық қойлардың жүндері 7,2-5,0 және 64-60; ал төлдейтін тоқтылардың жүні 5,0-35кг және 64-60% болады.

**Қорытынды.** Бұл жердегі ескерілетін жағдай, саулықтар, төлдейтін тоқтылар және бір-жылдық тұсақтар, тірі салмағы бойынша қой ұрығының I класының элиталық стандартының талаптарына сәйкес келеді, бұлар жүнді-етті бағыттағы Б тобына жатады, бірақ, тірі салмағы бойынша жаңадан шыққан ішкі-тұқымдық типтің талаптарына жетпейді, оларға қанша жағдай жасалып азықтандырылғанмен жете алмайды. Жүндерінің ұзындығы және сапасы бойынша, қойлар жастарына қарамастан қалың және ұзын жүн береді.

ТОМ тауарлық отарлардағы өнімділігі әлі де болса төмен және олар өздеріне жұмсалған шығынды барлық уақытта өтей бермейді.

Австралиялық етті-жүнді полворстың әбден қатырылған ұрығымен саулықтарды ұрықтандыру, қырқылған жүн соның басты себебі болып табылады. Түркістан облысының мериносының «күйіктік ішкі тұқымдық типінің» жүнін және етінің көрсеткіштерін жоғарылату

мақсатында австралиялық полворстың ұрығын пайдалану бойынша жүргізілген жұмыстар 2006 жылы басталған оны Оңтүстік-Батыс Ғылыми Өндірістік Орталығындағы ауыл шаруашылығының биязы жүнді қой шаруашылығы бөлімінің ғалымдары ғылыми-әдістемелік жетекшілік етіп жүргізді. Қорыта айтқанда, Оңтүстік қазақ мериносының өнімділігін одан әрі жетілдіріп, оның экономикалық тиімділігін арттырып, нарықтық заман талабына сай келетін малдарды өсіру үшін, шетелдік австралиялық полварс мериносы және отандық меркі тұқымшiлік типі нәсілдік қасиеттері жоғары асыл тұқымды қошқарларды пайдалану ұсынылады.

**Аннотация:** В данной статье представлена продуктивность овец с ожогами внутрисеменного ТОМ. Для изучения и определения молочности овец и химического состава молока из двух групп по одному отбирали 5 маток с ягненком. Молочность, после рождения ягнят, выделили и вычислили каждого ягненка после кормления. Ягненка кормили свековью в первые пять дней по четыре раза в сутки, повторяли его каждые шесть часов, затем переходили в три раза. Молочность маточных овец определяли путем взвешивания ягнят до и после кормления, расхождение их живой массы рассчитывали исходя из количества отлученного молока. Молочную продуктивность овец мы проводили за 2 дня в течение первых двух суток, и рассчитывали на конец 1,2,3 и 4 месяца. При каждом кормлении ягнят отбирали пробу для химического анализа через вымя, в этом случае брали небольшое количество молока с опрессовкой вымени. Молозиво брали перед кормлением ягнят для проведения химической пробы. Количество сухих веществ в молоке определяли путем их сушки, количество жира определяли бутирометрическим методом, общее количество белка-методом Кьельдаля. Продуктивность шерсти и качество шерсти мы определяли по результатам бонитировки и по индивидуальным расчетам за время стрижки шерсти, ее точность составляла до 0,1 кг.

**Ключевые слова:** продуктивное качество, химический состав, суточная молочность, метод Кьельделя, химический анализ, молозиво, продуктивность шерсти

**Abstract:** This article presents the productive qualities of burnt sheep in the form of an internal volume. To determine the milkiness of sheep and the chemical composition of their milk, 5 female sheep with one lamb were taken from two groups. We calculated and determined the milk yield after the birth of lambs, separating each lamb after feeding. We breastfed the Lambs four times a day for the first five days, repeated it every six hours, and then moved on to three times. We determined the milkiness of female sheep by measuring lambs before and after weaning, and calculated the difference in their live weight based on the amount of milk we fed. We calculated the milk yield of sheep in the first two days in the colostrum period for 2 days, and at the end of 1,2,3 and 4 months. At each breast-feeding of lambs, a sample was taken for chemical analysis through the udder, in which case a small amount of milk was obtained by pressing the udder. Colostrum was taken for chemical testing before weaning lambs. We determined the amount of dry substances in milk by drying them, the fat content was determined by butyrometric method, and the total protein content was determined by the Kjeldal method. We determined the yield and quality of wool, based on the results of bonitirovka and individual calculation of wool for forty years, the accuracy of which was up to 0.1 kg.

**Abstract:** Keywords: quality of productivity, chemical composition, daily milk yield, Kjeldel method, chemical analysis, colostrum, wool productivity.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Байжуманов А., Есентаев Е. Племенная работа в овцеводстве (на каз.яз.). Алма-Ата: Кайнар, 2008. 202 с.

2 Иванов М.Ф. Избранные работы по наследственности сельскохозяйств-венных животных. М.: Сельхозгиз, 1949. 48 с.

3 Heurich H., Geier M. Organisation der Zuchtbockeinsatzeg zur Erzielung eines hohen zuchterischen Fortschrittes in der Ychaf production - Tierzucht. 1986.Vol.40. P.289-291.

4 Люлина Н.И. Австралия мериносымен жақсартылған қазақтың биязы жүнді қой тұқымы саулықтарының жүн сапасы //Жаршы. Алматы: Бастау, 2005. №2. 13-15.

5 Fincus P. La rau Romanov //Fatre. 1980. P.12-19.

6 Есалиев О.Е., Волосиков В.Н. Разведение по линиям южно-казахских мериносов //Овцеводство. Москва., 1971. -№9. С.6-7.

7 Wolf B., Smith S. heriyability of live – weight growth and carcass composition in cross bred meat lambs //Anim. Prod. 1979. №28. P.3.



8 Wolf B. Genetic parameters of growth and carcass composition in crossbred Lambs //Anim. Product. 1981. №32. P.1-7.

9 Подгорная Т.М. Резервы повышения мясной и шерстной продуктивности овец кавказской породы //Повышение шерстной и мясной продуктивности тонкорунных и полутонкорунных овец. Москва, 1986. С.79-82.

УДК 004.9

**Курманова К.Т., Айтбаева А.С., Досмуратова С.И.**

старший преподаватель, ЮКУ им.М.Ауэзова, Казахстан

преподаватель, ЮКУ им.М.Ауэзова, Казахстан

к.с/х.н., профессор, Ташкентский Аграрный Университет, Ташкент, Узбекистан

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БЕСПИЛОТНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ ЮЖНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА**

**Аннотация:** В результате растущего спроса на производство и потребление продуктов питания современное сельское хозяйство находится на перепутье из-за постоянного высокого уровня предложения по всему миру и падения цен на сырьевые товары. Фермеры и агрономы во всем мире нуждаются в более эффективном управлении ресурсами из-за ограниченного бюджета, и движение «от фермы к вилке» оказалось под давлением с целью улучшения надзора, поскольку потребители проявляют интерес к беспилотным технологиям. Какие продукты они покупают и как их выращивать. В то же время изменение климата создает новые трудности для сельскохозяйственной отрасли с точки зрения защиты безопасности цепочки поставок. Действительно, оптимизация показателей устойчивости для снижения воздействия на здоровье и благополучие общества и планеты останется приоритетом, особенно потому, что повышение устойчивости к внешним воздействиям также может принести дополнительные экономические выгоды для сельскохозяйственных специалистов, позволяя им более эффективно использовать ресурсы и усилия.

**Ключевые слова:** аппаратные средства, программное обеспечение, данные, исполнители и методы, воздушные аппараты.

**Введение.** При рекордно высоком уровне мирового предложения и рекордно низком уровне цен на сырьевые товары в результате растущего спроса на производство и потребление продуктов питания современное сельское хозяйство находится на перепутье. Фермеры и агрономы во всем мире как никогда нуждаются в улучшении управления ресурсами в ответ на ужесточение бюджетов, в то время как движение «от фермы к вилке» столкнулось с растущим давлением в сторону повышения прослеживаемости продукции, поскольку потребители все больше интересуются происхождением. о товарах, которые они покупают, и о том, как они были выращены. Кроме того, изменение климата продолжает создавать новые уровни сложности для сельскохозяйственной отрасли в защите безопасности цепочки поставок. Быстро меняющиеся условия окружающей среды еще больше усугубляют эти проблемы, и последние данные показывают, что общие потери сельского хозяйства в Европе от изменения климата могут составить до 16% к 2050 году [1]. Действительно, оптимизация показателей устойчивости для минимизации воздействия на здоровье и благополучие принадлежность к обществу и планете останется приоритетом, особенно потому, что усиленные меры по обеспечению устойчивости могут также принести дополнительные экономические выгоды, позволяя специалистам в области сельского хозяйства более эффективно концентрировать свои ресурсы и усилия (рис. 1).




Рисунок 1. Применение ГИС системы

Работающая ГИС включает в себя пять ключевых компонентов: аппаратные включения, программное обеспечение, пространственные данные, исполнители и методы (рис.2).



Рисунок 2. Структура ГИС

Теоретический обзор. Использование дронов в сельском хозяйстве неуклонно растет как часть эффективного подхода к устойчивому управлению сельским хозяйством, который позволяет агрономам, сельскохозяйственным инженерам и фермерам помочь оптимизировать свои операции, используя надежную аналитику данных для получения эффективного представления о своих культурах. Например, мониторинг посевов упрощается за счет использования данных с дронов для точного планирования и внесения текущих улучшений, таких как использование канав и меняющиеся внесение удобрений. Продукты можно точно отследить от фермы до вилки, используя GPS-координаты для каждой точки пути, а не более традиционный сбор времени и трудоемкий сбор данных. БПЛА особенно полезны для тщательного мониторинга больших площадей сельскохозяйственных угодий с учетом таких факторов, как уклон и высота, например, для определения наиболее подходящих рецептов посева. Эта технология также оказалась полезной для получения обширного обзора всхожести и популяции растений, поскольку более точные данные могут помочь в принятии решений о пересадке, а также при прореживании и обрезке, а также в улучшении моделей культур. Важно отметить, что данные с беспилотников с высоким разрешением могут использоваться для оценки плодородия сельскохозяйственных культур, что позволяет специалистам в области сельского хозяйства более точно вносить удобрения, сокращать потери, а также планировать и устранять неполадки в оросительных системах. Эта технология также может быть особенно эффективной после стихийных бедствий, таких как наводнение, чтобы помочь фермерам оценить ущерб на местности, которая может быть труднодоступной для пеших прогулок. Потенциал беспилотных летательных аппаратов в улучшении устойчивого сельского хозяйства огромен. Согласно прогнозам, рынок сельскохозяйственных дронов уже оценивается в 32,4 миллиарда долларов США, что свидетельствует о том, что отрасль начинает осознавать

преимущества перед более традиционными методами, такими как картографирование местности. Учитывая обширную местность, требующую съемки, дроны предлагают повышенную эффективность, позволяя пользователям получать изображения с высоким разрешением быстрее, чем альтернативные методы [2].

В информационном обществе фермер может подключаться к Интернету через мощные беспроводные каналы из любой точки области, контролировать необходимые рабочие концепции, устанавливая различные типы датчиков там, где это необходимо, и получать к ним доступ в любое время, поэтому он имеет доступ ко всем необходимым данным. . (таблица 1).

Таблица 1. Использование информационных технологий фермами

Страна	Число с/х работников с полной занятостью	Количество с/х работников применяющих компьютеры		Количество с/х работников пользующихся интернетом	
		Чел.	%	Чел.	%
Чехия	175000	30000	17,1	4000	2,3
Дания	60000	48000	80,0	30000	50,0
Финляндия	80000	50000	62,5	40000	50,0
Франция	330000	110000	33,3	25000	7,5
Германия	170000	75000	44,1	55000	32,4
Ирландия	40000	-	-	10000	25,0
Италия	260000	80000	30,8	10000	3,8
Япония	426000	144000	33,8	52000	12,2
Голландия	100000	60000	60,0	50000	50,0
Новая Зеландия	40000	22000	55,0	-	-
Норвегия	70000	52222	74,3	40000	57,1
Польша	2000000	100000	50,0	5000	2,5
Испания	1000000	45000	45,0	10000	10,0
Швеция	30000	24000	80,0	14000	46,7
Великобритания	80000	60000	75,0	30000	37,5
Россия	275000	9000	3,3	3000	1,1

**Практический раздел.** В нашей стране геоинформация широко используется в географии, почвоведении и лесоводстве, в том числе для экологической оценки и прогнозирования. Первые данные ГИС для анализа и рационального использования почв были опубликованы в 1991 г. (Рожков, Столбовой, 1991). Важнейшей задачей развития агропромышленного комплекса России является создание современной многоуровневой основы компьютерных интерактивных карт, различных баз данных агростатистики, различных пространственных изображений пространственного разрешения, интегрированных в единую геоинформационную систему. Предварительные исследования показывают, что «ГИС-Россия. Агрокомплекс - эффективный инструмент для организации пространственной информации о сельском хозяйстве, ее сбора, контроля управления сельским хозяйством на национальном и региональном уровнях. Сегодня инновации успешно внедрены в ряде регионов Казахстана. Результат - высокая производительность и низкие производственные затраты. Одно из хозяйств Павлодарской области теперь дает стабильный урожай в любую погоду. Управление техникой, оснащенной навигационным оборудованием, приносит фермерам большие выгоды. В Карагандинской области внедрены новейшие технологии. Сейчас фермеры оцифровывают пашню и создают электронные карты сельскохозяйственных земель. Например, крупное хозяйство в Нуринском районе засеяло пшеницу на 500 гектарах и засеяло ее цифровым способом. Новый подход привел к увеличению производительности на 30%. Технологические инструменты пространственной оценки позволяют эффективно искать различные концепции сельскохозяйственной функциональности. Например, в растениеводстве:

- анализ состояния посевов на разных стадиях вегетации (рост биомассы, уровень влажности), в том числе анализ всхожести;
- планирование и управление агротехническими работами (рыхление, уборка урожая) (рисунок 3);

- выявление и прогнозирование неблагоприятных процессов и явлений (наводнения, вредители) с целью их учета при планировании природопользования. Космические исследования позволяют проводить инвентаризацию сельскохозяйственных угодий, эффективно управлять состоянием посевов на разных этапах, выявлять процессы деградации земель, выявлять угрозы посевам и решать многие другие проблемы агропромышленного комплекса.



Рисунок 3. Управление уборки урожая

Урожайность культур на разных участках одного поля неодинакова. На величину многоплодной урожайности влияют следующие факторы: качество почвы (плодородие, кислотность, структура); дозы и виды применяемых удобрений; рельеф местности; наличие лесополос; посевная техника, уход и уборка урожая; качество семян; болезни и вредители сельскохозяйственных культур; погодные условия и многое другое. Сравнивая определенные характеристики поля с более продуктивными картами, специалисты по сельскому хозяйству могут определить причины неравномерной урожайности (одни части поля более продуктивны, чем другие). Решение о внесении удобрений в конкретную область поля будет основано на глобальном позиционировании и ГИС, традиционных источниках информации и экспертных решениях практиков и консультантов. Зная урожайность полей, почву и другие характеристики, можно прогнозировать движение растений с помощью глобального позиционирования и ГИС, датчиков, исполнительных механизмов машин (например, для внесения удобрений) и известных полей с азотом, фосфором и др. калий. Внесите необходимое количество удобрений на каждую площадь [3]. Спрос на индустрию дронов будет продолжать расти за счет расширения сельскохозяйственного рынка - с 2,81 миллиарда долларов в 2014 году, который, по прогнозам, вырастет до 6,43 миллиарда долларов в 2022 году. Самолеты также играют важную роль в повышении производительности и прибыльности сельскохозяйственного сектора (рисунок 4).



Рисунок 4. Использование беспилотников

Беспилотные летательные аппараты (БПЛА) помогают улучшить орошение и выращивание

сельскохозяйственных культур, предоставляя точные высокоточные 3D-карты для наземных и полевых наблюдений. Дроны, управляемые фермой, могут делать больше, чем просто контролировать посевы и оценивать их здоровье: беспилотные системы посадки могут снизить стоимость этого процесса до 85 процентов благодаря своей исключительной точности. Управляемые GPS, дроны могут опрыскивать посевы с беспрецедентной четкостью - использование пестицидов можно сократить до 30 процентов. Сегодня продовольственная безопасность становится неотъемлемой частью национальной стратегии любой страны на будущее. По оценкам экспертов ООН, к 2050 году население мира достигнет 9,8 миллиарда человек, а мировое производство продуктов питания увеличится на 70%, чтобы обеспечить общество продуктами питания. По данным Всемирной организации здравоохранения, около 821 миллиона человек во всем мире страдают от голода и недоедания. Однако ежегодно теряется около 1,6 миллиарда тонн продовольствия, около 1,6 триллиона долларов - треть мирового производства. Boston Consulting Group отмечает, что 500 миллионов тонн продуктов питания теряются или повреждаются во время производства - на 47 процентов больше, чем 340 миллионов тонн, теряемых ежегодно по вине потребителей. Агробизнес уже сталкивается с глобальными проблемами, включая изменение климата, истощение земель, истощение водных ресурсов и высокие затраты на энергию. В преодолении этой ситуации «точность» может сочетаться с сельским хозяйством, агрономией и химическими исследованиями. На смену традиционным технологиям, которые использовались десятилетиями, приходят сотни новейших исследовательских центров мира, повышая производительность в различных секторах сельскохозяйственного сектора.

**Выводы.** Таким образом, новейшие информационные технологии станут основой перехода общественного развития от индустрии мирового уровня к информационной эпохе [4, 5]. Современные сельскохозяйственные технологии прокладывают путь к устойчивому будущему, в котором фермеры могут повышать производительность и сокращать отходы (рисунок 5).



Рисунок 5. Умные технологии

Искусственный интеллект, анализ данных и даже дроны - одно из решений, которые изменят будущее сельского хозяйства, сделав его умнее, эффективнее и лучше для планеты [6].

#### Список использованной литературы:

- 1 <http://ssa.ru/articles/entry/4397bc65d>
- 2 ГИС в сельском хозяйстве [https://studbooks.net/2167467/informatika/selskom\\_hozyaystve](https://studbooks.net/2167467/informatika/selskom_hozyaystve)
- 3 [https://www.iguides.ru/main/other/kak\\_umnye\\_tekhnologii\\_nakormyat\\_planetu/?sphrase\\_id=7698084](https://www.iguides.ru/main/other/kak_umnye_tekhnologii_nakormyat_planetu/?sphrase_id=7698084)
- 4 <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=700053>
- 5 Ворожейкина Т.М., Игнатов В.Д. Логистика в АПК. М.: КолосС, 2005.
- 6 [https://www.iguides.ru/main/other/kak\\_umnye\\_tekhnologii\\_nakormyat\\_planetu/?sphrase\\_id=7698084](https://www.iguides.ru/main/other/kak_umnye_tekhnologii_nakormyat_planetu/?sphrase_id=7698084)

**Түйін:** Азық-түлік өндірісі мен тұтынуға өсіп отырған сұраныстың нәтижесінде қазіргі заманғы ауылшаруашылығы бүкіл әлем бойынша ұсыныстың тұрақты жоғары деңгейіне және тауар бағасының төмендеуіне байланысты тоғысында тұр. Дүниежүзіндегі фермерлер мен агрономдар бюджеттің шектеулі болуына байланысты ресурстарды басқаруды жақсартуды қажет етеді, ал тұтынушылар Провансқа қызығушылық танытқандықтан, қадағалауды жақсарту үшін фермадан форка қозғалысына қысым жасалды. Олар қандай тағамдарды сатып алады және оларды қалай өсіру керек. Сонымен бірге климаттың өзгеруі аграрлық индустрия үшін жеткізілім тізбегінің қауіпсіздігін қорғауда жаңа міндеттер туғызуда. Шынында да, қоғам мен планетаның денсаулығы мен әл-ауқатына әсерін азайту үшін тұрақтылық көрсеткіштерін оңтайландыру бірінші кезектегі мәселе болып қала бермек, әсіресе тұрақтылықты арттыру сонымен қатар ауылшаруашылық мамандарына ресурстар мен күш-жігерді тиімді пайдалануға мүмкіндік беру арқылы қосымша экономикалық пайда әкелуі мүмкін.

**Кілт сөздер:** жабдықтар, бағдарламалық жасақтама, деректер, орындаушылар мен техникалар, ұшақтар.

**Abstract:** As a result of the growing demand for food production and consumption, modern agriculture is at a crossroads due to persistent high levels of supply around the world and falling commodity prices. Farmers and agronomists around the world are in need of better resource management due to limited budgets, and the farm-to-fork movement has come under pressure to improve oversight as consumers take an interest in Provence. What foods do they buy and how to grow them. At the same time, climate change is creating new challenges for the agricultural industry to protect the security of the supply chain. Indeed, optimizing resilience metrics to reduce the impact on the health and well-being of society and the planet will remain a priority, especially as building resilience can also bring additional economic benefits to agricultural professionals by enabling them to use resources and efforts more efficiently.

**Keywords:** hardware, software, data, performers and techniques, aircraft.

ӨОЖ: 617-089.844

<sup>1</sup>Асанбек Б.А., <sup>2</sup>Аметова М.М., <sup>3</sup>Назаров Ш.А.

<sup>1</sup>магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент. Қазақстан.

<sup>2</sup>магистр, оқытушы, ҚазҰАУ. Алматы. Қазақстан.

<sup>3</sup>техн.ғ.к., оқытушы, Технологиялық Университет, Душанбе. Тәжікстан

### **БИОБЕЛСЕНДІРІЛГЕН БИДАЙ ДӘНІНІҢ СҮТ ҚЫШҚЫЛДЫ МИКРООРГАНИЗМДЕРГЕ ӘСЕРІ**

**Түйін:** Бидай өңдеу өнімдері ағзаға қажетті заттарды жеткізушілер ретінде үлкен қызығушылық тудырады, мысалы, жеңіл сіңімді қант және клетчатка. Бидай негізінен ұн өнеркәсібінде әртүрлі ұн сорттарын алу үшін қолданылады. Ұн тарту өнеркәсібінің жанама өнімі биологиялық белсенді заттарға өте бай бидай кебектері, ұрықтар болып табылады, бірақ оларды әдетте тамақ өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру кезінде пайдаланбайды. Бидай тұқымдарының ұрықтары ағзаға тығыз әсер етеді, антиоксиданттар болып табылады, қандағы холестерин деңгейін бақылайды және қалыпқа келтіреді. Ғылыми мәліметтерге сүйенсек: бидай ұрықтары В тобының витаминдеріне бай, оларда ақуыз, клетчатка, темір және басқа да минералдар бар. Олар жүрек-тамыр ауруларының қаупін төмендету үшін қолданылады. Бидай ұрықтарының майы, әсіресе Е витамині мен адам ағзасын өз бетінше өндіре алмайтын алмастырылмайтын май қышқылдарына бай.

**Кілт сөздер:** өсірілген бидай, ашытқы, белсенділік, бидай ұрықтары, сүт қышқылды микроорганизмдер.

**Кіріспе:** Бидай өңдеу өнімдері ағзаға қажетті заттарды жеткізушілер ретінде үлкен қызығушылық тудырады, мысалы, жеңіл сіңімді қант және клетчатка. Бидай негізінен ұн өнеркәсібінде әртүрлі ұн сорттарын алу үшін қолданылады. Ұн тарту өнеркәсібінің жанама өнімі биологиялық белсенді заттарға өте бай бидай кебектері, ұрықтар болып табылады, бірақ оларды әдетте тамақ өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру кезінде пайдаланбайды. Бидай тұқымдарының

ұрықтары ағзаға тығыз әсер етеді, антиоксиданттар болып табылады, қандағы холестерин деңгейін бақылайды және қалыпқа келтіреді. Ғылыми мәліметтерге сүйенсек: бидай ұрықтары В тобының витаминдеріне бай, оларда ақуыз, клетчатка, темір және басқа да минералдар бар. Олар жүрек-тамыр ауруларының қаупін төмендету үшін қолданылады. Бидай ұрықтарының майы, әсіресе Е витамині мен адам ағзасын өз бетінше өндіре алмайтын алмастырылмайтын май қышқылдарына бай. Бидай ұрығының майы "Тритинат", "Виардо" және т.б. қоспалардың құрамына кіреді.

**Зерттеу әдістері мен зерттеу нысандары:** 1-кестеде бидай дәнінің анатомиялық бөліктерінің химиялық құрамы (құрғақ затқа %- бен) көрсетілген.

1 кесте. Бидай дәнінің анатомиялық бөліктерінің химиялық құрамы (құрғақ затқа %- бен)

Астық және оның бөліктері	Астықтағы құрамы	Белок	Крахмал	Қант	Клет-чатка	Пентозандар	Күл	Майлар
Тұтас астық	100,0	16,06	63,07	4,32	4,03	8,10	2,18	2,24
Алейрон қабаты	6,54	53,16	0	6,82	6,41	15,44	10,03	8,16
Қабығы	8,62	10,56	0	2,59	23,73	51,43	1,6	1,47
Құрғақ жүгері ұрығы- бабына қалқанша	3,24	37,63	0	26,36	2,46	9,74	7,55	16,27

1-кестеде көрсетілгендей, бидайдың негізгі ұнтақтау өнімдері бойынша химиялық заттарының теңгерімі (Беркутова Н. С. деректері бойынша) кебектерде адам сіңірмейтін заттардың көп бөлігі қалатынын көрсетеді. [1] Кебек пен өсірілген бидайдың химиялық құрамын салыстырмалы талдау (2- кесте)

2 кесте. Бидайды қайта өңдеу өнімдерінің химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Заттардың салмақтық үлесі, %	
	кебекте	Өсірілген бидайда
Ылғал	7,50±0,30	10,50±0,15
Май	4,71±0,19	6,4±0,6
Ақуыз	17,23±0,44	27,4±0,6
Күл	5,36±0,24	5,10±0,20
Көмірсулар, оның ішінде:	65,20±0,98	50,60±0,50
Крахмал	19,10±0,05	41,00±0,50
Тағамдық талшықтар	46,10±0,01	9,60±0,50
Гемицеллюлоздар	26,3±0,05	5,60 ±0,50
Лигнин	16,40±0,01	2,40±0,01
Гемицеллюлоздар	3,40±0,01	1,60±0,01

2-кестеден, өсірілген бидайда ылғал мөлшері 10,5%, майдың жоғары мөлшері (8,4%), кебекпен салыстырғанда өсірілген бидайдағы ақуыз мөлшері 10%- ға дерлік жоғары, ал өсірілген бидайдағы көмірсулар мөлшері жалпы 8%- ға аз , бірақ бұл ретте негізінен көмірсулардың сіңірілетін түрлері бар . Сонымен қатар, бидай мен кебек құрамында күлдің мөлшері 4,10% және 5,32% жақын. Өсірілген бидайда барлық ингредиенттер оңай сіңетін нысанда. [2]

Астық өскен кезде дәнді дақылдардың калориялығы төмендейді, ал нутриенттер адамның

сіңіруі үшін неғұрлым жеңіл болады. Бидайдың өсірілген дәндері иммунитеттің нығаюына, ми мен жүректің қалыпты жұмысына ықпал етеді. Оларды тамаққа қолдану қандағы холестерин деңгейін төмендетеді. 1, 2, 3-суретте астықтың ішкі құрылымын өзгерту және өсіру процесінде бидай дәндерінің фотосуреттері көрсетілген.


Тағамдық талшықтар (клетчатка, гемицеллюлоза, пектинді заттар, лигнин), негізінен, дәннің жеміс және тұқымдық қабықтарында, өсіп-өну кезінде химиялық өзгерістерге ұшырамайтын, іс жүзінде шоғырланған, алейрондық қабаттан (1 А, б- сурет), өзгеріссіз минералды заттар сақталады. Өсірілген астықта ағзаның қартаюын кешіктіретін және ішкі секрецияның жыныс бездерінің қызметіне жауапты Е витаминінің (токоферол) саны 2,3 есе артты, С, В1, В2, В6 витаминдерінің, каротиннің пайда болуы байқалады.

Микроқұрылымдық зерттеулер өсірілген астықтың ішкі элементтері өсімдік тектес компоненттерге тән айқын ассиметриялықпен сипатталатынын көрсетеді. Крахмал дәндерінің екі түрінен тұратын жалпы фонда (ірі, шар тәрізді нысаны бар, тегіс беті бар және оларда көптеген ұсақ бекітілген), аралдар түрінде күрделі конфигурациялардың ақуыз түзілімдері анықталады. [3]


Өсудің әртүрлі сатыларының астарында суда еритін төмен молекулярлық заттардың сомасы артады, қалпына келтіретін қанттар мен ақуызды азотты заттардың құрамы күрт артады, ақуыз емес азот төмендейді. Бұл ретте, тыныс алудың күшеюі салдарынан өсудің алғашқы сағаттарында сахарозаның құрамы азаяды, ал 24 сағаттан кейін оның крахмал есебінен синтезі нәтижесінде артады. Дәннің өсуі және астық тұқымдастарының дамуы кезінде крахмал түрінде эндоспермада шоғырланған құрғақ заттар, жас өсімдіктің анатомиялық бөліктерінің синтезіне жұмсалады. Бұл 1, 2, 3 (а,б) суреттерді салыстырғанда көрінеді, жалпы бұл өнімнің калориялылығының төмендеуімен және биологиялық белсенді заттардың жиналуымен қоса жүреді. [4]

Осы процесс барысында Кебек құрамы абсолютті көлем бойынша өзгеріссіз қалады, тамақ талшықтары мен клетчаткаларының құрамын корреляциялайтын Кебек құрамы күрт өседі, және шығу кезінде астық тұқымдастардың барлық функционалдық ингредиенттері - тағамдық талшықтар, витаминдер, олигосахаридтер, ферменттер, ақуыз, полиқаньқапаған май қышқылдары – «бос калориялар» (крахмал) санының төмендеуі есебінен концентрацияланатын өнім бар.

Сурет 1. өсудің алғашқы сағаттарында және өсудің 12 сағатынан кейін




Сурет 2. 24 сағаттан кейін және 36 сағаттан кейін






Сурет 3. Ұрық және тұқымдық қабықта болатын өзгерістер өсудің алғашқы сағаттарында және 36 сағаттан кейін астық өсуі.



Бұдан әрі процестің тұрақтануы және СҚБ санының 36-40 сағатқа азайғаны байқалады, бұл дәннің өсуін қоректендіруге баратын қоректік заттардың азаюымен байланысты (4-сурет).

Біз сүт қышқылды бактериялар санын бидай дәнінің өсуінің өзгеруін зерттейміз. Зерттеу үшін белгілі бір уақыт ішінде егілген бидай дәндерін пайдаланды, оларды ұсақтап, жинақтау мәдениеті ретінде пайдаланды. Қолданылатын ортада сүт қышқылды бактериялардың қарқынды өсуі анықталды. 4-суретте сүт қышқылды бактериялардың уақыт бойы МРС ортасында сандық өзгеруі көрсетілген. [5]

Алғашқы 10-12 сағат санының күрт өсуі байқалады, бұл астықтың қарқынды ылғалдануымен, астықтан жасалған заттарды экстракциялаумен байланысты, олар СҚБ өсуі үшін қоректік заттар болды.



Сурет 4. Сүт қышқылды бактериялардың сандық өзгеруі, бидай дәнінде өскен кезде астықты инкубациялау ұзақтығы, сағ.


Келесі талдауларды жүргізу үшін зертханалық жағдайда алынған бидайдан алынған ұн қолданылды. Сүт-астық ұйытқысына қойылатын негізгі критериялды талаптар СҚБ стимуляциясы есебінен ашыту уақытын төмендету, жоғары ылғал ұстау қабілеті және жоғары органолептикалық бағалау болып табылады. Ылғал сіңіру формуласы бойынша анықталды (2):

$$ВПС=(m1/m2) 100\%, (2)$$

мұндағы m1-ылғал сіңірілгеннен кейінгі өлшеуіш салмағы; m2 - құрғақ ілме массасы.

Бидайдан алынған ұнның бастапқы үлгісі 10,5% ылғал болды. Бидай кебегінің бастапқы үлгісі ылғалдың 7,5% - ын құрайды.

Алғашқы 30 мин. ұн жалпы ылғалдың 30%– ын алады, содан кейін қарқындылығы артып, бір сағаттан кейін 85%- ға, 90 минуттан кейін -120%- ға жетеді. Алдағы уақытта процесс тұрақтанады және судың жұту қарқындылығы әрбір 30 минут сайын шамамен 5%- ға өседі.



Сурет 5. Астық өнімдерінің ылғал сіңіру қабілеттілігінің уақытқа тәуелділігі

Бидай кебегінің ылғал сіңіру қабілеті 1 сағат ішінде қарқынды өсіп, 30% - ға жетеді, әрі қарай су сіңіру жылдамдығының төмендеуі байқалады. Су сіңіру көлемі 40г/100 г өнім.

5-Суреттегі тәжірибелі деректерден бидайдан жасалған ұнның ылғал сіңіргіш қабілеті бидай кебекіндегі ылғал сіңіргіш қабілеттіліктен 3 есе артық.

Крахмал дәндерінің құрылымы кристалды, жұқа дисперсті ұн. Крахмал едәуір адсорбциялық қабілеттілігімен сипатталады, соның салдарынан ол әдеттегі температуралық жағдайларда судың көп мөлшерін байланыстыруы мүмкін. Декстриндер-крахмал гидролизінің алғашқы өнімдері, коллоидты заттар, сумен жабысқақ ерітінділер түзеді. Декстриндердің молекулалық массасы мен қасиеттері крахмал гидролизінің дәрежесіне байланысты. Өскен астықтан алынған бидай ұнында шамамен 3-5% бар. Декстриндер суды нашар байланыстырады. . [6]

Өскен бидайдан жасалған ұн құрамына сүт қышқылды бактериялардың өсуіне ықпал ететін тағамдық талшықтар - пектин, лигнин, клетчатка, гемицеллюлоздар кіреді. Сүт қышқылды бактерияларды өсіру ортасына қосымша көмірсулар, спирттерді ашыту енгізіледі-бұл сүт қышқылды дақылдардың маңызды диагностикалық белгісі. Ғылыми-техникалық әдебиеттің мәліметтері бойынша, бидайдың құрамы сүт қышқылды бактериялардың өсуіне қажетті В витаминіне бай . [7]

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, өсірілген бидай 1-10% енгізген кезде Сүтқышқылды дақылдардың дамуын ынталандырады, s.stemogis, L. acidophilus және S. lactis бактериялық препаратының ашытқысының комбинациясын білдіретін 3-10% Сүтқышқылды микрофлораның өсуін қамтамасыз етеді.

**Қорытынды:** Ашытылған бидайдың сүтіне енгізілетін дозасын арттыра отырып, ұйыту процесі жеделдетіледі, сондай - ақ қышқыл сүт ұйытқысының тұтқырлығы, Сүтқышқылды микрофлораның өсуін қамтамасыз ететін енгізудің оңтайлы дозасы - 3-8% артады.

Өсірілген бидайды құрамдастырылған сүт өніміне енгізген кезде соңғы өнімді келесі функционалдық ингредиенттер: тағамдық талшықтар, олигосахаридтер, минералды заттар, қанықпаған май қышқылдары, амин қышқылдарының массалық үлесін азайтатын ингредиентті өсіру кезінде белсенді синтезделген витаминдер қатары байытылады. 10%-ға дейін аршылған дәннен жасалған ұнды енгізу сүт-астық ұйытқысының дәмдік сапасына кері әсер етпейді, бұл сүтті

үнемді жұмсау үшін де оң мәнге ие, оның өндірісі халықтың қажеттілігін әлі өтемейді, сондай-ақ сүт өнімін дәнді компонентпен функционалды максаттағы өнімдерді жасауда молықтыру кезінде де оң мәнге ие. [8]

Алынған нәтижелерді жинақтау өсірілген бидай биологиялық белсенді заттардың, ақуыздардың, полисахаридтердің, оның ішінде құрылымдық және минералдық заттардың қосымша көздері ретінде аралас сүт өнімдерін өндіруде пайдаланылуы мүмкін деп есептеуге негіз береді.

Сүт өнімдері өндірісінде дәнді дақылдарды пайдалану мүмкіндігі ақуыздардың, майлар мен көмірсулардың құрамы бойынша тепе-теңдікті қамтамасыз етеді; құрылымдық-механикалық қасиеттерін жақсарту; өнімді сақтау мерзімін ұлғайту; өзіндік құнын және т. б. төмендету.

Бидайды қайта өңдеу өнімдерін кешенді зерттеу негізінде өңделген бидайды шикі күйінде қабықпен бірге пайдалану ұсынылды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Беркутова Н.С., Швецова И.А. Технологические свойства пшеницы и качество продуктов ее переработки. М.: Колос, 1984. 225 с.

2 Шералиева А.Б. Эффективное использование продуктов переработки зерновых культур мукомольного производства // Экологическая безопасность урбанизированных территорий в условиях устойчивого развития

3 МЕМСТ 10976-90. Астық. Иістің және түстің анықтау әдістері.

4 Шағын кәсіпорындардағы жарма дақылдары дәнінің сапасын бағалау. Москва. ДеЛи принт, 2003. 168 б.

5 МЕМСТ 13586.5-93. Астық. Ылғалдылықты анықтау әдісі.

6 Трошкова Г. П., Мартынец Л. Д., Кирова Е. В., Сумкина Т. П., Юдин А. В. күріш және соя ұнының ферментативті гидролизаттары негізінде коректік орталарды дайындау технологиясын жетілдіру // Биотехнология. 2006. № 4. С. 74-78.

7 МЕМСТ 30483-97. Астық. Арамшөпті және дәнді қоспалардың жалпы және фракциялық құрамын; ұсақ дәндер мен іріліктің құрамын; клоппен зақымдалған бидай дәндерінің құрамын; металл магнитті қоспалардың құрамын анықтау әдістері.

8 МЕМСТ 25179-90. Майдың, ылғалдың, құрғақ заттардың, көмірсулардың, ақуыздың, тағамдық талшықтардың массалық үлесін анықтау.

**Аннотация:** Большой интерес в качестве поставщиков необходимых организму веществ представляют продукты переработки пшеницы, например, легкоусвояемый сахар и клетчатка. Пшеница в основном используется в мукомольной промышленности для получения различных сортов муки. Побочным продуктом мукомольной промышленности являются пшеничные отруби, зародыши, которые очень богаты биологически активными веществами, но обычно не используются при производстве основных видов пищевых продуктов. Зародыши семян пшеницы оказывают полезное воздействие на организм, являются антиоксидантами, контролируют и нормализуют уровень холестерина в крови. По научным данным: зародыши пшеницы богаты витаминами группы В, в них содержится белок, клетчатка, железо и другие минералы. Они используются для снижения риска сердечно-сосудистых заболеваний. Масло зародышей пшеницы богато, особенно витамином Е и незаменимыми жирными кислотами, которые не могут самостоятельно вырабатываться организмом человека.

**Ключевые слова:** выращенная пшеница, дрожжи, активность, зародыши пшеницы, молочнокислые микроорганизмы.

**Abstract:** Wheat processed products, for example, easily digestible sugar and fiber, are of great interest as suppliers of substances necessary for the body. Wheat is mainly used in the milling industry to produce various types of flour. A by-product of the milling industry is wheat bran, germ, which is very rich in biologically active substances, but is not usually used in the production of basic types of food. Wheat seed germs have a beneficial effect on the body, are antioxidants, control and normalize blood cholesterol levels. According to scientific data: wheat germ is rich in B vitamins, they contain protein, fiber, iron and other minerals. They are used to reduce the risk of cardiovascular disease. Wheat germ oil is rich, especially in vitamin E and essential fatty acids, which cannot be produced by the human body on its own.

**Key words:** grown wheat, yeast, activity, wheat germ, lactic acid microorganisms.

ӘОЖ: 637.146.32 (574)

<sup>1</sup>Алибаев Н., <sup>1</sup>Юсупов Ш., <sup>2</sup>Аубакиров Х.А.,

<sup>1</sup>а.ш.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>а.ш.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>а.ш.ғ.к., доцент, ТарӨУ, Тараз, Қазақстан

### ТҮЙЕ СҮТІ ӨНІМДЕРІ – ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР ТӘРБИЕСІ

**Түйін:** Мақалада түйе сүтінен дайындалатын түрлі тағамдық өнімдерді дайындаудың негізгі технологиялық кезеңдері мен үдерістерін талдау нәтижелері және «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жастар арасында салауатты өмір салты мен ұлттық сусын өнімдерін насихаттаудағы маңыздылығы көрсетілген. Адам денсаулығын нығайтуда түйе сүтін тұтынуаурулармен күресуде зор маңызға ие екендігі келтіріледі. Қант диабеті және жүрек ауруларының белгілерінің алдын алудаға түйе сүтінің рөлі зор. Жастардың рухани дамуында ұлттық дәстүрді сақтау арқылы ата-бабамыздан келе жатқан құнды сусындарды дайындау және тұтыну мәдениетін, сондай-ақ дайындаған материалдарды пайдалана отырып, қазіргі кезде дүниежүзінде болып жатқан пандемия ауруын алдын – алу және емдеу мақсатында түйе өнімдерінің емдік қасиеттерін әрі қарай зерттеу мәселесін қолға алу қажет.

**Кілт сөздер:** салауатты өмір, түйе сүті, қазақ бактрианы, аруана, лактоза, сүт майлылығы, ақуыз, шұбат, нар-мая, қоспақ.

**Кіріспе.** Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы» [1], сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы – Қазақстан: іс – қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан жаңа әлемде өзінің лайықты орнын алуға тиіс» екендігін нақты атап өтті [2].

Қазақ халқының рухани құндылықтарын, халықтың біртұтастығы мен келісімділігін нығайтатын дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғырту қазіргі қоғам дамуының өзекті мәселелері. Осыған орай, ұлттық мирастарды ұдайы жаңғырту және кең көлемде дәріптеу - рухани жаңғырудың басты мақсаты.

Қазақ халқының экономикалық дамуындағы мал шаруашылығының дәстүрлі саласының бірі - түйе шаруашылығы.

Қазақстанда түйе басының саны бүгінгі таңда 236 мыңнан аса, негізінен оңтүстік – батыс өңірдің шөл және шөлейт аймақтарында - Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарында шоғырланған.

Қазіргі кезде түйе сүті өнімдеріне ішкі және сыртқы нарықта сұраныс өте жоғары, саланың басымды бағыты – сүт өндіру және оны қайта өңдеу. Республиканың әртүрлі аймақтарында түйе сүтін өндеудің 8-ден аса кіші цехтары қызмет атқаруда.

Инвестициялық жобамен Түркістан облысында Қытай компаниясының бастамасымен «Golden camel group» күндік өндірістік көлемі 100 тонна түйе сүтін құрғақ ұнтаққа өңдеу зауыты салынып, қызмет жасауда. Қазіргі таңда түйе сүтінен жасалған өнімдері Қазақстан брендіне айналууда.

Шығыс елдеріндегі сүт өнімдерін өндірушілер қатарында жетекші орынды алатын Аль Эйн Дейри (*Al Ain Dairy*) компаниясы түйе сүтінің емдік-профилактикалық қасиеттеріне басты мән береді және одан қант мөлшері азайтылған майсыз балмұздақ жасауда пайдаланады. Балмұздақтардың 3 түрін шығару басталды: олар, қазіргі күнде БАЭ супермаркеттерімен май құю бекетінде сатылып жатқан шоколад, құлпынай және карамель дәмді балмұздақтар. Түйе сүтінен жасалынған балмұздақтың құрамында небәрі 2,5% май болса, ал дәстүрлі балмұздақта ол 6-9% құрайды.

БҰҰ-ның ауыл шаруашылығы және азық түлік ұйымы департаменті, түйе сүтінің болашақта мүмкіндігі өте зор, себебі оған Африка, Европа және Америкада миллиондаған тұтынушылар бар деген мәлімдеме жасады. Аталған департамент 1992 жылы түйе сүтінен «Кэмэлбер» атты ірімшігін жасап шығаруға және түйе сүтінен шоколад өндіруді бастауға көмек қолын созған. Қазақстанда өндірілген түйе сүтінен жасалынған сүт өнімдері Америка құрама штаттарының, Еуропаның, Австралияның сүт өнімдерін тұтынушылары арасында және жетекші компаниялары арасында

қызығушылықтар тудыра бастады.

**Теориялық талдау.** Түйе сүті, өзіне тән жағымды және жұмсақ дәмде әсер қалдыратын өнім болып келеді. Түйе сүті құрамындағы аминақышқылдар жиынтығы және макро және микроэлементтер адам ағзасы үшін өте пайдалы. Сол себепті, табиғи өнімдер ішіндегі ана сүтіне ең жақын сүттер қатарына ешкі сүтімен қатар түйе сүті де жатады деп есептелінеді.

Түйе сүтінің құрамында СПИД, Альцгеймер, "С" гепатиті сияқты аурулармен күресе алатын жатденелер болады. Қант диабеті және жүрек ауруларының белгілерінің алдын алудаға түйе сүтінің рөлін анықтау бойынша зерттеу жұмыстары өз жалғасын табууда.

Түйе сүтінің өнімдері адамдардың бел күшіне оң әсері бар. Сиыр сүтіне қарағанда оның құрамындағы "С" дәрумені үш есе, темір – 12 есе артық. Түйе сүті қосылып, бөбектерге берілген қақпақтың пайдасы сиыр сүті қосылған қақпақтан әлдеқайда жоғары. (Біріккен Араб Әміраттары университеті). БАЭ-дағы бастауыш сынып оқушыларының 10% астамы түйе сүтін иммуномодельдеуші ретінде жүйелі түрде пайдаланады.

Түйе сүті өзінің келесідей келтірілген сипаттамаларымен ерекшеленеді: ақ түсті, тұзсыз, біркелкі қою қоймалжынды, дәмінің әсері өте нәзік және тәттірек немесе тәттірек-көрмектеу, ыдыстарға құю барысында жақсы көбіктенеді. Түйе сүті +100,4С<sup>0</sup>-та қайнай бастайды және -0,152-0,158С<sup>0</sup> температурасында қатады.

Түйе сүті химиялық құрамы бойынша келесідей заттардан тұрады, (%): ең көбі су – 86,5, құрғақ заттары – 13,5%, (Lim 13.2-16.2). Құрғақ заттар ішіндегі ақуызы –3,6% (Lim 3.0-4.0), альбумин – 0,6 (Lim-0.4-1.1): глобулин – 0,2 (Lim 0.1-0.3), сүт майы – 5,0 % (Lim 3.7-6.0); казеин – 2,8% (Lim 2.5-2.9) және минеральды заттар – 0,9 (Lim 0.7-1.0) көлемінде.

Түрлі факторлардың әсер ету нәтижесінде түйе сүтінің химиялық құрамы өзгеріске ұшырап отырады. Мұның басты себебі – сауын түйелердің жыл мезгіліне байланысты жайылым шөбімен қамтамасыз етілуі болып табылады. Түйе аналықтарының сауылу кезеңінің орташа ұзақтығы 500 күндей. Осы мерзім аралығында сүт құрамы ең кем дегенде төрт рет өзгереді. Боталағаннан кейінгі бірінші 7-10 күндікте жас төлге арналған ең құнды азық болып табылатын түйе сүті құрамы бойынша уызды келеді. Одан кейінгі жеті айға созылатын ең ұзақ екінші кезеңде, сүт қалыпты құрамға ие болады. Бес айға созылатын үшінші кезеңде, сүт құрамындағы май мөлшерінің артуы және құрғақ заттар мөлшерінің көбеюі есебінен, сүттің біршама қоюлануы орын алады. Төртінші кезеңнің ұзақтығы 5-ай көлемінде және ол боталаған жылдан кейінгі жылдың шағылысу нәтижелілігіне байланысты келеді. Бесінші кезеңнің ұзақтығы небары 20-25 күн және бұл сауын түйелерін босатып жіберер алдындағы мерзімі. Бұл кезеңде алынған сүт ескі сауылым деп аталады.

Қазақстан мен Орта Азия елдеріне түйе сүтінің жоғарғы емдік қасиеті мен қоректілігі және диеталық қасиеттері, олардың өнімдерін қайта өңдеу бұрыннан-ақ белгілі болған. Дәрігерлердің байқауына жергілікті тұрғындардың шұбатты тағамдық-сусындық өнім ретінде қолдануына орай, туберкулез ауруына шалдыққандар өте аз келетіні анықталған.

Қазақ халқының пайымдауы бойынша, шұбат өкпе мен асқазан ауруларына, рахит ауруы, улануда, сонымен қатар түрлі асқынған аурулар кезінде ағзаға күш беретін қоректік маңызы бар азықтық сусын ретінде пайдаланылған.

**Тәжірибелік бөлім.** Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысаны Қазақстанда өсірілетін түйе тұқымы: қазақ бактрианы, аруана және гибридтер – нар – мая, қоспақ.

Ғылыми – зерттеудің материалы ретінде түйе тұқымдарынан алынған сүт, өңделген өнім сусын – шұбат.

Түйе тұқымдарын таңдап алу және іріктеу «Түйені бонитировкалау» нұсқаулығы бойынша анықталды [3]. Түйенің сүт өнімділігі – сауын мөлшері нақты килограммен өлшенді, сүт құрамындағы құрғақ заттар, ақуыз, сүт қанты, май, күл, Са, Р, тығыздығы, қышқылдығы, энергетикалық құндылығы арнайы әдістермен анықталды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Шұбат – түйе сүтінен табиғи түрде сүтқышқылды және спирттік ашыту жолдарымен өңделген сүт қышқылды сусын. Ашытылған дәрежесіне орай оны біркүндік (жас), екі күндік (орташа мықтылықты) және үшкүндік (мықты) шұбат деп ажыратады. Қатықтардағы арнайы микрофлоралардың тіршіліктері барысында, түйе сүтінде күрделі биохимиялық үдерістер жүреді. Олар: сүттегі қанттың (лактозалар) ыдырауы нәтижесінде көмірқышқылдар мен спирт қышқылдарына айналады, шұбат құрамында жаңа заттар пайда болады, дәрумендер қатары артады.

Шұбатты дайындау кезіндегі түйе сүтінде өтетін микробиологиялық үдерістер барысында, сүтке қарағанда шұбатта оның тығыздығы және сүт қанты мөлшері де төмендейді. Сүт қышқылының үлесі ұлғайып оның нәтижесінде қышқылдық көрсеткіштері артады. Ондай сәттерде этил спирті мен көмірқышқыл газы пайда болады. Сонымен қатар дәрумендер құрамыда өзгереді. В<sub>1</sub> және В<sub>12</sub> дәрумендерінің мөлшері 2есеге ұлғаяды, ал С дәруменінің мөлшері 55,2мг/л жоғары болады.

Әртүрлі тұқымды сауын түйелері сүттерінің химиялық құрамдары да әрқилы болады. Атап айтқанда, Баймуканов А., Алибаев Н. Н және басқалары [4], Акимбеков А.Р., Баймуканов А. және басқалары[5], Баймуканов А., Есимова Ж., Шайдолла [6] түрлі түйе тұқымдары сүттері құрамдарына жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелері дәлел бола алады (кесте).

Кесте 1. Түйе тұқымы мен олардың будандары сүттерінің физика-химиялық қасиеттері мен энергетикалық құндылықтары

Сүт құрамы, %	Түйе тұқымдары мен будандары			
	Аруана	Қазақ бактрианы	Нар-мая (F <sub>1</sub> )	Қоспақтары (F <sub>2</sub> )
12 айлық лактациясындағы сүт өнімділігі, кг	4000	1750	2955	1925
Құрғақ заттар	12,0±0,83	15,98±0,43	13,88±0,34	13,98±0,42
Жалпы ақуыз	3,30±0,19	3,82±0,24	3,63±0,19	3,95±0,23
Сүт қанты	4,21±0,37	4,98±0,02	4,49±0,04	4,25±0,53
Май	4,03±0,12	6,12±0,27	4,6±0,05	4,63±0,10
Күл	0,75±0,009	0,95±0,09	0,79±0,06	0,81±0,01
Са	0,21±0,008	0,26±0,02	0,22±0,01	0,24±0,01
Р	0,10±0,001	0,11±0,04	0,10±0,002	0,11±0,005
Тығыздығы, г/см <sup>3</sup>	1,029	1,032	1,031	1,031
Қышқылдығы, Т <sup>0</sup>	19	18	18	20
Энергетикалық құндылығы, дж/кг	4057,4±89,5	2993,2±63,8	3355,7±69,7	3352,9±67,3

Кесте мәліметтерінен қазақ бактрианының сүті аруана сүтіне қарағанда алмастырылмайтын аминқышқылдарына (тионин, метеонин, валин, фенилаланин, лицин, лизин + гистидин) едәуір байырақ екендігін көреміз.

Мерзімдері бойынша бөлек-бөлек сауылған сүттің майлылығы бір-бірінен едәуір айырмашылық береді. Мысалы, боталағаннан кейінгі бірінші 7-10 күндіктегі алғашқысауылым сүтінің майлылығы 3,5 -4,0 % болса, жеті айға созылатын ең ұзақ екінші кезеңде ол 5,5 % -6,0 %, ал соңғы, яғни, түйелерді босатып жіберер алдында алынатын ескі сауылым сүті құрамында- 8,0-12,0 % -ке дейін жетеді.

Лактоза немесе сүт қанты, сүт қышқылды бактериялары әсері нәтижесінде ыдырауға ұшырап, сүт қышқылы пайда болады. Сүт қышқылы болса, өз кезегінде, өсіп келе жатқан сүйектерге өте қажетті фосфор мен кальцийдің адам ағзасына сіңіруіне көмектеседі. Сүт құрамындағы қант мөлшері ақуыз бен майға қарағанда біршама тұрақтырақ келеді.

Ұлттық дәстүрлі сусындар қымыз, шұбат және шалап қазіргі нарықтық экономикада жоғарғы деңгейдегі сапаға ие болып отыр. ұлттық сусындар Қазақстанда өндірілетін сусындардың брендіне айналумен қатар, ішкі және сыртқы нарықта үлкен сұранысқа ие.

Осыған орай, Рухани жаңғыру жобасы аясында ұлттық сусындарды ұлағаттау, жаңғырту мақсатында «Қазақтың Ұлттық дәстүрлі сусындары –салауатты өмір тірегі» атты фестиваль М.Әуезов атындағы ОҚУ студенттері мензиялы қауым өкілдері қатысуымен өткізу және әлеуметтік желілерге кең мақалалар жариялау, жастардың ұлттық сусындарға қызығушылығын арттыра отырып салауатты өмірге бағыттаудың орасан зор мәні бар. Жастардың рухани дамуында ұлттық дәстүрді сақтау арқылы ата-бабамыздан келе жатқан құнды сусындарды дайындау және тұтыну мәдениетін, сондай-ақ дайындаған материалдарды пайдалана отырып, қазіргі кезде

дүниежүзінде болып жатқан пандемия ауруының алдын – алу және емдеу мақсатында түйе өнімдерінің емдік қасиеттерін әрі қарай зерттеу мәселесін қолға алу қажет.

**Қорытынды.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында түйе сүті, оның химиялық құрамы, одан ұлттық сусындардың түрлі ассортименттерін дайындаудың техникалық үдерістері талданып, оның жастардың салауатты-өмір сүруге деген көзқарасын, ұлттық салт-дәстүрді өркендетудегі мәні атап көрсетілген. Өскеден ұрпаққа түйе сүтінен дайындалатын ұлттық сусын түрлерін дәріптеп насихаттау және пайдалану мәдениетін дәстүрге айналдыруда маңызы орасан зор.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy\(12\\_sayıp\\_2017\\_j.\)](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy(12_sayıp_2017_j.))
2. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020\(1\\_kыркүйек\\_2020\\_j.\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020(1_kыркүйек_2020_j.))
3. Инструкция по бонитировке (оценке) племенной ценности и воспроизводству верблюдов (приложение 10 к приказу Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 10 октября 2014 года №3-3/517)
4. Баймуканов А., Алибаев Н., Турумбетов Б.С., Баймуканов Д.А., Ермаханов М., Диханов С. Куландинский заводской тип верблюдов породы казахский бактриан // Аграрная наука – сельскохозяйственному производству юго – западного региона Казахстанаю – Шымкент: Әлем, 2013. – С. 145 - 150.
5. Akimbekov A.R., Baymukanov D. A., Iskhan K. Zh., Omarov M. M., Aubakirov N. A. Milk productivity and composition of mares ' milk of different genotypes report of the national Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, no. 2., 2018, Pp. 54-63.
6. Баймуканов А., Есимова Ж., Шайдолла М. Физико – химические свойства молока верблюдоматок в Атырауской области // Животноводство и кормопроизводство: теория, практика и инновация: Материалы международной научно-практической конференции (г. Алматы: 6-7 июня 2013г). Том 1: Животноводство. – Алматы, 2013. –С.230-231

**Аннотация:** В статье представлены результаты анализа основных технологических этапов и процессов приготовления различных пищевых продуктов из верблюжьего молока и важность пропаганды здорового образа жизни и национальных напитков среди молодежи в рамках реализации программы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Приводится, что потребление верблюжьего молока имеет большое значение в укреплении здоровья человека в борьбе с болезнями. Роль верблюжьего молока в профилактике сахарного диабета и сердечных заболеваний велика. Для духовного развития молодежи необходимо продолжить изучение целебных свойств верблюжьих продуктов с целью профилактики и лечения пандемических заболеваний, имеющих место в настоящее время во всем мире, с использованием подготовленных материалов, а также культуры приготовления и потребления ценных напитков, идущих от наших предков, путем сохранения национальных традиций.

**Ключевые слова:** здоровый образ жизни, верблюжье молоко, казахский бактриан, аруана, лактоза, жирность молоко, белок, шубат, нар-мая, коспак.

**Abstract:** The article presents the results of the analysis of the main technological stages and processes of preparation of various food products from camel milk and the importance of promoting a healthy lifestyle and national drinks among young people in the framework of the program "Bolashakka bagdar: Rukhani zhangyru". It is shown that the consumption of camel milk is of great importance in promoting human health in the fight against diseases. The role of camel milk in the prevention of diabetes and heart disease is great. For the spiritual development of young people, it is necessary to continue studying the healing properties of camel products in order to prevent and treat pandemic diseases that are currently occurring around the world, using prepared materials, as well as the culture of preparing and consuming valuable beverages that come from our ancestors, by preserving national traditions.

**Abstract:** healthy lifestyle, camel milk, Kazakh bactrian, aruana, lactose, fat content milk, protein, shubat, nar-may, kospak.

ӘОЖ: 664:006(658.562)

**Болысова Г.С., Асанова А.Р.**

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **ӨЛКЕМІЗДЕН ШЫҒАТЫН МАКАРОН ӨНІМДЕРІН СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ**

**Түйін:** «Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларында макарон өндірісінде қолданылатын қоспалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, макарон өндірісінде халықаралық стандарттар негізінде қауіпсіздік жүйесін құру, яғни ҚР техникалық реттеудің жаңа жүйесін құру және дамыту шеңберінде тамақ өндірісінде күші бар заңнамаларды еуропалық және халықаралық нормалармен үйлесімдеу жұмыстары жүргізудің маңыздылығы көрсетілді. Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекет жүргізетін саясаттың маңызды бөлігіекендігі дәлелденді. Тамақ өнеркәсіпорындарын мемлекеттік реттеуде халықаралық тәжірибе жеткілікті. Қазақстандағы бірқатар аграрлық өнеркәсіп кешенінің көп жылдарға арта келетіндігі, олардың халық сұраныстарын орындауға мүмкіндіктерінің жоқтығы. Әрине, бұл тамақ өндірісіне мемлекеттік бақылау аз орнатылған шет елдерден өнімдерді көп мөлшерде әкелуге мәжбүрлейді. Кәсіпкерлердің барлығы стандарттау және сертификаттаудың көптеген талаптарын орындамай, бұл салада бақылау жұмыстары да шетелдік іс-шараларымен салыстыруға тура келмейді. Тамақ өндірісін саласында мемлекеттік бақылау қызметін күшейту қажет. Қазіргі таңда бақылау мен тексеру жұмыстары қысқартылып, лицензиялау саны да азаюда. Бірақ мұндай жағдайлар дәл осы тамақ өндірісін саласында орын алмастан, керісінше, бұл салада бақылау күшейтіліп, олар қысқартылмауы қажет. Сонымен бірге импорттық тамақ өнімдеріне үлкен сақтықпен қарау қажет болып табылады қазіргі таңда.

**Кілт сөздер:** өнім сапасы, макарон технологиясы, техникалық шарт, техникалық реттеу, стандарт, нормативтік құжат, тамақ өнімі, техникалық регламент, нарықтық шарушалық, өнімінің қауіпсіздігі.

**Кіріспе.** Шымкентте жасалған макарон өнімдері ТМД елдерінің нарығын да жаулап алып жатыр. Қазіргі Қазақстан Республикасында жасалынған макарондардың негізгі түрлері Шымкент қаласында «Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларында өңделіп келеді. Италияның қазіргі заман қондырғыларымен жабдықталған кәсіпорын ұйымдары жоғары сұрыпты ұннан жасаған кеспелері мен макаронның бірнеше түрін экспортқа шығаруда. «Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикалары абсолюттік толық қуат көздерімен жұмыс жасауда. Қазіргі уақытта серіктестіктер, бүгінде таңда макаронның 70-ке тарта өнім түрлерін шығаруда. Мұндағылар тек ұн бағасы тұрақты болғанын қалайды. Фабрика өз өнімдерімен еліміздің оңтүстік аймақтарын, атап айтқанда Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облыстарын толық қамтамасыз етіп отыр. Серіктестікте әзірше ұн жетіспеушілік проблемасы жоқ. Өндіріс процессінің үздіксіз жұмыс істеуіне қажетті шикізаттың қоры да жеткілікті. Бүгінде фабрикаларда екі желіде қысқа кесілген макарон өнімінің 27 түрі, ал бірінде ұзын кесілген 3 өнім түрі шығарылады. Италияндық жабдықта, спагетти әзірлеуде бүкіл әлемге танымал мамандардың технологиясы бойынша шығарылған өнімдермен қатар бүгінде қазақ дастарханында асасылы бесбармақ жаймасы да өндіріледі. Ал бір ай көлемінде асудас өрелерінде фабриканың бір және екі келілік қорапшағасылынған қостанайлық жоғарғы сортты ұны пайда болмақ. Әрбір өндірілген өнімдер лабораториялық бақылаулардан өтіп сертификатталып сапалылығы бірінші орынға қойылып экспортқа шығарылады. Макарон өнімдерінің бағасы бүгінгі таңда макарон өнімдерін тұтынушы адамдардың саны күн санап артуда. Әрбір макарон өнімдерінің қоспасы өте жоғары. Қазіргі таңда макарон өнімдерінің бағасы өте жоғары. Қазақстанда макаронның жұмсақ сорттары өңделеді.

Ұннан жасалаған сапалы тамақ өнімдерін өндіру – нарықтық шаруашылықта кезек күттірмейтін компоненттерінің бірі болып саналады. Тұрғындардың шаруашылық салалары мен халықтың қажеттілігін қанағаттандырудағы экономикалық қатынастардың негізі болып табылады. Сол себепті азық-түлік өнімдері елдің азық-түлік қауіпсіздігіне, азық-түлікке тұтынушылық қажеттілікке кепілдік береді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының 2015 жылдан бастап толыққанды



мүшесі болды. Осы орайда отандық өнімдердің сапасын арттыру алдыңғы кезектегі мәселеге айналды. Макарон өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды болып саналатын нормативтік іс-құжаттарды халықаралық стандарттар талаптарымен үйлесімдеу бойынша жасалынған ұсынымдар макарон өндірісінде өнім сапасын арттыру мақсатында қолдануда ғылыми және іс-жүзілік маңыздылығы жоғары болып саналады.

**Теориялық талдау.** Макарон өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды болып саналатын нормативтік іс-құжаттарды халықаралық стандарттар талаптарымен үйлесімдеу бойынша жасалынған ұсынымдар макарон өндірісінде өнім сапасын арттыру мақсатында қолдануда ғылыми және іс-жүзілік маңыздылығы жоғары болып саналады [1].

Макарон өндірісі өнімдеріне жүргізілетін стандарттау жәнсертификаттау жұмыстарын жетілдіру. Макарон өндірісін стандарттау жәнсертификаттау болып табылады.

Макарон өндірісі қойылған мақсат шеңберінде келесідей тапсырмалар анықталды:

- макарон өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- макарон өндірісінде халықаралық стандарттар негізінде қауіпсіздік жүйесін құру;
- стандарттау іс-шараларын техникалық реттеу жетілдіру;
- техникалық шарттардың макарон өндірісінде қолданылу жүйесін жетілдіру;
- макарон өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылауын ұйымдастыру;
- макарон өнімдерін сертификаттау бойынша іс-шараларды дамыту.

Макарон өндірісі өнімдеріне жүргізілетін стандарттау жәнсертификаттау әрекеттері болып саналады. [2]. Алынған нәтижелер. Макарон өнімдері өндірісінде халықаралық стандарттар негізінде қауіпсіздік жүйесін құру бойынша ұсынымдар жасалынады.

**Тәжірибелік бөлім.** «Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларында азық-түлік қауіпсіздігі, тұрғындарды жоғары сапалы, сонымен қатар қауіпті емес тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету де өте маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мемлекеттің мемлекеттік қорғалуының ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі, себебі, бірде-бір мемлекет халықтың азық-түлікке өнімдеріне деген сұранысын кепілдік бере алмайды, соның ішінде экономикалық, қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін емес. Тұрғындардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етер алдында, мемлекеттің қаржылық, қоғамдық-саяси немесе мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы айту оңай. Біздің елімізде азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету мәселесі Республиканың Конституциясынан-мемлекеттің басты Ата Заңынан туындауға міндетті. Сондай-ақ, оның басшысына халық туралы, сондай-ақ тұрғындар жоғары сапалы, сондай-ақ зиянсыз азық-түлік өнімдеріне тұрғылықты адамның мүмкіндігін абсолютті түрде бекітуі керек [2].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылық көрсеткіші – тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, яғни, тамақ өнімдерінің оларды әдеттегі жағдайда пайдалану кезінде зиянды болып табылмайтындығы, қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығына қауіп туғызбайтындығына негізделген сенімділік пен жоғары сапалы өнім болуы. Соңғы кездері бұл мәселе өзінің маңызды екендігін растауда, себебі, азық-түлік өнімдерінің отандық нарығына түсетін өнімдер сапасының төмендігі байқалуда. Сақтау мерзімі өткен, адам денсаулығының қауіпсіздігіне сәйкес келмейтін, көп жағдайда, генетикалық түрлендірілген шикізаттардан жасалған импортты өнімдер Қазақстан нарығына сатылуда [3]. Біздің мемлекетімізде Кеден Одағына мүше болғаннан бастап көптеген азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру, тасымалдауды, сондай-ақ өнімнің өткізілу қозғалысын реттейтін техникалық регламенттер қабылдана бастады.

Ұн өнімдерінің радиациялық қауіпсіздігіне ерекше көп көңіл бөлу қажет, себебі қазіргі ұн, азық-түлік өнімдерінде радиациялық таза өнім белгісі анықталмаған. Қандай дәрежеде жоғары сапалы өнімнің бүгінгідей экологиялық дағдарыс жағдайында, қаншалықты радиациялық қауіпсіздік тұрғыдан таза екендігі расталынады. Сонымен қатар жүргізілген бақылау, өнімнің буып-түю ыдысының радиациялық тазалығы тиісті нормативтік іс-құжаттар талаптарына сәйкес екендігі көптеген сұрақтар туындатады. Осындай міндеттерді шешу мақсатында табиғатты қорғау, денсаулық сақтау, технологиялық реттеу, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірнеше қолданыстағы заңнамалық іс-қимылдарға өзгерістер енгізілуі керек, олар осындай жалпыға бірдей танылған өлшемдермен, сондай-ақ критерийлермен толықтырылуы керек. Жоғарыда аталған шаралар жүзеге асырылған жағдайда ғана халықты сапалы және өмірі мен денсаулығына қауіпсіз тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуге болады [1]. Макарон

өндірісі өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру үшін стандарттау жәнесертификаттау жұмыстарын жетілдіру мақсатында қолданылады.

**Нәтижелер мен талқылау.** «Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларында макарон өнімдері тек қоңыр-сары бидай ұнынан дайындалып, ол кептірілген нұсқада өзінің тағамдық қасиеттерін сақтайды, сонымен қатар көптеген жылдар бойына төмендемейді, сондықтан оған су сіңіретін элементтер немесе қоспалар кірмейді, олар тез бұзыладыкүшті, бір жылдық жүйенің арқасында. Макарон өнімдерінің негізгі қасиеттері:

- құрамындағы минералды заттардың мөлшері төмен, ал ақуыз және т.б. құнарлы заттарды көп ұстайтын сапалы жоғары сұрыпты бидай ұнынан дайындалатын болғандықтан, олардың азық-түлік құндылығы өте жоғары;

- қара жұмыстағы тұрғындар үшін оның ұнның ақуыздары мен көмірсулардың сіңімділігіөте жоғары сұрыпты болып табылады;

- ұннан макаронды дайындаудың жеңілдігі жылдам жәнеөнімнің тез пісетіндігі (ұсақ өнімдер бес минутта, қалың қабырғалы макарон өнімдер он бес, жиырма минутта піседі);

- азық-түлік пісіругеалынған суда өтеаз еріп, шығындалмайды.

«Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларындасонымен қатар, бірінші жәнеекінші технологиялық желілер сақталады; үшінші технологиялық желіде жуу машинасын қалдырады; ал төртінші және бесінші технологиялық желілер өзгеріссіз қалады. Алтыншы технологиялық желіде дәннің шамадан тыс ұсақталуын болдырмас үшін стерилизатор-энтолейтор қолданылмайды. Жетінші технологиялық желіні өзгеріссіз қалдырады. Ұнтақау үшін бидайды дайындауда зақымдалған дәндерді жәнеарамшөп ұрықтарын жоюғааса көп көңіл бөлу қажет. Дәнді жармалау кезінде құрамындаарамшөп ұрықтары болса, онда олар макарон жармасы мен жартылай жармалардың бірқалыпты түсіне қара дақтар береді. Макарон сапасының негізгі бақылау көрсеткіші ретінде, оның көлем бірлігіндегі қара дақтар саны болып табылады [4].



Сурет 1 - Макарон өнімдерінің технологиялық схемасы

Шикізат өндірісіменсуды дайындағанда ұнды елеп, електен өткеннен кейін де азаптың сүзілуі басқа түсті элементтерге, темір ұнтақтарына назар аударады, кейбір жағдайларда олар 100С-қа дейін азапты қыздыру қозғалыстарын ағайды,кейде, ұнды 10<sup>0</sup>С-ға дейін жылыту, оған қосылатын байытқыш немесе басқа түрлі қоспаларды дайындау жәнесуды жылыту процестерін айтады.Олар бір мезгілде бұрандалы басып шығару жүйесін тозу ретінде қалыптасады, сондай-ақ оның құрылымына енеді. Қамыр илеу баспасының түріне байланыстытоғыз-жиырма мин араластырып, илейді. Мұнда жұқа элементтерден тұратын масса пайда болады. Бұл женттер немесе бірдей айналдырылған икемді масса престерде қалыптасады. Біреу бұрандалы қалыптау камерасындағы 10 МПа қысымына байланысты пайда болады. Егер біртекті тартылған масса болса, онда ол әртүрлі фигуралардың тесіктері бар фигураларға түседі. Егер біркелкі иленген

камыр болса, оны әртүрлі пішінді тесіктері бар қалыптарғасалып, сығымдап өткізеді. Нәтижесінде макарон өнімдеріматрицалық конфигурацияныңпішінін алады [3].

**Қорытындылар.** Қазіргі уақыттаШымкент қаласында«Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларында макарон өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылауы қарастырылып, тамақ өнімдерін өндіруші тамақ өнеркәсіпорындары шығарылған өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге және оның дайындалуы, сақталуы және тасымалдануы жағдайларына нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген талаптарды орындауға міндетті. Сонымен қатар макарон өнімдерін сату барысындасапаны қамтамасыз ету сұрақтары да шешілді.

«Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларындамакарон өндірісінде қолданылатын қоспалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, макарон өндірісінде халықаралық стандарттар негізінде қауіпсіздік жүйесін құру, яғни ҚР техникалық реттеудің жаңа жүйесін құру және дамыту шеңберінде тамақ өндірісінде күші бар заңнамаларды еуропалық және халықаралық нормалармен үйлесімдеу жұмыстары жүргізудің маңыздылығы көрсетілді. Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекет жүргізетін саясаттың маңызды бөлігіекендігі дәлелденді.

Макарон өндірісіндегі стандарттау бойынша атқарылатын бірқатар іс-шаралар сипатталып, стандарттауды өнім сапасын арттыру ретінде қарастырылуы талданды. Сапаны басқаруда техникалық шарттарға көп мән берілетіндігі сипатталып, техникалық шарттардың макарон өндірісінді қолданылу артықшылықтары қарастырылды. Стандарттау іс-шараларын техникалық реттеу, сонымен бірге макарон өндірісін нормативтік-техникалық құжаттармен қамтамасыздандыру мәселелері де қозғалды. Стандарттардың пайдалануы мен орындалуын мемлекеттік бақылау және қадағалау, оларды кодтау және маркілеу сұрақтары жан-жақты сипатталды.

Макарондардың беріктігін сынау, пісірілген макарон өнімдерінің күйін сынау және қайнатылған су құрамындағы құрғақ заттардың мөлшерін анықтау арқылы макарондардың сапасын анықтау мүмкіндіктері келтірілді.

«Корона», «Мадина», «Сұлтан» макарон фабрикаларындамакарон өнімдерін сертификаттау негіздері, ерекшеліктері жәненегізгі мақсаттары қарастырылып, тұрғындардың өмірі мен денсаулығын, халықтардың мүліктері мен қоршаған ортаны қорғау, өнімдердің, жұмыстардың, қызмет көрсету қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар мәселелер шешілді.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Акишев К., Дарибаева Г. Стандарттау, метрология жәнесәйкестікті бағалау: Оқулық. Астана: Фолиант, 2015. 256 бет.

2 Чернов Н.Е., Медведев Г.М., Негруб В.П. Справочник по макаронному производству. М.: Пищевая промышленность, 2014.304 с.

3 Медведев Г.М., Крылова В.В. Технология и теххимконтроль макаронного производства. М.: Пищевая промышленность, 2018. 144 с.

4 «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ.

5 «О безопасности пищевой продукции» Технический регламент Таможенного союза. ТР ТС 021/2011.

**Аннотация:** На макаронных фабриках «Корона», Мадина», «Султан» была показана важность проведения работ по обеспечению безопасности« смесей, применяемых в производстве макаронных изделий, созданию системы безопасности на основе международных стандартов в макаронном производстве, т. е. гармонизации действующего законодательства в пищевом производстве с европейскими и международными нормами в рамках создания и развития новой системы технического регулирования в РК. Доказано, что обеспечение безопасности пищевой продукции является важной частью политики, проводимой государством. Достаточный международный опыт государственного регулирования пищевой промышленности. Ряд аграрно-промышленных комплексов в Казахстане на протяжении многих лет не имеют возможности выполнять запросы населения. Конечно, это вынуждает ввозить в больших количествах продукты из зарубежных стран, где государственный контроль над производством продуктов питания мало установлен. Не все предприниматели выполняют многие требования стандартизации и сертификации, и контрольные работы в этой сфере тоже не идут ни в какое сравнение с

зарубежными мероприятиями. Необходимо усилить службу государственного контроля в сфере пищевого производства. В настоящее время сокращаются контрольные и проверочные работы, увеличивается количество лицензирования. Но такие случаи не происходят именно в сфере пищевой промышленности, а наоборот, в этой сфере должен быть усилен контроль и они не должны сокращаться. В то же время к импортным пищевым продуктам необходимо относиться с большой осторожностью.

**Ключевые слова:** качество продукции, технология макаронных изделий, техническое условие, техническое регулирование, стандарт, нормативный документ, пищевая продукция, технический регламент, рыночная стоимость, безопасность продукции.

**Abstract:** At the pasta factories «Korona», «Madina», «Sultan» the importance of ensuring the safety of mixtures used in the production of pasta, creating a safety system based on international standards in pasta production, i.e., harmonizing the current legislation in food production with European and international standards in the framework of the creation and development of a new system of technical regulation in the Republic of Kazakhstan was shown. It is proved that ensuring the safety of food products is an important part of the policy pursued by the state. Sufficient international experience of state regulation of the food industry. A number of agricultural and industrial complexes in Kazakhstan for many years have not been able to meet the needs of the population. Of course, this forces us to import large quantities of food from foreign countries, where state control over food production is little established. Not all entrepreneurs meet many of the requirements of standardization and certification, and control work in this area also does not go to any comparison with foreign events. It is necessary to strengthen the state control service in the field of food production. Currently, control and verification work is being reduced, and the number of licenses is increasing. But such cases do not occur in the food industry, but on the contrary, control should be strengthened in this area and they should not be reduced. At the same time, imported food products should be treated with great caution.

**Key words:** product quality, pasta technology, technical condition, technical regulation, standard, regulatory document, food products, technical regulations, market value, product safety.

УДК 873-057.179.4

**Ветехин С.С., Кенжеханова М.Б., Қайсарова А.А.**

физ.-матем.ф. к., доцент, БМТУ, Беларусь Республикасы, Минск.

магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **«ЕРАСЫЛ - ШЫМКЕНТ» ЖШС-НЕІСО / ІЕС 27001 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ НЕГІЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ**

**Түйін:** Халықаралық стандарт ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін әзірлеу, енгізу, пайдалану, бақылау, талдау, жүргізу және жетілдіру моделі ретінде дайындалған. Ұйымның жобалау мен жүзеге асыруға ұйымның қажеттіліктері мен міндеттері, қауіпсіздік талаптары, қолданылатын процестер және ұйымның жұмыс жасау процестеріне енгізіледі. Зерттеу нысаны - ISO / IEC 27001 халықаралық стандартының талаптары мен ережелері, зерттеу пәні - ISO ережелері, қағидалары мен тұжырымдамалары негізінде «ЕРАСЫЛ - ШЫМКЕНТ» ЖШС-да ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың қалыптасу ерекшеліктері. Зерттеудің практикалық маңыздылығы мынада: ISO / IEC 27001 халықаралық стандартына негізделген ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру бойынша әзірленген әдістер мен ұсынымдар «ЕРАСЫЛ - ШЫМКЕНТ» ЖШС-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін енгізудің әдістемелік тәсілдерін тұжырымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар талдау, зерттеу және критерийлер мен индикаторларды іріктеу негізінде ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру мен енгізу процедуралары, қажетті құжаттаманы әзірлеу, жүйенің тәуекелдері мен оның жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** ақпарат, ақпаратты қорғау, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық қатынастардың субъектілері, ақпараттық жүйе, ақпаратты қорғау тәсілі, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі, ақпаратты сақтау ортасы.

**Кіріспе.** Ақпарат - бұл кәсіпорынға құндылық қосатын және сақтауды талап ететін бизнес-ресурстардың бірі. Ақпараттық қауіпсіздіктің әлсіздігі қаржылық шығындарға және коммерциялық операцияларға зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан, кәзіргі таңда ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру және оны кәсіпорынға енгізу мәселесі өзекті мәселе болып табылады.

ISO / IEC 27001: 2005 халықаралық стандартын «Ерасыл - Шымкент» ЖШС-не ендіру барысында әдістемелер және әдістемелік ұсыныстар жоқтығынан оны әзірлеу мен енгізу кезінде бірқатар кедергілер кездеседі. Сонымен қатар, кәсіпорынның барлық процестерін жетілдірудің және оның тиімділігін бағалаудың ең тиімді құралы ретінде дамыған жүйені кәсіпорынның жалпы басқару мәселесіне енгізу барысында мәселелер туындайды[5].

**Теориялық талдау.** Көзделген мақсатқа жету үшін бірқатар теориялық, ғылыми және практикалық мәселелерді шешу қажет, атап айтқанда:

- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін Қазақстан Республикасында, жақын және алыс шетелдерде ИСО / МЭК 27001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкесінше ендіру мүмкіншіліктерін талдау.

- көрсетілген құжат талаптарына сәйкес келетін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің негізгі элементтерін анықтау.

Алдымен ақпараттық жүйе ұғымына түсініктеме беріп өтсек: автоматтандырылған ақпараттық жүйе - белгіленген функцияларды орындау үшін ақпараттық технологияларды ұсынатын техникалық (аппараттық) және бағдарламалық құралдардың, сондай-ақ олармен жұмыс істейтін пайдаланушылардың (персоналдың) жиынтығы[2].

«Ерасыл - Шымкент» ЖШС-не стандартты енгізу барысында ең маңызды мәселелерінің бірі - бұл құпия ақпаратты қорғау. Ақпарат әр түрлі формада болуы мүмкін: оны басып шығаруға немесе қағазға жазуға, электронды түрде сақтауға, пошта арқылы жіберуге немесе электронды құралдардың көмегімен көшіруге болады, оны видео материалдарда, таспаларда ұсынуға немесе сөйлесуде білдіруге болады. Кәсіпорында олардың ақпараттық жүйелері мен желілері көптеген түрлі ақпарат көздерінен, оның ішінде компьютерлік алаяқтықтан, тыңшылықтан, диверсиядан, бұзақылықтан, өрттен немесе су тасқынынан келетін қауіп-қатерлерге тап болуы мүмкін. Зиянды код, компьютерлік бұзу және заңды қолданушыларға қызмет шабуылдарынан бас тарту сияқты зиян келтіру сияқты қауіптер бар. Ақпараттың қандай формада сақталуына, қандай құралдар арқылы таратылуына немесе сақталуына қарамастан, олар әрқашан тиісті түрде қорғалуы керек. Кәсіпорын басшысы ақпараттық жүйелердің қазіргі жағдайын объективті бағалауы, ақпараттық қолдаудың қажеттіліктері мен бар ақпараттық проблемаларды көруі және түсінуі керек. Бұл басқару құралдары іскерлік ақпаратты қорғаудың нақты ұйымдастырушылық мақсаттарына жету үшін жасалуы, енгізілуі, үздіксіз бақылануы, талдануы және жетілдірілуі қажет[1].

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жоспарлау кезінде «Ерасыл - Шымкент» ЖШС мәселелер мен талаптарды ескеріп, ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі үшін ескеру қажет тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауы керек, сонымен қатар керексіз әсерлердің алдын алу немесе азайту және үнемі жақсартуға қол жеткізуі қажет[3].

**Нәтижелер мен талқылау.** Ақпараттық процестердің негізгі компоненттері:

1. Мәліметтерді қажетті формаға айналдыру және оларды сақтау
2. Ақпаратты жинау, сақтау, беру, кодтау, өңдеу және қорғау
3. Мәліметтерді жинау, сұрыптау және өңдеу, оларды қажетті формаға ұсыну
4. Бастапқы хабарламаларды қалыптастыру және оларды адамның қабылдауына қолайлы формада ұсыну

Ақпараттық процестің схемасында оның рұқсат етілмеген немесе кездейсоқ әсерден қорғанысы жатыр. Ақпараттық қауіпсіздікті реттеудің дүниежүзілік практикасы таяуда ғана уәкілетті органдардың міндетті талаптарынан тұрды. Осылайша, кісіпорындарды басқару үшін бір ғана міселе болды - бұл барлық осы талаптар мен ұсыныстарды орындау мәселесі, ал реттеушілер үшін - олардың жиынтығын әмбебаптандыру мәселесі.

Сонымен, басқару жүйесі - бұл компания басшылығы тұжырымдаған мақсаттарға жетудің құралы. Халықаралық ISO стандарттарының ішінде сапа менеджменті жүйелеріне қойылатын талаптарды анықтайтын ISO 9000 сериясы ерекше орын алады[2].

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін сертификатын алу «Ерасыл - Шымкент» ЖШС-не төмендегі артықшылықтарды береді:

клиенттердің, серіктестердің және басқа мүдделі тараптардың сенімін арттыру;  
ұйымдардың жұмысының тұрақтылығын арттыру;  
халықаралық мойындау және компанияның ішкі және сыртқы нарықтағы беделін нығайту;  
ақпараттық қауіпсіздікке төнетін нақты қауіп-қатерлерден қорғау бойынша іс-шаралардың барабарлығына қол жеткізу;

ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінен болатын залалдың алдын алу және (немесе) азайту;

мүдделі тараптардың ақпаратының құпиялығын қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздіктің белгілі бір деңгейін көрсету;

материалдық емес активтер құнының өсуі, компанияның құнын жоғарылататын сақтандыру сыйлықақыларының төмендеуі;

операциялық шығындарды төмендету және бірыңғай ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін шеңберінде «кросс» қаржыландыруды жою;

компанияның ірі мемлекеттік келісімшарттарға қатысу мүмкіндігін кеңейту;

PCI DSS, ISO / IEC 20000-1 стандарттарына сәйкестігі бойынша аудиттің өтуін айтарлықтай жеңілдетуі мүмкін

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін сертификаттауының жалпы жоспары келесідей:

- ISO / IEC 27001: 2013 талаптарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін қолдану аясын алдын-ала анықтау (ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан ең маңызды бизнес-процестерді оқшаулау және анықтауға арналған сауалнама жүргізу)[5];

Осы жүйені халықаралық стандарттарға сәйкес сертификаттау немесе оларды біріктіру процедурасы 4 кезеңге бөлінеді:

1. Сертификаттауға дайындық - Тапсырыс берушінің сауалнамасын, аудиторлық тапсырыстардың нысанын толтыру, келісімшарт жасау;

2. Бірінші кезеңнің аудиті - аудиторлық жоспарды келісу және жүзеге асыру, аудиттің 1-кезеңі бойынша есеп алу, соның ішінде басқару жүйесінің құжаттамасын талдау және 2-ші кезеңге дайындықты бағалау;

3. Екінші кезең аудиті - ағымдағы жоспарлау жүйесінің тиімділігін талдаумен, анықталған ауытқуларға / ескертулерге түзетулер мен түзетулерді қоса алғанда, аудиторлық жоспарды бекіту және жүзеге асыру, аудиторлық есеп алу;

4. Сертификат беру және қадағалау - қадағалау және қайта сертификаттау тексерулерінен өту арқылы сертификаттың қолданылу шарттарының орындалуы және қолданылу мерзімін ұзарту.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру кезеңдерін жобалау бойынша ұсыныстар «Ерасыл - Шымкент» ЖШС-не көрсетілген стандартты ендіру 6 сатыдан тұрады:

1 саты: Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жоспарлау және құру. Бұл сатыда қорғауға жататын ақпараттық жүйенің объектілерін (ақпараттық-техникалық ресурстар) анықтау қажет. Ресурстар мен технологиялардың анықтамасын беру қажет. Ықтимал қауіптер мен ақпараттың ағып кету арналарын анықтау (сәйкестендіру (тәуекелдер)).

Ақпарат үшін қауіптер мен қауіптерді бағалау, ақпараттық қауіпсіздік жүйесіне қойылатын талаптарды анықтау жатады.

2 саты: Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін әзірлеу. Тәуекелді бағалау әдісі туралы шешім қабылдау; тәуекелді бағалау туралы есеп; тәуекелді емдеу жоспарын құру; рәсімдерді әзірлеу; іс қағаздарын жүргізу; персоналды оқыту, лауазымдық нұсқаулықтармен танысу жатады.

3 саты: Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін іске асыру және пайдалану. Бұл сатыда іске асырылатын әрекеттерге:

Қолдануға болатындығы туралы мәлімдеме жасау. Басқару әрекеттерін, ресурстарын, міндеттері мен басымдықтарын анықтау. Тәуекелдерді емдеу жоспарын құру және жүзеге асыру.

Қауіпсіздік оқиғаларын анықтау және қауіпсіздік оқиғаларына жауап беру процедуралары мен бақылауды жүзеге асыру

4 саты: Мониторинг және талдау. Мониторинг процедураларын орындау және рәсімдерді талдау, бақылаудың тиімділігін өлшеу, тәуекелдерді бағалау талдауын жүргізу.

5 саты: Жүйені жақсарту.

Мүдделі тараптарға шаралар мен жақсартулар туралы хабарлау іске асырылады.

6 саты: Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін сертификаттау.

Сертификаттауға өтініш беру. Келісім-шартын жасасу. Қажетті құжаттар пакетін дайындау.

Сәйкестікті растау үшін құжаттаманы органға беру. Сыртқы аудитке дайындық.

Сертификаттық аудит жүргізу. Сәйкессіздіктерді анықтау. Сәйкессіздіктерді талдау. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі құжаттамасына енгізілген өзгерістер. Түзету бойынша есептер ұсыну растау органына әрекеттер сәйкестік. Сертификат алу үрдістері кіреді [6].

Ауқымды таңдау және осы ауқымға енетін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі бизнес-процестерінің тізімін жасау әрдайым әр түрлі себептермен, мысалы, қаржылық себептермен толықтай жүзеге асырыла бермейді. Сертификатталған көлемді мақұлдағанға дейін компаниядағы барлық қолданыстағы бизнес-процестердің тізімі деп аталатын бақылау тізімі жасалынып, оның ішінен ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан ең маңызды процестер таңдалуы керек. Бұл клиенттің деректерін өңдеу және сақтау, қаржылық операциялар, құпия деректермен жұмыс немесе басқа нәрсе болуы мүмкін. Іріктеу барысында клиенттердің сұраныстары сияқты сыртқы факторды ескеру маңызды.

«Ерасыл - Шымкент» ЖШС-де құрылатын жұмыс тобы мүшелері:

1. Компания директоры.
2. Қаржы және даму жөніндегі директор.
3. Стандарттау жөніндегі маман (құжаттармен жұмыс істеуге жауапты тұлға ретінде).
4. Ақпараттық қауіпсіздік менеджері.
5. Жүйелік әкімші.

Қызметкерлер саны компанияның көлеміне және сертификаттауды таңдау туралы шешім қабылдаған процестерге байланысты. Алайда команда кем дегенде үш адамнан тұруы керек. Дәл сол адамдар комиссия құрамына кіреді. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру және енгізу барысында белгілі бір іс-шараларды жүзеге асыруға қатысты мәселелерді талқылайды және шешімдер қабылдайды [7].

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін сертификаттау кезінде «Ерасыл - Шымкент» ЖШС-гі әзірлеуі және көрсетуі керек алғашқы құжат - бұл Саясат.

Ақпараттық қауіпсіздік саясаты дегеніміз - бұл ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін негізгі мақсатын сипаттайтын шағын, жоғары деңгейлі құжат. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі мақсаттарын әдетте жеке құжатта анықтауға болады, бірақ оларды ақпараттық қауіпсіздік саясатына енгізуге болады.

Саясаттың негізгі мақсаты - компанияның ақпараттық ресурстарын барлық ішкі, сыртқы, қасақана немесе кездейсоқ қауіптерден қорғау.

Мұндай кестені әзірлеу тәуекелдерді одан әрі өңдеу үшін қажет, атап айтқанда белгілі бір қатерлерді жою және тәуекел деңгейін төмендету әдістерін таңдау.

Сонымен қатар тәуекелдерді бағалау және жою жөніндегі нұсқаулық - бұл тәуекелді бағалау және жою процедураларын орындауға дейін жазылуы керек 4-5 беттен тұратын құжатты ізңрлеу қажет. Тәуекелді бағалау туралы есеп тәуекелді бағалау және тәуекелдерді жою рәсімдері орындалғаннан кейін жазылады. Бұл есеп барлық нәтижелерді қорытындылауы керек [4].

Қатынауы басқару саясатын әзірлеу бойынша ұсыныстар: Бұл құжатты әзірлеу Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін міндетті болып табылады, өйткені ол физикалық объектілерге де, логикалыққа да қол жеткізу ережелерін анықтайды. Тәуекелді бағалау және тәуекелдерді жою процестері аяқталғаннан кейін әзірленеді. Мысал ретінде:

1. Компанияның ақпараттық ресурстарына қол жеткізу. Бұл құпия ақпараты бар кәсіпорынның ақпараттық ресурстарына қол жетімділік қызметкерлерге ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қойғаннан кейін беріледі.

2. Келісім-шарт аяқталғаннан кейін кәсіпорын ресурстарының қайтарылуы. Кәсіпорын қызметкері жұмыстан босатылған және / немесе келісімшартты бұзған жағдайда, оған жұмыс (қызметтер көрсету) үшін берілген барлық ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ құпия ақпараты бар барлық ақпарат құралдарын дереу қайтаруға міндетті. Оларға компанияның немесе оның клиенттерінің, олардың көшірмелері, қолжазбалар, сызбалар, сызбалар, сызбалар, магниттік таспалар, фотосуреттер, дискілер, иілгіш дискілер, принтердегі басылымдар, пленка, фото негативтер және басқа ақпарат құралдары жатады.

3. Корпоративтік желіні және Интернетті пайдалану. Пайдаланушы басқа пайдаланушыларға тиесілі кез-келген файлды файл иесінен алдын ала рұқсатынсыз оқымауы, өзгертпеуі, өшірмеуі немесе көшірмеуі керек. Егер қол жетімділік барлық пайдаланушылар үшін нақты түрде орнатылмаған болса, жалпы каталогтардағыдай, басқа пайдаланушыларға тиесілі

файлдарды оқу, өзгерту, жою немесе көшіру мүмкіндігі бұл әрекеттерді орындауға рұқсат бермейді. Пайдаланушы ақпараттық жүйелерді қорғаудағы осалдықтарды, осы жүйелерді зақымдауға[4].

Сонымен қатар кәсіпорын оқу, дағды, тәжірибе және біліктілік туралы жазбалар жүргізуі керек. Әдетте бұл жазбалар кадрлар бөлімінде сақталады. Осылайша, кәсіпорында әр қызметкердің оқуы мен біліктілігін арттыру фактісін растайтын барлық құжаттары бар папка болуы керек.

**Қорытындылар.** Қорыта келгенде, ақпараттық қауіпсіздіктің бүкіл әлемдегі қолданыстағы тәсілдері компаниялардың материалдық емес активтерін қорғауға деген шұғыл қажеттілігі негізінде дамыды, оған бірінші кезекте ақпараттық ресурстар кіреді. Ақпараттық желілер мен жүйелер, қызметкерлер, жабдықтаушылар, тұтынушылар, қаржы институттары мен мемлекеттік органдар бұл қауіптердің көзі бола алады. Әлсіз қорғаныс сонымен қатар қауіпсіздіктің тұрақты көзі болып табылады. Бұл құнды бәсекелестік артықшылықты жоғалтуға, ақпараттың ағып кетуіне, клиенттердің мәліметтер базасын ұрлауға және тікелей қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, «Ерасыл - Шымкент» ЖШС-гі клиенттің өзіне берген құпия ақпаратты қорғай алмауына байланысты өзінің имиджін жоғалтады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 ISO / IEC 17799: 2005 Ақпараттық технологиялар - Қауіпсіздік техникасы - Ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың практикалық кодексі.

2 ISO 9001-2000 сапа менеджменті жүйелері - талаптар.

3 ISO 14001: 2004 Экологиялық менеджмент жүйелері - пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы талаптар.

4 Сячина Т.Ю. Ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың заманауи әдістері туралы // СПБПУ ғылыми-техникалық мәлімдемелері. Жаратылыстану және инженерлік ғылымдар, 4-2 (183), 2013. С.284-286.

5 ҚР СТ ИСО / МЭК 27001-2015 Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар. Кіру режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30435994&doc\\_id2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30435994&doc_id2)

6 Горбунова Ю.И. Ақпараттық инфрақұрылым: заманауи мәні, оның құрамдас бөліктері // Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестер. 2014. №2. С. 14-21.

7 Дементьева А.Г. Жаһанданудың қазіргі жағдайлары және трансұлттық корпорациялардың ролі // XXI ғасыр бастамалары. 2010. № 1-бет 59-64.

**Abstract:** International Standard is designed as a model for the development, implementation, operation, control, analysis, maintenance and improvement of information security management systems. An organization's design and implementation includes the organization's needs and objectives, security requirements, applicable processes, and the organization's operating processes. The object of research is the requirements and provisions of the international standard ISO / IEC 27001, the subject of research is the peculiarities of the formation of information security management at ERASYL-SHYMKENT LLP on the basis of the provisions, principles and concepts of ISO / IEC 27001. The practical significance of the research is that the developed methods and recommendations on the formation of an information security system based on the international standard ISO / IEC 27001 allow to formulate methodological approaches for the implementation of an information security management system at ERASYL-SHYMKENT LLP on the basis of analysis, research and selection of criteria and indicators of stages and procedures for creating and implementing a management system information security, develop the necessary documentation, assess the risks of the system and the effectiveness of its functioning.

**Keywords:** information, information protection, information security, subjects of information relations, information system, method of information protection, information security management system, information storage environment.

**Аннотация:** Международный стандарт разработан как модель для разработки, внедрения, эксплуатации, контроля, анализа, обслуживания и улучшения систем менеджмента информационной безопасности. Дизайн и реализация организации включает потребности и цели организации, требования безопасности, применимые процессы и операционные процессы



организации. Объектом исследований является требования и положения международного стандарта ИСО/МЭК 27001, предметом исследований - особенности формирования управления информационной безопасности на ТОО «ЕРАСЫЛ - ШЫМКЕНТ» на основе положений, принципов и концепций ИСО/МЭК 27001. Практическая значимость исследования состоит в том, что разработанные методики и рекомендации по формированию системы информационной безопасности на основе международного стандарта ИСО/МЭК 27001 позволяют сформировать методологические подходы по внедрению на ТОО «ЕРАСЫЛ - ШЫМКЕНТ» системы управления информационной безопасности, которая сформирована на основе анализа, исследований и выбора критериев и показателей этапов и процедур создания и реализации системы управления информационной безопасностью, разработать необходимую документацию, провести оценку рисков системы и результативность ее функционирования.

**Ключевые слова:** информация, защита информации, информационная безопасность, субъекты информационных отношений, информационная система, способ защиты информации, система управления информационной безопасностью, среда хранения информации.

ӘОЖ: 661.532

**Досмаканбетова А.А., Сейткасимова Л.А., Пазилова Г.Д.**  
техн.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **МҰНАЙҒАЗХИМИЯ КЕШЕНІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ**

**Түйін:** «Технологиялық машиналар және жабдықтар» кафедрасы ғылым мен білім беру технологияларын дамыту жолында сенімді тұр. Жаңа білім беру технологиялары кафедраның білім беру қызметінде сәтті жүзеге асырылуда. Кафедраның дамуы республиканың халық шаруашылық кешеніндегі құрылымдық өзгерістермен байланысты жаңа, неғұрлым әмбебап бағытқа ие болуда: ол химия, мұнай және тамақ технологиясының аппараттарына ғылыми-зерттеулер жүргізу бойынша өз үлестерін қосып келеді. Осы уақыттан бастап ұжымның шетелдің ұқсас кафедраларымен берік дәстүрлі ғылыми-әдістемелік байланысы қаланды. Кейінгі жылдарда кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстары қарқынды ұйымдастырылуда, ал оның мазмұнында жаңа заман талабына сай бетбұрыстар орын алуда - бұл жұмыстар өнеркәсіп салаларындағы ғылыми және техникалық проблемаларды қамтиды. Алынған бай тәжірибелік материалдар кафедра ғалымдарына ғылыми-техникалық конференцияларда қарастырылған химия және химиялық технология мәселелерін кеңінен жалпы ғылыми талқылауға шығаруға мүмкіндік берді.

**Кілттік сөздер:** рухани жаңғыру, ғылыми жұмыс, кафедра, зертхана, студенттік ғылыми конференция, ғылыми зерттеулер.

**Кіріспе.** Қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуға жоғары оқу орындарының ғылым, білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеуде орны ерекше. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екені барлығымызға мәлім. Осы орайда "Рухани Жаңғыру" бағдарламасы сапалы білім мен үлкен мүмкіндіктерге, жас ұрпақтың сапалы білім алуына жол ашады

Мемлекеттің әр қадамы нәтижелі болу үшін, ұлттық құндылықтар мен мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізудің нәтижесінде, қазіргі таңда білім беру саласындағы оқу бағдарламасында үлкен серпілістер болуда. Білім беру саласында барлық мәселелер мен мақсаттар рухани жаңғыру бағдарламасын іске асырумен байланысты болып келеді. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде білім сапасының халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Әлемдік жаһандану жағдайындағы, ғылыми-техникалық прогресстің дамуында химия саласының алатын рөлі зор. Атап айтар болсақ, Түркістан облысында жеңіл және химия өнеркәсібі, тамақ өнімдерін өндіру, машина жасау, фармацевтикалық өндіріс және басқа да салалар ұлғаюда. Соның дәлелі ретінде Шымкент қаласында бірнеше кіші және орта бизнестер

дамып кележатыр. Осы индустрияның дамыған заманында «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының білікті мамандарды даярлауда алатын орны ерекше.

"Технологиялық машиналар мен жабдықтар" кафедрасының қызметі ғылымның жаңа кезеңдеріне өту, жоғары деңгейдегі ғылыми жұмыстарды орындау, жоғары квалификациялы ғылыми және педогогикалық көрсеткіштерге жету бағытындағы сапалы өзгерістерге бет алып келеді.

Осындай стратегиялы мәселелерді шешуге байланысты кафедраның жылумассаалмасу процестерін қарқындату және аса таза заттарды алу бойынша проблемалық ғылыми-зерттеу зертханасы бар. Қазіргі уақытта кафедра ұжымының шетелдің ұқсас кафедраларымен берік ғылыми-әдістемелік байланысы қалыптасуда. Аймақтық өнеркәсіптік кәсіпорындарда және басқада тыс жерлерде ғылыми байланыстар орнатылып, кафедраның жылумассаалмасу аппараттары өнеркәсіптерде сыналып, өндіріске енгізіліп келеді.

Кафедра ұжымының ғылыми-зерттеу жұмыстарға жаппай жұмылдыруын осы кезеңдерге дейінгі меңгерушілердің Балабеков О.С., Калитов И.П., Порошин В.В., Сабырханов Д.С., Серманиязов С.С., Бекибаев Н.С., Волненко А.А. еңбектерімен ұштастыруға болады [1].

Қазіргі кезде кафедраның профессор-оқытушылар құрамы келесі бағыттар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді: екінші көбіктің пайда болу заңдылықтарын, газ-сұйық қабаттың резонансты тербелісін және оның бойында орналасқан дискретті денелердің үздіксіз ағынымен ағып жатқан кезде құйындардың өзара әрекеттесуін анықтау, соның негізінде жылумассаалмасу, газ тазарту және шаң жинау аппараттарының жаңа конструкцияларын құрумен; химиялық технология, мұнайгаз өңдеу және тамақ өнеркәсібі үшін жоғары тиімді процестер мен аппараттарды есептеудің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жасаумен; көпфазалы орталарда химиялық технологияның стационарлық емес күрделі процестерін диагностикалаудың, есептеудің және математикалық модельдеудің жаңа әдістерін әзірлеу; экологиялық қауіпсіз химиялық технологиялар мен және қалдықсыз кешендерді жобалаумен.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында М.Әуезов атындағы ОҚУ "Технологиялық машиналар мен жабдықтар" мамандығының білім алушылары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысып зор үлес қосып келеді. Оқу ордамызда жыл сайын өткізілетін Республикалық студенттік ғылыми конференцияға, семинарларға қатысып келеді. Студенттердің үздік зерттеу жұмыстары осы конференцияның еңбектеріне және басқа да ғылыми басылымдарға жариялануда.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары тамақ, мұнайгаз және мұнай-химия секторының өзекті мәселелерін қамтиды. Олар технологиялық машиналар мен жабдықтардың конструкциясын жетілдірумен байланысты және студенттердің болашақ мамандығының бейініне сай келеді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарында өндірістің қазіргі жағдайы және болашақта оның даму жолдары, технологиялық машиналар мен жабдықтарды құрастыру, құру және пайдаланудың негізгі ғылыми-техникалық мәселелері, өндірістің технологиялық схемаларын таңдауды негіздеу, механикалық жабдықтарды пайдаланудың алдыңғы қатарлы әдістері, монтаждаудың негізгі әдістерін сипаттау, технологиялық жабдықтарды жөндеу жұмыстарын жүргізу сияқты мәселелерді зерттеу жұмыстарында қолдана білген.

Қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан ультрадисперсті ұнтақ тәрізді материалдарды алудың ең перспективті әдістерінің бірі- десублимациялық әдіс [2].

Химия және мұнайхимия өнеркәсіптерінде десублимациялық аппараттардың көптеген конструкциялары белгілі. Десублиматорлар немесе қаттыфазалы конденсаторлар жұмыс істеу принципі бойынша екі топқа бөлінеді: көлемді немесе беттік болып. Көлемдік десублиматорларда - кристалл тәрізді құрылымның пайда болуы мен өсуі қаныққан будың көлемінде жүргізіледі. Мұндай конструкцияларда бугаз қоспасынан буды суыту процессі жай жүреді. Суыту нәтижесінде - қатты беттікпен нашар адгезияланатын аса үлкен мұзды кристалдар пайда болады. Мұндай кристалдарды аппараттан шығару қолайсыз, әрі жұмыс тиімділігін төмендетеді. Мұзды кристалдар аппараттың түбіне тұнады да, ол жерден келте құбырлар арқылы шығарылады. Мұндай аппараттардың конструкциялары қарапайым болғанымен, аппараттағы процестің қарқындылығын арттыру өте қиын, сол себептен мұндай аппараттардың өнімділігі төмен болады. Сол себептен жоғарыдағы кемшіліктерге жол бермейтін десублимациялық конденсатордың жаңа конструкциясын әзірлеу қажет.

Ультрадисперсті материалдарды алу процесі, өз ретінде процесі басқарудың қиындығына және өнімнің дисперстілігіне байланысты белгілі бір қиындықтар тудырады. Осыған байланысты оларды өндіруге арналған әдістер мен жабдықтарды әзірлеу бойынша бірқатар ғылыми жұмыстар жасалынып келеді.

Сонымен қатар газ ағынын екі жақты жеткізетін газ тазарту қондырғылары бар зертханалық қондырғыларда да ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Зерттеу көзі гидродинамикалық заңдылықтар және шаңды ұстау процесі болды[3].

Газды механикалық қоспалардан тазарту үшін соңғы жылдары жүйелі жылжымалы саптамасы бар аппараттар кеңінен қолданыла бастады. Соққы-құйынды әсер ететін аппараттың конструкциясын зерттеу және инженерлік есептеу әдістемесін жасау өзекті міндет болып табылады.

Жүйелі жылжымалы саптамасы бар аппараттарда зерттеулер жүргізу мақсатында: аппараттың эжекциялық аймағында шаңды ұстау процесін қарқындатудың режимдік-конструктивтік параметрлері анықталды; анықталған гидродинамикалық заңдылықтарға сүйене отырып және гидростатиканың негізгі тендеуін қолдана отырып, сұйықтықтың динамикалық деңгейін және газ ағынының сұйықтық бетіне әсер ету аймағындағы құйғыштың диаметрін, сондай-ақ эжекция аймағының гидравликалық кедергісін есептеу үшін тәуелділіктер алынады; газ және сұйықтық ағындарының құйынды өзара әрекеттесуінің анықталған гидродинамикалық заңдылықтарын ескере отырып, тұрақты саптаманың кедергі коэффициентін, себелеу аппаратының гидравликалық кедергісін және тұтастай алғанда аппараттың гидравликалық кедергісін есептеу үшін тәуелділіктер алынды; ағындардың соққы-құйынды өзара әрекеттесуі бар аппараттың байланыс аймақтарындағы қатты бөлшектерді тұндырудың инерциялық және диффузиялық механизмдерінің математикалық моделін қолдана отырып, эжекция аймағында және саптама аймағында тазарту тиімділігін есептеу үшін тендеулер алынды. Шаңды ұстау процестеріне қатысты ағындардың әсер ету аймағы мен газ бен сұйықтықтың құйынды байланыс аймағы бар аппараттың аралас конструкциясы ең тиімдісі болып табылады.

**Қорытынды.** Кафедраның ғылыми жұмыстары өте жемісті болып келеді. Технологиялық машиналар өндірісінде сапаны басқарумен байланысты жаңа ғылыми бағыт белсенді дамуда. Бірқатар өндірістік кәсіпорындармен шаруашылық-келісім шарттар түзілген. Ғылыми бағыт шеңберінде ғылыми әзірлемелерге арналған әртүрлі деңгейдегі бірқатар гранттар ұтып алынды.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына студенттер кеңінен тартылды. Олар студенттік ғылыми қоғам үйірмелерінде үлкен қызығушылықпен жұмыс істеп, ғылыми конференцияларға қатысып, студенттердің жұмыстары бірнеше рет үздік студенттік жұмыс конкурстарында бірінші орындарды иеленді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Досмаканбетова А.А. Химия өнеркәсібіне кіріспе: оқу құралы/ А.А. Досмаканбетова, Г.Д. Пазилова, Л.А. Сейткасимова. Шымкент. ОҚМУ, 2014. 92 с.
- 2 Дайрабай Д.Д., Голубев В.Г., Серикулы Ж., Досмаканбетова А.А. Об одном способе управления процессом получения тонких дисперсий на основе десублимации // МНПК «Наука вчера, сегодня, завтра». Новосибирск, №1 (23), 2016. С.83-87.
- 3 Волненко А.А. Расчет теплообменных и пылеулавливающих аппаратов со взвешенной и регулярной насадкой: учебное пособие / А.А. Волненко, О.С. Балабеков. Шымкент: Goldyes, 2016. 223 с.

**Аннотация:** Кафедра «Технологические машины и оборудование» уверенно стоит на пути развития науки и образовательных технологий. Новые образовательные технологии успешно реализуются в образовательной деятельности кафедры. Развитие кафедры приобретает новое, более универсальное направление, связанное со структурными изменениями в народнохозяйственном комплексе Республики: она вносит свой вклад в проведение научно-исследовательских работ по аппаратам химической, нефтяной и пищевой технологий. С этого времени сложились прочные традиционные научно-методические связи коллектива с аналогичными зарубежными кафедрами. Новые акценты и приоритеты появляются и в организации и содержании НИР, выполняемых кафедрой – она трансформируется в сторону большего охвата научных и технических проблем. Полученный богатейший экспериментальный материал, позволил ученым

кафедры вынести на широкое общенаучное обсуждение обширный круг проблем химии и химической техники, которое рассматривалась на научно-технических конференциях.

**Ключевые слова:** рухани жаңғыру, научная работа, кафедра, лаборатория, студенческая научная конференция, научные исследования.

**Abstract:** New educational technologies are successfully implemented in the educational activities of the department. The Department of "Technological Machines and Equipment" stands confidently on the path of development of science and educational technologies. The development of the department acquires a new, more universal direction, associated with structural changes in the national economic complex of the Republic: it contributes to the research work on the equipment of chemical, petroleum and food technologies. Since that time, the team has developed strong traditional scientific and methodological ties with similar foreign departments. New accents and priorities appear in the organization and content of research carried out by the department – it is transformed towards a greater coverage of scientific and technical problems. The obtained rich experimental material allowed the scientists of the department to bring a wide range of problems of chemistry and chemical engineering to a broad scientific discussion, which was considered at scientific and technical conferences.

**Keywords:** rukhani zhangyru, gylym zhumys, department, zerthana, studenttik gylym conference, gylym zertteuler.

УДК 661.321.32

**Анарбаев А.А., Амирханова А.Т., Кабылбекова Б.Н.,**  
техн.ф.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
техн.ф. к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ТАБИҒИ НАТРИЙ ХЛОРИДІН ӨНДЕУ ЖӘНЕ  
ҚОСПА ЗАТТАРДАН ТАЗАЛАУ ЖОЛДАРЫ**

**Аннотация:** Қазақстанда халық шаруашылығына қажетті химиялық өнімдер шығаратын жаңа кәсіпорындар мен зауыттар ашылууда. Қазақстан Республикасында хлоридтер мен сульфаттар негізінде құрамында натрий бар тұздардың үлкен қоры бар. Арал өңірінде ас тұзының қоры 400 мың тоннадан асады. Жақсы-клич кен орнында галит (NaCl), мирабилит ( $\text{Na}_2\text{SO}_4 \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ ), тенардит ( $\text{Na}_2\text{SO}_4$ ), астраханит ( $\text{Na}_2\text{Mg}(\text{SO}_4) \cdot 4\text{H}_2\text{O}$ ) және т.б. минералдардың мол қоры бар. 1,0 млн тоннаға жуық ас тұзының едәуір қоры Түркістан облысының Созақ ауданында орналасқан. Құрамы жағынан ұқсас тұз Ақтөбе облысының Индерсақ кен орнында бар.

Натрий тұздары шикізат ретінде қақталған және каустикалық сода өндірісінде, сондай-ақ азықтық және ас тұзын алу үшін пайдаланылады. "Экстра" маркалы ас тұзын алу мақсатында ас тұзын  $\text{Ca}(\text{OH})_2$ ,  $\text{CaCl}_2$ ,  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  сол сияқты компоненттерді пайдалана отырып, ас тұзын Ca, Mg,  $\text{SO}_4^{2-}$  ион,  $\text{SiO}_2$  қоспаларынан және ауыр металдардан тазарту бойынша зерттеулер жүргізілуде.

Тазартылған натрий хлоридінің құрамына зерттеулер жүргізілді. "Экстра" тұзының техникалық талаптарына сәйкес келетін өнім орнатылды.

**Кілт сөздер:** қақталған сода, каустикалық сода, хлорнатрийлі тұз, аммоний карбонаты

Кіріспе. Арал маңында көлемі жылына 400мың тонна ас тұзын шығаратын «Арал тұз» ірі кәсіпорны жұмыс істейді, ол ҚР, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерде үлкен сұранысқа ие. Сондай-ақ Созақ аймағында ас тұзы кендерінің қорлары өте көп және құрамы жағынан ерекше болып келеді.

Аймақтың дамуының келешек бағыттарының бірі ҚР индустрияландыру картасына кіретін қақталған сода өндірісуші Арал маңындағы зауыт құрылысы болуы тиіс [1,2].

Ұлы ғалым-химик Д.И.Менделеев айтқан, ас тұзы сияқты соданы тұтынбайтын дамыған өнеркәсіпті елестетудің өзі мүмкін емес. Сондықтан Қазақстанда ас тұзы негізінде қақталған сода шығару туралы қабылданған шешім бұл елді индустрияландырудың дамуымен тікелей байланысты. Қақталған сода шыны өндірісінде, металлургияда, сондай-ақ каустикалық сода және басқа натрий тұздарын өндіру процестерінде қолданылады.

Біздің елімізде қақталған сода өндірісі жоқ, сода тапшылығы жылына 380 мың тоннаны

құрайды. Бұл өнімді шетелдерде заманауи әлемде белгілі аммиакты әдіспен алынады, шикізаты хлорнатрийлі тұз, әктас немесе бор, ал аммиак қосалқы затесебінде пайдаланылады.

Сода алу тәсілін таңдау шикізаттың қасиеттеріне және оны дайындауға тәуелді, әлемде көбірек тарағаны аммиакты әдістер (Сольве, Хоу, құрғақ әктас әдісі). Сольве әдісі өндіріс үшін неғұрлым тиімді әдіс болып табылады. Сондықтан соданың әлемдік өндірісінің 50%-ы осы әдіске келеді. Басқа әдістер (табиғи және нефелин содасының) шикізат жоқтығына орай ҚР қолданылмайды [3,4].

Сода өндірісі жергілікті шикізат қорларын пайдалануға негізделуі тиіс. Сәйкесінше сода өндірісінің технологиясы да олардың ерекшеліктеріне байланысты болуы керек.

Хлорнатрий шикізаттың негізі кен орны Жаксы-Клыч кенішінің ғажаптығы сол, галит (NaCl), мирабилит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>•10H<sub>2</sub>O), тенардит-мирабилит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>)- (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>•10H<sub>2</sub>O) тұзды көлдері өзара тығыз байланысқан, қуаты 1,4-2,8м. Сульфат қабаты астраханит (Na<sub>2</sub>Mg(SO<sub>4</sub>)•4H<sub>2</sub>O), мирабилит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>•10H<sub>2</sub>O), эпсомит (Mg(SO<sub>4</sub>)•7H<sub>2</sub>O), тенардит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>) қайта қабатталуы болып табылады.

Галит (NaCl), мирабилит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>•10H<sub>2</sub>O), тенардит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> т.б.) тұздарының негізгі қорлары Арал аудандарында Жаксы-Клыч кен орнының екі хауызына (Солтүстік пен Оңтүстік) шоғырланған.

Галит пен сульфаттың көп мөлшерде осылай бірігуі өте аз кездеседі. Бұл олардың тиімді қолдануын зеттеуді талап етеді

Сольве әдіс [4-7].кең таралғанына қармастан өз күрделілігі бар, мысалыға:

-бастапқы шикізатты пайдалану дәрежесінің төмендігі (натрий 70%, пайдаланылады, хлор мен кальций іс жүзінде пайдаланылмайды);

-табиғи кешендерге жоғары техногенді жүктеме (1 тонна содадан 10-14%CaCl<sub>2</sub>, 5,7% NaCl ж.т.б. қоспалары бар 10м<sup>3</sup> ағын су алынады);

-үлкен меншікті капиталдық салымдар;

-бір технологиялық желіде үлкен өлшемді жабдықтар пайдаланылады;

-шеңбері 3,0м, биіктігі 29м 4 карбондалған колонналар (97 тонна легирленген болат 12X18H10T);

-негізгі және қосалқы жабдықтардың конструкциялық элементтерінде кальций мен көмір аммоний тұздар шөкпесінің түзілуі (инкустациялардың);

-жабдықты жуу бойынша қосымша пайдалану шығымдары (жабдықтың жылына 84 рет жуылуы);


-натрий бикарбонатын политермиялық кристалдандыру үрдісін автоматтандырудағы қиындықтар.

Біздің кен орнының ғажаптығын ескере біз NaCl өңдеу технологияларын жаңғырту үшін сульфаттарды пайдалануды көздейміз. Әдістің артықшылықтары келесідей:




Мұнда NaCl үрдіске қайтып оралады. NaCl қайтара отырып біз табиғи шикізатты үнемдейміз, оны толық пайдалануға қол жеткіземіз және оның өнім тоннасына шығынын азайтамыз. Егер дәстүрлі технология бойынша есебінде шикізат 37 жылға жететін болса, онда оны жетілдірумен шикізат 50-60 жылдан ұзаққа жеткілікті болады. Аймақтың қасында Байқожа кен орнының мергельдері бар, ұлуұяшық-әктас солармен қоса түзілетін гипс түріндегі ілеспе өнім жақсы цемент пен гипсті тұтқырлап алуға мүмкіндік береді. Осының өзімен біз экологиялық мәселелерді де, сондай-ақ NaCl орнын толтыру мәселесін шешеміз және оның үстіне құрылыс индустриясында пайдаланылатын пайдалы өнім аламыз.

**Теориялық талдау.** Зерттеу зертханалық жағдайларда қарастырылған, оларды әрі қарай зерттеу қажет болып тұр. Түзілу механизмі аммоний карбонаты мен бикарбонаты тұздарының температураның жоғарылауына қарай суда ерігіштігінің өзгеруіне негізделген, түзілген аммоний бикарбонатының жүйеде тепе-теңдік орнау сәтінде ыдырауы мүмкін. Сондықтан аммоний карбонатын реакция бойынша алу қажет:



сонан соң аммоний бикарбонатын:



Қаныққан сулы ерітіндіден кристалданған аммоний бикарбонаты түсуі үшін температураны 30-дан 40<sup>0</sup>С дейін ұстап тұру қажет. Іс жүзінде тұнбаға аммоний бикарбонатының 35-40% түседі, 60-65% аналық ерітіндіде қалып, аммоний карбонаты ерітіндісінің алу сатысын оралады.

Кристалданған натрий бикарбонатын алу сатысында реакция өте аз



Температураны 60<sup>0</sup>С тан 32<sup>0</sup>С қа дейін төмендету кристалдану облысының кеңейуін және натрий бикарбонатын максималды шығымын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты күрделі жылу алмасу жабдықтары мен қамтылған аммонизатор мен карбонизаторлар орнына натрий бикарбонатын алу үрдісін аммоний гидрокарбонаты өлшейтін бұлғағышы бар кәдімгі реакторда жүргізу ұсынылады.

Табысты жағдайда біздің құратын технология сынақты өнеркәсіптік көлемде жұмыс нәтижелерін енгізе отырып қақталған соданы жетілдірілген технология бойынша екінші кезекті іске қосу кезінде жүзеге асырылуы тиіс. Егер технология енгізілсе, онда оны патенттеу қажет, ал технологияның өзі өнімде бола алады [8-10].

Сонымен, Арал аймағында бар ас тұзы өндірісіне тағы кальцийлендірілген сода, гипсті тұтқыр кәсіпорындарын құруға, сондай-ақ қосымша өз натрий сульфатын, яғни химиялық өнімдердің бүтіндей түрін шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік болады.

Тұзды су мен минерал балшықтарына ие бола тұра, мұндағы аймақта сауықтыру кешенін құра аламыз.

Бірақ ең бастысы Арал Қытай, Еуропа, Иран; Орта Азия, Ресей арасындағы логистикалық орталық болып табылады. Ол Ақтөбемен, Қызылордамен қатарлас, Оңтүстік Қазақстаннан алыс емес. Жезқазған – Сексеул теміржолын пайдалануға енгізу Қазақстанның орталық аймақтарына жол ашады және т.б.


Созақ кенорны ас тұздарын қоспа заттардан тазарту тамақ және дәрі дәрмек өндірісіне қажетті «экстра» түріндегі сапалы тұздарды алуға болады.

Қоспа заттардан тазарту үшін кристалды тұзды суда ерітіп ерітінді дайындалады.


Қоспалардан тазарту процесін зерттеу үшін натрий хлоридінің ерітіндісі қолданылды, %: Ca<sup>2+</sup> - 0,39; Mg<sup>2+</sup> - 0,01; SO<sub>4</sub><sup>2-</sup> -0,55; Cl<sup>-</sup> - 8,23; Na<sup>+</sup> - 5,82, басқа қоспалар (R<sub>2</sub>O<sub>3</sub> және е.к.) - 0.19, H<sub>2</sub>O - 84,82.

Натрий хлориді ерітіндісінің құрамында магний иондарының құрамы шамалы, өйткені дистиллер сұйықтығының сілтілі ортасында (рН=9-10) магний гипспен бірге Mg(OH)<sub>2</sub> түрінде тұнбаға түседі. Кальций иондары мен сульфат иондарының құрамы тазартылған тұздық үшін реттелетін көрсеткіштерден асып түседі және 0,39% Ca<sup>2+</sup> және 0,55% SO<sub>4</sub><sup>2-</sup> -кұрайды. Сондықтан конверсиялық ерітіндіні кальций, магний және сульфат иондарынан сода-эк әдісімен тазарту қажет. Бұл жағдайда кальций карбонат түрінде, ал магний гидроксиді түрінде тұнбаға түседі.

Фильтраттағы кальций иондары мен сульфат иондарының мөлшері CaSO<sub>4</sub> ерігіштігіне сәйкес келеді және 0,94% құрайды. Магний құрамы 0,01% немесе MgSO<sub>4</sub> 0,05%. Кальций гидроксидінің реакция теңдеуі бойынша магнийдің тұндырылуына:



Реакция теңдеуі бойынша сүзіндіде ерітілген кальций сульфатын тұндыру үшін натрий карбонаты қолданылады



Натрий хлоридінің ерітіндісін тазалау әдісі бойынша 16,8г 10% Ca(OH)<sub>2</sub> ерітіндісін ерітіндіге үздіксіз араластырып енгіземіз, содан кейін 20-22<sup>0</sup>С температурада натрий карбонатын қосамыз және қоспалардың тұндыру жылдамдығын өлшейміз. Қоспалардың тұндыру жылдамдығы стандартты техникаға сәйкес 200 мл көлемімен өлшеуіш цилиндрде анықталды. Әр минуттан кейін натрий хлориді ерітіндісінің тазартылған бөлігінің биіктігі миллиметрмен өлшеніп, қоспалардың тұнбасының орташа жылдамдығы (Mg(OH)<sub>2</sub> және CaCO<sub>3</sub>) 60 минут ішінде есептелді. Тазартылған фильтраттың химиялық талдау нәтижелері ондағы Ca<sup>2+</sup> 0,0014%, иондарының, магний

иондарының, жартылай оксидтердің -0.002% және ерімеген қалдық 0.001% құрамын көрсетті. Натрий хлоридінің тазартылған ерітіндісінің құрамы кестеде келтірілген  
Кесте1 -Натри хлоридінің тазартылған ерітіндісінің құрамы

Атауы	Ерітінді құрамы, %							
	NaCl	Ca <sup>2+</sup>	Mg <sup>2+</sup>	SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup>	CO <sub>3</sub> <sup>2-</sup>	R <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	SiO <sub>2</sub>	H <sub>2</sub> O
Тазартылған ерітінді	13,47	0,0014	0,00042	0,001	0,0027	0,002	0,001	86,52

### Қорытынды.

Құрамында 13,47% NaCl бар кальций мен магний иондарынан тазартылған ерітінді қатты натрий хлоридін алу үшін булануға ұшырауы мүмкін. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік тұтынуы үшін, натрий хлоридінің тазартылған ерітіндісінен жоғары "экстра" сұрыпты кристалды тұзды булау жолымен алуға болады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Сайт АО «Аралтуз» [ttp://www.araltuz.kz](http://www.araltuz.kz)
2. Завод по производству кальцинированной соды построят в Кызылординской области. <http://ukrchem.dp.ua/2015/07/14/kazakhstan-zavod-po-proizvodstvu-kalcinirovannoj-sody-poyavitsya-v-kyzylordinskoj-oblasti.html#more-59037>
3. Chemical Industry Profile. The European Chemical Industry Council. 50p. <http://fr.zone-secure.net/13451/451623/#page=53> Soda Ash Conference 2017, Dubrovnik, Croatia, September 19-21, 2017
4. Крашенинников С.А. Технология соды. - М.: Химия, 1988. - 304с.
5. Soda ash production worldwide from 2010 to 2017 (in 1,000 metric tons). The Statistics Portal. <https://www.statista.com/statistics/587223/sodium-carbonate-production-worldwide/>
6. Soda ash. U.S. Geological Survey, Mineral Commodity Summaries, January 2017. P. 155-156. [https://minerals.usgs.gov/minerals/pubs/commodity/soda\\_ash/mcs-2017-sodaa.pdf](https://minerals.usgs.gov/minerals/pubs/commodity/soda_ash/mcs-2017-sodaa.pdf)
7. Method of recycling of by-products for the production of soda ash and ammonium sulphate. Pub.No.: US 2015/0093309 A1Pub. Date: Apr. 2, 2015
8. Млакей З.А., Васерман Л.З. Некоторые особенности и современные тенденции производства кальцинированной соды//Труды НИОХИМ, т.78, 2016.-С.21-36
9. Фролов Ю.Г. Белик В.В. Физическая химия. / Под ред. проф. Ю.Г.Фролова. Учебное пособие для вузов. М.: Химия, 1993. 464 с.
10. Петров Т.Г.,Трейвус Е.Б., Пунин Ю.О., Касаткин А.П. Выращивание кристаллов из растворов. 2-е изд., перераб. и доп. Л.: Недра, 1983. 200 с.

**Аннотация:** В Казахстане открываются новые предприятия и заводы, выпускающие химическую продукцию необходимую для народного хозяйства.

В Республике Казахстан имеются огромные запасы натрийсодержащих солей, на основе хлоридов и сульфатов. В Аральском регионе запасы поваренной соли составляют более 400 тыс.тонн. Месторождение Жаксы-Клыч содержит большие запасы таких минералов, как галит (NaCl), мирабилит (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>•10H<sub>2</sub>O), тенардит(Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>), астраханит (Na<sub>2</sub>Mg(SO<sub>4</sub>)•4H<sub>2</sub>O) и др.

Значительные запасы около 1,0 млн тонн поваренной соли находятся в Сузакском районе Туркестанской области. Похожая по составу соль имеется в месторождении Индерсак Актюбинской области.

Натриевые соли как сырье используются в производстве кальцинированной и каустической соды, а также для получения кормовой и пищевой соли. Проводятся исследования по очистке поваренной соли от примесей Ca, Mg, SO<sub>4</sub><sup>2-</sup> иона, SiO<sub>2</sub> и тяжелых металлов с использованием таких компонентов как Ca(OH)<sub>2</sub>, CaCl<sub>2</sub>, Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> с целью получения пищевой соли марки «Экстра». Проведены исследования состава очищенного хлорида натрия. Установлен продукт соответствующий техническим требованиям соли «Экстра».

**Ключевые слова:** кальцинированной и каустической соды, хлорнатриевый соль, карбонат аммония

**Abstract:** New enterprises and factories are opening in Kazakhstan. They are producing chemical

products necessary for the national economy.

The Republic of Kazakhstan has huge reserves of sodium-containing salts, they are based on chlorides and sulfates. In the Aral region table salt reserves are more than 400 thousand tons. The Zhaksky-Klych deposit contains large reserves of such minerals as halite (NaCl), mirabilite (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> • 10H<sub>2</sub>O), thenardite (Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>), astrakhanite (Na<sub>2</sub>Mg (SO<sub>4</sub>) • 4H<sub>2</sub>O), etc.

Significant reserves of about 1.0 million tons of table salt are located in the Suzak district of the Turkestan region. Salt of a similar composition is found in the Indersak deposit of the Aktobe region.

Sodium salts are used as raw materials in the production of soda ash and caustic soda, as well as for the production of feed and edible salt. Research is being carried out on the purification of table salt from impurities of Ca, Mg, SO<sub>4</sub><sup>2-</sup>-ion, SiO<sub>2</sub> and heavy metals using components such as Ca (OH)<sub>2</sub>, CaCl<sub>2</sub>, Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> in order to obtain food grade salt "Extra". Studies of the composition of purified sodium chloride have been carried out. Installed a product that meets the technical requirements of "Extra" salt.

**Key words:** soda ash and caustic soda, sodium chloride, ammonium carbonate

УДК 661. 842.455.916.1

**Джанмұлдаева Ж.К., Сейтмағзимова Г.М., Жанмұлдаева А.К.,**  
техн.ғ.к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
техн.ғ.к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
техника магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӨМЕНСАПАЛЫ ФОСФАТТЫ ШИКІЗАТТАРДЫ  
ӨНДЕУ БОЛАШАҒЫ**

**Түйін:** Қазіргі таңда Қазақстанда дәстүрлі технологиялық тәсілдермен өндеуге жарамсыз төмен сапалы фосфатты шикізаттардың үлкен қоры бар. Бұл фосфориттердің күрделі минералогиялық құрамымен байланысты, яғни бастапқы шикізаттардың химиялық және минералогиялық құрамын, шикізаттарды термиялық дайындау процестерін және оларды дайын өнімге өндеу жолдарын жан-жақты зерттеу қажет. Демек, төмен сапалы фосфатты шикізаттарды өндеудің жаңа дәстүрлі емес тәсілдерін іздеу өзекті болып табылады. Электротермиялық және қышқылды өндеу тәсілдерімен салыстырғанда процесті қарапайымдатып және өнімнің сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі ретінде төмен сапалы фосфатты шикізаттардан фосфор оксифторидін алып оны ары қарай элементарлы фосфорға өндеу тәсілін санауға болады. Термодинамикалық есептеулер нәтижесінде фосфатты шикізаттарды фторлы өндеудің тиімді реагенттері ретінде аммоний фторидтерін санауға болатыны анықталды. Төмен сапалы фосфатты шикізатты элементті фосфорға өндеу мүмкіндігі дәлелденген, тиімді параметрлері анықталған және технологиясы әзірленген.

**Кілт сөздер:** төмен сапалы фосфатты шикізаттар, фосфор оксифториді, аммоний фторидтері, сары фосфор, термодинамикалық, масс-спектрометриялық талдау.

**Кіріспе.** Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін маңызды құжат екені сөзсіз. Бұл бағдарламада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер көрсетілген. Әрбір халық, әрбір мемлекет ғасырлар бойында рухани жаңғырып, жаңарып отыратыны белгілі. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда ғылымның рөлі зор. Біз ғылымдағы белгілі әдістер мен тәсілдерді ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай отырып жаңа технологияларды құруды қолға алуымыз керек.

Қазақстанның фосфатты шикізат базасы бірқатар фосфорит кен орындарымен сипатталады. Бастапқыда жоғары сапалы фосфат шикізатының ірі фракцияларын сары фосфорға өндеу, ал фосфориттердің ұсақ фракциялары қышқыл әдісімен байытуға және одан әрі өндеуге жіберілді. Фосфориттерді өндеудің электротермиялық әдісі құрамына, яғни фосфат шикізатының сапасына байланысты физика-химиялық процестердің күрделілігімен сипатталады. Негізінен фосфор өндірісі үшін апатиттер мен жоғары сапалы фосфориттер қолданылады. Төменсапалы шикізатты пайдалану шламның көп мөлшерде пайда болуына, алынған фосфор сапасының төмендеуіне және



энергия шығындарының артуына әкеледі, ал бұл өз кезегінде өнімнің өзіндік құнының артуына әкеледі.

**Теориялық талдау.** Фосфорит кендерінде фторapatиттен басқа фторгидраксил-корбанатапатит, франколит(штаффелит),курскит, глауконит (гидратталған силикат-тотықтары бар), кальцит, лимонит, диломит, магний, силикат, каолин, пирит, кварц, дала шпаты, гранит, т.б және органикалық заттар болады. Фосфорит кендері майда дәнді (қабатталып орналасқан), желвак (томпақ үйінді түрінде-конкреция), ұлутас (қабық,сыртқы қабық)және қалдық таралған (шашыранды) түрінде кездеседі.Апатит кен орындары негізінен магмалық (балқыған)пайда болған,ал фосфориттік-тұнбалық. Қазақстанда фосфорит кендері Қаратау аймағында және Ақтөбе облысында Шилісай массивінде орналасқан. Қазіргі кезде Қаратау фосфоритті пайдаланылуда.Фосфорит майда дәнді қабатталып жатқан, тығыз, қатты, тақталы, кара-сұрдан кара түсті жыныс. Қаратау қойнауында 45 кен мекен жайлары бар. Бассейннің өндірістік ресурстік рерурсы (80%) негізінен 5 мекен жайында: Жаңатас, Көкжон, Көк су, Ақсай және Шолақтау. Осы кенді мекен жайындағы фосфорит қоры шамамен 1260 млн. тонна Ақсай, Шолақтау, Көкжон мекен жайындағы фосфорит қуаты 5-тен 15-20м дейін, ал Жаңатас, Көксу -5-25м.

Кендердің көбінесінің фосфатты заттары – фторкарбанатапитит. Тек Шолақтау кенінің метаморфизделген (кұрылысы мен құрамының өзгеруі) рудаларында фторapatит бар. Фосфориттегі фосфаттық заттар фторкарбанатапатит немесе оның апатитпен араласы. Олардағы СаО:Р<sub>2</sub>О<sub>5</sub> қатынастағы фосфор атомының 8-15% көміртект атомының алмасуы мүмкін , сондықтан минерал дейін өзгеруі мүмкін.


Фосфорит рудасының кен орны Тараз қаласы маңындағы Қаратау өңірінде орналасқан. Қаратау фосфориті ең ірі және бағалы кен орны. Қордың 75%-ті мына кен орындарында жиналған: Ақсай, Түйесай, Жаңатас, Шолақтау және Көксу. Қаратау бассейнінің фосфатты кендерінің құрамында 10%-дан 30%-ға дейін Р<sub>2</sub>О<sub>5</sub>, 1,05% Fe<sub>2</sub>О<sub>3</sub>, 1,37% Al<sub>2</sub>О<sub>3</sub>, 37,3% СаО, 1,35% MgO, 2,79% F, 4,66% СО<sub>2</sub> бар. Ерімейтін қалдық 19,98%.






Қазіргі таңда Қазақстанда төменсапалы фосфатты шикізаттардың үлкен қоры бар, оларды дәстүрлі технологиялық әдістермен өңдеу өте қиын. Бұл осы фосфориттердің күрделі минералогиялық құрамына байланысты, сондықтан бастапқы кеннің химиялық және минералогиялық құрамын егжей-тегжейлі зерттеу, шикізатты термиялық дайындау және оны соңғы өнімге өңдеу процестерін терең зерттеу қажет. Бұл төмен сапалы фосфат шикізатын өңдеудің жаңа дәстүрлі емес тәсілдерін іздеуді өзекті етеді /1/. Төмен сапалы фосфатты шикізаттарды өңдеудің болашақты тәсілі - одан фосфор оксифторидін алу болып табылады. Фосфор оксифториді – конденсация температурасы - 37<sup>0</sup>С болатын газ тәрізді зат, түссіз, ылғалды ауада немесе суда гидролизденеді /2/. Алынған газды гидролиздеу арқылы фосфаттарға өңдеуге болады, ал гидролиз кезінде пайда болған сутегі фторидін фосфор оксифторидін алу үшін пайдалануға болады.

**Тәжірибелік бөлім.** Масс-спектрометриялық талдау жүргізу үшін дикальцийфосфат (х.т.), үшкальцийфосфат (х. т.) және аммоний фториді (х. т.), ал зертханалық зерттеулер үшін - сапасы төмен Қаратау фосфориттері қолданылды.

Ұсынылған зерттеудің негізгі әдісі - эксперименттің еркін ассоциативті аспаптық әдісі, ол ең қол жетімді және тиімді әдістердің бірі болып табылады. Зерттеудің теориялық және қолданбалы нысандарының негізінде төменсапалы фосфатты шикізаттарды өңдеудің ғылыми негізделген физика-химиялық және технологиялық негіздерін жасауға болады. Ғылыми зерттеулер заманауи зертханалық жабдықтарды қолдану арқылы жүргізілді. Бастапқы және қосалқы шикізатты, алынған өнімдер мен материалдарды талдау қазіргі заманғы физикалық және физика-химиялық зерттеу әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Салыстырмалы талдау зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеуді қолдану арқылы жүргізілді.




**Нәтижелер және оларды талқылау.** Жаңа технологияны әзірлеу болашағын анықтау мақсатында фосфат шикізатын фторидті өңдеу кезінде мүмкін болатын кейбір реакцияларға Темкин –Шварцман әдісімен термодинамикалық талдау жүргізілді /3/. Фосфор оксифторидін қалыптастыру үшін кальцийфторapatиттің аммоний, алюминий, темір, натрий, калий және сутегі фторидтерімен өзара әрекеттесу реакциялары үшін изобарно-изотермиялық потенциалдың өзгерістері есептелді:





Есептеулерді талдау (1) және (2)-ші реакциялар ең ықтимал екенін көрсетті. Бұл реакциялар үшін  $\Delta G_T^0$  мәні 273К-де температурада оң мән болады. Температураның жоғарылауымен  $\Delta G_T^0$  мәні төмендейді және сәйкесінше 532 және 647К температурада нөлге тең болады, яғни бұл реакциялар сәйкесінше 532 және 647К-нен жоғары температурада мүмкін болады. Кальцийфторапатиттің алюминий, темір, натрий және калий фторидтерімен өзара әрекеттесу реакциялары 2000К-нен жоғары температурада термодинамикалық мүмкін болады. Сондықтан бұл реакциялар іс жүзінде мүмкін емес. Кальцийфторапатиттің сутегі фторидімен өзара әрекеттесу реакциялары үшін 257К-де төмен температурада  $\Delta G_T^0$  теріс мәнге ие. Сондықтан 257К-нен жоғары температурада бұл реакцияның жүруі термодинамикалық мүмкін емес. Есептелген мәліметтерден көретінміз, фосфат шикізатын фторидті өңдеу үшін ең тиімді реагенттер аммоний фторидтері болып табылады.


Фосфат шикізатын фторидті өңдеу үшін ең тиімді реагентті анықталғаннан кейін реакция бойынша кальций фосфаттарының аммоний фторидімен әрекеттесу мүмкіндігі зерттелді:



Бұл реакцияларды термодинамикалық талдау да Темкин-Шварцман әдісімен жүргізілді.

Термодинамикалық есептеулердің нәтижелері ең термодинамикалық мүмкін реакциялар (8) және (9) екенін көрсетті. Бұл реакциялар үшін  $\Delta G_T^0$  сәйкесінше 246К және 155К температурада теріс болады, ал (10) және (11)-ші реакциялар термодинамикалық тұрғыдан 515К және 533К температурада ғана мүмкін болады.

(8) және (9)-шы реакциялар нәтижесінде пайда болған моноаммонийфосфаты бойынша аммоний фторидімен де әрекеттесе алады:



Термодинамикалық есептеулер (12)-ші реакцияның 581К-нен жоғары температурада термодинамикалық тұрғыдан мүмкін болатындығын көрсетті.

Кальций фосфаттарының аммоний фторидімен өзара әрекеттесуі кезінде мүмкін болатын реакцияларды термодинамикалық талдау негізінде (8) және (9) реакциялар бойынша моноаммонийфосфатының түзілуі реакциясы, ары қарай (12)-ші реакция бойынша фосфор оксифторидінің түзілу реакциялары басымды жүреді деп болжауға болады.

Кальций фосфаттарының аммоний фторидімен өзара әрекеттесу механизмі туралы түсінікті растау үшін келесі үлгілерге масс-спектрометриялық талдау жүргізілді: №1 үлгі (аммоний фторидінің артық мөлшерімен араласқан дикальцийфосфаты) және №2 үлгі (аммоний фторидінің артық мөлшерімен араласқан үшкальцийфосфаты).

Үлгілерді термиялық өңдеу кезінде бу-газ фазасының құрамын зерделеу жоғары температуралы зерттеулер жүргізу үшін қайта жаңартылған МСХ-3А масс-спектрінде жүргізілді. Зерттеудің температуралық диапазоны 0÷1350<sup>0</sup>С. Тәжірибе жағдайында масс-спектрлерді тіркеу бірқатар изотемпературалық ұстамалары бар температураның сатылы көтерілуі кезінде жүргізілді. Температуралық режим ВРТ-2 блогымен реттелді. қолдады.

№1 үлгіні зерттеу кезінде пеш блогын қыздырмай тұрғанда масс-спектрге  $m/e = 16, 17, 19$  және 20 болатын,  $\text{NH}_2^+$ ,  $\text{NH}_3^+$ ,  $\text{F}^+$  және  $\text{HF}^+$  иондарына сәйкес келетін иондардың токтар тіркелгені анықталды. Шамасы, эксперимент жағдайында аммоний фторидін сублимациялау үшін масс-спектрометрдің иондық көзінің катодының жылу сәулесі жеткілікті болды. Қарсыласу пеші қосылған кезде реакторды жылыту иондық токтардың қарқындылығын арттырады. Сонымен, 360<sup>0</sup>С-ден жоғары температурада масса спектрінде  $m/e = 104, 85$  және 69 бар иондық токтар пайда болады, олар  $\text{POF}_3^+$ ,  $\text{POF}_2^+$  және  $\text{PF}_2^+$ -ге сәйкес келеді. Температура 550С-ге дейін көтерілген кезде масс-спектрде  $m/e = 66, 50$  және 47 иондық токтар тіркеледі. Белгіленген иондар  $\text{POF}^+$ ,  $\text{PF}^+$  и  $\text{PO}^+$ -ке

сәйкес келеді.

Эксперимент кезінде шындықтың қарқындылығы мен белгіленген иондар арасындағы қатынастар температура мен уақытқа байланысты өзгеріп,  $650\div 750^{\circ}\text{C}$  температура диапазонындағы қарқындылық деңгейіне жететіні анықталды.

$\text{POF}_3^+$ ,  $\text{POF}_2^+$ ,  $\text{POF}^+$ ,  $\text{PF}_2^+$ ,  $\text{PF}^+$  және  $\text{PO}^+$  ион токтарының масс-спектрінде тіркеумен бір жағынан  $\text{HF}^+$  және  $\text{F}^+$  ион токтарының қарқындылығы айтарлықтай төмендейді, ал екінші жағынан  $m/e=17$  және  $18$  ( $\text{OH}^-$  және  $\text{H}_2\text{O}^+$  иондары) фондық иондардың қарқындылығы аздап артады, бұл (10) немесе (11)-ші реакциялардың жүруін растауы мүмкін.




№2 үлгіні масс-спектрометриялық зерттеу көрсеткендей, бу-газ фазасының құрамының сапалық көрінісі негізінен №1 үлгіге сәйкес келеді. Маңызды айырмашылық фосфор оксифторидінің бу-газ фазасында пайда болуымен байланысты иондық токтарды тіркеудің қарқындылығы мен температуралық аралығында байқалады. Сонымен, №2 үлгі үшін тиісті иондардың масс-спектрінде тіркеу  $200^{\circ}\text{C}$ -ге жоғары, ал шындықтың қарқындылығы бір шама төмен. №2 үлгінің масса спектріндегі  $\text{POF}_3^+$ ,  $\text{POF}_2^+$  және  $\text{PF}_2^+$  иондық токтарының максималды қарқындылығы  $1000\div 1150^{\circ}\text{C}$  температура диапазонында тіркеледі. №2 үлгі үшін  $m/e=19$  және  $20$  ( $\text{F}^+$  және  $\text{HF}^+$ ) бар иондық токтардың қарқындылығының төмендеуі шамалы.

(8)-(12)-ші реакцияларды термодинамикалық талдау негізінде ұсынылған кальций фосфаттарының аммоний фторидімен өзара әрекеттесу механизмін растау  $\text{NH}_3^+$  және  $\text{NH}_2^+$  сәйкес келетін иондық токтардың қарқындылығының  $\text{OH}^-$  және  $\text{H}_2\text{O}^+$  фондық токтарының өзгермеуімен салыстырмалы төмен температурада басым өсуі болып табылады, бұл (8) және (9) реакциялардың басым жүруін көрсетеді.  $650^{\circ}\text{C}$ -ден жоғары температурада фосфор оксифторидіне және оның сынықтарына сәйкес келетін иондық токтардың қарқындылығының артуы (12)-ші реакцияның басым жүретінін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер кальций фосфатының аммоний фторидімен өзара әрекеттесуі (10) және (11)-ші реакциялар бойынша екі сатыда жүреді, бірінші сатыда (8) және (9)-шы реакциялар бойынша аммоний фосфаты түзіледі, ал екінші сатыда – неғұрлым жоғары температураларда – түзілген фосфат аммоний фторидімен әрекеттесуі (12)-ші реакция бойынша фосфор оксифториді түзіледі деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зертханалық жағдайда кальций фосфаттарының аммоний фторидтерімен өзара әрекеттесу механизмі мен кинетикасы зерттелді. Жүргізілген тәжірибелік зерттеулер, фосфордың фосфор оксифториді түрінде айдалу дәрежесі  $98\%$ -ға жетуі мүмкін екенін көрсетті.

Фосфор оксифторидін таза фосфорға қайта өңдеу мүмкіндігін анықтау үшін фосфор оксифторидінен элементарлы фосфор алу реакцияларына термодинамикалық талдау жүргізілді:



Термодинамикалық есептеулердің нәтижелері (14) және (18)-ші реакциялардың термодинамикалық ықтималдығы жоғары екенін көрсетті. Термодинамикалық тұрғыдан бұл реакциялар сәйкесінше  $817^{\circ}\text{C}$  және  $637^{\circ}\text{C}$  температурада жүруі мүмкін.

Осылайша, төмен сапалы фосфат шикізатын өңдеудің біз ұсынатын әдісі фосфат шикізатын бейорганикалық реагенттермен қоспада термиялық өңдеуден тұрады, содан кейін газдардан элементарлы фосфор алудан тұрады. Термоөңдеу температурасын төмендету және өнімнің сапасын жақсарту мақсатында фосфат шикізаты (1) және (2)-ші реакциялар бойынша стехиометриялық мөлшердің  $110\text{-}200\%$  артық алынған аммоний фторидтерімен өңделеді. Аммоний фторидінің мөлшері стехиометриялықтан  $200\%$ -дан жоғары болған кезде фосфордың айдалу дәрежесі күрт артады, бұл өз кезегінде газдарды тасымалдау мен тазартуды қиындатады. Ал аммоний фторидінің стехиометриялық мөлшері  $110\%$ -дан төмен болған кезде аммоний фторидінің айдалу жылдамдығы фосфор оксифторидінің түзілу процесінің жылдамдығынан

жоғары болады, сонымен қатар аммоний фторидінің неғұрлым төмен мөлшерінде фосфор оксифторидінің шығымы күрт төмендейді.

Термоөңдеуді 300-600<sup>0</sup>С кезінде жүргізу ұсынылады, өйткені температураның 600<sup>0</sup>С-ден жоғары көтерілуі фосфор оксифторидінің шығу дәрежесіне елеулі әсер етпейді. 300<sup>0</sup>С-ден төмен температурада процестің жылдамдығы күрт төмендейді, яғни. фосфор оксифторидінің шығу деңгейі төмендейді. Алынған газдар 100-200<sup>0</sup>С-ге дейін салқындатылады және қатты қоспалардан тазартылады. Алынған газдарды 100<sup>0</sup>С-ден төмен температураға дейін салқындатқан кезде су буларының конденсациясы жүреді, ол қоспаның ылғалдылығының жоғарылауына әкеледі, бұл өз кезегінде қоспаны бөлу процесін нашарлатады. 200<sup>0</sup>С-де жоғары температурада аммоний фториді буланады.

Содан кейін тазартылған газдарды алдымен 640-1000<sup>0</sup>С-ге дейін қыздыру ұсынылады, содан кейін өндірістік фосфорды тұндыру мақсатымен 400-250<sup>0</sup>С-ге дейін салқындату ұсынылады. 640<sup>0</sup>С-ден төмен температурда қыздырған кезде фосфордың тотықсыздану жылдамдығы күрт төмендейді, ал 1000<sup>0</sup>С-ден жоғары температурада энергия шығындары артады. Салқындату режиміне келетін болсақ, 400<sup>0</sup>С-ден жоғары температурада фосфор газы конденсацияланбайды. 250<sup>0</sup>С-ден төмен температурада аммоний фториді тұнады, бұл өндірістік фосфордың ластануына әкеледі.

Фосфор тұндырылғаннан кейін қалған газға стехиометриялық мөлшерде аммоний фторидінің түзілу реакциясы үшін қажет аммиак қосылады, газдар 100-180<sup>0</sup>С-ге дейін салқындатылады және аммоний фториді тұндырылып, процестің басына қайтарылады. Санитарлық тазалаудан кейін қалған газдар атмосфераға шығарылады.

**Қорытынды.** Термодинамикалық есептеулердің, масс-спектрометриялық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері төмен сапалы фосфат шикізатын элементарлық фосфорға өңдеу мүмкіндігін дәлелдеді. Процестің оңтайлы параметрлері анықталды және төменсапалы фосфатты шикізаттарды өңдеу технологиясы ұсынылды.

Төмен сапалы фосфат шикізатын өңдеудің ұсынылған технологиясы экологиялық және экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, ұсынылған технология төмен сапалы фосфат шикізатын өңдеуге және шламның пайда болуын болдырмауға мүмкіндік береді, екінші жағынан энергия шығындарының едәуір төмендеуіне әкеледі.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ардашникова Е.И. Неорганические фториды. Соросовский образовательный журнал. 2000. Т.6. №8. с.54-60.
- 2 Рысс И.Г. Химия фтора и его неорганических соединений. М.: Госхимиздат, 1956. -718с.
- 3 Рябин В.А., Остроумов М.А., Свит Т.Ф. Термодинамические свойства веществ. Л.: Химия, 1977. 392с.

**Аннотация:** В настоящее время в Казахстане имеются большие запасы низкокачественного фосфатного сырья, переработка которых традиционными технологическими приемами затруднена. Это связано с сложным минералогическим составом этих фосфоритов, что требует детального изучения химического и минералогического состава исходной руды, глубоких исследований процессов термической подготовки сырья и переработки его на конечный продукт. Это делает актуальным поиск новых нетрадиционных способов переработки низкокачественного фосфатного сырья. Одним из путей переработки низкокачественного фосфатного сырья, позволяющим упростить процесс и улучшить качество фосфатов по сравнению с электротермическими и кислотными способами, является получение из него оксифторида фосфора с дальнейшей переработкой его на элементарный фосфор. Доказана возможность, определены оптимальные параметры и разработана технология переработки низкокачественного фосфатного сырья в элементарный фосфор.

**Ключевые слова:** низкокачественное фосфатное сырье, оксифторид фосфора, фториды аммония, желтый фосфор, термодинамический, масс-спектрометрический анализ.

**Abstract:** Presently there are large stocks of low-grade phosphate raw materials in Kazakhstan. This raw material processing by traditional techniques is hindered. It is related to the complex mineralogical composition of these phosphorites, what requires the detailed studying the chemical and mineralogical composition of ores, deep investigations of raw material thermal preparation and it's

processing into a target product. That actualizes a search of new alternative methods of low-grade phosphate raw material processing. Phosphorus oxyfluoride obtaining from these raw materials with following processing into elemental phosphorus is one of ways of low-grade phosphate raw material processing, allowing to simplify a process and to improve phosphates quality compared to ones produced by dry- and wet-processes. The results of thermodynamic calculations have shown that the most effective reagents for fluoride processing of phosphate raw materials are ammonium fluorides. In the future, optimal parameters will be determined and a technology for processing low-quality phosphate raw materials into elemental phosphorus will be developed.

**Key words:** low-quality phosphate raw materials, phosphorus oxyfluoride, ammonium fluorides, yellow phosphorus, thermodynamic, mass spectrometric analysis, tyumen, tyumenbasy, mynbasy, tarkhan, divamir.

ӘОЖ58.002.75

<sup>1</sup>Жумаханова Р. К., <sup>1</sup>Алшынбаев О. А., <sup>2</sup>Есов Р.

<sup>1</sup>к.с-х.н., доцент, Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>1</sup>к.техн.н., доцент, Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup>научный сотрудник, Институт ботаники АНРУз. Ташкент, Узбекистан

### **БИОМОРФОЛОГИЯ И ЭКОЛОГИЯ РЕДКИХ ВИДОВ ТЮЛЬПАНОВ ВСТРЕЧАЮЩИХСЯ НА ТЕРРИТОРИИ ЮЖНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА**

**Аннотация.** Для сохранения в природных условиях уникальных природных комплексов и редких видов животных и растений Казахстана организованы заповедники и национальные парки. В Казахстане существует около 600 редких и исчезающих видов растений, подлежащих специальной охране. Большинство из них занесены в Красную книгу РК. В этих целях был создан один из национальных парков - Сайрам-Угамский государственный национальный природный парк. Национальный парк расположен в северо-западной части горной системы Западного Тянь-Шаня на хребтах Угам, Каржантау, Казыгурт и Боралдай.

В статье определены девять основных видов луковичных многолетних растений-тюльпанов, относящихся к семейству лилейных, встречающихся в ущельях территории Сайрам-Угамского национального природного парка: Тюльпан Грейга, Тюльпан Кауфмана, Тюльпан туркестанский, Тюльпан ложнодвухцветковый, Тюльпан ложноволосистотычиночный, Тюльпан чимганский, Тюльпан сомнительный, Тюльпан бузе, Тюльпан прямоножочный. Некоторые виды этих тюльпанов включены в Красную книгу Казахстана и Туркестанской области как редкие и находящиеся под угрозой исчезновения и не находящиеся в списке растений встречающихся на территории этого национального парка, дана экологическая, биоморфологическая, географическая характеристика впервые встречающихся видов тюльпанов.

**Ключевые слова:** тюльпан, Красная книга, эндемик, растение, луковица, вид, флора.

**Введение.** Среди декоративных растений тюльпаны не имеют себе равных по цвету и нежной форме. Тюльпаны - одно из первых растений в природе, возвещающих приход весны. Среди сине-зеленых растений выделяются ярко-красные цветы тюльпана, поэтому они являются самым красивым украшением весеннего цветника[1].

Недра необъятной казахской степи богаты природными богатствами, разнообразными видами растений. Один из них - тюльпан, который весной распускается по краям. 32 вида великолепного цветка тюльпана встречаются на нашей земле. 12 из них являются эндемичными, то есть произрастающими только на казахской земле. Отсюда и название Казахстана "родина тюльпанов". На самом деле, сегодня ученые дают убедительные доказательства того, что этот цветок распространился из казахской степи по всей Земле. Таким образом, мы имеем полное право продвигать наше удивительное растение, признанное во всем мире, и гордиться им как брендом Казахстана[2]. Мы должны не только гордиться этим, но также культивировать и защищать его. Это связано с тем, что 18 видов тюльпанов, произрастающих в нашей стране, занесены в «Красную книгу». Хорошо, что работа по защите и продвижению тюльпанов осуществляется не только на словах, но и на деле. Тюльпан - многолетнее травянистое, луковичное растение,

относящееся к семейству лилий, который объединяет около 140 видов. Кусты вырастают до 3-50 см в высоту, стебли округлые, прямостоячие. В узле, соединенном с корнем, есть луковица. Цветки белые, красные и желтые, плод - крыжовник, часто встречается в степях Казахстана. Выращивается для красоты и для получения ароматного запаха и вещества из цветка. Тюльпаны делятся на 15 групп в зависимости от длины, цветению и запаху[3]. Тюльпаны делятся на раннецветущие простые и махровые поздноцветущие виды. Луковицы использовались в древности как блюдо. Из венчика и чашелистиков в народной медицине изготавливали лекарства от головной боли и других заболеваний. Луковицы тюльпанов собирают осенью после цветения, хранят в сухом прохладном месте, и используют в лечебных целях. Луковицы тюльпанов широко распространены в природе и часто используются в садоводстве [4].

**Цель исследования.** Учет (инвентаризация) видов тюльпанов на территории национального парка, проведение их комплексного анализа и выявление видов, занесенных в Красную книгу, картирование.

**Задачи работы.** Инвентаризация видов тюльпанов, встречающихся в парке; сбор и обработка гербарного материала; составление конспектов, на основе которых проводится экологический, биоморфологический, географический анализ; выявление видов, занесенных в Красную книгу; определение хозяйственного значения растения.

**Материалы и методы исследования.** Исследования проводились на территории Южного региона Казахстана в зонах песчаных пустынь и в горах Западного Тянь-Шаня, относящихся к Сайрам-Угамскому государственному национальному природному парку. Полевые экспедиционные исследования проводились маршрутным методом в 2020-2020 годах[5].

К исследовательским работам по выявлению видов растений относятся: «Флора СССР» (Т. Т. 1-30, 1934-1964), «Флора Казахстана» (Т. Т. 1-9, 1956-1967), «Иллюстрированный вариант распространения Казахстана» (Т. Т. 1-2, 1969-1972), «Определитель растений Средней Азии» (т. т. 1-10, 1968-1993), М. С. Байтенов «флора Казахстана» (т. 1-2), государственный кадастр растений ЮКО, книга 1, 2002; Красная книга. Дикорастущие редкие и прочувствующие виды растений[6,7]. (Под ред. проф. Н. К. Аралбаева), а также ряд монографических работ. Гербарии были собраны, идентифицированы и обработаны.

Латинские названия видов и родов растений принадлежат С. К. Черепанову (1981, 1985), а казахские-С. Арыстангалиеву (1997, 2002). Кроме того, Растений из Центральной Азии (1965), флоры Казахстана (1961) и др. Флористический анализ выполнен с использованием таблиц в работах Р. В. Камелина (1973) и А. И. Толмачева (1974) [8].

В основе флористического спектра, основанного на аннотации флоры, лежит система генеалогии и родства А.Л. Тахтаджяна (1987). Работы С.К. Черепанова (1973, 1981) помогли составить названия видов и родственников.

Экологический анализ в зависимости от среды обитания, соотношения растений использованы классификации в работах А. В. Куминовой (1960), Р. В. Камелина (1973), В. М. Хинминчуна (1980), И. М. Красноборова (1976), М. С. Байтенова (1985), А. С. Ревушкина.

При анализе жизненных форм использовались труды Серебрекова (1962), Серебряковой (1978) [9].

**Результаты исследования.** В нашем исследовании мы определили и нанесли на карту расположение этих девяти тюльпанов.

1. Грейгкызгалдағы-TulipagreigiiRegel –Тюльпан Грейга. Количество небольшое. Высоко декоративен, ценен в сортировке, выращивании цветов. Луковичный многолетник, высотой 20-50 см., цветок одиночный, крупный, стекловидный, цветет в апреле - июне. Произрастает на гравии, скалах, горных склонах и равнинах Угамского, Каржантауского, Боралдайтауского, Кокбулакского, Машатского хребтов национального парка, занесен в Красную книгу Казахстана (Рисунок 1).

2. Кауфман кызгалдағы – TulipakaufmannianaRegel – Тюльпан Кауфмана. Высота около 10 - 40 см. луковица яйцевидной формы, толщиной 1,5-4 см. снаружи покрыта темно-коричневой оболочкой. Количество листьев не превышает 2-3, как у продолговатых или эллиптических. Цветок созревает одиночно, внутренняя сторона белая, на ней хорошо видны мелкие желтые пятна, а наружная поверхность окрашена в красный или фиолетовый цвет. Размножается семенами. Цветет в апреле-июле (в зависимости от высоты земли). Декоративное растение, особенно часто используемое в селекции, имеет более 200 сортов. Из-за сокращения ареала распространения из года в год встречается редко. Снят под охрану и занесен в «Красную книгу»

Казахстана. Встречается на скалистых, горных склонах, равнинах Угамского, Каржантауского, Боралдайтауского, Кокбулакского, Машатского хребтов национального парка (Рисунок 2).

3.



Рисунок 1. Тюльпан Грейга



Рисунок 2. Тюльпан Кауфмана

4. Түркістан қызғалдағы–*Tulipa turkestanica* Regel – Тюльпан туркестанский. Стебель высотой 10-25 см, буровато-зеленый, верхняя часть покрыта короткими пушистыми волосками. Луковица плоская, яйцевидная, толщиной 2 см, темно-коричневая, твердокожая, сильно удлинённая, с заостренным концом внутренней стороны волосистой чешуей. Количество листьев 2-3, очень редко по 4, с красновато-коричневым оттенком, линейные или ремневидные, шириной 5-23 мм, выше цветка. Количество цветков 1-7, белый или светло-зеленый, серединка желтая. Цветет в конце марта-июне. На первый взгляд желтый вид Туркестанского тюльпана напоминает поздний тюльпан. Памиро-Алтайский эндемик. Встречался на каменистых склонах Угамских гор (Рисунок 3).




Рисунок 3. Тюльпан туркестанский

5. Жалғанқосгүлдікызғалдақ – *Tulipabifloriformis* Vved – Тюльпан ложнодвухцветковый. Высота 10-25 см, луковица яйцевидная, толщина 1,5-2 см, коричневая тонкокорневая, с внутренней стороны толстокорневая волосистая оболочка. Верхняя сторона стебля волосистая, редко голая, с количеством листьев два, отдаленные, заостренные, голые, ресничные, тире ленточное, нижняя довольно плоская, шириной 6-15 мм, обычно не более цветка. Количество цветков 2-8, реже 1-8, лепестки белые, дно желтое, длина 11-20 мм. Цветет в конце марта-апреле. Кокбулак находится в предгорьях лесного цикла (Рисунок 4).



Рисунок 4. Тюльпан ложнодвухцветковый

6. Жалғантүкті аталықты қызғалдақ – *Tulipa dasystemonoides* Vved – Тюльпан ложноволосястотычиночный. Высота 7-15 см, луковица яйцевидная, толщиной 1-1,5 см, темно-коричневая, тонкокожая, с толстой волосистой оболочкой на внутренней стороне. Стебли голые, количество листьев два, слегка прилегающие, изогнутые, голые, гладкие, линейные, довольно высокие, дно уплощенное, шириной 6-12 мм. Цветок одинарный, два соцветия редкие, околоцветник белый (очень редко желтый), длиной 15-25 мм. Цветет в мае-июне. Эндемичный. Они были найдены в альпийской зоне Уларских гор (Рисунок 5).



Рисунок 5. Тюльпан ложноволосястотычиночный

7. Шымған қызғалдағы – *Tulipatschimganica* Z.Botsch – Тюльпан чимганский. Высота 10-40 см, луковица яйцевидная, толщиной 4 см. покровные чешуйки темно-коричневые, внутренняя сторона, особенно кончик и дно, покрыты редкими длинными волосками. Высота стебля вместе с цветочной сидимой 25 см. Цветочная чашечка волосистая и покрыта сизым оттенком. Количество листьев 3-4, близко расположенные, лотковые, голубовато-зеленые, волосистые, ресничные, нижние-плоско-ленточные, верхние-тонко-ленточные. Цветок одиночный, низ желтый, красный или желтый, внешние лепестки околоцветника красные или желтые, наружные лепестки красные. Реснички мужского цветка желтые, а концы коричневые. Вид очень близок к тюльпану Кауфмана. Цветет в апреле-мае. Эндемичный. Найден на гравийном склоне ущелья Сайрамсу (Рисунок 6).





Рисунок 6. Тюльпан чимганский

8. Күмәнді қызғалдақ – *Tulipa dubia* Vved – Тюльпан сомнительный. Высота 10 - 25 см, луковица яйцевидная, толщина 1-2 см, темно-коричневая или коричневая, бумажная, с гладкой волосистой оболочкой на внутренней стороне. Верх стебля волосистый, количество листьев 2 - 4, слегка заостренный, близкорасположенный, кудрявый, волосистый, ресниччатый, не более одного цветка, нижний лист яйцевидный или овально-яйцевидный, шириной 1,5-3 см, дугообразный. Цветок один; длина цветочницы 2-4 см, равная, бело-желтая или желтая, снаружи с фиолетовым оттенком, овальная ромбовидная, заостренная; внешне несколько короче, изнутри перевернутый овал, дугообразное; в 2 раза короче мужского соцветия; нити голые, желтые, пыльца в 1,5 раза короче нитей; завязь на 1,5 раза короче мужского. Цветет в мае-июне. Встречается на небольших почвах и каменистых склонах Угамских гор (Рисунок 7).



Рисунок 7. Тюльпан сомнительный

9. Бузе қызғалдағы- *Tulipa buhseana* Boiss - Тюльпан бузе. Акдала - многолетнее растение, встречающееся на супесчаных и суглинистых почвах, высотой 15-35 см, стебли голые, редко опушенные, двухлистные, очень отдаленные, цветков 1-4, цветение в апреле-мае. Вид растений, не входящий в список растений национального парка (Рисунок 8).



Рисунок 8. Тюльпан бузе

10. Тікаяқ қызғалдақ - *Tulipa orthopoda* Vved - Тюльпан прямоножковый. Кокбулак - многолетнее эндемичное растение, встречающееся на глинистых и каменистых участках лесной циркуляции, высотой 3-8 см, почти без стебля, с коротким стеблем, проникающим в почву до листьев, с количеством цветков 2-7, цветущее в марте-апреле. Вид растения, которого нет в списке растений национального парка (Рисунок 9).



Рисунок 9. Тюльпан прямоножковый

**Выводы.** Сайрам-Угамский государственный национальный природный парк расположен в северо-западной части горной системы Западного Тянь - Шаня на хребтах Угам, Каржантау, Казыгурт и Боралдайтау. По результатам исследований в национальном парке выявлено 9 видов тюльпанов, тюльпаны Грейга и Кауфмана из года в год редки в связи с уменьшением ареала распространения, взяты под охрану и занесены в «Красную книгу» Казахстана. Оказалось, что эти тюльпаны встречаются повсеместно в национальном парке. Установлено, что тюльпаны Бузе и тюльпан Прямоножковый не входят в список растений национального парка, в этом году тюльпан Прямоножковый встречался на глинистых и каменистых участках кокбулакскогелесооборота, тюльпан Бузе встречался на песчаных и глинистых почвах акдалинского заказника.

#### Список литературы:

- 1 Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы. Шипагерлік баян. Алматы: Жалын. 1996. 464 бет.
- 2 Л.И.Вальдшмит. Қазақстан қызғалдақтары. А.: Алматы кітап баспасы, 2010.-272б.
- 3 Б.А.Быков Очерки истории растительного мира Казахстана и Средней Азии – Алматы: Наука. 1979. 108 с.
- 4 А.А. Ивашенко Тюльпаны и другие луковичные растения Казахстана. Алматы: 2005. 192 стр.
- 5 А.А. Ивашенко., О. Беялов. «Қазақстан гүлдері» Атамұрабаспасы.2012ж.
- 6 М.С. Байтенов Флора Казахстана. Т.ІІ. Алматы: Ғылым. 2001. 280 с.
- 7 А.А.Ивашенко сокровища растительного мира Казахстана. По страницам красной книги. А.,2007г.128стр.
- 8 Н.К. Аралбай Атырау Алтай арасы – қазақтың бай флорасы, Алматы: Ұлағат. 2016.
- 9 Н.К. Аралбай А.Т. Қуатбаев және т.б. Қазақстан өсімдіктерінің заманауи номенклатурасы. Алматы: Ұлағат. 2017. 363 бет.

**Түйін:** Қазақстанның бірегей табиғат кешендері мен жануарларының және өсімдіктерінің сирек кездесетін түрлерін табиғи жағдайда сақтау үшін қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылған. Қазақстанда арнайы қорғауға алынуы тиіс 600-дей сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдік түрлері бар. Олардың басым көпшілігі ҚР Қызыл кітабына енгізілген. Сондай мақсатта құрылған ұлттық парктердің бірі- Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі. Ұлттық парк Батыс Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік - батыс бөлігінде

Өгем, Қаржантау, Қазығұрт және Боралдайтау жоталарында орналасқан.

Мақалада Сайрам-Өгем ұлттық табиғи парк аумағының шатқалдарында кездесетін лалагүлдер тұқымдасына жататын пиязшықты көпжылдық өсімдік – қызғалдақтардың негізгі тоғыз түрі анықталды: Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Күмөнді қызғалдақ, Шымған қызғалдағы, Түркістан қызғалдағы, Жалған қосгүл қызғалдағы, Жалған түкті қызғалдақ, Бузе қызғалдағы, Тікаяқ қызғалдағы. Бұл қызғалдақтардың ішінде Қазақстанның және Түркістан облысының Қызыл кітабына енген және сирек, жойылып бара жатқан түрлері бар және осы ұлттық парк аумағында кездесетін өсімдіктер тізімінде жоқ, алғаш рет кездескен түрлеріне экологиялық, биоморфологиялық, географиялық тұрғыдан сипаттама берілді.

**Кілт сөздер:** қызғалдақ, Қызыл кітап, эндемик, өсімдік, пиязшық, түр, флора.

**Abstract.** Reserves and national parks are organized to preserve the unique natural complexes and rare species of animals and plants of Kazakhstan in natural conditions. In Kazakhstan there are about 600 rare and endangered species of plants subject to special protection. Most of them are listed in the red book of Kazakhstan. For this purpose, one of the national parks - Sairam-Ugam state national nature Park was created. The national Park is located in the northwestern part of the Western Tien Shan mountain system on the Ugam, Karzhantau, Kazygurt and Boraldai ranges.

The article identifies nine main species of bulbous perennial plants-tulips belonging to the Lily family, occurring in the gorges of the territory of Sairam-Ugam national natural Park: Greig Tulip, Kaufman Tulip, Turkestan Tulip, false-two-flowered Tulip, false-hair-staminate Tulip, Chimgan Tulip, doubtful Tulip, buze Tulip, straight-legged Tulip. Some species of these tulips are included in the Red book of Kazakhstan and Turkestan region as rare and endangered and are not in the list of plants found in the territory of this national Park, ecological, biomorphological, geographical characteristics of the first occurring species of tulips are given.

**Keywords:** tulip, Red book, endemic, plant, bulb, species, flora.

**ТҮЛҒАТАНУ  
ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ  
COGNITION OF PERSONALITY**

ӘОЖ: 314 (574.5)

**<sup>1</sup>Сапарбекова Б.Р., <sup>1</sup>Байжанова А.А., <sup>2</sup>Ереханова Ф.Т.**

<sup>1</sup>магистр оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан Шымкент

<sup>1</sup>магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>филология ғ.к., аға оқытушы ИМТ, Dubai Business School-Дубай, Араб Әмірлігі  
**СӘДУАҚАС БОҚАЕВТЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Аннотация:** аталған мақалада өткен ғасырдың басында ұлт үшін өлшеусіз қызмет жасаған, бірақ, өзінің тарихи бағасын әлі де болса ала алмай келе жатқан, күні бүгінге дейін есімі көмескі аталып келген тұлғалардың бірі – Сәдуақас Боқаевтың ғылыми-педагогикалық қызметі қарастырылады. Оның өмірі мен ғылыми-педагогикалық қызметін, жалпы тұлғасын танытуда С.Тілеуқұлов, Г.Тілеуқұлов, Р.Нәдіров, Б.Қойшыбаев, Е.Жалмағамбетов, Х.М.Тұрсын және т.б. зерттеушілердің еңбектерін негізге алынды. С.Боқаевтың республикада педагогикалық білім берудің зор маңыздылығын түсініп, жоғарғы оқу орындарында дәріс беретін оқытушылардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында аспирантура арқылы ғылыми бағытта зерттеуші-ғалымдарды даярлауды жүзеге асыруға ат салысты. Нәтижесінде Әубәкіров, Жәутіков, Әмірбаев сынды дарынды шәкірттерін математика ғылымына баулығандығы деректермен негізделді. «Жікшілдік» пен «ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген сталиндік жаппай террорлық саясат қазақ зиялыларының қатарындағы С.Боқаевтың педагогикалық-ағартушылық қызметінің әрі жалғасуына теріс ықпал етуі, сталиншіл билік жүйесі әсерінен ғылыми интеллигенция арасында бір-бірінің жазған еңбектеріне сыни көзбен қарап қателіктер іздеу белең алды. Осындай сенімсіздік пен күдіктенушілік жағдайында С.Боқаевқа да жазықсыз жала жабылып саяси қуғын-сүргінге ұшырағандығы деректермен нақтыланады.

**Кілттік сөздер:** қайраткер, ұлттық интеллигенция, тұлға, кеңес үкіметі, большевиктер идеясы, халық жауы, ұлт мүддесі

**Кіріспе.** Халқымыздың әлем қауымдастығынан егемен ел ретінде өз орнын алып тәуелсіздік туын тіккен өзгерістерге толы кезеңінде еліміздің өткен тарихына деген көзқарас та жаңа сипатқа ие болып сол уақытқа дейін ақиқаты айтылмай бұрмаланған тарихи құбылыстар қайта зерделеніп объективті баға беріле бастағаны мәлім. Халқымыздың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған игі шаралар жүзеге асырылып төл тарихымызда өзіндік терең із қалдырған қайраткерлердің ғұмырнамасы зерттеліп ғылыми айналымға енгізілді. Мұндай ғұмырнамалық зерттеулер жекелеген тұлғалардың өмір жолын, сан-салалы қызметін танып-білумен қатар олар өмір сүрген тарихи кезеңді де жан-жақты саралауға мүмкіндік берді. Тұлғалардың тарихтан алар орнын Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген» – деп атап көрсетті.[1] Тоталитарлық жүйе үстемдік құрған кезеңде қоғамдық өмірдің және ғылыми бағыттың шектен тыс идеологияландырылуы ХХғ. басындағы отарлық саясаттың мәселелерін зерттеуде өзіндік теріс әсерін тигізіп аталған мәселелерге қатысты біржақты тұжырымдар жасауға ықпал етті. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігермен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ...» [2] деп жазды. Елбасының осы маңызды тұжырымы тарихымызды жаңаша тарихи тұрғыда зерттеуді және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсат еткен қазақ зиялыларының қызметтеріне шынайы баға беруді күн тәртібіне қойды. Оларды «ұлтшылдар», «халық жауы» деп ешбір негізсіз тағылған жаладан ақтау және ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргізу Отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселе екендігі айқын.

Қоғамның ілгерілеуге ұмтылысын жеделдетуге ықпал ететін, көрегендігімен сол дәуірдің

бағыт-бағдарын анықтайтын негізгі күш-зиялы қауым екендігі сөзсіз, сондықтан да зиялы қауымның тарихын зерттеу, олардың ролі мен ғылымға қосқан үлесін зерделеу бүгінгі ұрпақ үшін маңызды міндет деп білеміз. Осы ретте бүгінгі күні жеке тұлғаның қоғамдағы ролін зерттеу дәстүрге айналып тарихта ерекше көрініс тауып қолдау табуда. Десек те әділеттік бағасын алған, бірақ осы күнге дейін зерттелінбеген қайраткерлер қатары бары анық.

**Теориялық талдау.** Қазақстанда ХХғ. 20-30 жж. математика ғылымының дамуына өз еңбектерімен және зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы буыны қалыптасты. Олар математика ғылымы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, елімізде ғылым саласының өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларының биік шоқтығы қатарында көрнекті ғалым-математик, республикада математика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі ерекше орын алатындығы сөзсіз.

Сәдуақас Хасенұлы Боқаев 1907 жылы 13 наурызда Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтер туып өскен Сарыарқа өңірінің Шыңғыстау баурайында өтеді. Әкесі Хасен оқуға мезгілі жеткен кезде Сәдуақасты педагог-ағартушы, ақын Тайыр Жомартбаевтың тәрбиесіне береді. Т. Жомартбаев педагогикалық қызметінде өзін жаңашыл мұғалім, прогрестік ой-сананың дамуына, діни- наным сенімдердің озбырлығына қарсы күрескер ретінде таныта алды. Т. Жомартбаев өткен ғасырдың басындағы қазақ ағарту ісі мен ұлттық әдебиеттің алғашқы қайраткерлерінің қатарына жатады. Отандық ағартушы-демократтардың әдеби-қоғамдық қызметі «Қазақ совет әдебиетінің тарихында»: «Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин негізін қалаған қазақ жазба әдебиетіндегі демократиялық, ағартушылық бағыт дәстүрі ХХғ. басында болған революция алдындағы жағдайларда қоғамдық мәселелерді, жаңа дәуір талаптарын, әсіресе қазақ ауылдарындағы теңсіздікті, таптық қанау мен еңбекшілердің азаттық күресін арқылы сын көтермейтін реализмнің жаңа серпіліс күшін тереңдетті. Бұл үрдіс Сәбит Дөнентаев, Мұхаметжан Сералин, Бекет Өтетілеуов, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және Тайыр Жомартбаев сияқты жазушылардың шығармаларында жарқын көрініс тапты» деп атап көрсетілді. Ол әртүрлі жанрда көркем шығармалар жазды, әсіресе оның «Зайсан», «Шыңғыстау», «Ана тілі» және т.б. туындылары кеңінен танымал болды. Сәдуақас Хасенұлының білімге құштарлығын ашумен қатар дарынды оқушыны тани білген математика ғылымының шыңына жетуге мүмкіндік жасаған алғашқы ұстазы осындай еді. Шәкіртінің жаратылыстануға деген ереше қабілетін байқаған тәжірибелі педагог оның оқуына дұрыс бағыт-бағдар берумен қатар Семей мен Зайсанда және Орынбор халық ағарту институтында білім алуына ықпал етті. С. Боқаевтың 1928 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқуын жалғастыруына және математик ретінде қалыптасуына профессор К.А. Тороповтың еңбегін атаған жөн.

ХХғ. басында Мәскеу математика мектебінің деңгейі әлемдік деңгейде мойындалуы Д.Ф. Егоровтың және оның шәкірттері Н.Н. Лузин, И.И. Привалов, В.В. Степанов есімдерімен байланысты болды. Ал, Мәскеу мемлекеттік университетінің механика факультетінде Н.В. Жуковский, С.А. Чаплыгин сияқты көрнекті ғалымдар қызмет етті. С.Боқаев университетте П.С.Урысон, П.С. Александров, Н.Н. Лузин, В.В. Степанов сияқты белгілі математиктерден білім алу мүмкіндігіне ие болды. ХХғ. 30-жж. басында аталған білім ордасында М.Сәтбаев, А.Закарин, Ө.Жұмабаев, К. Игенов, С.Аяпбергенов, Т.Дарқанбаев, С.Ибрашева, А.Шәріпханов, Ә. Қанапин сияқты қазақ жастары да білім алды. Кейіннен олардың бірқатары Қазақстанда білім беру саласы мен ғылымның қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарды.

С.Х. Боқаев еңбек жолын 1932ж. маусымында Қазақ педагогика институтының математика кафедрасында ассистент ретінде бастайды. 1934ж. қаңтарында ҚазПИ-дің жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Кафедра жетекшісі ретінде С. Боқаев оқытудың сапасын арттыруға, нақты ғылымдарды оқытудың озық әдістерін енгізуде өз тәжірибесі мен біліміне сүйенді. Нәтижесінде аталған кафедра республикада жоғары математикалық пәндерді оқытудың инновациялық деңгейіне көтеріліп елеулі жетістіктерге жетті. Өйткені, білікті маман математикалық білім беру ісін дамытудың негізгі факторы – КСРО-дағы жетекші оқу орындарының іс-тәжірибелеріне назар аудару қажеттігін түсінді. Әсіресе, Мәскеу мемлекеттік университетінде математиканы оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен қатар өз институтының оқыту тәжірибесіне енгізуге күш салды. Осы мақсатта Мәскеу қаласындағы бірқатар жетекші жоғарғы оқу орындары кафедраларының озық іс-тәжірибелерімен алмасып тығыз байланыс орнатылды, ал 1933ж. математиктердің Бүкілресейлік конференциясына қатысты. Республикада

педагогикалық білім берудің зор маңыздылығын түсініп, жоғарғы оқу орындарында дәріс беретін оқытушылардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында аспирантура арқылы ғылыми бағытта зерттеуші-ғалымдарды даярлауды жүзеге асыруға ат салысты. Нәтижесінде Әубәкіров, Жәуітқов, Әмірбаев сынды дарынды шәкірттерін математика ғылымына баулады.

Математик-ғалым қазақ тілінде бірыңғай математика терминдерін жүйеге түсіру мақсатында орыс тіліндегі математика оқулықтарын қазақ тіліне аударып математикалық ұғымдарға сәйкестендірді. 1934ж. институттың ғылыми-зерттеу бағытында жалпы пәндер бойынша терминологияны бір жүйеге келтіру үшін Терминология комиссиясы құрылды, оның құрамына С.Х. Боқаев, Ә.Ә. Ермеков, М.М. Мәскеевтер сияқты ғалымдар енді. Комиссия қабылдаған терминдер Мемлекеттік терминология комиссиясының бекітуіне ұсынылды. Алайда, бекіткенге дейін институт кафедраларына пәндер бойынша терминдерді ғылыми айналымға енгізуге рұқсат етілуі комиссия мүшелерінің жоғары кәсіби деңгейін байқатады. С.Х. Боқаевтың қазақ тіліне аударған оқу құралдары мен оқулықтары, жасаған ғылыми талдауы ғалымның қазақ тілінде математикалық терминдерді жасаудағы қомақты үлесін көрсетсе керек. Зерттеуші Б.М. Қосанов С.Х. Боқаевтың математика ғылымындағы оқу-әдістемелік бағытында дайындалған оқу құралдарында енгізген терминдерін 4 топқа бөліп қарастырады. Қазіргі күнге дейін қазақ тіліндегі алгебра оқулықтарындағы терминдердің мәселен, Н.А. Шапошников пен Н.К. Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» атты оқу құралын қазақ тіліне аударған кездегі автордың енгізген терминдері: «дәреже» - «степень», «дәреже негізі» - «основание степени», «теңдеу» - «уравнение», «теңдеулер жүйесі» - «система уравнений» және т.б. өзгеріссіз ғылыми айналымда қолданылуын, аударылмайтын халықаралық терминдерді қазақ тіліне аударуға қадам жасауы, автордың қазақ тілінің ғылыми тіліне сәйкестенуі үшін аса назар аударғандығын атап көрсетеді.

1934ж. қыркүйекте Сәдуақас Хасенұлы ҚазПИ-дің физика-математика факультетінің деканы болып тағайындалды. Факультет деканы ретінде ол оқу жұмысының жоғарғы оқу орнының талаптарына сәйкес жүргізуге, материалдық-техникалық базасының қалыптасуына, математика мен физиканы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге, студенттердің пәндерді толық меңгеруіне ерекше көңіл бөлді. Студент-жастардың интеллектуалды дамуына, логикалық және алгоритмдік ойлау негізінде математикалық қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етті. Нәтижесінде «Еркін жинақталатын қатардың қосындысы болып табылатын функцияның құрылымдық қасиеттері», «Арнайы функциялар және олардың жалпы жағдайлардағы ерекше нүктелері», «Жалпы түрдегі кейбір анықталмаған интегралдарды интегралдаудың кейбір тәсілдері», «Конформдық бейнелеулер және лоардың механика саласында қолданылуы» атты еңбектері дайындалды. С.Х. Боқаев басшылық еткен жылдары аталған факультет елімізде математикалық білім беру ісінің дамуына үлес қосумен қатар республика көлемінде педагогикалық мамандарды дайындайтын алғашқы білім ордасының бірі болды. 1934ж. қазанда институт әкімшілігі ғылыми-зерттеу бағыты бойынша мамандарын РКФСР ХАК-на математика мамандығынан С.Х. Боқаевты да Мәскеу мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертация қорғау үшін ұсынды. ХХғ. 30-жж. ММУ-дың механика-математика факультеті осы сала бойынша мамандар дайындауда және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі еді. Бұл ғылым ордасында математика саласында әлемге әйгілі Н.Е. Жуковский, Д.Ф. Егоров, Н.Н. Лузин, А.Я. Хинчин, И.И. Привалов, П.С. Александров, И.Г. Петровский сияқты ғалымдар қызмет ететін. Ізденуші-ғалым С.Х. Боқаев та осы ортада «дифференциалдық теңдеулер» мамандығы бойынша аспиранттардың оқу бағдарламасына сәйкес зерттеулер жүргізу нәтижесінде 1935ж. ММУ-нің математика және механика ғылыми-зерттеу институтында «Конформдық түрлендіру теориясы және оларды қолданбалы ғылымның «математика мамандығы бойынша есептерінде пайдалану» атты тақырыпта математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Оған математика ғылымдарының кандидаты және доцент ғылыми атағы берілді. 1932-1935 жж. ҚазПИ-де, ҚазМУ-де математикалық пәндерден дәріс беру сапасын көтеру мен оқу үдерісін жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізді.

Педагог-ғалым осы саланың жетекші курстарынан, арнайы бейіндік пәндерден дәріс курстарын дайындаумен қатар жоғарғы, арнаулы орта оқу орындарын, қазақ мектептерін оқу құралдармен, оқулықтармен қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік жұмыспен де айналысты. Атап өтетін жайт, сол кездегі оқу үдерісіне дайындалған оқу құралдарының бүгінгі күнге дейін өзіндік маңызы бар екендігі. Оның авторлығымен «Математика және халық шаруашылығының физикалық

негіздері», қазақ тіліне аударылған Н.А. Шапошников пен Н.К. Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» (1933) атты еңбектері жарық көрді. Қазақстандық ғалымдар қатарында С.Х. Боқаевтың ғылымға қосқан үлесі үкімет тарапынан ескеріліп ҚазАКСР ОАК Алқасы 1935ж. қарашада жоғары білікті мамандар дайындау ісіндегі, республикада математикалық білім беруді дамыту мен ұйымдастырудағы ерен еңбегі үшін «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталса, 1936 ж. математика профессоры атағын иеленді.

XXғ. 20-жж. тоталитарлық жүйе билік орнаған қоғам өмірінде орын алған бұрмалаушылықтар мен қысаң саясаттың салдары халықтың рухани санасына қайғы-қасірет әкелді. 20-жж. аяғында тарихта «социализмнің сталиндік моделі» деген атпен белгілі тарихи кезең басталып, ұлттардың табиғи бейнесін жоюға ұмтылған казармалық социализм жүйесі орнатылды. И.В. Сталиннің үкімет басына келуі саяси террорды өршіте түсті. 30-жж. жүргізілген саяси қуғын-сүргін ұлттық интеллигенция қатарын ойсыратып жіберді. Академик М. Қозыбаев «ұлтшылдық» туралы: «Патша өкіметі ұлтшылдықты оппозиция есебінде таныды. Оның тамырына балта шабуды саясатқа арна етті. Кеңес өкіметі сол империялық саясатты шын мәнінде жалғады, өйткені ол да аз ұлттар тым тырақай бөлініп, бөлшектеніп кетеді деп түсінді. Оларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаудың жолы бонопартизм деп түсінген И. Сталин ұлттардың ойшыл, жасампаз топтарын тұқырту деп білді»-деп жазған еді.[3] «Ұлтшылдықпен», «халық жауларымен» күресу бірте-бірте мемлекеттің белгілерінің біріне айналды. 1937-1938 жж.қазақтың оқыған зиялы қауым өкілдерінен 66 мың адам жазықсыз жапа шекті.[4]

«Жікшілдік» пен «ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген сталиндік жаппай террорлық саясат қазақ зиялыларының қатарындағы С.Боқаевтың педагогикалық-ағартушылық қызметінің әрі жалғасуына теріс ықпал етті. Сталиншіл билік жүйесі әсерінен ғылыми интеллигенция арасында бір-бірінің жазған еңбектеріне сыни көзбен қарап қателіктер іздеу белең алды. Осындай сенімсіздік пен күдіктенушілік жағдайында С.Боқаевқа да жазықсыз жала жабылып саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Институт әкімшілігі тарапынан 1938 ж. 1 тамызында ҚКП ОК-не, ҚазКСР ХАК-не және қалалық партия комитетіне: «ҚазПИ-де халық жауы, бұрынғы директор Бекжанов басқарған национал-фашистер, бандылар тобы ұзақ уақыт үстемдік құрды. Национал-фашист Жүргенов Бекжановпен, Жұбановпен, Әлжановпен, Боқаевпен және басқалармен бірлесіп институттың бүкіл жұмысын тоқтату үшін барлық шараларды қолданды. Бұл бандиттердің зиянкес жұмыстары мынадай жолдармен жүргізілді: институттың профессорлық оқытушылық құрамына национал фашистерді, троцкийшіл-бухариншіл бандиттерді, саяси күмәнді және жоғарғы оқу орнында жұмыс істеу үшін академиялық жарамсыз адамдарды тарту; жауапты курстарды (математика, ботаника, тарих, қазақ тілі және тағы басқалар) жетекші пәндер бойынша студенттердің дайындықтарын осы пәндер бойынша бағдарламалық материалдарды зиянды бұрмалау жолымен бұзуға түрлі шараларды қолданған халық жауларына бекіту; қазақ студенттерге орыс тілін оқыту ісінде толықтай елемеушілік жіне зияе келтіру, сондай ақ қазақ тілін оқытудағы зиянкестік...» ешбір дәйексіз дайындалған анықтама негізінде С.Х. Боқаев қамауға алынып, 1939ж. 14 қарашада КСРО ІХК Архангельск облысындағы Каргопол лагерінің Ерцевск бөлімшесіне айдауға жіберілді. Алайда, өз әріптестері тарапынан ҚКП ОК-не, республика прокурорының атына Сәдуақас Хасенұлының ісін қайта қарау мақсатында өтініштер жолданды. Нәтижесінде ҚазКСР Жоғарғы Сотының шешімімен 1939 ж. сәуірде С.Х. Боқаевтың ісін қайта қарауда фактілер анықталып бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді. Өкініштісі, 1942ж. Сәдуақас Хасенұлы Боқаев белгісіз жағдайда қайтыс болды.

**Қорытынды.** Уақытпен бірге қоғамның дамуы да сол қоғамға, оның өркендеп дамуына бар болмысымен қызмет еткен ұлтжанды азаматтардың ұлттық тарихи санасы да алға қарай алшандап қадам басқан сайын өмірден озған танымал тұлғалардың жарқын бейнесі, олардың халқының келешегі үшін сіңірген еңбегі екшеленіп құндылығы арта түсетіндігі шүбәсіз. Қазақстандағы білім мен ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қомақты үлес қосқан зиялылар қатарында және қазақ өлкесінде алғаш ашылған білім ордасы – қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің негізін қалаушылардың бірі Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі бүгінгі ұрпақтың жадында сақталатындығы ақиқат.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан // Егемен Қазақстан. 1998, 16 желтоқсан
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 2003.

- 3 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.45б.
- 4 Дюсенова Н. Қазақстандағы 20ғ. 40-50жж. «ұлтшылдық» пен «космополитшылдыққа» қарсы күрес науқаны (т.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация) Алматы, 2005.
- 5 Бақаев Ә. Өшпес оттың жарығы / Жизнь, прерванная на взлете Алматы, 2007.160 б.

**Резюме:** в статье исследуется научно-педагогическая деятельность Садуакаса Бокаева, одного из самых известных людей, служивших народу в начале прошлого века, но до сих пор не удостоившегося своего исторического значения. Его жизнь, научная и педагогическая деятельность, общая личность С.Тлеукулов, Г.Тлеукулов, Р.Надилов, Б.Қойшыбаев, Е.Жалмағамбетов, Х.Турсун и другие. На основе работ исследователей, осознавая большое значение педагогического образования в стране, Бокаев участвовал в подготовке исследователей научного направления через аспирантуру с целью повышения научного потенциала преподавателей высших учебных заведений. В результате тот факт, что талантливые студенты, такие как Аубакиров, Жаутыков, Амирбаев были приобщены к математике, основанной на данных. Сталинская политика массового терроризма против «сепаратизма» и «национализма» отрицательно сказалась на продолжении педагогической и просветительской деятельности С.Бокаева среди казахской интеллигенции. В такой ситуации неуверенности и подозрений, факты свидетельствуют о том, что С. Бокаев также подвергся клевете и репрессиям.

**Ключевые слова:** деятель, национальная интеллигенция, личность, советская власть, большевистские идеи, враг народа, интересы нации.

Бұл бөлімде біз өзімізді оқытушы ретінде қабылдап білім алушыға тақырыпты аша білу. Көптеген білім алушылар жалпы білім беретін пәндерді оқуға деген ынтасы жоқ ("біз осында мамандық алуға келдік, бізге басқа пәндер не үшін керек?").

Білім алушылардың осы психологиялық-педагогикалық сипаттамасын ескере отырып, олардың физика курсына сәтті игеруі үшін, ең алдымен, пәнге деген қызығушылығын ояту керек. Осыған байланысты біз өз жұмысымызда келесі қағидаларды ұстанамыз:

1. жасөспіріммен ересек адам ретінде сөйлесу, оның моральдық көзқарастарын күрт бұзбау, тіпті егер олар қате болса да, оларға біртіндеп түсіндіру.

2. жасөспірімге жағымды жағын көрсетуге, оның кемшіліктерін оң жақтарын анықтай отырып мүмкіндік беру;

3. өз тәжірибесіне қайта қарауды ұйымдастырыңыз;

4. сабақты ұйымдастыру кезінде оқытудың көрнекі құралдарын барынша көп пайдалану; АКТ пайдалану;

5. оқуда қиындықтары бар білім алушыларды проблемалық мәселелерді талқылауға, неғұрлым мықты білім алушылар тобындағы жұмысқа тарту.

Білім алушыларда өздік менін қалыптастыру. Ал оқытушалар тарапынан этикалық нормаларды сақтау және әділдік пен шыншылдық сақтау.

"Электростатика" бөлімін зерделеу кезінде білім алушыларда электромагниттік құбылыстар туралы білімі кеңейеді, білім жүйесі қалыптасады: электр заряды туралы түсінік, зарядтың сақталу заңы, электр өріс, кернеу және күш сызықтары электрлік өрістер, потенциалдар мен потенциалдар айырмасы, электр сыйымдылығы туралы ұғымдар, конденсаторлардың ерекшеліктері, олардың практикалық маңызы. Білім алушылар бөлімнің теориялық негіздері мен оның практикалық бөлігінде белгілі бір білім жүйесін қалыптастырады.

Сабақтың сапасын арттыру:

1. Білім алушының тұлғасын дамыту, оны қазіргі қоғам жағдайында өз бетінше өнімді іс-әрекетке дайындау: ойлауды дамыту, эстетикалық тәрбие, қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдау немесе нұсқалар ұсыну білігін қалыптастыру, эксперименттік-зерттеу қызметін жүзеге асыру білігін дамыту.

2. Танымдық іс – әрекетті жандандыру әдістерін енгізу арқылы білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру-заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып танымдық іс-әрекетті жандандыру.

Оқу процесін жетілдіруге бағытталған көптеген идеялардың ішінде білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру идеясы белгілі бір орын алады. Бүгінгі таңда білім алушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту, таным процесіне, ақпаратты іздеу, игеру, өңдеу және қолдану тәсілдеріне қызығушылық қалыптастыру өте маңызды, бұл студенттерге оқу пәні болуға, қазіргі тез өзгеретін әлемде оңай жүруге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар құрылуда, оқытудың жаңа әдістемелері әзірленуде, сабақ өткізудің стандартты емес нысандары, вариативтік бағдарламалар мен оқулықтар және т. б. пайда болуда.

2-ші бөлім: Оқытуға жағдай жасау. Білім алушылардың «Идеологиясын» қалыптастыру: Идеология сөзінің анықтамасы сөздікте «ойлау тәсілі» деп берілген. Физика сабақтарындағы білім алушылардың ақыл-ой қабілеттері жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Білім алушылар табиғатта болып жатқан құбылыстардың, процестердің себеп-салдарлық байланыстарын жалпылау, ұқсастық, жіктеу, анықтау сияқты ойлау процестерінің мәнін қол жетімді деңгейде түсіндіруі керек екеніне сенімдімін. Оларға заң, гипотеза, модель деген не екендігі туралы түсінік беріп, осы білімді саналы түрде қолдануға үйрету керек. Физика сабақтарында қолданылатын әдістердің бірі-ұқсастық. Екі немесе бірнеше құбылыстардың, процестердің, объектілердің ұқсастығы анықталады. Сонымен қатар, олардың бірі белгілі, ал екіншісі - жоқ. Содан кейін білім алушыға алғашқы құбылыс туралы білімдерін белгісіз

құбылысқа көшіру ұсынылады. Әр түрлі кедергілерге тиген доптың қозғалысын бақылай отырып, біз оның әртүрлі бағытта қозғалатынын анықтаймыз (зигзаг). Броундық бөлшектің хаотикалық қозғалысы туралы біле отырып, броундық бөлшек зигзагпен қозғалады деген қорытынды жасауға болады. "Электромагниттік тербелістер" тақырыбы конденсаторды индуктор арқылы ағызу кезінде пайда болатын электромагниттік процесті қарастырады және осы процестің тербелмелі сипаты туралы қорытынды жасайды. Тізбектегі электромагниттік тербелістер еркін механикалық тербелістерге ұқсас, мысалы, серіппеге бекітілген дененің тербелісі. Ұқсастық мезгіл-мезгіл өзгеретін шамалардың табиғатына емес, әртүрлі шамалардың мерзімді өзгеру процестеріне қатысты.



Осылайша, білім алушылардың зерттеу әдісін игеру барысында олар бұрын анықталған фактілерден, заңдардан, теориялардан алынған тұжырымдарға негізделген гипотезаларды өз бетінше ұсыну және негіздеу қабілеттерін дамытады.

3-ші бөлім: Нені үйрету керек және нені үйрену керек? Оқуға көзқарасты өзгерту.

Рефлексивтілік: Оқу процесін рефлексивті басқару жеке тұлғаның дамуына әсер ететін факторлармен байланысты, онда адам өзінің іс-әрекетінің мағынасын түсінеді. Білім алушылар жай ғана не істегендерін түсінбейді, олар іс-әрекет тәсілдерін, білімін, іскерлігін, оларға деген қарым-қатынасын, достастық (сынып, топ) мүшелерімен өзара әрекеттесу жолдарын біледі. Мұндай бекітусіз, білім алушы пайда болмайды және бір нәрсені білу және түсіну қажеттілігі туындауы мүмкін емес. Маңызды талап - оқу іс-әрекетінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіну қабілетін және сәтсіздік жағдайында да сындарлы әрекет ету қабілетін қалыптастыру. Физика сабақтарында рефлексияны жүзеге асыру құралдарына схемалар, кестелер, формулалар, сызбалар, графиктер жатады.

Кестені талдау мысалдары. Мысал 1. Сұрақтар бойынша кестеге талдау жасаңыз:


1. Кестеқалайаталады
2. Кестеде не көрсетілген?
3. Кестелік деректер қандай бірліктерде өлшенеді?
4. Сіз қандай заңдылықты (заңдылықтарды) байқайсыз?

Электростатикалық және құйынды өрісті салыстыру		
Өріс, салыстыру параметрлері	Құйынды	Электростатикалық
Сипаты	уақыт өте келе мерзімді өзгерістер болады	Өзгермейді
Көзі	Үдемелі қозғалыстағы зарядтар, айнымалы магнит өрісі	Қозғалыссыз зарядтар
Күш сызықтары	Жабық	«+» басталады; «-» бітеді;
		

Мысал 2. Есеп: Ұзындығы 50 см жіпке байланған, массасы 250 г жүк горизонталь жазытықта конустық бет сызатындай етіп тұрқты жылдамдықпен вертикальдан ашақтау бұрышы  $40^\circ$ . Жіптің бұрыштық жылдамдығы табыңдар (25-сурет).

Берілгені:

$$l = 50 \text{ см} = 0,5 \text{ м}; m = 250 \text{ г} = 250 \cdot 10^{-3} \text{ кг}; \alpha = 40^\circ.$$





$\omega - ? \quad T - ?$

**Талдауы.** Егер жіпке ілінген жүк тыныштық күйде тұрса, бір-біріне әсер ететін екі күш: салмақ күші мен жіпті керілу күші бір түзудің бойымен бағыттталып, бірін-бірі теңшеріп тұрады, сондықтан Ньютонның үшінші заңы бойынша бұл күштер шама жағынан тең, бағыт жағынан қарама-қарсы болады:


$$\vec{T} = -\vec{P}.$$

Жүк айналған кезде, біріншіден, осы екі күш бір түзудің бойымен бағытталмайды, бір-бірімен бұрыш жасай бағытталады ендеше олар бір-біріне тең болмайды, яғни бұл күштердің тең әсерлі күші центрге қарай бағытталған болды. Екіншіден, дене қисық сызықты қозғалғанда оның үдеуі шама жағынан да бағыт жағынан да өзгереді. Шама ашағынан өзгертін үдеу тангенциал үдеу, ал бағыт жағынан өзгертін үдеу нормаль үдеу деп талады. Дене шеңбер бойымен бір қалыпты қозғалғанда тангенциал үдеу нольге тең, (жылдамдықтың уақыт бірлігіндегі өзгеруі нольге тең, яғни бұрыштық жылдамдық тұрақты болып қалады) толықүдеу центрге тартқыш үдеуге тең және центрге қарай бағытталған болып қалады (25-сурет):

$$\vec{T} + \vec{P} = \vec{F}_n. \quad (1)$$

Ньютонның екінші заңы бойынша денеге әсер ететін күштердің қосындысы дененің массасын оның алған үдеуіне көбейткенге тең, яғни

$$\sum \vec{F} = m\vec{a}.$$



алып,  
 Коорд  
 жіпті  
 $x, y$  о  
 себеб

с түрде жазғанда, әсер етуші күштердің бағыты мен шамасын еске  
 дің қосындысын ( $\sum \vec{F}$ ) тең әсерлі күшпен алмастыруға болады.

$x$  осін горизонталь  $y$  осін вертикаль бағыттап, салмақ күші мен

проекциясы  $T \sin \alpha$  -ға тең.

йық (26-сурет).  $x$  осіндегі салмақ күшінің проекциясы нольге тең,  
 ен  $x$  осінің бағыты өзара перпендикуляр, ал жіптің керілу күшінің

мәндерін (1) теңдеуге қоямыз, сонда:

$$T \sin \alpha = F_n, \quad F_n = ma_n;$$

$$T \sin \alpha = ma_n. \quad (1)$$

Мұндағы  $a_n$  - деп отырғанымыз нормаль үдеу:

$$a_n = \omega^2 r. \quad (3)$$

Енді осы күштердің  $y$  осіне проекциясын алайық.

$F_n$  - күшінің проекциясы нольге тең, себебі  $F_n$  күші  $y$  осіне перпендикуляр, салмақ күшінің проекциясы  $-P$ -ге тең, ал жіптің керілу күшінің проекциясы  $T \sin \alpha$  -ға тең болады. Осы алған күштердің мәндерін (1) теңдеуге қосақ, мынадай қорытындыға келеміз: қозғалыс  $x$  осі жатқан жазықтыққа параллель болғандықтан  $y$  осі бойынша қарастырлығы күштердің қосындысы нольге тең болады екен, яғни:

$$-P + T \cos \alpha = 0; \quad (4)$$

(3) формуладағы  $r$  дененің айналғандағы сызған шеңберінің радиусын, суреттегі  $ABC$  үшбұрышынан тауып аламыз.

$$\sin \alpha = \frac{r}{l}. \quad (5)$$

(2), (3), (4) және (5) теңдеулерді шешіп,  $T$  - ны  $\omega$  - ны табамыз:

$$T = \frac{P}{\cos \alpha}; \quad \omega^2 = \frac{a_n}{r} = \frac{gtg \alpha}{l \sin \alpha}; \quad \omega = \sqrt{\frac{gtg \alpha}{l \sin \alpha}}.$$

Шешуі:

$$T = \frac{P}{\cos \alpha} = \frac{2,45 \text{ Н}}{0,76} = 3,2 \text{ Н};$$
$$\omega = \sqrt{\frac{gtg \alpha}{l \sin \alpha}} = \sqrt{\frac{9,8 \text{ м/с}^2 \cdot 0,683}{50 \cdot 10^{-2} \cdot 0,64}} = 5,04 \text{ с}^{-1};$$

Өз іс-әрекетінің негіздерін анықтауға арналған тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар орындалған әрекеттерді негіздеу талабын қамтуы керек. Сондықтан мәтінге келесі сұрақтарды қосқан жөн:

- Мәселені шешу кезінде неліктен дәл осындай әрекеттерді орындағаныңызды түсіндіріңіз?
- Басқа әрекеттерді орындауға бола ма?
- Бұл неге байланысты болды?

Білім алушыны оқуға үйрететін рефлексивті дағдыларын дамытады.

4-ші бөлім: Нәтижені терең талдау: Білім алушының үлгерімін қалай бақылаймыз?

Оқытушыға білім алушының үлгерімін бақылау үшін университет және кафедра ұжымы тарапынан жасалған әдістемелік нұсқаулықтар көмектеседі.

Өтілген сабақ қызық болғанда ғана білім алушыға тақырып түсінікті болады. Олдегеніміз, тақырып білім алушы үшін қызық болуы тиіс.

Кез-келген сабақтардағы бағалау – білім алушы өтілген тақырыпты өзі түсінгі бойынша айтып беруі немесе демонстрациялауы. Ал қазіргі заман университеттерінде бағалау мақсаты кең көлемді және әртүрлі болып келеді, нәтижесінде оқу сапасы артады.

- білім алушының қажеттілігін бағалау
- білім алушылардың жеке және топпен жұмыс жасауын бағалау
- оқу барысын бағалау
- тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтау және жеткілікті дәрежеде мағыналы түсінгеніне қарай марапаттау
- тақырыпты түсінгенін іс жүзінде, практикада қолдана білу

Бағалау әдістері:

– оқу тапсырмалары арқылы бағалау ,білім сапасын дамыту үшін қолданылатын материалдар;

- аудиторияда топпен,жұппен талқылау;
- бірін-бірі және өзін-өзі бағалау;

Қазіргі таңда елімізде сабақтың сапасын көтеру басты міндет болып отыр.Сабақтың сапасын арттыру мақсатында физика сабағында бағалаудың келесі түрлерін тиімді деп алғым келеді: бірін - бірі бағалау; өзін - өзі бағалау; ғылыми ізденістер арқылы бағалау; тесттер; Сұрақтарарқылы бағалау.

Оқытуды бағалауға арналған жаңа «Білім пирамидасы» әдісі. Пирамиданың жоғары деңгейге дейін кезең-кезеңмен қозғалып, ең төменгі үдерістен жоғарыға қарай баратын сатыларын білім алушының білім сапасын көрсеткіші. Оқуды қорытындылауға барлық тақырыптар арасынан пысықтауға бірнеше деңгей тапсырмалар дайындалады. Тапсырмалар деңгейіне қарай күрделене түседі, содан күрделі тапсырмаларды орындау барысындабарлық топбілім алушылары 100% толық орындап, белгілі бір дәрежеге яғни шыңға жетпе алмайды. Ол ыңға тек қайталауға берген барлық тапсырмаларды толық меңгерген және қажетті жерде өз ойын жеткілікті деңгейде дәлелдеп, нақты жауаптарымен көзге көрінетін топтағыбілім алушылардың 10-20 % жетуі мүмкін. Пирамида әдісінің көтерілу деңгейі:

- 1-деңгей 0-20%-дық білім –талап,ынта,танымдық қабілет;
- 2- деңгей 20-30%-дық білім – тақырыпты толық меңгермеген;
- 3- деңгей 40-60%-дық білім – оқу тақырыпты жақсы меңгерген;
- 4- деңгей 60-90%-дық білім – тақырыпты қосымша жан-жақты меңгергені;
- 5- деңгей саты -90-100%-дық білім – үздік (өз пікірін анық айта және дәлелдей алады).

Нәтижесінде бұл әдіс-тәсіл білім алушының сабақта білім алуда,оқу-білімге деген құштарлығы

мен қызығушылығы арта түседі.

Нәтиже: Осы әдістер арқылы білім алушылардың белсенділігі мен шығармашылығын арттыруға, алған білімдерін өмірде еркін қолдана алатын болады.

5-ші бөлім: Білімді тереңдету:

Оқытушының шеберлігін арттыру: оқытушының бойында әдістемелікшеберліккерлігін,білімділік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен сонымен қатар ерекше ойлау қызметі, заңдылықтарды анықтау,шығармашылық қабілетін дамытуғақұштар болу керек. Жаңа технологиялардыменгерудіңқажеттіліктерінің бірі- оқытушының кәсіби біліктілігінжетілдіру мақсатындабілім беру орындарындағы оқытушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Физиканы оқытуда жаңа интерактивті технологияларды қолдану және де білім алушының физика сабағына қызығушылығын арттыру. Физика сабағын табиғатта болып жатқан күнделікті құбылыстар мен байланыстыру және білім алушының қызығушылығын арттыру оқытушының шеберлігіне жатады. Сабақ кезінде демонстрациялық материалдарды пайдалану.

Физика пәнінің оптика бөліміндегі «Дисперсия» құбылысын алатын болсақ: Жарық дисперсиясы деп,заттағы жарықтың сыну көрсеткішінің жарықтың толқын ұзындығына тәуелділігін айтады. Жарықтың дисперсиясының салдары – ақ жарық шоғының призма арқылы өткенде спектрге жіктелуі болып табылады.Жарық дисперсиясының құбылысын 1672 жылы белгілі ғалым Ньютон ашты, ол бірқатар тәжірибелер арқылы жарық толқынының түсі мен оның жиілігі арасындағы тікелей байланысты дәлелдеді. Ғалымдардың жасаған тәжірибесінің ең айқын табиғи дәлелі-жаңбырдан кейін кемпірқосақтың пайда болуы. Бұл жағдайда ақ жарық көптеген тамшылардан өтіп, қызылдан күлгінге дейін жарықтың барлық спектрін құрайды. Көбінесе жарықтың дисперсия құбылысының ашылуына байланысты жарықтың толқындық табиғатын дәлелдеуге болады.Ағылшын ғалымыныңжасаған бұл эксперименті даналық пен жасалған қарапайым экспериментболатын. Ғалым призмаға көлденең қимасы кішкене жарық шоғын түсіруді ойлады. Күннің жарық сәулесі терезе жарығындағы кішкене тесік арқылы, қараңғылаған үй ішіне түседі. Жарық шоғы шынымен призмаға түсіп сынады да, қарсы қабырғаға кемпірқосақ түстерімен кезек боялған ұзарған кескін түседі Ньютон экспериментінің стильдік кескіні 1-суретте көрсетілген.



1- сурет. И.Ньютонның Дисперсия құбылысын бақылау эксперименті.

Физика пәнінің өзі табиғатта болатын құбылыстарды зерттейді. Дисперсия құбылысына табиғаттағы құбылыстар мен мысал келтіре аламыз. Демонстрациялық материалдарды қолдана отырып білім алушының білімін тереңдетеміз яғни оның тақырыпты терең түсінуіне ат салысамыз. Жарықтың дисперсиясы көптеген табиғи құбылыстарды түсіндіреді, мысалы, кемпірқосақ. Жаңбыр кезінде тамшылардағы күн сәулесінің тамшыларының сынуының нәтижесінде аспанда түрлі-түсті доға пайда болады ол құбылыс– кемпірқосақ.



2- сурет. Табиғатта орын алып жатқан дисперсия құбылысы.

Біз Эндрю Полландтың «Рефлексивті оқыту негіздері» атты оқулығындағы әдістерді өз сабағымызда еркін қолдана аламыз. Бұл кітаптің оқытушыларға берер тәжірибесі өте көп.

Осы әдістердің барлығын қолдана отырып біз білім алушының мақсатын талқылау мен анықтауға қатысуын оның оқуға ынтасын арттыруға және бұданда жоғары мақсатқа қол жеткізуіне сенімін күшейтеміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Рефлексивті оқыту негіздері. Бесінші басылым. Автор: Поллард Эндрю. Баспасы: Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2020ж, 728 бет.
- 2 Трофимова Т.И. Курс общей физики 1,2 Т. - М.: "ВШ". – 2015.
- 3 «Физика» пәнін оқытуға арналған әдістемелік нұсқау» Мұсаев Ж.М., Спабекова Р.С.– Шымкент.: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2017ж.-1156.
- 4 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. - 608 бет. ISBN 978-601-7943-22-6
- 5 Стивен Р. Кови «Жасампаз жандардың 7 дағдысы».- Алматы «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018ж. 352 бет.
- 6 Волькенштейн В. Жалпы физика курсынан есептер жинағы. Алматы., Мектеп, 2010ж.

**Аннотация:** В статье освещаются методологические основы распространенных сегодня в гуманитарных науках систематических тенденций. Рассматриваются формы и методика преподавания социально-гуманитарных дисциплин в ЮКУ в рамках проекта «Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке» по программе «Рухани жанғыру». Основными факторами в личностном воспитании являются учебно-воспитательная работа в семье и в учебных заведениях, поэтому организация ее процессов основана на формировании духовного сознания. Поэтому в нашей статье мы поставили цель раскрыть теоретическую и практическую стороны учебного процесса, его. Основным стержнем работы стала научно-педагогическая основа формирования духовного сознания у молодежи.

Первый Президент Республики Казахстан-Елбасы Нурсултан Назарбаев в своей статье "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" отметил, что нашему обществу нужны не только инженеры и врачи, но и люди гуманитарного профиля, которые хорошо понимают современность и будущее. В этой связи Елбасы поручил создать все необходимые условия для получения студентами знаний в области истории и политологии, социологии и философии, психологии, педагогики, экономики, культурологии и филологии в соответствии с требованиями времени.

Для реализации данного задания с 2017 года будет проведен семинар "Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке". В рамках данного проекта За прошедшие несколько лет были переведены на казахский язык учебники лучших университетов мира по всем гуманитарным специальностям, студенты получили возможность обучаться на основе лучших мировых учебников.

**Ключевые слова:**духовная модернизация, рефлексивный метод, методы обучения, идеология, физические явления, дисперсия, ньютоновский эксперимент, учебный процесс, активные формы обучения, рефлексия.

**Abstract:** The article included the methodological foundations of systematic trends common today in the humanities sciences. The forms and methods of teaching social and humanities sciences are

considered within the framework of the project «New humanitarian knowledge. 100 new textbooks in the Kazakh language» under the program «Rukhanizhangyru» in SKU. The main factors in personal education are educational work in the family and in educational institutions, because the organization of this processes based on the formation of spiritual consciousness. Therefore, our article aims to reveal the theoretical and practical aspects of the educational process. The main core of the work was the scientific and pedagogical basis for the formation of spiritual consciousness among young people.

The first president of the Republic of Kazakhstan –Nursultan Nazarbayev in his article "looking to the future: modernization of public consciousness" noted that our society needs not only engineers and doctors, but also people of humanitarian profile who understand the present and the future well. In this regard, the head of state instructed to create all necessary conditions for students to receive knowledge in the field of history and political science, sociology and philosophy, psychology, pedagogy, economics, cultural studies and philology.

To implement this task, starting in 2017, the project "new humanitarian knowledge. 100 new textbooks in the Kazakh language". Within the framework of this project, over the past few years, textbooks from the best universities in the world in all humanitarian specialties have been translated into Kazakh, and our students have the opportunity to study on the basis of the best World textbooks.

**Key words:** spiritual modernization, reflexive method, teaching methods, ideology, physical phenomena, variance, Newtonian experiment, educational process, active forms of learning, reflection.

**ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ  
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК  
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ  
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА  
LINGUISTICS AND LITERATURE**

УДК 373.2.Р 31

**Айтпенбетова Д.А., Ерметова Р.Е., Саматаева К.Б.**

магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент. Қазақстан

магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент. Қазақстан

аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент. Қазақстан

**ТІЛДІК САБАҚТАРДА «АР - ҰЖДАН» КОНЦЕПТІНІҢ КӨРІНІС БЕРУІ**

**Түйін:** Мақалада адамдардың рухани құндылықтар, бала тәрбиесінде оның алатын орны жайлы түсініктерге. Көз алдымызға төрт құбыласы тең толыққанды адамды елестетеміз. Онда бәрі бар дені сау, жанұясы, бала шағасы алдында, Отаны, туған жері керемет бейбіт өмір сүруде. Барлығы адам үшін. Сол сәтте осының барлығын сақтап қалу үшін адам қандай болуы керек? Адам үшін өмірдегі ең маңызды нәрсе не? деген сұрақтар туындайды. Біз мақалада сол сұрақтарға жауап беруге тырыстық. Бұл сұраққа жауап іздеп сауалнама жүргізгенде: «Адам үшін ең басты маңызды нәрсе - ол адамның «ар - ұжданы» деген жауап алдық. А.В.Суворовтың сөзімен айтсақ: «Ар – ұждан ішкі дүниенің жарығы, ол тек адамның өзіне жарық береді және оған жай ғана дыбыссыз, жанына жайлап тиіп, сезімге келтіреді, адамның ізінен қалмай, ешбір жағдайда аяушылық жасамайды. Адам жақсы істерімен мәңгі жасайды, жақсылықты қандай жолмен жасаса да адамның жүрегі оны сезетін болады, себебі оның ар – ұжданы оның тікелей куәсі.

Кілт сөздер: адам, рухани құндылық, жан дүние, тәрбие, ар – ұждан, маңызды, сезім, аяусыз, ішкі дүние.

**Кіріспе.** Ар – ұждан мәселесі дүниедегі ең бағзы мәселе және ол ежелгі уақыттан бері жұрт назарын аударып келеді (Сократ, Платон, Демокрит, Аристотель, Цицерон, Сенека, Марк Аврелий және басқалары). Бұл мәселені орта ғасырлық философия өкілдері де назардан тыс қалдырмады (Августин Аврелий, Фома Авинский және басқалары) ар- ұжданды діни-философиялық көзқараспен қарастырды.

Қазақ философтары Шәкәрім мен Абай жалпы адамзаттың шынайы болмысын, дүниені тануын, құндылықтар жүйесін ашып көрсете білді және адамзат үшін ең жоғары құндылық оның «ар - ұжданы» екенін ерекше атап көрсетті. Халық даналығы былай дейді: егер адам баласында ар- ұжданы жетілген болса, оны сатып алуға болмайтын болса, оны ешқандай одан да қатал сотқа оны ешкім де шақырмайды. Кез келген адамның басқа адамдардың алдында күнәсі кешірілсе де, өз арының алдында ақтала алмайды. Шын мәнінде солай. «Ашулы ар – ұждан жылап тұр». Мұндай ар-ұжданмен оңай емес, ол сенің қармағыңа түспейді, өтірікке жол бермейді, өзінің қырағы көздерімен барлап, бақылап, адамға шынын айтқызады, өкіндіреді.

**Зерттеудің өзектілігі:** Мақаланың жазылуына түрткі болған мәселе соңғы кездері жастарымыз, тек жастарымыз ғана емес, жалпы адамдар «ар - ұждан» деген ұғымнан алшақтап кетіп барады. Оған бағзы біреулер қазіргі заманды күнәласа, енді біреулер ата - ананы дұрыс тәрбие бермеді деп күнәлайды. Біздің пікірімізше бұл мәселені бірде заманды, бірде ата - ананы күнәлап қойып жылы жаба беруге болмайды. Түсіне білсек, бұл жалпы қоғам болып қолға алуға тиісті мәселе. Міне, сондықтан біз жас мұғалімдерімізге аз да болса көмекші болсын деп «Ар – ұждан» ұғымының тілдік сабақтарда көрініс беруі» атты мақаланы жариялауды жөн көрдік.

**Зерттеудің мақсаты:** балаларды «ар - ұждан» ұғымымен таныстыру арқылы саналы адамгершілік мінез құлқын қалыптастыруға ынталандыру

**Шешілуге тиісті мәселелер:** ар-ұждан, ұят сияқты адамгершілік қасиеттері жөнінде

мағлұмат беру; бірлесіп оқу әрекеттеріне, өз әрекеттеріне және сыныптастарының әрекеттеріне оң баға беруге дағдыландыру.

*Зерттеу пәні:* сабақта көркем әдебиет мәтіндерін пайдалана отырып, рухани құндылықтарға тәрбиелеу, оның ішінде ар - ұждан тақырыбына терең тоқталу қарастырылды.

*Ғылыми жаңалығы:* «**Ар- ұждан**» ұғымын модельдеу әрекеті жасалды

*Практикалық маңызы:* мақаланы тілдік пәндерді және де басқа гуманитарлық пәндерді оқытуда пайдалануға болады. Осы мақаланың көмегімен біз адамдарға рухани жылулық беріп, ар – ұжданын оятуымыз мүмкін

**Теориялық бөлім.** «Ар – ұждан» ұғымы «намыс» ұғымымен теңдес! Ар, ұят, ынсап, мәселесінен қазақтың біртуар ұлдары да алшақ қалған емес. Қазақтың данышпан ойшылы Шәкәрім қазақ философиясында ар, ұят, ынсап, қайғы мәселелерін философиялық логикада тұңғыш рет қарастырған. Өз философиясында ақыл- ой, ұждан мәселелерін анықтаған. Ұждан дегеніміз – ынсап, мейірім, әділет. Бұл екі өмірге де керек іс [5]. Жанға азық болатын құндылық. Ақыл - ойдың жиырма сегіз түрін көрсеткен. Соның ішінде сау ақыл деп соған ерекше тоқталған философ Шәкәрім өз философиясында дүниені танушы, адамды адамдық болмысқа жетелейтін, ең негізгі қасиеті ретінде ақыл – ойды қарастырған.

Абай өмір сүрген тұста көпшілік «Ар-ұждан - жолы болмаған, әлсіздердің тірлігі, ал күштілер мен жеңімпаздар үшін ол тек қана кедергі болады» деген ұғымның жетегінде жүрген. Ал Абай басқаша ойлайды. Ол «ар- ұждан» мен «ұят» тақырыбын қоса қарастырады, өйткені олар бір бірімен тығыз байланысты. «Ұят – адамның өз күнәсін іштей мойындап, өзін жазалауы». Абай ұят пен ардан безген, жасаған арсыздықтары үшін қызаруды білмейтін, мелінше өзін ақтап алуға тырысатын адамнан без, оларға жолама деп үйретті. Абай жалпы адамзаттың шынайы болмысын, дүниені тануын, құндылықтар жүйесін ашып көрсете білді.

#### **Практикалық бөлім**

#### **Тілдік сабақтарда оқушыларды «ар - ұждан» туралы тәрбиеге баулу**

**Мақсаты:** балаларды «ар - ұждан» ұғымымен таныстыру арқылы саналы адамгершілік мінез құлқын қалыптастыруға ынталандыру.

#### **Міндеті:**

- ар-ұждан, ұят сияқты адамгершілік қасиеттері жөнінде мағлұмат беру;
- бірлесіп оқу әрекеттеріне, өз әрекеттеріне және сыныптастарының әрекеттеріне оң баға беруге дағдыландыру;
- балаларды қайырмдылыққа, мейірімділікке, өзгелердің сезімін түсіне білуге, оларға аяушылық білдіруге тәрбиелеу

#### **Күтілетін нәтижелер**

*Тұлғалық* – жеке басының мінез құлқын реттеуді дамыу, сыныптстарымен тіл табыса білу

*Метапәндік* – алдына қойған міндетке сәйкес оқу әрекеттерін бақылай, бағалай білу, сөздік қорын дұрыс пайдалану, әртүрлі оқу тапсырмаларын орындау ( мәтінмен жұмыс, логикалық тапсырмаларды орындау, шығармашылық тапсырмаларды орындау).

*Пәндік* – ұлы философтардың ар - ұждан туралы айтқан ой пікірімен танысу

**Жабдыкталуы:** компьютер, проектор, экран, әр топқа арналған қажетті кешен, презентация, музыкалық және видео материалдар.

**Негізгі әрекет түрлері:** өнімді, шығармашылық, проблемалық.

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Мақсат: уақытты үнемдей отырып, жұмыс орнында іскерлік сарынға тез қосылуға дайындап үйрен.

- Сөйлесейік?
- Не жайында?
- Анау – мынау, әрнәрсе жайында
- Ненің жақсы, ненің онша жақсы емес екені жайлы.
- Сен бір нәрсені білмеуің мүмкін, ал оны мен білемін.
- Сөйлесеміз бе?
- Сөйлесейік!

*Бұл қызық болады!*

**М:**- зиялылар этикасының негізі жайлы сабақтарда біз өмірдегі басты құндылықтар жайлы айтқан болатынбыз. Қане, оларды атайық. **Оқушылар:** (басты құндылықтарды атап шығады)-

*жақсылық, махаббат, тәзімділік, сыйластық, мейірім, қамқорлық, жанашырлық, жылы қабақ таныту, тіл алу, адалдық, ризашылық, жүрек жылуы, бір - біріне көмектесу, өнегелі болу, жомарттық, еңбекқорлық, қуаныш, сабырлылық, қанағатшылдық, қарапайымдылық, әдептілік.*

- Көз алдымызда аталғанның бәрі бізде бар: біз аман саумыз, жанұямыз жанымызда, Отанымыз, әлемде бейбітшілік. Бәрі де адам үшін. Міне сол кезде: мынадай сұрақтар туындайды: осының барлығын сақтап қалу үшін адам қандай болуы керек? Адам үшін ең маңызды нәрсе не?

Бүгін біз осы сұрақтарға жауап табуға тырысамыз.

Бір сәтке көзімізді жұмып, өзімізді өзіміз тындап көрейікші. Мен қандаймын? Мен өзімді қалай сезінемін? Сіз өзіңіз туралы не айтар едіңіз?

## **II. Тірек білімдерді белсендіру**

Мақсат: оқушыларды тірек білімдерінің негізінде белсенді оқу - танымдық әрекетке дайындау.

### ***Мұғалім мәтін оқиды.***

Бірде таң ата үш данышпан келіп менің қасымда тұрды. Мен олардан адамда ең маңызды нәрсе не екенін түсіндіруді өтіндім. – Әрине, **ақыл** деп жауап берді біріншісі.

(«**ақыл**» деген жазуы бар кеспе қағазды бекітемін) Онымен бірге жүрсең дұрыс жолға түсесің және әрқашан жолың болады. – Мен басымды иіп, еңкейіп ізет көрсеттім.

Екіншісі өмір жолында ер жігіттің **Ерік жігері** ең бастысы деді.

(*тағы да кеспе қағазды бекітемін*) Ол өмір жолында басыңды тік ұстап өтуің қажет деді. Мен данышпанның беліне дейін еңкейіп тағзым еттім.

Жоқ, олай емес деді үшінші данышпан (*арада үнсіздік орнады*)...

*M* – Қалай ойлайсындар, үшінші данышпан нені өмірде ең маңызды деп санайды?

Жоқ, жоқ деді ол, сөйтті де қатқыл дауыспен: «адамға ең маңыздысы **ар – ұждан**» деді

*M.*: - үш данышпан адамның ең басты қасиеттері деп: ақыл, ерік – жігер, ар ұжданды санайды

- Ақыл дегеніміз не? - Ақыл адамның маңызды ойлау қабілеті, ой қорытуы, есінің болуы

- Ерік – жігер дегеніміз не? Ерік жігер - адамның мінез құлқын іштей бақылауда ұстау; ол адамның санасына, ойлау қабілетіне, шешімді саналы түрде қабылдауына және сол шешімдерді мақсатты түрде орындауына байланысты

- Ал, сендердің ойларыңша адамның қандай қасиеті ең маңызды деп деп ойлайсындар? **Ар – ұждан ба?**

**III. Сабақтың тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін ойластыру.** Мәселені алға қою.

- Сабақтың тақырыбын атаңыз. (**Ар – ұждан**).

- сабағымыздың эпиграфы ретінде Цицеронның айтқан сөздерін алайық

**Адам ең басты көркі – ол адамның таза ар - ұжданы**

**Цицерон**

**IV.** Мәселені шешу жолдарын қарастыру. «Жаңа білімдерді ашу»

A) Анықтамалармен жұмыс жасау.

*У.*: - **АР - ҰЖДАН** ұғымына анықтама беріп көрейік. Жұптасып жұмыс жасаймыз.

A) «**Ар- ұждан**» ұғымын модельдеу.

*M.*: - Сіздердің алдарыңызда «ар - ұждан» ұғымына қатысты афоризмдер бар (қағаздарға жазылған). Афоризмнен синоним кілт сөзді тауып алып, қағаздағы сызыққа жазып, оны магнитті тақтаға бекітіңіз.

Афоризмдер:

1.«*Ар - ұждан* біздегі бар кітаптардың ішіндегі ең жақсы адамгершілікке тәрбиелейтіні, оны жиірек ашып тұру қажет.

Паскаль Блез

2.Біздің ішімізде өмір сүретін заң - ар – ұждан деп аталады. Ар - ұждан бар, негізінде ол - біздің іс әрекеттеріміздің сол заң бойынша орындалуы.

Кант И.

3.Ар – ұждан ішкі дүниенің жарығы, ол тек адамның өзіне жарық береді және оған жай ғана дыбыссыз, жанына жайлап тиіп, сезімге келтіреді, адамның ізінен қалмай, ешбір жағдайда аяушылық жасамайды

Суворов А. В.

4.Ар-ұждан – ол біздің ішкі сотымыз, ол біздің әрекеттеріміздің қаншалықты



жақындарымыздың сыйына немесе тілдеулеріне лайықты екеніне қалтқысыз куә болып отырады

Гольбах П.

5. Ар - ұздан — жүрегінді тырнайтын жыртқыштың өткір тырнағы іспетті

Пушкин А. С.

6. Адамгершілік ар - ұзданның бар күші өзің жасаған жамандықты мойындатуында

Дени Дидро

7. Ар - ұздан, негізінен адамның есі, оған жасаған әрекеттерінің моральдық бағасы қосылады.

Д. С. Лихачев

8. Менің ойымша ар - ұздан дегеніміз – ол әрбір адамның ішіндегі үрей, оны қоғам өзінің қауіпсіздігі үшін пысықтаған.

С. Моэм

9. Ар – ұздан дегеніміз – ол бізді біреу аңдып жүргенін ескертетін ішкі дауыс.

Генри Луис Менкен

Балалар жұптасып жұмыс жасайды. Тапсырма орындайды, тақтада төмендегі жазу пайда болады

**Ар - ұздан дегеніміз** – бұл .....

Б) Сөздікпен жұмыс

М: -1. В.Н. Дальдің сөздігін қарайық «Ар - ұздан – жақсылық пен жамандықты іштей сезу, жанның құпиясын сақтайтын жер, онда әрбір әрекеттің қолдау тапқанын немесе талқыға түскенін білесің, іс әрекеттің сапасын тани білетін қабілет, шынайылық пен жақсылыққа жетелейтін сезім.

2. С.И. Ожеговтің сөздігіне қарайық «Ар - ұздан дегеніміз – қоршаған орта мен қоғам алдында өзіңнің мінез құлқың үшін адамгершілікпен жауапкершілікте болу»

М: –Көріп отырғандарыңыздай бұл анықтамалар бізге И. Кант, А. В. Суворов, А. С. Пушкин, Антуан де Сент-Экзюпери, Аристотель дер ұсынған анықтамаларға сәйкес келеді.

М «Ар - ұздан» – бұл адам жанының дұрыс әрекет етуге жетелеуі, адамға барынша әсер ететін жүректен шыққан жан сезімі (жан айқайы).

В) Оқулық мәтінімен жұмыс

**Мұғалім:**

- Сіздер қалай ойлайсыздар, ар - ұзданның дауысын, оның өкінішін естуге бола ма? Мен сіздерге қызықты бір әңгімені айтып берейін.

Ар - ұзданның бір ерекшелігі бар - ол жанға салған жараны ешқашан ұмытпайды. Қаншама жыл өтсе де ол адамға жасаған қателіктерін есіне салып отырады.

Төмендегі әңгімені тыңдап, осы сөздерімізге дәлел табайық.

**Жүреkte қалған сынықтар**

Бірде жас жігіт көшеде келе жатып тиындар салулы күрішкенің жанында тұрған соқырды көріп қалды. Көңіл күйі болмағандықтан ба, немесе басқадан ба, ол әлгі күрішкеге әйнектің сынықтарын салып жіберді де, жөніне кете барды.

Арада 50 жыл өтті. Сол адам өмірде көптеген жетістіктерге жетті. Бала - шаға, немерелер, жақсы үй, көпшіліктің сый құрметі - бәрі болды ол адамда. Тек жас кезіндегі осы бір көрініс оған маза бермеді. Оны ар - ұзданы қинады, ұйқы бермей, жанын жегідей жеді. Қартайған шағында ол туған қаласына келіп, сол соқыр кісіні тауып алып, кешірім сұрамақшы болы. Туып өскен қаласына келсе, соқыр кісі сол орнында, сол күрішкесімен отыр екен.

- Есімде ме, бірнеше жылдар бұрын бір адам күрішкеге әйнектің сынықтарын салып кеткені, сол мен болатынмын, кешір мені - деді ол соқыр кісіге

- Мен ол әйнектің сынықтарын сол күні - ақ лақтырып тастағанмын, ал сен оны 50 жыл бойы жүрегінде алып жүрсің деді.

**Оқыған мәтінді талдау**

– Не себепті әңгіменің басты кейіпкері соқыр кісінің күрішкесіне әйнектің сынықтарын салып кетті? (Жас болды, ақымақ болды, көңіл күйі болмады)

– Сіз қалай ойлайсыз, әңгіменің басты кейіпкері белгісіз бір көзі соқыр, өзі кедей шалды не себепті есінен шығара алмады?

-Ол өзі жасаған іс әрекеттің дұрыс емес екенін түсінді, жүрегінен жұлып алып тастай алмады.

Осы сөздеріңізбен сіз ар – ұжданның адамның жіберген қателіктерін есіне түсіріп тұратын ерекшелігін дәлелдедіңіз

– Соқыр кісі алдындағы адамның ар – ұжданының қалай жегідей жегенін қандай сөздермен жеткізгенін оқыңыздар (сен ол сынықтарды 50 жыл бойы жүрегіңде алып жүрсің)

- 50 жыл бойы ол адамды ар- ұжданы жегідей жеді, ол өмірде қаншалықты жетістіктерге жетсе де, өзін бақытты сезіне алмады.

#### **Нәтижелер мен талқылау.**

Әлемдегі ең керемет нәрсе ол – экстрасенстердің фокустері емес, ғылым мен техниканың жетістіктері емес, - адамның жасаған жақсылықтары. Ол жақсылықтың бағасы теңдессіз, оны бүкіл әлем бірігіп сатып ала алмайды. Адам жалпы сол жақсылықтың бар болғаны үшін, жер бетінде мейірімді адамдар бар болғаны үшін сақталып келеді.

Адам жақсы істерімен мәңгі жасайды, жақсылықты қандай жолмен жасаса да адамның жүрегі оны сезетін болады.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай кеңінен сөз болған мораль философиясындағы жан құмарына барып ұштасатын ұждан туралы күрделі проблеманы көтереді. «Адмдағы: ынсап, әділет, мейірім - үшеуі қосылып *ұждан* деген ұғым шығады». Адам өз ұжданы жанының азығы екенін ақылмен сынап ұғынса, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмас еді, өмірде өкінбеген болар еді»

Ойымызды түйіндей келе, ар - ұжданы биік адамның образы қандай болу керек дегенде былайша жауап беруге тырыстық:

«1.Ол әрқашан өз арының нұсқауымен әрекет етеді, әділетсіздік жасауға, өтірік айтуға ұялады.

2.Ол – шыншыл, саналы, жауапкершілігі мол адам.

3.Ол – әр қадамын ойланып, саналы түрде жасайды.

4.Ол өзін елдің алдында жерге ұратын әрекеттерге оны ешкім білмейтініне көзі жетіп тұрса да бармайды.

5.Ол шындық үшін күресетін кезде қорқақтық танытып, кетіп қалмайды.

6.Ар - ұжданы биік адам байқамай әділетсіз қылықтар жасап қойса, ол үшін қатты өкінеді.

7.Адамның ар – ұжданы өзі жасаған әрекеттерін айыптауы немесе мақұлдауынан көрінеді.

Ол адамды жақсылыққа, шынайылыққа, әділеттілікке бастайды. Жаман істерден аулақ болуға көмектеседі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Шәкәрім шығармалары. Алматы, Жалын, 988. 580б.

2 Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред.Е.Б. Сыздықов. Семей. ЖШС, 2008. 826б.

3 Нұрлан Рахымжанов Абайдың философиялық көзқарасы (Әуезов М. Абай Құнанбаев Мақалалар мен зерттеулер. А., 1967, 1971ж.)

4 В.Н.Дальдің түсіндірме сөздігі 2015 ж (алғашқы басылым 1830ж.)

5.И Ожеговтің түсіндірме сөздігі 2020 (алқашқы басылым 1949ж)

**Аннотация:** В статье рассматривается проблема о духовном богатстве людей, ее место в воспитании подрастающего поколения. Представим себе, что у человека имеется все: жив - здоров, имеет семью; детей, Родная земля, мирная жизнь и т.д. Все для человека. Для того, чтобы сохранить все это каким должен быть человек? Что в жизни главное для человека? Напрашивается вопрос что должно быть главным в жизни для человека? В статье мы постарались ответить на эти вопросы. Когда мы провели анкетирование, то получили ответ: «Для человека самое главное – это «СОВЕСТЬ».Если сказать словами Суворов: «Совесть есть светило внутреннее, закрытое, которое освещает единственно самого человека и речет ему гласом тихим без звука; трогая нежно душу, приводит ее в чувство, и, следуя за человеком везде, не дает ему пощады ни в каком случае».

**Ключевые слова:** человек,духовные, ценности, душа, воспитывать, совесть, важно, чувство, беспощадно, внутренний мир.

**Abstract:** A problem about the spiritual wealth of people, her place in education of rising generation is examined in the article. We will imagine that a man has all: living - healthy, has family; children, Native land, peaceful life etc. All for a man. In an order to save all of it what must a man be?

That in life main for a man ? Does a question invite to that must be main in life for a man? In the article we tried to answer these questions. When we conducted a questionnaire, then got an answer: "For the man of caoe main is "CONSCIENCE". If to say words Суворов: " Conscience is a luminary is internal, closed, that lights up only a man and печет to him by voice quiet without a sound; touching the soul gently, brings her to life, and, following by a man everywhere, does not give to him mercy in no case". .

**Keywords:** man, spiritual, values, soul, to bring up, conscience, important, sense, mercilessly, inner world.

ӨОЖ:82-9:574

**Танабаева Г.Ө., Дарибаева А.А., Жамашева Ж.Р.**

филолог.ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент қаласы, Қазақстан

магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент қаласы, Қазақстан

педагог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент,Қазақстан

### **ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ҚАТЫНАСЫ**

**Түйін:** Мақалада көркем шығармалардағы адам ман табиғаттың қатынасы туралы толыққанды сөз болған. Қай елде болмасын көркем әдебиеттің негізгі нысаны – адам өмірі болып табылады. Ал адам өмірі дегеніміз – адам мен табиғат нәтижесінде болатын мәңгілік үдеріс. Сондықтан қандай да бір көркем шығармаларда болмасын, адаммен бірге белгілі дәрежеде табиғат та орын алады. Оған сонау көне дәуірлерде халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап қазіргі кезең әдебиетіне дейін өз жалғасын тауып келе жатқан табиғат тақырыбы дәлел. Сондықтан, өмірдегі адамның орны, оның табиғатқа қатынасы – мәңгілік тақырып. Туған жерге, оның табиғатына арнап көркем шығарма жазбаған ақын-жазушы кемде-кем. Табиғатты асқан сүйіспеншілікпен, ыстық сезім, шынайы шеберлікпен суреттеген, жас буынның жүрегінде туған жер, кең байтақ Отаны мен оның әсем табиғатына сүйіспеншілік ұялататын мұндай туындыларды үйрету – оқытушының басты міндеті.

**Кілт сөздер:** Әдебиет, табиғатты қорғау, экология, оқыту, шығарма

**Кіріспе.** Қоршаған орта табиғаттың сақтау проблемалары бүгінгі күннің басты мақсатына айналған. Қазіргі таңда табиғатты қорғау және ондағы адам мен табиғат қатынасының қоршаған ортаға әсері басты назарда. Табиғатқа деген қызығушылық адам жанында ешуақытта өшкен емес, сол себепті біздің қоршаған өмірмен байланысымыз мәңгілік болмақ.

Қазіргі кезде көркем әдебиеттің де негізгі нысаны – адам және табиғаттың бір-бірімен тығыз қарам-қатынасы. Ал адамның бүкіл өмір жолы дегеніміз – табиғатпен тығыз бірлікте болатын жағдай. Қоршаған орта табиғаты адамзаттың күн көрісі үшін сарқылмас қазына, таусылмас байлық деген көзқарастан арылатын уақыт келді. Өткенге көз жүгіртсек «Табиғаттың бермесін тартып аламыз» деген тарихи кезеңнің ұрандары, қоршаған ортаға кері байланыс жасауға алып келіп отырды.

Адамзат өзінің өмірі мен өндірістік қызметінің қайнар көзі, мекен-тұрағы және қоршаған ортасы болған табиғат пен оның ресурстарына енжар көзбен қарай алмайды. Сондықтан да қай халықтың да жас ұрпаққа беретін тәрбиесінде табиғатқа қатысты мәселе тиісінше орын алып отырған. Халқымыздың тұңғыш ағартушы-педагогы Ы. Алтынсарин де еңбектері мен өзінің әйгілі хрестоматиясында енген материалдарында табиғат танып, табиғатты қорғап, аялау тәрбиесін беруді күнттаған.

«XXI ғасырда ғылым-техникалық ақуалдың шарықтап өсуі экологиялық дағдарыстар тудырды. Бұл жағдай жер бетіндегі тіршілік атаулыға олардың көптеген түрлеріне зиянын келтіріп, ғылымның барлық саласы бойынша үлкен проблемаға айналды. Бұндай әлемде болып жатқан проблемаға көркем әдебиет бей-жай қарай алмады, қорытындысында көптеген көркем шығармалар дүниеге келді» [1, 102б.].

**Теориялық талдау.** Туған жерге, оның табиғатына арнап көркем шығарма жазбаған ақын-жазушы кемде-кем. Табиғатты асқан сүйіспеншілікпен, ыстық сезім, шынайы шеберлікпен суреттеген, жас буынның жүрегінде туған жер, кең байтақ Отаны мен оның әсем табиғатына сүйіспеншілік ұялататын мұндай туындыларды С.Сейфуллин,

І. Жансүгіров, Ә. Тәжібаев, М. Мақатаева және басқа ақын жазушылардың творчествосынан мол кездестіреміз. Мұндай үздік көркем туындыларды оқу арқылы оқырман бойына жақсы қасиеттер дарытып, табиғаттың саналы қорғаушысына айналады.

Аталған әдеби шығармаларды талдап оқу кезінде өзге ұлт өкілдері студенттеріне табиғатты жаңарту – табиғат қорғау ісінің басты бір саласы екені, ол жоспарлы түрде жүргізілетін түсіндіріп өту қажет. Сондықтан да табиғатты қорғау тақырыбындағы көркем шығармаларды оқып үйренудегі басты мақсаттың бірі студенттерге адам еңбегінің табиғатты өзгертудегі ролін таныту, студенттердің еңбекке деген талпынысын қалыптастыра отырып, табиғатты қорғауға баулу қажет.

Қай халық үшін болса да ғасырлар бойы бірге жасасып, серігі де, қуаныш пен қайғысын бөлісер сырласы да, ән-күйге бөлеп әлдилеген алтын бесігі де, ұлттық өнерінің кіндік кесіп, кірін жуған, тіршілігінің қайнар бұлағы, отбасы мен ошақ қасы, туған жерінен, құтты қонысынан қымбат, одан ыстық ешнәрсе жоқ. Қазақ халқы үшін – қазақ даласы сондай алтын бесік, асыл мекен. Осы дала -анасын халқымыз өмір бойы өлеңіне өзек, ән-жырына арқау етіп келеді. Қазақ әдебиетіндегі далаға деген сүйіспеншілікті бейнелейтін шығармалар, міне, осы тарихи дәстүрдің заңды жалғасы. Ондай шығармалар С. Сейфуллиннің табиғат лирикасы, І. Жансүгіровтың Жетісу табиғатына арналған тамаша өлеңдері мен «Дала» поэмасы, Ә. Тәжібаевтың «Қазақстан алтын сандық» поэмалары және басқа шығармалар жатады. Мұндай шығармаларды оқып үйренгенде қазақ даласының революциядан бұрынғы және қазіргі күйін салыстыра отырып, бұрын азап пен мұң-зарға толы болған даланың қазір шабытты еңбек, шалқар қуаныш мекеніне, жыл сайын миллиард пұттан астам алтын дән беріп отырған Отанымыздың астықты өлкесіне айналғаны ұғындырылады. Туған жерді байыта, көріктендіре беру, табиғатты қорғау арқылы үнемді пайдалану, келер ұрпақтың жайын ойлау, қоғамның әрбір мүшесінің азаматтық парызы екені түсіндіріліп, студенттерді табиғат қорғауға баулу олардың отанға деген сүйіспеншіліктерін қалыптастырумен ұштастырылады.

Қазақстанның су байлығы жер көлеміне қарағанда аз және ол барлық жеріне біркелкі тарамған. Республикамыздың бірқатар өңірі суға тапшы. Сол себепті көптеген көркем шығармаларда жерді суландыру, канал қазу, су қоймасын жасау сияқты мәселелер қозғалады. «Соңғы жылдары жарық көрген Қ.Исабаевтың Орталық Қазақстандағы суландыру, Ә. Нүрпейісовтың Арал теңізі суын сақтау жайлы проблемалы мақалалары, очерктері, романдары және басқа ақын-жазушылардың шығармалары осындай туындылар. Бұл сияқты шығармаларды оқыту арқылы оқушылар суды өте қымбат, тіршілік көзі деп қарауға тәрбиеленіп, олардың бойында су қорын таза ұстау, бұлақ көзін ашу, арықты тазалау, ағаш егу арқылы су көзін молайту дағдылары қарастырылады.

Қазақстанның керемет сулы табиғаты, әсем көріністерімен көз тартып, көңіл марқайтатын көрікті өңірлері көп. Ондай жерлер ақын-жазушылардың шабытын қозғап, тамаша туындыларына арқау болып отырған. Бұл тақырыптағы шығармалар С.Сейфуллиннің «Көкшетау», І. Жансүгіровтың «Жетісу суреттері» Ә.Тәжібаевтың «Сыр жырлары», Қ.Аманжоловтың «Алатау», А. Тоқмағанбетовтың «Қазығұрт» сияқты өлеңдері мен орта және кейінгі буынның талантты өкілдерінің көптеген шығармаларын жатқызуға болады.

Туған жердің сұлулығын жырлайтын мұндай шығармаларды оқып үйренгенде, сол аймақтарға қатысты туған аңыз-әңгімелердің идеясын, халықтың сипатын аша отырып, оқушыларды сұлулықты, нәзіктікті, әсемдікті тани, бағалай білуге үйрету керек. Халық құрметіне бөленген сол сұлу табиғатты келер ұрпаққа ажарын тайдырмай мұра етіп қалдыру сезіміне баулу керек. Табиғат қорғауға тәрбиелеу бұл жағдайда, негізінен, оқушылардың туған жердің әсемдігінен рухани ләззат алу сезімін қалыптастыру тұрғысынан жүзеге асырылады.

«Ұлттық экологиялық дәстүрін қалыптастырған халқымыздың бойынан берік орын алған ұлттық дәстүр осы кездерге дейін сақталғандығы М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы кейіпкерлер бойынан айқын көрінеді» [2, 102б.].

Табиғат ортаның тіршілік тынысы мен сұлулық сипаты дегеніміз күрделі ұғым. Оны өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесінен бөліп алып түсіну мүмкін емес. Оларсыз дала сұрғай да сүреңсіз. Сондықтан да халық құс пен аңды бейберекет аулауды, ағашын бүлдіріп, өсімдігін жұтатуды, дала сұлулығына жасалған қиянат деп біледі. Мұның өзі экономикалық жағынан зиянды, перспективалық жағынан болашаққа жасалған қиянат деп біледі

Міне, осындай тақырыптарды қозғайтын және жоғары оқу орнындағы типтік оқу бағдарламасы бойынша оқылатын шығармалар: С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік», «Аққудың

айырылуы», М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» т.б. Бұл шығармаларды талдаған кезде студенттерге өсімдік пен орман, аң мен құс ел табиғатының аяулы бір бөлшегі екені түсіндіріліп, оларға зиян келтіру қылмыспен пара-пар екені көркем шығармалардан мысал келтіре отырып ұғындырылады.

**Тәжірибелік бөлім.** Бірақ бұған қарап әдебиет арқылы оқушыларды табиғат қорғауға тәрбиелеу тек қазіргі қазақ әдебиеті пәні ғана қатысты деп тұжырым жасауға болмайды. Бұл істе халық ауыз әдебиеті де, тарихи өлең жырлар мен аты әйгілі ақын-жыраулар шығармаларын да, әсіресе ұлы ақындарымыз Абай, Ыбырай, Махамбет шығармаларын кеңінен пайдаланамыз. Тіпті айтар болсақ істі осылардан бастамай ойдағыдай нәтижеге жете де алмаймыз. Бұл арада негізгі нәрсе оларды пайдаланудың әдіс-тәсілдерінде.

Студенттерді табиғат қорғауға тәрбиелеу ісі мектеп қабырғасында тек әдебиет пәні арқылы ғана жүзеге асырылмайтыны белгілі. Ол ол ма, табиғат қорғауға тәрбиелеуде әдебиет пәнімен қатар жаратылыстану пәндері де негіз болады. Жоғары оқу орны студенттері үшін де бұл байланыстырыла отырып жалғасын табады. Сондықтан оқытушы тәрбиенің сөз болып отырған түрін жүзеге асырудағы әр пәннің әдіс-тәсілдерінен хабардар болуы тиіс және өз қызметінде соларды ескеріп отырылуы талап етіледі.

Жоғарыда айтып өткендей география мен ботаникада сипатталған дала мен оның өсімдігінің әдебиетте қалай бейнеленгеніне көңіл аударайық. С.Сейфуллиннің «Қара жер» өлеңін алайық [3]

Кеңсің дала –	Төсің сүтті,
Туған ана	Бауырың құтты,
Көйлегің кең көк ала.	Сен тіршілік анасы.
Жан беретін,	Жібек жасыл,
Тән беретін	Анық асыл
Мейірімді ана, сен ғана.	Кестелі гүл киімің
Төсіңді емген,	Көркем ана,
Саған сенген	Сенде ғана
Жан-жануар баласы.	Тіршіліктің түйіні

Ақын ұғымында дала – адамның, сонымен бірге бүкіл тіршілік атаулының мейірімді анасы. Даланың сүтті төсі, құтты бауыры, кестелі гүл киімі – өсімдігі – тіршіліктің түйіні. Онсыз өмір сүру мүмкін емес. Ақынның бұл өлеңі туған даласын шексіз сүю, қадірлеу сезімінен туып отыр, оқушының да сол далаға, оның табиғатына деген ерекше сезімін оятады.

Жусан өсімдігі туралы біз жаратылыстану пәнінен жан-жақты оқып үйренгенбіз. Қазақ ақындарының тек осы жусанның өзіне арналған шығармалары қаншама. Ақын Қ. Мырзалі өзінің «Табиғат дәптерінен» деп аталатын өлеңінде: [4]

Туды деме сен мені осы кімнен,  
Түздің күйіп тұратын төсі күннен,  
Жусан иісі шығатын текеметтен,  
Жусан иісі шығатын бесігіңнен.  
Қымыз толы кең пейіл қыр месіне  
Қырдың иісі жусанмен бірге сіңген.  
Жусан иісі шығатын жупар болып,  
Түріп қойған киіз үй іргесінен.

Лирикалық кейіпкерлердің сезімі арқылы халқымыздың өзімен бірге жасасып, бірге қайнасқан дала өсімдігі жусанға деген сүйіспеншілік ақын туған жерге деген сүйіспеншілік дәрежесіне көтере жырлайды. Жусан жайлы аңыздың негізінде жасалған ақын Қ. Бекхожиннің «Жусан» атты поэмасы да халқымыздың бұл өсімдікті ерекше қастерлейтінін ғана танытып қоймайды, сонымен бірге оқырманды да сондай сезімге тірбиелейді [5]

**Қорытынды:** Қорыта айтқанда әдебиеттің басқа пәндерден ерекшелігі де шындық болмысты бейнелеу әдісінің образдылығы мен эмоциялылығында, алдымен оқушының сезім дүниесіне әсер етуінде. Осындай әдеби шығармаларды оқыту арқылы студенттерді табиғатты сүюге оны қорғауға тәрбиелейміз.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Танабаев Ө. Әдебиетті оқу және сыныптан тыс жұмыстар процесінде оқушыларға экологиялық тәрбие беру». Алматы, Мектеп, 2011. 210 бет
- 2 Танабаева Г.Ө. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы адам және табиғат қатынасы //А.Ясауи университетінің хабаршысы. 2004. №1.36-39 бб.
- 3 Сейфуллин С. Шығармалар, I том, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы, 2010ж.
- 4 Мырза Әли Қ.Тандамалы: Өлеңдер. Алматы: Жазушы. 2005. 424 бет.
- 5 Танабаева Г.Ө. Ана тілін оқытуда оқушыларға экологиялық тәрбие беру// Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың өзекті мәселелері. 2005. 219-223 бб

**Аннотация:** В статье рассматриваются отношения человека и природы в художественной литературе. Основной вид художественной литературы в любой стране- человеческая жизнь. А человеческая жизнь – это вечный процесс, который происходит в результате действий человека и природы. Поэтому в любом произведении искусства наряду с человеком в той или иной степени присутствует природа. Об этом свидетельствует тема природы которая продолжается в древности от образцов фольклора до современной литературы. Поэтому место человека в жизни , его вклад в природу – вечная тема.

Наверное, нет поэтов и писателей, которые не написали произведения о своей родине и её природе. Основная задача педагога- это научить таким произведениям. В которых с большой любовью ,теплотой, истинным мастерством изображена природа ,место рождения в сердцах подрастающего поколения , любовь к необъятной Родине и её прекрасной природе.

**Ключевые слова:** Литература, охрана природы, экология, обучение, произведение

**Abstract :** The article examines the relationship between man and nature in fiction. The main type of fiction in any country is human life. And human life is an eternal process that occurs as a result of the actions of man and nature. Therefore, in any work of art, along with man, nature is present to some extent. This is evidenced by the theme of nature that continues in ancient times from samples of folklore to modern literature. Therefore, the place of man in life , his contribution to nature is an eternal theme.

Probably, there are no poets and writers who have not written works about their homeland and its nature. The main task of the teacher is to teach such works. In which nature is depicted with great love, warmth, and true skill ,the place of birth in the hearts of the younger generation , the love for the vast Motherland and its beautiful nature.

**Keywords:** Literature, nature conservation, ecology, training, composition

**КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕГІ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ-МӘДЕНИАРАЛЫҚ  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗІ  
ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКА В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ –  
ОСНОВА МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ  
LANGUAGE LEARNING IN COGNITIVE ASPECT –  
BASIS OF INTERCULTURAL COMMUNICATION**

ӘОЖ 81.33

<sup>1</sup>Турабаева Л.К., <sup>2</sup>Кансеитова Ж.Ж.

<sup>1</sup>ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>аға оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

С.Демирел атындағы Түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің докторанты Испарта, Туркия

**ӨЗІНДІК ӨРНЕК ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІС**

**Аннотация:** Ғылыми мақала жазушы Сайын Мұратбековтің шығармашылығына арналған. Мақалада негізінен жазушының әңгімелері әдеби көркемдік тұрғыдан талқыланады.

Жазушының әсіресе, әдебиет саласына қосқан үлесі мен еңбегі шексіз орасан зор екендігіне баса назар аударылған. Мақаладағы талданған әңгімелер сол кездегі қазақ қоғамындағы күнделікті өмірден алынып, қоғамда болып жатқан өзгерістермен әдеби тұрғыдан көркем суреттелген.

С.Мұратбеков өзіндік жазу стилі бар, соқпағы өзгеше жазушы болды. Қазақ әдебиетінде әңгіме жанрын дамытуда оның үні сазды, әсерлі, суреткерлік бояуы анық еді. Ол салған өнер өрнегі – жеке шығармашылық жетістіктен әрі асып, халықтық сипаттағы ұлттық игілікке айналған, ұлттық өнердің әлемдік аренада тайталасар талантты шығарма деп қарауға болатын құбылыс. Ол прозаның шағын саласы – әңгіме жанрында бірыңғай қалам тербеп, қазіргі қазақ әңгімесінің бүгінгі даму сипатын танытар туындылар арқылы байытты.

Жазушы өзінің шығармаларында өмірде болып жатқан құбылыстарды зерттей отырып, оны көркем шындыққа, өнер туындысына суреткерлік шеберлікпен жеткізе білген. Оның қаламынан туған шығармалары әр туындысында көркемдік ізденіс арналарын, қалыптасқан стильдік ерекшеліктерін даралап тұрады. С.Мұратбеков әңгімелері лирикалық сыршылдық пен психологиялық тереңдікке толы екендігін көрсетеді.

Жалпы ғылыми мақалада қаламгердің шығармаларына тоқталып, жан-жақты зерттеулер жүргізген. Қазақ әдебиетінде зерттеліп, халыққа кеңінен тараған жазушының әңгімелерінің әрбірін салыстыра отырып, нақты көркемдік талдау жасалғаны мақалада көрсетілген.

**Кілт сөздер:** жазушы, образ, көркем шығарма, повесть, әдебиет, жанр.

**Кіріспе.** Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар қаламгерлеріміз көп. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің 60-80 жылдарында жазылған шығармаларға оралар болсақ, бір топ аға буын өкілдері бар. Бұл топ бір кездегі ұлы Әуезовтің «жыл келгендей жаңалық сезініп» шығармашылығына сүйсіне, зор үміт арта қараған буынның тобы деуге болады. Кемеңгер жазушының көп салалы қазақ әдебиетінің бір ғана жанрының өкілдері жайлы айтылған осы пікірі олардың барлық тұстарына қатысы бар екені даусыз. Балалық бал дәурені соғыстың алапат тауқыметіне айырбасталған буын өкілдері әдебиетке 60-шы жылдардың басында келді де, жана ырғақ, соны леппен өнер соқпағына түсе бастады. Міне, осы алқалы топтың өмірлері мағынаға толы, көңілдері арманға толы буын өкілінің бірі – Сайын Мұратбеков.

Сол арынды топтың ішінде С.Мұратбеков екпіні бөлек, соқпағы өзгеше жазушы болды. Өмірлік өзгерістерді көркем туындыға айналдыруда оның өзіндік стилі, суреткерлік шеберлігі өзгеше болды. Оның әдебиеттегі өнер иірімдері – өзінің шығармашылық жетістіктерінен бөлек, халықтық сипат пен ұлттың игілігіне айналған, ұлттық өнердегі көркем шығармалардың қатарында деуге болатын туындылар.

**Теориялық талдау.** Өмірлік материалды көп білу, көрген-түйгенін көңілге тоқып, өмірде болып жатқан өзгерістерді зерттеумен қатар, оны шынайы шындық арқылы көркем туынды жасап, шығармаға суреткерлік шеберлікпен жеткізу – жазушы шеберлігі. Жазушының өмір жолында қаламынан туған шығармалары оның көркемдік ізденіс арналарын, қалыптасқан стильдік

ерекшеліктерін даралап тұрады. Ол прозаның шағын саласы – әңгіме жанрында бірыңғай қалам тербеп, қазіргі қазақ әңгімесінің бүгінгі даму сипатын танытар туындылар арқылы байытты. Шағын жанр арқылы көзге үлкен көрінетін роман мен повестің көлеңкесінен шығару құбылысын жүзеге асырды [1].

Өзінің туындыларындағы тазалық, шынайы сезім, жеке адамның сыршылдығы, жеке тұлғаның бойына тереңнен бойлау, адамның жан-дүниесін түсіну секілді ұғымдарды жазушылық шеберлікпен көрсете білді. Өмірдегі күнделікті өзгерістер мен түрлі тағдырларды, қарым-қатынастарды, түрлі әрекеттер арқылы суреттей білді. Өзің күнде көрсен де, байқамайтын құбылысты елестетеді, өткен өмір мен бүгінгі күн, келешек, ертеңгі болашақ жайлы ойға шомдыртады.

**Практикалық бөлім.** Жазушының алған образдары – характері анық, ерекше талғаммен екшеп, сұрыптап алған жинақталған мәндегі бейнелер. Шағын жанрда тың бейнелер жасап, өмірдің күрделі өзгерістерін алуан бейнелер арқылы сомдап, айшықтап беру, ол қазақ әңгімесіне Сайын Мұратбеков әкелген жаңа сипаттағы жаңалық болды.

Оның қаламынан туған «Менің қарындасымдағы» Әлиман, «Күсен-Күсекедегі» Күсекенің, «Ескек жел» әңгімесіндегі Рысжанның, «Отау үй» әңгімесіндегі Тана мен Ұзақ, «Ана арманы» әңгімесіндегі әжесі, «Ұлтуған» әңгімесінде Ұлтуған, «Басында Үшқарадағы» Зағипаның бейнесі, «Жеңеше» әңгімесіндегі Қамардың, «Кәментоғайдағы» Кәменнің образдары – жазушының шеберлігінің арқасында сомдалып жинақталған көркемдігімен ерекшеленетін образдар [2].

Көркемдік шеберлік пен жаңа ізденістің түрлері С.Мұратбеков шығармаларында көп кездеседі. Әрбір туындысындағы тілдің тазалығымен қатар тұнық ойдың берілуі, адамның ішкі сезімдерін дәл тауып, ой тұңғығына жетелеп әкететін қасиеті жазушы шеберлігін таныта түседі.

Жазушының әңгімелерінде өмір құбылыстары жатыр, сол қозғалыстардағы адам тағдырларын бейнелейді. Сол арқылы адамдардың тағдырын көріп білесің. Соғыс жылдарындағы қиындықтарды, бейбіт күндегі алаңсыз өмірді де сезіне аласың.

Көркем сөздің негізгі мақсаты – адамның жан-дүниесін көркем кестемен өрілген, адам тағдырын арпалыстың жай-күйімен салыстыра келе, тіршіліктің тартысы арқылы жеткізу. Әдебиетте жанрдың түрлері аз емес, түр мен түрлендірудің тәсілдерінің жеткілікті екені көпке белгілі. Десек те, осы әдебиеттің барлық тарауының түбінде тоғысары бір-ақ жайт. Ол – адам болмысы, оның іс-қимылы мен әрекеті ғана. Дегенмен, жазушының әңгімелері арқылы берілген өмірдің сан алуан құбылыстарын, тіршілікті, сезімнің бояуларын иесімен ерекшеленер кейіпкерлер еді деуге келеді. Жазушының әңгімелеріне тоқталар болсақ. Алдымен «Күсен-Күсеке» әңгімесін алайық. Бір қарағанда көзге қораштау, қой соңында, қора маңында тіршілік жасап, жайбаракат жүрген Күсен болмысының сипаты дерлік. Кешегі «ел басына күн туған» қан кешу сапарын да көрген, білген жайларын да ұмытқан. «Егер сол өзі атқан пулеметті дәл қазір алдына әкеліп қойса, қалай оқтауын да білмес еді». Сирек кездесер тосын мінез, тосын құбылыс. Сөйткен Күсен ферма меңгерушісінің жылымшы-жылпос болмысын дөп басып, дәл айтады. «Бұл ма, бұл зәндемі ғой» деп, күліп қойды Күсен. Сонда бұл кім? Әпенде ме, әлде әулекі-алаңғасар ма? Жазушы өзінің сипаттап отырған негізгі адамының сырт көзге оғаштау көрінер қасиеттерін ғана термелей бергені қалай деп ойлайсың. Әңгімені оқи отырып, ой жетегі өзінің болмысыңды алыстата отырып, күнделікті көріп, біліп жүрген таныстарыңның ортасына қарай бастап бара жатады [3].

Жазушы Күсен бейнесін, оның сезім иірімін, арман-мұратын, тіптен кешегі өткен ғұмыры мен бүгінгі тіршілігін, ертеңгі өмір жалғасына дейін тайға таңба басқандай етіп суреттеп берген. Адамның психологиясында кездесетін түрлі жағдайдағы шым-шытырық оқиғалар шынайы шешіммен көрінетіндей болады. Жазушының бұл әңгімесіндегі кейіпкерін айналасындағы араласатын адамдардың әр түрлі ерекшеліктерінен, қарым-қатынасы арқылы танып білеміз. Өнер туыстығын, көркемдіктің тұтастығын ескере аласың, көз алдына кескін өнеріндегі шеберлік тәсілдердің бірі елестейді. Осы әңгімедегі барлық кейіпкерлер белгілі бейнелер. Олардың өмір сүру тәсілі сан рет тілге тиек болып, талай ойға арқау болған. Ал Күсеннің жөні бір бөлек. Неліктен? Біріншіден, оның жан-дүниесі таза. Күсен ешқандай да аңқау жан емес. Күнделікті күйбең тірлікті адамнан бөліп қарамайды. Бір кездері оқып білім алуға да мүмкіндік болып еді, сол кездердің еске түсіреді. Жұрттың мазасын алатын меңгерушінің, ызындай беретін бажасын, тасырайып тұратын Бисұлтан секілділердің құласа да таласа-тармаса тұрып жанталасып жүргендерін көріп, қамығады, іштей ызасы келеді. Мал бағудың да өзіндік қиындықтары бар. Бірақ кейіпкеріміз Күсеннің бойынан ондай өкініштің ізі көрінбейді. Ол бір құдайына сенеді.



Өзінің соңынан ерген балаларын ешкімнен кем қылмай, ел қатарлы аяқтан тұрып кетсе, өзінің парызынан құтылу деп санайды. Оны өзінің азаматтық міндеті ретінде түсінеді. Осындай ұғымдар арқылы жазушы сол қоғамның өмірін шынайы көркем суреттей білген. Әңгіме қысқа болса да, онда үлкен салмақты ой жатыр[4].

Классикалық үлгісі бар қазақ әңгімесіне қойылар талап өресі созылған қолдың бәріне іліге берер тұста емес екені бүгінде көпке мәлім. Сондықтан да болар, жазушы аз сөзбен көп жайтты аңғартуды, шағын детальмен тіршілік арпалысының ию-кию қимылын көрсетуді мақсат еткен.

Жазушының «Ата» әңгімесіндегі сөз болған адамгершілік мәселесі «Ананың арманы», «Отау үй», «Құданың фокусы» деген шағын әңгімелерде жалғаса отырып, негізгі ой жаңаша қырынан танылады. Аталған әңгімелердегі басты тақырып бір болғанымен, ұлттық психологиядағы сыйластық мәселесі кеңінен сөз болады. Жаңа заман ағымымен отбасындағы өзгерістер, салт-дәстүрлеріміз бен тәлім-тәрбие сипатын жан-жақты сипаттап, астарлап жеткізген. Өмір ағымымен ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан адамгершілік қасиеттің озық дәстүрін жалғастыра беруді шығармалары арқылы көркем бейнемен көрсетеді. Отбасындағы сыйдың, адами қасиеттердің қалпын дұрыс ұстап, ата-ана, бала-шаға арасындағы қарым-қатынастың берік болғанын, өнегелі тәрбиенің болғанын кейіпкерлердің сөзімен жеткізеді.

**Қорытынды.** Жазушы өз шығармаларында жас ұрпақтың келешекте халықтық дәстүрді ұмытпай, қастерлеп, қадір тұтып, ұлттық өнегені жалғастыруды мұрат еткені әрбір әңгімесінен байқалады.

«Ана арманы» әңгімесінде ұрпақтар арасында ынтымақ пен бірлікті сақтауды өзінің арманы еткен ананың образы сомдалса, «Отау үй» әңгімесінен халықтың тәжірибесінен алынған тәрбиеге байланысты тұжырымды ойды көздегені байқалады. Алайда, отбасының шырқын бұзуға әсер ететін құбылыстарды кейде жастардың өзі емес, ата-анаға да қатысты екенін жазушы «Құданың фокусы» әңгімесінде әдемі штрих, деталь арқылы көрсете білген.

Жазушы ізденісті әңгіме жанрында көбірек танытса да, белгілі тақырыпқа қайта оралуда повесть жанры арқылы тәжірибелік барлау жасайды. Жазушының «Жабайы алма» повесін осыған дәлел деуге болады.

Соғыс тауқыметіне тап болған қырдағы ел, ондағы адам тағдыры ию-кию өмірарпалысының бір ғана ауылдағы көрінісі. «Жабайы алма» повесінде терең философиялық ойға құрылған оралымдар, реалистік өмір шындығын дәл көрсететін деталь, шрихтер, уақыт психологиясы өзгерткен характерлер арқылы жан-жақты суреттеліп көрсетіледі.

Повестегі Қанат, Нәзира, Тоқтар, Байдалы жылқышы мен Әжібек, Нұғыман – бәрі де әр ауылда бар, жиі кездесетін кейіпкерлер. Жазушы кейіпкерлерін ой елегінен өткізіп, типтік дәрежеге көтере білген.

Қорыта келгенде, С.Мұратбековтің жазушылық шеберлігінің құдыреті ең әуелі оның әңгімелерінен бастау алғандығын көрсетеді. Қазақ әдебиетіне жазушының әкелген көркемдік-идеялық жаңалықтары ұлттық дәстүрлерді классикалық үлгілермен ұштастыра отырып, әдебиетімізге тың жаңа бір арна болып қосылды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Мұратбеков С. Жабайы алма: Алматы: Атамұра, 2002. 398б.
- 2 Мұратбеков С. Күсен - Күсеке: Әңгіме // Жалын. 2006. №2.42 - 47б.
- 3 Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. Алматы, 1995. 180б.
- 4 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: санат. 1996, 213б.

**Аннотация:** Научная статья посвящена творчеству писателя Саина Муратбекова. В статье рассказы писателя рассматриваются преимущественно с литературно-художественной точки зрения.

Акцент сделан на вкладе писателя в литературу. Анализируемые в статье истории взяты из повседневной жизни казахского общества того времени и литературно описаны с учетом происходящих в обществе изменений.

У С.Муратбекова был свой стиль письма, он был другим писателем. В развитии жанра рассказа в казахской литературе его голос был музыкальным, впечатляющим, его художественный колорит был ясен. Его искусство – явление, которое можно рассматривать как талантливое произведение национального искусства на мировой арене, превосходящее личное творчество и

становящееся национальным достоянием национального характера. Он написал единственную ветвь прозы – рассказ жанре прозы – и обогатил его произведениями, отражающими современный характер развития современного казахского повествования.

Изучая явления жизни в своих произведениях, писатель умел с художественным мастерством передать их в художественную реальность, в произведение искусства. Его произведениям свойственны художественные каналы поиска и стилистические особенности в каждом из его произведений. Рассказы С. Муратбекова полны лирической риторики и психологической глубины.

В целом научная статья сосредоточена на творчестве писателя и проведено комплексное исследование. В статье показано, что был проведен подробный художественный анализ, сопоставив каждый из рассказов писателя, который был изучен в казахской литературе и получил широкое распространение в народе.

**Ключевые слова:** писатель, образ, художественное произведение, повесть, литература, жанр.

**Abstract:** The scientific article is dedicated to the work of the writer Sain Muratbekov. In the article, the writer's stories are considered primarily from the point of view of literary and artistic vision.

The emphasis is on the writer's contribution to literature. The articles analyzed in the history of the daily life of the Kazakh society of that time and literature are described with account of the changes taking place in the society.

S. Muratbekov had his own style of writing, she was another writer. In the development of the genre of storytelling in Kazakh literature, his voice was musical, impressive, his artistic color was ash. His art is a phenomenon that can be considered as a talented work of national art in the world arena, surpassing personal creativity and becoming a national achievement of national character. He wrote a single branch of prose - a story in the genre of prose - and enriched it with works that reflect the modern character of the development of modern Kazakh storytelling.

Studying the phenomena of life in their works, the writer was able to pass on their artistic mastery to artistic reality, in the production of art. His works are characterized by artistic channels of search and stylistic features in each of his works. Works of S. Muratbekov are full of lyrical rhetoric and psychological depth.

The whole scientific article is focused on the work of the writer and conducted a comprehensive study. The article shows that there was a detailed artistic analysis, comparing each of the stories of the writer, which was studied in the Kazakh literature and received a wide distribution among the people.

**Keywords:** writer, image, work of fiction, novel, literature, genre.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ  
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ  
CREATIVE DIRECTION**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН (КӘСІПТІК БІЛІМ)  
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН**

UDC: 745/749

**Kunzhigitova G.B., S.K.Beysenbayev**  
chief instructor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan  
doktor of pedagogical science, academician M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan  
**KURAK IS A KAZAKH NATIONAL APPLIED ART**

**Annotation:** The article summarizes materials which could be used as additional sources for Kurak Art studies. The article also shows search meaning of Kurak forms and their interpretation.

There are many theories about the origin of the Kurak. The Kurak origin is existed almost throughout the history of mankind. Some of the first mentions of such a technique are found in the documents of ancient Egypt, India, China and Japan. For example, the Egyptian ornament is widely known, which dates back to about the 10th century BC. A man, being at that time constrained in resources and economical in his life, tried to find a use for everything that surrounded him. He noticed that after sewing, many small pieces of fabric and leather remain, which, individually, are no longer applicable to create clothes or household items. However, throwing them away would be a big waste. But what is not enough and is not needed in itself can become part of something really useful, and even beautiful.

**Key words:** Kurak, Kurak types, mistress of contemporary Kurak art, cosmogonic pattern, methods of style.

Kurak is an ancient form of folk art. The history of its origin is deep. The content and names of the plot have changed, developed and matured in accordance with the life and lifestyle of each period. Today, Kurak art of our people has been revived, found a rich content and a new form, and has become our material and spiritual treasure. (Fig. 1-7)

If we take a closer look at the art and visual style of any nation, we will see that a certain type of art is developing due to the taste, cognition and aesthetic vision of that nation. From this point of view, the Kurak making has a special place in the life of the Kazakh people and can be considered as an art that is developing from century to century, from generation to generation. In general, the Kurak play an important role in the life of the Kazakh people. We find elements of patchwork in kurak blankets, pillows, rugs, blankets, shoes and etc.

If we look at the historical and scientific data, we can see that the art of kurak/patchwork-making of Kazakh people dates back to ancient times and was formed over many centuries under the influence of art of nomadic tribes inhabiting the Kazakh land. Evidence of this is the art that is passed down from mother to daughter, close connection with the Kazakh customs, the harmony of the Kazakhs with the Roman ideology.

The main stylistic features of Kurak art, which are unique to a particular nation, are directly related to the main features of perception culture, beauty of the people, the national signature.

To this day, the Kurak art of the Kazakh people has not been fully studied. To a certain extent, our grandmothers, sisters and aunts are involved in the systematization of this field. As a result of such noble pursuits, Kurak are a zoomorphic expression in the science of art - cranes, eyes. It is convenient to divide the geometric pattern - square, mascot, star, staircase, cosmogonic pattern - curvature, quadruple, equality.

Just as life itself is constantly evolving, so kurak art develops, matures and prospers in accordance with trends and needs of each age and period.

The Kurak art has become the spiritual and material life of people for centuries, is further developed and acquires a new form, a new content, as a result of the creative pursuits of craftsmen from people.

The mistress, referring to national beliefs, gave each element of kurak its own description. The kurak made for the daughter's bedding were made by the girl's mother, sisters or aunts with good intentions and kindness.

The patchworks are made so that there are many friends and relatives (№2 – ‘the circulation’ / ainalym), so that the four variables are equal (Fig. 1, 2. №1- ‘the stairs’/ baspaldak), to be careful of language (Fig. 1, 6. №3 – ‘the eye’ / koz), (Fig. 1. №4 – ‘mascot’ / tumarsha) was created with the intention to form and continue like a kurak/patchwork.




Fig. 1. Scheme of kurak №1– ‘Stairs’, №2 – ‘Circulation’, №3 – ‘Eye’, №4 – ‘Mascot’.



Fig. 2. Design of pillow. Kurak №1-‘Stairs’/ baspaldak, №5 - ‘ram's horn’ / koshkar muyiz, №8 – ‘labyrinth’, №9 – ‘star’ / zhuldyzsha, №10 – ‘well’ / kudyk



Fig. 3. Design of pillows and blankets. Kurak №1 - 'Stairs' / baspaldak, №6 - 'crane row' – tyrna katar, №8 - 'labyrinth', №10 – 'well' / kudyk



Fig. 4. Design of blankets. Kurak №7 – 'light dark' / ak pen kara



Fig. 5. Design of pillows. Kurak №9 - 'star'. (2 nd variant)



Fig. 6. Fig. 5. Design of pillows. Kurak №3 - 'Eye' (2 nd variant)

Kurak is a symbol of endurance, thrift, patience. Kurak is made with the intention to increase your wealth, livestock and soul. A mother adds a deep meaning and wishes to the creation of her daughter's kurak: 'My daughter, you have jumped over the white threshold - grow up, let go of the leaves, just move forward, there is no way back, do not come back - the door is closed. Life is like a ladder (Fig. 1, 2, №1), move forward, overcome difficulties - only then will the leaves spread, the field will expand. (Fig. 3, №6)

My daughter, if you want to live fully in the future – you must to have four sons. Let your sons be like rams, bring up your sons as heroes with spears, and let your sons be strong - pay attention to their health. Do not separate your four sons and make peace, they are the backbone of your future. (Fig. 2, №5)

Life is made up of black and white stages, break through the difficult ones, break the longings - everything is transient, behind. Black – 'disaster' - let it flow. (Fig. 3, №7)

Life is a maze (Fig. 2, №8), rotation (Fig. 1, №2), creep. In order to get out of that predicament, my daughter has to be involved in everything: family, work, children, relatives, etc. Be gentle, do not be arrogant - then you will be on your way. (Fig. 1, 2, №8)

My daughter, be a shining star (Fig. 1, 5, №9), be a feed flower around, just let the sun shine and nourish your surroundings. Whomever you feed in life, it will come back to you. The sun shines and warms the earth, and life goes on. Do good to yourself, to your environment, to your brother, to your relatives, to your friends, to your parents, and that good will come back to you many times over. (Fig. 5, №9)

My daughter, keep the scales in balance - I will be a country, exaggerate the good and hide the bad - then the head of the in-laws will be equal. (Fig. 1, 2, №1)

My daughter, I see you as water in a well and wish you life'. (Fig. 2, №10) [2]

Kurak design was provided by a mistress of Kurak Tlemisov Galia from Tulkibas district, Zhiynbay village, Turkestan region of the Kazakhstan Republic. (Fig. 2 - 6)

Procedure for assembling the 'stair' kurak listed in order in Arabic numerals. As it grows of numerals is indicated the process of composing kurak. (Fig. 7.)

For example, in the following order: 1, 2.1, 2.2, 3.1, 3.2, 4.1, 4.2, 5.1, 5.2, 6.1, 6.2, 7.1, 7.2.




Fig. 7. Procedure for assembling the 'stair' kurak.

#### Reference list:

1. Irina Orlovskaya's blog. 2019. The history of patchwork. Available at: <https://myloskut.ru/articles/istoriya-loskutnogo-shitiya/>. (accessed September 11, 2019) (in Kazakh)
2. Nursultanova, Fariza. 2021. The meaning and significance of kurak. Available at: <https://www.youtube.com/watch?v=JdUZZcD8bW4&t=2s>. (accessed April 22, 2021) (in Kazakh)

**Түйін:** Мақалада құрақ өнерін зерттеуге қосымша дереккөздер ретінде қолдануға болатын материалдар жинақталған. Мақалада курақ түрлерін іздеу және олардың интерпретациясы берілген. Құрақтың шығу тегі туралы көптеген теориялар бар. Құрақтың шығу тегі адамзат тарихына тікелей қатыста. Құрақ туралы алғашқы ескертулер Ежелгі Мысыр, Үндістан, Қытай мен Жапония құжаттарында кездеседі. Мысалы, Мысырдың ою - өрнегі кеңінен танымал, ол шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 10 ғасырға жатады. Ол мата қиындыларынан емес, тері қиындыларынан жасалған. Кейбір мұражайларда тарихи киімдер, кілемдер мен күнделікті өмірдің басқа да элементтері қойылған, олар көптеген бөліктерден тігілген. Жалпы алғанда, құрақтан жасалған тұтас бұйымды құрастыру көптеген шығыс халықтарының арасында пайда болды деп есептеледі, олар параллель және бір -біріне тәуелсіз. Ол үнемді адам өзін қоршап тұрғанның бәріне пайда табуға тырысты. Киім тігу үрдістен кейін үй бұйымдарын жасау үшін қолданылмайтын көптеген мата мен былғары бөлшектері қалғанын байқады. Алайда, оларды лақтыру үлкен шығын болады. Бірақ әдемі нәрсенің бір бөлігіне айналуы мүмкін.

**Кілт сөздер:** құрақ, құрақ түрлері, құрақ өнердің шебері, космогониялық үлгі, стилистикалық құрылғылар.

**Аннотация:** В статье обобщены материалы, которые могут быть использованы в качестве дополнительных источников для изучения искусства Курака. В статье также показано поисковое значение форм курака и их интерпретация.

Существует множество теорий о происхождении курака. Курацкое происхождение существовало чуть ли не на всем протяжении истории человечества. Одни из первых упоминаний подобной техники встречаются еще в документах древнего Египта, Индии, Китая и Японии. Так, например, широко известен египетский орнамент, который датируется приблизительно X веком до нашей эры. Он был создан не из привычной сейчас ткани, а из кожаных лоскутов. В некоторых музеях экспонируются исторические костюмы, ковры и прочие элементы быта, сшитые когда-то из множества различных частей. Вообще, сборка цельного продукта из кусков появилась у многих восточных народов, как считается, параллельно и независимо друг от друга.

**Ключевые слова:** курака, типы курака, мастерица современного искусства курака, космогонический узор, стилистические приемы.

ӘОЖ: 691-4

**Акилбеков Н.Н., Ширинов А.К., Копжасарова Г.Т.**  
оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЗІРГІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТА ҚОЛДАНЫЛҒАН  
ЗАМАНАУИ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ АЛАР ОРНЫ**

**Түйін:** Мақалада көпғасырлық тарихы бар түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық саудасының орталығы ретінде Түркістан қаласының құрылысындағы қолданылып жатқан қазіргі заманауи құрылыс материалдарының ерекшеліктері мен орны қарастырылған. Қала екі ғасырдан астам уақыт бойы ең жақсы қазақ тайпалары жерленген қазақ хандығының астанасы болды. Бұл мәдениет орталығы, бұл республиканың орталығы. Елдің оңтүстігіндегі тағы бір гүлденген қала. Сол себепті де қолданылатын құрылыс материалдарының әсері ерекше. Заманауи құрылыс материалдары құрылыста ғана емес, сонымен қатар ғимараттар мен үймереттерді қаптауда да қолданылады. Сыртқы декор құрылымының стилистикалық әсемдігін қалыптастыруға тамаша мүмкіндік береді және оның толық бейнесін сипаттайды.

Мақала жазу барысында әртүрлі дереккөздер, ғылыми еңбектер, баспа беттеріндегі материалдар, мұрағат деректері негізінде жазылған және археологиялық қазба материалдары негізінде жарияланған еңбектер қарастырылды.

**Кілт сөздер:** Түркістан, рухани астана, мәдениет, травертин, шлак, керамикалық плитка

**Кіріспе.** Сан ғасырлық тарихы бар, түбі бір түркі халықтарының рухани, мәдени және экономикалық сауда орталығы ретінде Түркістан қаласының тарихта алар орны ерекше екені айтпаса да барлығына мәлім. Бүкіл дүние жүзіне әйгілі орта ғасырдан қалған сәулет өнерінің інжу маржаны Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі де осы Түркістанда.


Түркі әлемінің рухани астанасы және Яссауи ілімінің тарихының маңыздылығы, халықтың рухани, діни, қоғамдық және әлеуметтік қажеттіліктеріне сай жан-жақты қызмет атқарып келген қаланың даму кезеңдерінің түп тамыры тереңде. Осы себепті де Түркістан қаласындағы құрылыс бұл мемлекеттік деңгейдегі маңыздылығы жоғары алға қойылған мақсаттардың бірі, елбасымыздың тапсырмасы. Түркістан қаласы жалғыз облыс орталығы ретінде ғана емес, бүкіл әлемдік халықаралық түркі рухани орталығы ретінде де болуы керек. Яғни барлық ғимараттар, құрылыстар, коммуникациялар – қаладағы барлық инфрақұрылым халықаралық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің айналасында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Сондай ақ кесененің жанында ҚР Тұңғыш Президентінің есімімен аталатын жаяу жүргіншілер аллеясының құрылысының маңызы зор және оның тарихи құндылығын ескере отырып, шығыс стилінде салынуда. Алдағы уақытта бұл қалада 5000 адамға арналған мешіт, «Керуен-Сарай» шығыс базары, Б.Саттарханов атындағы проспект бойында саябақ, бизнес-центрлер, жастардың білімін арттыру мақсатында ғылыми-әмбебап кітапханалар, Жеңіс саябағы, сонымен қатар қазіргі таңдағы барлық талаптарға сай келетін тұрғын үй кешендері салыну жоспарда. Бұған дейін бұл қалада жаңа әуежай, басқару үйі, конгресс холл, орталық стадион, оқушылар сарайы, ойын-сауық орталықтары, жасырын хауызы бар спорт кешендері, «Rixos» қонақүйі, Қожа Ахмет Яссауи мұражайы, «Ұлы Дала» орталығы, туризм университеті, «Hampton by Hilton» қонақүйі, Этноаул және Арбат сынды құрылыс нысандары бой көтерген болатын. Осындай маңызды құрылыс орындарын салу барысында құрылыс материалдарының алар орны орасан зор. Аталған нысандардың бірнешеуі төмендегі 1-суретте көрсетілген.





Сурет 1. Қазіргі Түркістан

Түп тамыры тереңде жатқан орта ғасырлық Түркістан өңірін көркейтуде беттік декоративті керамикалық плиткалар, табиғи және жасанды мрамор қиыршықтастары, сұйық травертин секілді заманауи құрылыс материалдары қолдану үстінде. Сонымен қатар ресурстық базасы кең және бағасы арзан шлак, өндіріс қалдықтар негізінен жасалған бұйымдарда жоқ емес. Тұрғын үй құрылысында экономикалық жағынан тиімді, экологиялық таза, жылуоқшаулағыш және акустикалық материалдар пайдалануда. Айта берсек қолданылып жатқан қазіргі материалдар өте көп. Олардың бұрынғы осыған дейін қолданылып келген құрылыс материалдарымен салыстырып, тиімділіктерін бағалап жатудың да қажеті жоқ. 2-суретте қала құрылысында қолданып жатқан заманауи құрылыс материалдары бейнеленген.



Сурет 2. Заманауи құрылыс материалдары

Айта кету керек, көптеген дизайнерлер мен құрылысшылардың пікірінше, сұйық травертин әрлеудің ең жақсы нұсқаларының бірі болып табылады. Себебі ол табиғи тастың қайталанбас әсерін жасайды, ғимараттар мен үймереттердің ішкі және сыртқы көрінісін жасауға өте ыңғайлы, оларды кез-келген бетке қолдануға болады және оларды бетон плиталары мен металға, сыланған қабырғаға және сәндік панельдерге, сондай-ақ басқа жабындарға қолдануға болады, сонымен қатар ол жоғары қажалу төзімділігіне ие және температура өзгерісінен қорықпайды. Ең басты артықшылықтарының бірі оның табиғи травертинмен салыстырғанда бағасы әлдеқайда төмендігінде.

Бұл материалдарды қолданудағы негізгі мақсат – тұрғындар мен жаңадан келетін туристтердің талаптарына сай декоративті әсем, қауіпсіздік жағынан жоғары нысандарды тұрғызу болып табылады.

**Қорытынды.** Түркі әлемінің мәдени және рухани астанасы бұл түркі қауымдастықтарының мәдени дамуына назар аудару жолында жыл сайын қаланы түркі халықтарының орталығы етіп түркі тілдес мемлекеттердің одақтастығы шешімімен сайлаудан өтетін қаланы айтамыз. Бұл бақыт 2021 жылы осы ұйымның қаулысымен біздің Түркістан қаласына бұйырған екен. Түркістан – түбі бір түркі халықтарының тарихтың түркі кезеңінде, тұтас ұлыс болып ұйысуында, ортақ діні мен тілін қалыптастырған қасиетті мекен. Шерхан Мұртаза мен Рашид Ыбыраев «КиеліТүркістан» деген мақаласында «...Әрелдің, егер олар тарихын, өз ұлтын, өз мәдениетін, өз намысын бағалай білетін ел болса, сол елдің піртұтқан, асыл кие тұтатын бір мекені болады. Мысалы, олар өзбектерде – Самарқанд, Бұқара, орыстарда – Суздаль Владимир, Иранда – Машхат, Моңғолда – Қарақұрым, біз үшін, сондай рухани алып Түркістан ... » деп, ерекше атап өтеді. Талай тарихи тұлғалар мен әлемге әйгілі ғұлама ғалымдардың денесі жерленген бұл қаланың қасиетті рухани орталыққа айналуыда кездейсоқ емес, қайта ауыз толтырып айтарлықтай заңды құбылыс деп айтсақ артық айтқанымыз болмас.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Алдабергенов Н., Құлымбетов О. (2017). Қожа Ахмет Ясауи маңындағы көне ескерткіштердің зерттелу тарихынан //Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы. ХҒТК. Түркістан: ИП «Сейт», 117-121 бб.
- 2 Бекчурин М. (1972). Туркестанская область. Заметки статического советника Бекчурина. Москва.
- 3 Берденова Х. (1999). Түркістанның дүниеге келуі. // ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының ғылыми журналы., №2(4) 96 – 100 бб.(99б.)
- 4 Мұстапаева Д. (2011). Қазақстандағы музей ісінің тарихы. Түркістан, 200 б.
- 5 Мұртаза Ш., Ыбыраев Р. (1994). Киелі Түркістан // Егеменді Қазақстан, 15 қыркүйек.
- 6 Мұхаметжанов Б. Түркі әлемінің мәдени астанасына қалтқысыз қызметету – абыройлы міндетіміз. // <https://www.qazaquni.kz/2017/03/15/66378> (1.10.2018)
- 7 История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. (2006). Французские исследователи в Казахстане. Алматы, «Санат», 408 стр.
- 8 Қозғамбаева Г.Б., Исабек Б.Қ. Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістан. //Хабаршы. Тарих сериясы. №4(2018). <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/316/313>
- 9 <https://otyrar.kz/2021/02/v-turkestane-v-2020-godu-bylo-postroeno-15-novyh-obektov/>

**Аннотация:** В статье рассмотрены особенности и место применяемых современных строительных материалов в строительстве города Туркестан как центра духовной, культурной и экономической торговли тюркских народов с многовековой историей. Более двух веков город был столицей Казахского ханства, где похоронены лучшие казахские племена. Это центр культуры, это центр Республики. Еще один процветающий город на юге страны. Поэтому эффект используемых строительных материалов уникален. Современные строительные материалы используются не только в строительстве, но и в облицовке зданий и сооружений. Экстерьер дает прекрасную возможность сформировать стилистическую красоту фактуры декора и характеризует его законченный образ. В ходе написания статьи были рассмотрены труды, написанные на основе различных источников, научных трудов, материалов на печатных страницах, архивных данных и опубликованные на основе материалов археологических раскопок.

**Ключевые слова:** Туркестан, духовная столица, культура, травертин, шлак, керамическая плитка

**Abstract:** The article considers the features and place of modern building materials used in the construction of the city of Turkestan as a center of spiritual, cultural and economic trade of the Turkic peoples with a long history. For more than two centuries, the city was the capital of the Kazakh Khanate, where the best Kazakh tribes are buried. This is the center of culture, this is the center of the Republic. Another thriving city in the south of the country. Therefore, the effect of the building materials used is unique. Modern building materials are used not only in construction, but also in the cladding of buildings and structures. The exterior provides an excellent opportunity to form the stylistic beauty of the texture of the decor and characterizes its finished image. In the course of writing the article, works written on the basis of various sources, scientific works, materials on printed pages, archival data and published on the basis of archaeological excavations were considered.

**Keywords:** spiritual capital, culture, travertine, slag, ceramic tiles

**ӨНЕР (МУЗЫКА; ХОРЕОГРАФИЯ, ТЕАТР)  
ИСКУССТВО (МУЗЫКА; ХОРЕОГРАФИЯ, ТЕАТР)  
CREATIVE DIRECTIONS SUBJECT HEADINGS ART  
(MUSIC; CHOREOGRAPHY, THEATER)**

ӘОЖ 63.5

**<sup>1</sup>Ремизов В.А., <sup>2</sup>Жумабай Л.Ж., <sup>2</sup>Ормолдаева М.А.**

<sup>1</sup>педагог.ғ.д., профессор. МГУКИ, Москва, РФ

<sup>2</sup>аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДА КРЕАТИВТІ  
РЕЖИССЕРЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түйін.** Мақалада заман талабына сай Наурыз мерекесін ұйымдастыру бойынша режиссура саласында көп жылдық тәжірибесі бар мамандардың ой талқыларына талдау жасалады. Григориан күнтізбесімен жаңа жылды желтоқсанның соңында қарсы алып үйренген қоғамда Наурызды бүкілхалықтық сипатта мерекелеу деңгейіне жеткізу бағытында мәдени-тынығу жұмысы қызметкерлеріне қойылатын талаптардың жоғары болуы заңдылық. Бұл тұрғыда қазақ даласына саяхат жасаған Еуропалық, орыс ғалымдарының мереке туралы зерттеулерін, қазақ мәдениеттанушыларының ұсыныс-пікірлерін салыстыра келе мерекенің өзіне тән рәсімдік сипаттарын, тәрбиелік мәнін анықтап, идеялық-эмоциональдық әсер ету құралдары арқылы заманауи формада театрландырылған көрініске қолдану жолдарын қарастыру - мақала авторларының басты мақсаты болмақ. Осы уақытқа дейінгі Ұлыстың Ұлы күнін ұйымдастыру деңгейіне сипаттама жасай келе, таптаурындылық, трафареттік, бірсарындылық бағыттардың басым болғаны, режиссерлық-образдық, декорациялық шешімдердің назардан тыс қалғаны, креативтіліктің жетіспеуі, көрермендердің белсенділігін арттыруға мүлде көңіл бөлінбейтіндігі анықталды. Мақала қорытындысында авторлар Наурыз мерекесін өткізу бойынша соны, тың идеяларды ұсынып қана қоймай, бүгінгі пандемия жағдайында әлеуметтік желіні қолдана отырып, жастарды мерекелеу процесіне белсенді қатыстыру, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттау жолдарын ұсынады.

**Кілт сөздер:** мереке, режиссура, рәсімдік әрекеттер, трансформация, креативтілік.

**Кіріспе.** Табиғат пен адамзаттың бірлігі, үйлесімділігімен ғана бақытты өмір сүру мүмкіндігін ұғынған қазақ халқы қалыптасу түптамырынан бері осы ұстанымынан тайған емес. Сол себептен табиғат заңдылықтарын қадағалап, соған үйлесімді тұрмыс тіршілігін ұйымдастырған, реттеген. Мұның басты айғағы қазақтың маусымдық мерекелері. Маусымдық мерекелер тізбегін Наурыздан бастаймыз. Табиғаттың өмір өзгерісін, қайта түлеп жаңаруын, шаруашылыққа қолайлы кезең көктеммен байланыстырып, оның келуін барша қауым болып мерекелеген. Күн мен түннің теңелуі, қытымырлы қыс қайтып, көктем келуіне арналған қуаныш, қоштау сезімдерін білдіру салты жер бетіндегі барлық халықтарға тән.

Теориялық талдау. Мерекенің теориялық негіздемесін жасауда біздің тоқталатынымыз тек Алдыңғы және Орта Азия халықтары үшін Наурыз басты мереке екенін қазақтың көне тарихын баяндаған авторлар еңбектері. Бұл мейрам туралы мәліметтер мен суреттемелерді Абурайхон Бирунидің «Ұрпақтар ескерткіші», Омар Хайямның «Наурызнамасы» еңбектерінде жазылған. Оларда атқарылған арнайы рәсімдік әрекеттер тізбегі: әр жерге үлкен от жағу, оған май күйю, екі апта бұрын жыл бойғы табиғат құбылыстарын оған сәйкес жер өнімділігін байқау үшін жеті дән егіп оның түзу өскенін күту, сумалак – наурыз тағамын дайындау, жер жырту, ескі киімдерді тастап жаңасын кию, үй қабырғасына немесе арнайы матаға кестелеп «күн белгісі – шеңберлі ою салу», бір-біріне гүл ұсыну, үйдің тіреу ағашына гүл ілу.

Ал ежелгі түркілердің Наурыз тойы туралы Арминий Вамбери еңбегінде мемлекет басшысы қатынасуымен өткізілген мерекенің сипаттамасы берілген. Мерекелік шеру, атқарылған әрекеттер, билік иесіне сый тарту, оның алдында халық қатынасуымен министрлердің жылдық есеп беруі, оны халық мақұлдауына салу, халыққа қызмет еткен, мақұлдауына ие болғандарға қошемет көрсетілу, қызықтайтын өнер көрсету, мерекелік безендіру мен от шашулар болғанын

баяндалған. Онда Көне Грециядағы «Дионисий» мен Көне Римдегі «Сатурналий» мерекелеріндегідей жалпы теңдік жарияланған. Ондай фактінің Иран мемлекетінде болғаны да мәлім. Иран патшасы қол астындағы өзіне ұнаған құлына тағынан түсіп, шапанын сыйға тартып, бір күн ел басқартқызған. «Құлдан да бір сөз» деген мәтел осыдан басталуы да мүмкін.

Қазақ әдебиетінде Наурыз туралы мәліметтің алғашқысын Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» еңбегінде айтылған. Көшпелі халықтардың сонау «хибағи», «хұзағи» деп аталатын заманға дейін апарып «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен,- деп жазған. Бұл мәліметтен анықтарымыз наурыз мерекесінің өте көне заманнан тойланғаны туралы, «тамаша қылуы» - мейрамның ойын-сауықты формада өткені туралы және ұлыстың ұлы күні аталуы – барша халықтың қатынасуымен ең үлкен мерекелік әрекеттер атқарылғанын көрсетеді. Наурыз мерекесі туралы алғаш пікір жазған С.Сейфуллин. Бұл мерекенің арғы төркіні анық шаруашылықтан туғанын, жаратылыстың қойынында жүрген көшпелі ел үшін қыс пен жаздың айрықша зор мәні болғанын баяндайды. Ол: «Пішені жоқ, салынған үй-қорасы жоқ, малын тек «тәңірлерге тапсырып, аяқ жайылысқа, ауыз жайылысқа қоя беріп, күннің құбылысына қарап отырған... мал тәрізді елге қыс қылышын сүйреткен қаһарлы жау» тәрізді болып көпінген де, жаз – жанды жадыратқан рахым анасы тәрізді болып көпінген. Қыс өтіп жаз басталғанда, ел демін бір алып, көңілі жадырап, қуаныш қалатын. Сол қыс өтіп, жаз басталатын рахымды мезгілдің басын «наурыз» деп атап қуаныш, мейрам қылатын», - дейді. Ал А.Байтұрсынов «наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, көже істеп, үй-үйге кіріп көрісіп, маз болып араласатынын» мәлімдейді. Автордың Наурыз тойын атаудағы әрекеттер ішіндегі жаңалығы – көрісіп амандасу. М.Дулатов болса «бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз», - деп атап көрсетеді. «Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес жанды жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды», - дейді. М.Жұмабаев Наурыздың тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы деп атап, діни әсерден мүлдем таза екенін дәлелдейді. Оның қыс кетіп, жаз шығып, шаруашылық бастау кезеңінде қыспен қоштасып, болашақ еңбек басталар сәттілігін болжағанын көрсетеді. «...күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды», - дейді. Наурыздың жаңа жылдық мейрамы болғанын сол кездегі Наурыз көже батасынан байқауға болады: «Ауыздан ақ айрылмасын, қызылды уақытымен (қыс) көрсетсін, жас құтты болсын» деген тілекте қазақтың жыл мезгіліне байланысты тамақтану реттілігі де байқалады. Жаз ағарған ішсе, қыс қызыл – етпен тамақтану адам ағзасын табиғат кезеңіне орай күту қажеттілігін сақтау. Автор Наурыз мерекесінің діни әсері бар деген идеологиялық ықпалдан жақтағандай қайта-қайта таза тұрмыстық, шаруашылық сипатын қайталайды. Соның дәлелі ретінде мұғалімдер мен жастар ұйымдарына наурыз мерекесін тойлау қажеттігін жүктеген. Мұндай даралау қазақтың өміртіршілігі мен дүниетанымдық ерекшелігін түсіндіргендей. Қазақ пен табиғат тіршілігінің үндестігі басты ұстаным екенінің айғағы.

Ал «Наурыз»: жаңғырған салт-дәстүрлер» кітабының авторлары баяндауынша мереке алдында арнайы дайындық жұмыстары жүргізілген. Үй, қора, киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі тазартылып, мұнтаздай таза үйге ғана жаңа жыл ауру-сырқаусыз өмір алып келеді деп сенген. Дақылды дәндермен, ағарғанмен, бұлақтың суымен ыдыстарды толтырып дастарханға қою – жылдың ырысты болуына тілек білдіріп, жақсылықты болдыру магиясы жасалған. Т.М.Өмірзақов пен О.Е.Ислямов айтуынша Наурыз дайындығының тағы бір саласы – сыйлықтар әзірлеу. Арабтар мейрам салтын өзгерту үшін, бас әріпі «ай» сөзінің басқы әрпі – «син»-нен басталатын мүлде бөлек - өзге жеті затпен алмастырады: «сир»-сарымсақ, «сабзи» – бидай, «чанчид» - жиде, «себ»-сірке суы, «сипанд» - рут шөбі және «сухон» - егеу», - деп мәлімдейді. Олардың символдық мәні келер жылдың адамға әкелер жақсылығын болдыру, адам тілегі мен табиғат сиының арасындағы үйлесімділіктің жолын ашу үшін өмір тәжірибесіндегі жақсылықтың нышанын бейнелейтін материалдық бұйымдармен өлшегендіктен туындаған. Ауыл жастары «Ұйқы ашар» мен «Селт еткізерін» жасап, жаңа жылдың алғашқы рауанын қалт жібермей қарсы алу үшін түн күзетіп, ойын-сауық құрған. Бұл әрекет жастардың жаңа жылмен бірге түлеп, күш-жігерін байқатып, өмірден өз орынын аларлықтай сенімділікке ие болу үшін жігерлік, сұлулық қажеттілігі ұғындырылғандай. Жігіттер табиғатпен бірге ғашықтық сезімін оятып, қалыңдық таңдаудан қалт қалмауы, қыздардың табиғаттай гүлдеуі көзделген. Ол үшін ойын-сауық барысында бір-бірін сөзі, төзімділігі, ұстамдылығы, тапқырлығы, тіл табыса білуі, өнерлігі, әзіл мен сын сұраққа

орынды жауап қайыра білуі – бәрі ұзақ кештегі ойындардың басты мақсатына айналса керек. Ал таң ата тайөгізді ашамаймен ерттеп, үстіне Наурыз қуыршағын ойнатып әр үйдің мал-жанын оятуы мақсатталған театр ойыны деуге болады. Арнайы әрекетті, қақтығысы, кейіпкерлері бар көріністің түпкі мақсаты халықты мерекелік кезеңді сезінуге, араласуға шақырады. Ояғандар жастардың құттықтауын қарсы алып, оларға Наурыз сыйлығын тарту етіп, баталарын берген. Наурызбен бірге таза үйге, күткен үйге Қыдыр келеді деген сеніммен есік алдына қос шырағын жаққан. Қос шырақ жағу – наурыз белгісі екенін «Таң» журналында жарияланған кіші жүз шақшақ Жәнібектің қызы әкесін жоқтағанда айтқан жоқтауынан таптық:

«Сүбесі сүйем қошқарды  
Ұлыс күні соймаспа ем,  
Тамам сорлы тоймас ем,  
Ұлыс сайын басыңа  
Жұп шырақ жағып қоймас па ем?!», - делінген.

